

**ОРЫСША-ҚАЗАҚША
БАНК ТЕРМИНДЕРІ
СӨЗДІГІ**



**РУССКО-КАЗАХСКИЙ
СЛОВАРЬ БАНКОВСКИХ
ТЕРМИНОВ**

”Ой-Сана”
2013

УДК 336 (038)
ББК 65.262.1 я 2
О 74

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
Тіл комитетінің тапсырысы бойынша
«Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың
2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»
аясында шығарылды*

Тоқсанбай Сүлеймен қажы Рақымжанұлы

О 74 Орысша-қазақша банк терминдері сөздігі - Русско-казахский словарь банковских терминов. – Алматы: «Ой-Сана» баспасы, 2013. – 1152 б. – қазақша, орысша.

ISBN 978-601-80245-3-5

Сөздікте банк, қаржы-несие, биржа салаларына қатысты 62000-нан астам терминдер мен ұғымдар қамтылған. Атап айтқанда бұл сөздікте қаржы-банк қызметі, ақша айналысы, банк операциялары мен биржа операциялары, ел ішіндегі және халықаралық валюта-несие қатынастары, қаржы нарығы, бағалы қағаздар нарығы, кредит нарығы, қор нарығы, қаржы құралдары, инвестициялық үдерістер, ипотека мен ипотекалық несие, қаржы-банк қызметінің құқықтық қырлары, банк операцияларын компьютерлендіру, т.б. салалар бойынша орысша немесе шет тілдік, әсіресе ағылшын тіліндегі атауларының қазақша баламалары, негізгі терминдердің және аудармасы жоқ терминдердің қысқаша түсіндірмелері келтірілді. Заманауи жаһандық экономикалық дағдарыс жағдайында ислам қаржы-банк жүйесіне, оның несиелендіру тәсілдері мен қағидастарына бүкіл әлем елдерінің шындап ден қойып отырғаны мәлім. Осыған орай сөздікте ислам банкингінің аталымдары мен ұғымдары Қазақстанда және тіпті бүкіл ТМД елдерінде тұңғыш рет қазақша түсініктемесімен қоса беріліп отыр. Мұның өзі банк, қаржы-несие салаларында мемлекеттік тіліміздің қолданылу аясын кеңейтіп, мәртебесін көтеру жолындағы игі талпыныстан туды.

Сөздікке «Ислам қаржы-несие, банк терминдері» жеке тарау қосылды, онда әлемдік сөздіктер әлемінде тұңғыш рет 500-ге жуық термин қамтылып, олардың қысқаша түсіндірмесі берілді.

Сөздік банк, қаржы-несие, бюджет, биржа, бухгалтерлік есеп салаларының қызметкерлеріне, арнаулы экономикалық жоғары оқу орындары мен колледждердің, институттар мен университеттердегі экономика салалары бойынша факультеттерінің оқытушылары мен шәкірттеріне, аудармашыларға, көпшілік оқырман қауымға арналған. Кітап заңгерлерге, мемлекеттік қызметшілер мен депутаттарға студенттер мен жоғары сынып оқушыларына, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, мемлекеттік және жеке меншік нысанындағы кәсіпорындардың басшылары мен мамандарына, қалың оқырман қауымға арналған. Сөздікті заңи жоғары оқу орындары мен колледждерінің оқытушылары да анықтамалық құрал ретінде пайдалана алады.

* * *

Словарь содержит свыше 62000 терминов и понятий по следующим разделам: финансово-банковская деятельность, денежное обращение, банковские и биржевые операции, внутренние и международные валютно-кредитные отношения, финансовый рынок, рынок ценных бумаг, кредитные рынки, фондовый рынок, финансовые инструменты, инвестиционные процессы, ипотека и ипотечный кредит, правовые аспекты финансово-банковской деятельности, компьютеризация банковских операций. При современных глобальных экономических кризисах внимание стран всего мира направлено на исламскую банковско-финансовую систему. В связи с этим дана впервые в Казахстане и в странах СНГ, включая России, терминология исламского банкинга с их кратким толкованием.

Термины даны на русском языке с их эквивалентами на казахском языке. Также дается краткое толкование на казахском языке основных терминов и терминов, заимствованных с английского или другого иностранного языка. Словарь внесет свой вклад в расширение сферы применения государственного языка в банковской, финансового-кредитной отраслях, и поднятия его статуса. В словаре впервые в мировой терминологии собраны около 500 терминов исламского банкинга с их толкованием на государственном языке и представлены отдельной главой под названием «Ислам қаржы-несие, банк терминдері» («Исламская финансово-кредитная и банковская терминология»).

Словарь предназначен для работников банков, бирж и других финансово-кредитных учреждений, бухгалтеров, государственных служащих, преподавателей и студентов, переводчиков, а также для широкого круга читателей. Также словарь может удовлетворить потребности юристов, работников правоохранительных органов. Словарь безусловно может быть использован как справочный материал для преподавателей юридических учебных заведений.

УДК 336 (038)
ББК 65.262.1 я 2

ISBN 978-601-80245-3-5

© Тоқсанбай С., 2013
© «Ой-Сана» баспасы, 2013

АЛҒЫ СӨЗ

Оқырман қауымға ұсынылып отырған «Орысша-қазақша банк терминдері сөздігін» белгілі аудармашы әрі сөздік түзуші С. Тоқсанбай құрастырған. Ол экономиканың барлық салаларын қамтыған **85 мыңнан** астам терминнен тұратын «Үлкен экономикалық орысша-қазақша сөздік» атты бірегей іргелі еңбегімен оқырман қауымға бұрыннан жақсы танымал. Сөздікші осы саладағы жанкешті еңбегін одан әрі жалғастырып, экономиканың жекелеген салалары бойынша бірнеше терминологиялық, түсіндірме сөздіктер, анықтамалықтар, тілашарлар шығарумен айналысып келеді. Оның соңғы он жылдың бедерінде жарық көрген «Орысша-қазақша-ағылшынша экономикалық сөздік», «Қазақша-орысша-ағылшынша экономикалық сөздік», «Қаржы-экономика сөздігі», «Экономика: энциклопедиялық анықтамалық», «Экономика және қаржы» (қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі), «Бизнес-биржа жаргондарының орысша-қазақша сөздігі», «Банк қызметшілеріне арналған орысша-қазақша тілашар», «Іскер адамдарға арналған орысша-қазақша тілашар», «Орысша-қазақша заңи-экономикалық түсіндірме сөздік-анықтамалық», «Заң терминдерінің түсіндірме сөздігі (азаматтық құқықтық қатынастар бойынша)», т.б. сүбелі сөздіктері сөздікшінің қандай сый-сияпатқа, құрметке, мәртебелі абырой-атаққа болса да лайықты тынымсыз еңбегінің нәтижесі деп білеміз.

Экономиканың сүбелі саласы болып табылатын банк ісіне, ақша-несие жүйесіне қатысты бұл сөздікте қаржы-банк қызметі, ақша айналысы, банк операциялары мен биржа операциялары, ел ішіндегі және халықаралық валюта-несие қатынастары, қаржы нарығы, бағалы қағаздар нарығы, кредит нарығы, қор нарығы, қаржы құралдары, инвестициялық үдерістер, ипотека және ипотекалық несие, қаржы-банк қызметінің құқықтық қырлары, банк операцияларын компьютерлендіру, т.б. бойынша 35 мыңнан астам термин мен ұғым, терминдік сөз тіркестері қамтылыпты. Сөздік алыс-жақын шетелдік авторлардың соңғы жиырма жылдың бедерінде орыс тілінде жарық көрген көптеген сөздіктері негізінде әзірленген. Олардың тізімі сөздіктің соңында пайдаланылған әдебиет ретінде берілген. Банк терминдеріне қатысты осынша көлемдегі үлкен сөздік әлемдік практикада жоқ десе де болады.

Соңғы жылдары егеменді еліміздің нарықтық экономикаға көшуі барысында қаржы және ақша-несие қатынастарының қанат жаюына орай коммерциялық банктер, қор биржалары, басқа да қаржы институттары кең ауқымда өріс алып, даму жолына түсті. Жалпы алғанда қаржы, банк экономиканың күре тамыры іспетті, оның аса маңызды және жетекші салалары. Бұл ең алдымен қаржының тұтас қоғам өмірінде және жеке алғанда әрбір адам өмірінде орасан зор рөл атқаруымен байланысты. Шындығында ол мемлекеттің тіршілік етуінің материалдық негізі, оның жұмыс істеуін ақшамен қамтамасыз ету көзі болып табылады. Мемлекет қаржы тұтқалары арқылы елдің экономикалық дамуына белсенді ықпал етеді. Қоғамның әрбір мүшесі түрлі қаржы институттары арқылы мемлекетпен байланысқа түседі. Айталық ол салық төлей отырып, мемлекеттік ақша қорларының жасақталуы үдерісіне қатысады, осы қорлардан зейнетақы мен жәрдемақы ала отырып, ақшаның жұмсалуды үдерісіне қатысады. Сайып келгенде, заңды тұлғалар мен жеке тұлғалардың бәрі алуан түрлі ақша қатынастарының субъектілері болып табылады, сөйтіп оларға қаржы-банк құқығының объектісі болып табылатын мемлекеттің ақша жүйесі қызмет көрсетеді. Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет ретінде

қалыптасуы және оның экономикасына, соның ішінде қаржы-банк, ақша-кредит жүйесіне нарықтық қатынастардың енгізілуі үдерісінде болып жатқан тарихи өзгерістерге орай қазіргі кезде банк ісі мен қаржы-несие қызметінің салалары бойынша күнделікті тұрмысымызға лек-легімен еніп жатқан жаңа терминдер мен терминдік тіркестерді, шетелдік сөздер мен ұғымдарды егеменді мемлекеттік тілімізде игеру, қолданысқа енгізу мемлекеттік ауқымдағы күрделі де өзекті міндеттердің біріне айналып отырғаны айдан анық. Бұл шындығында барша зиялы қауымның қасиетті борышы болуға тиіс.

Маманданған кәсіпқой сөздікші ретінде осы парызды терең түсінген автор бұл еңбегінде аталмыш салалардағы терминдерді барынша мол қамтып қана қоймаған, сонымен бірге ұя құрайтын негізгі аталымдар мен аударуға келмейтін шет тілдік ұғымдардың қысқаша мазмұнын ашуға да талпыныс жасаған. Бұл тіпті тілшілер мен қаржыгерлер, банкирлер қауымы ынтымақтаса бірігіп, жұмыла кірісетін әрі ұзақ уақытты қажет ететін аса жауапты іс. Сөздікшінің осынау инемен құдық қазғандай қиын тірліктен қаймықпай, жауапкершілік үдесінен шыға білгені, ерлікке бара-бар еңбек десек, асыра айтқандық емес. Шындығында бұл мақтаудан гөрі, мақтануға тұрарлық еңбек.

Сөздікте, жоғарыда айтқанымыздай, әлемдік банк, қаржы, биржа саласында пайдаланылатын сан мыңдаған терминдер жинақталып, олардың қазақ тіліндегі баламалары берілген. Осындағы ұя құрайтын негізгі терминдердің қазақша атауынан кейін жақша ішінде қазақ тілінде қысқаша түсініктемесі қоса келтірілген. Бұған бір ғана мысал: **«сальдо - сальдо, айырма, қалдық, сарқын (1. белгілі бір уақыт кезеңіндегі ақшалай түсім мен шығыс арасындағы айырма: оң, актив сальдо - түсімнің шығыстан асып түсуі, теріс, пассив сальдо - керісінше, шығыстың түсімнен асып түсуі; 2. бухгалтерлік шот бойынша шаруашылық қаражаттың белгілі бір күнгі жай-күйін, бар-жоғын сипаттайтын қалдық; 3. кіріс пен шығыс арасындағы айырма; 4. шотты жасау кезінде дебет немесе кредит бойынша жаңа бетке көшірілетін қалдық; 5. биржалық операцияларда: клиенттің брокерлік фирмаға берешегі немесе брокерлік фирманың клиентке берешегі; 6. халықаралық сауда және төлем есебінде: елдің экспорты мен импорты құнының арасындағы немесе оның шетелдік түсімдері мен төлемдерінің арасындағы айырма)»**.

Көріп отырғанымыздай, мұнда бухгалтерлік есепте қолданылатын «сальдо» терминінің бір емес, бірнеше мағынасы бар екен. Сөздікші оларды цифрлармен бөліп, әрқайсысына қысқаша түсінік береді. Сондай-ақ негізінен шет тілден, әсіресе ағылшын тілінен орыс тіліне баламасыз енген терминдер қазақ тілінде де аударылмай алынып, оларға да жақша ішінде түсініктеме беріліпті. Әйтпесе біздің көптеген терминологиялық сөздіктеріміздегі сияқты **«аквизиция - аквизиция», «аквитенс - аквитенс», «аккит - аккит»** деп, тізбектеп кете беруге болар еді ғой. Сөздікші олай етпеген. Қарапайым оқырманға түсінікті болуы үшін осы терминдердің жақша ішінде мағынасын аша кеткен. Айталық: **«аквизиция - аквизиция (1. көлік не сақтандыру компанияларының жаңа тапсырыскерлерді тартуы; 2. кәсіпорынның барлық акцияларын акцияшының сатып алуы)»; «аквитенс - аквитенс (қаржы жауапкершілігінен босататын құжат)»; «аккит - аккит (ақшаны алғаны туралы қолхат; төлемді толық не ішінара алғаны туралы төлем құжатындағы жазу)»**.

Сөздікте осындай түсініктеме берілген ұя құрайтын негізгі терминдер мен аударуға келмейтін шет тілдік аталымдардың ұзын-ырғасы осындағы жалпы терминдер санының жартысына жуық көрінеді.

Сөздікте қазақ тілінің мол қазынасын пайдалана отырып, бір терминнің синонимдік бірнеше баламасы қатар берілген тұстар жетерлік. Мұның өзі аудармашылар мен мамандар қолайына келгенін таңдап қолдансын деген ниеттен туса керек. Жоғарыда мысал ретінде келтірілген «сальдо» терминінің мәндес атаулары осыған дәлел. Сөзіміз дәйексіз болмауы үшін тағы бір-екі мысал келтірелік: **«девальвация - девальвация, ақшаның құнсыздануы»; «такса - такса, кесімді баға, бағалама»; «таксатор - таксалаушы, баға кесуші, бағалаушы»**.

Термин сөздердің синонимдік баламаларын сөздік түзу үдерісінде қатар қолдану әлемдік тәжірибеде жиі кездеседі. Мұндай синонимдерді аударма жасау кезінде жүйесін тауып қолдана білу, яғни сөзбен сөзді қиықсыз қиыластырып, ұғымды жеткізе білу, тіркесімді ойға қонымды, ұғынуға жеңіл ету аудармашыдан да, сөздік түзушіден де тілдік сезімталдықты талап ететіні даусыз.

Сөздіктің тағы бір маңызды ерекшелігі: мұнда әлемдік банк терминологиясында тұңғыш рет ислам банк жүйесі терминдерінің жинақталып, мемлекеттік тілдегі түсіндірмесімен қоса берілуі. АҚШ, Ұлыбритания сияқты Батыстың дамыған елдерінің небір алпауыт банктерін де шарпыған заманауи жаһандық қаржы-несие дағдарысының даму жолына түскен ислам елдерінің банктерін орағытып өтуі күллі әлемнің назарын аудартып отырғаны ақиқат. Мұның түпкі себебі тойымсыз материалдық мүддені көздеуде емес, рухани-әлеуметтік мүдденің көзделуінде жатыр. Ислам банктері осы рухани-әлеуметтік мүдде негізінде пайызды, өсімқорлықты тәрік етеді. Қазір батыс банкирлерінің өз банктерінде «ислам терезелерін» ашуы, өз қаражатын ислам банктеріне салуы тегін емес. Егеменді еліміз де бұған ден қоя бастады. Осыған орай ислам банкингінің терминдерін игеріп, мемлекеттік тілде айналымға қосу бүгін таңда кезек күттірмейтін маңызды мәселе екені даусыз. Сөздік түзушінің осы жәйтті ескеріп, терминология саласындағы соны тақырыпқа тұңғыш түрен салуы жанкешті талпыныс деп бағалауға лайық.

Қысқасы, бұл бірегей сүбелі еңбек банк-несие, қаржы, биржа салаларының мамандары, арнаулы жоғары оқу орындарының шәкірттері мен ұстаздары үшін қолдан түспес кітап болады деп білеміз. Бұл сөздіктің әсіресе оның мемлекеттік тіл бағдарламасы бойынша іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуге кіріскен мекемелерге тигізер қолғабысы мол.

Ө.Айтбай,
филология ғылымының докторы, академик

* * *

Сөздіктің құрылымы жайында

Сөздікте терминдердің атаулары орыс әліпбиінің тәртібімен орналастырылып, қарайтылған әріппен жазылды. Ал терминдердің қазақша аталуы жай әріппен терілді. Ұя құрайтын түп қазық терминдердің қазақша аталымынан кейін жақша ішінде курсив әріппен қысқаша түсінік берілді. Аударылмай алынған шет тілдік терминдер де жақша ішінде қазақша түсіндірілді. Термин сөздер бірнеше мағынада қолданылатын болса, олардың әрбір мағынасы «1. 2. 3...» деген сияқты арабша цифрлармен бөліп көрсетілді.

A

A+ - A+ (*standard & poor's* жіктемесіндегі жүйе бойынша акцияның ең жоғары құнын көрсететін мән)

AAA, AA, A; Aaa, Aa A; A++, A+, A - AAA, AA, A; Aaa, Aa A; A++, A+, A (*бағалы қағаздар рейтингінің жоғары, өте жақсы және жақсы екендігін әріппен таңбалау*)

аб ово - аб ово (“басынан баста”, “нөлден баста”) (*биржа қызметінің жаңадан басталғанын көрсететін сөз тіркесі*)

АБЕКОР (ABECOR Associated Banks of Europe Corporation) (Ассоциированные банки европейской корпорации) - АБЕКОР (ABECOR Associated Banks of Europe Corporation) (*Еуропаның қауымдастырылған банктер корпорациясы*)

абонентные ящики для быстрого обслуживания банковских клиентов - банк клиенттеріне тез қызмет көрсетуге арналған абоненттік жәшік

абсолютная цена - абсолюттік баға

абсолютное значение одного процента прироста - бір пайыз өсімнің абсолюттік мәні

абсолютные цены - абсолюттік баға

абшлюс - абшлюс (*шоттың әлсіз жағына сальдоны жазу қажеттігін көрсету*)

а. виста - а. виста (*төлем мерзімі көрсетілмеген вексель*)

авалирование - авальдау, кепілдендіру (*авальды ресімдеу*)

авалирование векселя - вексельді авальдау, вексельді кепілдендіру

авалированный вексель - авальдандырылған вексель, кепілдендірілген вексель

авалист - авальшы, кепілгер (*вексель кепілдігін беруші, яғни аваль беруші*)

авалист по векселю - вексель бойынша кепілгер

аваль - аваль, кепілхат (*вексель бойынша міндетті тұлға үшін кепілгерлік; вексельдегі кепілгерлік жазба*)

аваль банковский - банк авалі (*банкнің вексельдік кепілдігі*)

аваль-кредит - аваль-несие (*кепілдікті несие*)

авальный кредит - кепілдікті кредит (*вексель бойынша міндетті біреу үшін вексельдің заңды иесі алдында дәрменсіз болған жағдайда вексель бойынша төлем төлеуге банк кепілдік беретін несие беру түрі*)

аванс в счет взаимных расчетов - өзара есеп айырысу шотына аванс (алғытөлем)

аванс внесен - аванс (алғытөлем) төленді

аванс для коммерческого кредитования - коммерциялық несиелендіру үшін аванс (алғытөлем)

аванс компаниям-филиалам - филиал-компанияларға берілетін алғытөлем (*бас компанияның еншілес компанияға беретін несиесі*)

аванс на текущем банковском счете - ағымдағы банк шотына аванс (алғытөлем)

аванс погашен - аванс (алғытөлем) өтелді

аванс под дебиторскую задолженность - дебиторлық берешек кепілімен берілетін аванс (алғытөлем)

аванс под залог - кепілзат кепілімен берілетін аванс (алғытөлем)

аванс под ценные бумаги - бағалы қағаздар кепілімен берілетін аванс (алғытөлем)

аванс-здаток - аванс (алғытөлем) - кепіл ақша

авансирование - авансылау, алғытөлем төлеу (*1. өндіріске жұмсалған ақшалай қаражаттың өзінің бастапқы көзіне қосымша өнім құны түрінде қайтып оралатын экономикалық үдеріс; 2. алғытөлем беру; 3. өндіріске алдағы шығыс есебінен ақшалай қаражат беру*)

авансирование денежных средств - ақшалай қаражаттың алғытөлемін төлеу

авансирование предприятия - кәсіпорынға алғытөлем беру

авансирование сезонных процессов производства - өндірістің маусымдық үдерістеріне алғытөлем төлеу

авансированная стоимость - алғытөлем төленген құн

авансированные средства - қаражатты авансылау, алғытөлем төленген қаражат, алғытөлемге берілген қаражат; алдын ала жұмсалған қаражат (*алға қойылған міндеттерді орындау үшін, белгілі бір мақсаттарға жету үшін бөлінген ақшалай қаражат*)

авансированный капитал - авансыланған капитал

авансированный кредит - авансыланған кредит

авансировать - авансылау, алғы төлем беру

авансировать капитал - капиталды авансылау

авансовая ссуда - аванстық (алғытөлемдік) несие

авансовое покрытие - аванстық (алғытөлемдік) өтем

авансовые платежи - алғытөлемдік төлемдер, аванстық төлемдер

авансовый корпорационный налог - аванстық (алғытөлемдік) корпоративтік салық (*Ұлыбритания*)

авансовый кредит - алғытөлемді кредит

авансовый кредит на заготовку сельскохозяйственных продуктов - ауыл шаруашылық өнімін дайындауға берілетін алғытөлемді кредит

авансовый кредит на закупку сельскохозяйственной продукции - ауыл шаруашылық өнімін сатып алуға берілетін алғытөлемді кредит

авансовый остаток - алғытөлем қалдығы

авансовый отчет - алғытөлем есептемесі (есеп беру)

авансовый платеж - алғытөлемдік төлем, аванстық төлем (*сақтандыруда сақтанушы сақтандырушыға күні бұрын төлейтін төлем*)

авансовый платеж по основной сумме долга - борыштың негізгі сомасы бойынша алғытөлемдік төлем

авансодержатель - алғытөлем ұстаушы, алғытөлем алушы

- авансом** - аванс түрінде, алғытөлем түрінде
- “авансы от заказчиков”** - “тапсырыскерлерден алғытөлем” (*тапсырыскерлерге берешек шамасын көрсететін міндеттемелер шоты*)
- “авансы покупателей”** - “сатып алушылардың алғытөлемі” (*сатып алушылар төлеген аванстық төлемдер үшін олардың алдындағы міндеттемелер сомасын көрсететін бухгалтерлік шот*)
- “авансы покупателям”** - “сатып алушыларға алғытөлем” (*алғытөлем ретінде төленген ақшалай қаражатты көрсететін актив шот*)
- “авансы поставщикам”** - “жеткізушілерге алғытөлем” (*тауарлар алынғанға, қызметтер көрсетілгенге дейін алғытөлем түрінде төленген ақшалай қаражат көрсетілетін актив шот*)
- август, ноябрь, февраль, май** - тамыз, қараша, ақпан, мамыр (*тоқсан сайын пайыз немесе дивиденд төленетін айлар*)
- авераж** - авераж (*белгілі бір акцияларды белгіленген уақыт аралығында тұрақты сомаға сатып алуға бағытталған биржа ойыны*)
- аверажный срок** - авераждық мерзім (*несиені кезең-кезеңмен төлеудің орташаландырылған мерзімі: айлық, жарты жылдық, жылдық, т.б. кезеңі*)
- аверс** - аверс (*тиынның, медальдың беткі жағы*)
- авиаипотека** - авиаипотека (*несие бойынша кепілдікке ұшақ немесе басқа бір ұшу аппараты салынатын ипотекалық кепілзат*)
- авианакладная** - авиажүк құжаты
- авизировать** - авизолау, растау (*контрагентке оның шоты бойынша жасалған операцияларды хабарлау*)
- авизо** - авизо, растама (*1. банктік және коммерциялық практикада - есептесу операциясының орындалғаны - шот бойынша жазу жазылғаны, чектің ұсынылғаны - оның төленгені немесе төлеуден бас тартылғаны, аккредитивтің ашылғаны, т.б. туралы ресми хабарлама; 2. алушының вексельді, тауарды салып жібергенін, ақшаны аударғанын хабарлайтын хат*)
- авизо банка** - банк растамасы (*банктің операция, төлемнің түскені, шоттағы қаражат қалдығы туралы хабарлауы*)
- авизо входящее** - кіріс растама
- авизо дебетовое** - дебеттегі растама, дебеттік растама (*банктің өз қызметін пайдаланушыға оның шотындағы дебеттік жазбада көрсетілген сомаға борышты екенін хабарлауы*)
- авизо иностранное** - шетелдік растама
- авизо исходящее** - шығыс растама
- авизо клиента** - клиенттің авизосы (растамасы)
- авизо кредитовое** - кредиттегі растама, кредиттік растама (*банктің өз қызметін пайдаланушыға оның шотындағы кредиттік жазба туралы хабарлауы*)
- авизо о выставлении тратты** - тратта ұсынылғаны туралы растама (*алушының ақцептік банктегі аударма вексельді төлеуі туралы жеткізушінің ресми хабарламасы*)
- авизо о поступлении перевода** - аударымның түскені туралы растама
- авизо об оплате тратты** - траттаның төленгені туралы растама (*банктің аударма вексельдің ұсынылған мерзімде төленгені туралы клиенттер мен корреспонденттерге ресми хабарлауы*)
- авизо отправленное** - жөнелтілген растама
- авизо почтовое** - пошталық растама
- авизо предварительное** - алдын ала хабарланатын растама
- авизо сводное** - жиынтық растама
- авизо телеграфное** - телеграфтық растама
- авизование** - растау (*растаманы жөнелту*)
- авизование документарного аккредитива** - құжаттамалы аккредитивті растау (*құжаттамалы аккредитивтің ашылғанын хабарлау*)
- авизованная тратта** - авизоланған (растама берілген) тратта
- авизованный аккредитив** - авизоланған (растама берілген) аккредитив
- авизованный аккредитив, выставленный банком на определенного корреспондента** - банк белгілі бір корреспондентке ұсынған, авизоланған (растама берілген) аккредитив
- авизовать** - авизолау (растама беру, растау)
- авизовать аккредитив** - аккредитивті растау
- авизовать вексель** - вексельді растау
- авизовка** - растау, расталым (*хабарлама*)
- авизовое указание банка бенефициария** - бенефициарий банктің растамалық нұсқауы (*бенефициарий банкіге хабарлама жолдағанда пайдаланылатын қосымша ақпарат*)
- авизовый индикатор банка бенефициария** - бенефициарий банктің растамалық сәйкестендіргіші (*бенефициарий банк туралы байланыс ақпараты*)
- ависта** - ависта (*1. төлем мерзімі көрсетілмеген вексель; 2. есепке алынған вексельдер тізіліміндегі немесе кітабындағы не төлем мерзімін куәландыратын өзге де құжаттардағы: “көрсетілген бойда” не көрсетілген күннен кейін белгілі бір мерзім өткеннен соң деген жазу*)
- аво** - аво (*Патаканың, Макаоның ұсақ тиыны*)
- австралийская акция на Лондонской фондовой бирже** - Лондонның қор биржасындағы Австралия акциясы
- Австралийские ассоциированные фондовые биржи** - Австралияның қауымдастырылған қор биржасы (*үйлестіруші орган*)
- австралийский доллар** - Австралия доллары
- австралийский процентный своп** - Австралияның пайыздық свопы (айырмасы)
- австрийский национальный банк** - Австрияның ұлттық банкі
- австрийский шиллинг** - Австрия шиллингі
- автомат для выдачи наличности** - нақты ақша беретін автомат

автомат для выдачи наличных с банковского счета - банк шотынан қолма-қол ақша беруге арналған (қолма-қол ақша беретін) автомат

автомат для размена монет - ақша (мәнет) майдалайтын автомат

автомат для сортировки монет - ақша сұрыптайтын автомат

автоматизация банковских операций - банк операцияларын автоматтандыру (*банк ақпаратын есептеу, өңдеу, жинау, талдау, тарату үшін есептеу техникасын, бағдарламалық құралдарды пайдалану*)

автоматизация бухгалтерского учета - бухгалтерлік есепті автоматтандыру

автоматизация программирования - бағдарламалауды автоматтандыру

автоматизация работы банка - банк жұмысын автоматтандыру

автоматизация учета - есепті автоматтандыру

автоматизация финансовых расчетов - қаржы есебін автоматтандыру (*есептеу техникасы мен бағдарламалық құралдарды қолдану жолымен мемлекеттік бюджеттің жасалуы мен атқарылуы жөніндегі қаржы есебінің кешенді жүйесі*)

автоматизированная инвестиционная биржа “Аризель”, работающая в режиме реального времени - нақты уақыт режимінде істейтін автоматтандырылған инвестициялық “Аризель” биржасы (*Ұлыбритания*)

автоматизированная клиринговая палата - автоматтандырылған клирингілік палата

автоматизированная линия - автоматтандырылған желі

автоматизированная расчетная палата - автоматтандырылған есеп айырысу палатасы

автоматизированная система анализа рыночной конъюнктуры, выбирающая момент заключения сделки - нарықтық жағдаятқа талдау жасаудың мәміле жасасу сәтін таңдайтын автоматтандырылған жүйесі

Автоматизированная система выполнения приказов клиента биржевыми брокерами (США) - биржа брокерлерінің клиент бұйрығын орындайтын автоматтандырылған жүйе

автоматизированная система контроля торговли на фондовой бирже - қор биржасында сауданы бақылаудың автоматтандырылған жүйесі

автоматизированная система обработки информации “Сбербанк” - “Жинақ банкі” ақпаратын өңдеудің автоматтандырылған жүйесі

автоматизированная система сбора и передачи данных о котировке акций (СИМ) - акциялардың бағасын белгілеу туралы деректер жинау мен таратудың автоматтандырылған жүйесі

автоматизированная система финансовых расчетов - автоматтандырылған қаржы есеп айырысуы жүйесі

автоматизированная система электронных платежей (АСЭП) - автоматтандырылған электрондық төлемдер жүйесі

Автоматизированная торговая система - Автоматтандырылған сауда жүйесі (*1979 ж. Торонто қор биржасында құрылған*)

автоматизированная торговля товарами и финансовыми инструментами - тауарлармен және қаржы құралдарымен автоматтандырылған сауда

автоматизированные системы управления финансовыми и кредитными органами - қаржы және несие органдарын автоматтандырылған басқару жүйелері

автоматизированные складские системы - автоматтандырылған қойма жүйелері

автоматизированный банк данных - автоматтандырылған деректер қоры

автоматизированный банк данных автоматизированной системы финансовых расчетов - автоматтандырылған қаржы есеп айырысуы жүйесінің автоматтандырылған деректер қоры

автоматизированный банк классификаторов - автоматтандырылған сыныптауыштар қоры, автоматтандырылған сыныптауыштар жинақтамасы

автоматизированный расчет при операциях с ценными бумагами - бағалы қағаздармен жасалатын операциялар кезінде автоматтандырылған есеп айырысу

авторизованный центр - авторландырылған орталық (*карточкалармен жұмыс істейтін орталықтандырылған кеңсе, оған клиенттердің банктегі картчккалық шоттары - эмитент клиенттері туралы барлық ақпарат түседі*)

автоматизм кредитования и расчетов - несиелендіру мен есеп айырысу автоматизмі

автоматическая клиринговая палата - автоматты клирингілік палата

автоматическая котировочная система национальной ассоциации дилеров ценных бумаг - бағалы қағаздар дилерлері ұлттық қауымдастығының автоматты баға белгілеу жүйесі

автоматическая облигационная система - автоматты облигациялық жүйе

автоматическая расчетная палата - автоматты есеп айырысу палатасы

автоматическая система клиринговых расчетов - клирингілік есеп айырысудың автоматты жүйесі (*Ұлыбритания*)

автоматическая система слежения за фондовой биржевой торговлей - қор биржасындағы сауданы автоматты қадағалау жүйесі

автоматически возобновляемый аккредитив - өздігінен жаңаратын аккредитив

автоматически возобновляемый кредит - өздігінен жаңаратын кредит

автоматически погашаемая ссуда - өздігінен өтелетін несие

“автоматический кассир” - “автоматты кассир”

автоматический кассовый аппарат - автоматты кассалық аппарат

автоматический метод исчисления доходов и расходов - кіріс пен шығысты есептеудің дағдылы әдісі

автоматический отзыв - дағдылы кері шақырып алу, дағдылы қайтарып алу

автоматический отзыв средств учредителя - құрылтайшы қаражатының өздігінен қайтарып алынуы

автоматический перевод средств со сберегательно-го на текущий счет - қаражатты жинақ шотынан ағымдағы шотқа автоматты түрде аудару

автоматический счет трансфертных услуг - трансферттік қызметтердің автоматты шоты

автоматический, предварительно санкционированный денежный перевод - алдын ала рұқсат етілген дағдылы ақшалай аударым

автоматическое изъятие - автоматты түрде өндіріп алу (*акция иелерінің ай сайын не тоқсан сайын тиянақты төлемақы алуына құқық беретін өзара қарыз қорының бағдарламасы*)

автоматическое инвестирование полученных средств - алынған қаражатты дағдылы инвестициялау

автоматическое исполнение опционных контрактов клиринговой палатой при наступлении сроков - мерзім басталғанда клиринглік палатаның опциондық келісімшарттарды өздігінен орындауы

автоматическое лицензирование - автоматты түрде лицензиялау

автоматическое получение кредитором приоритетных прав в отношении задолженного имущества - несиегердің берешек мүлік жөніндегі басым құқықтарды автоматты түрде алуы

автоматическое реинвестирование дивидендов - дивидендті өздігінен қайта инвестициялау

автономная приходно-расходная касса, подключенная к ЭВМ банка - банктің ЭЕМ-на қосылған дербес кіріс-шығыс кассасы

автономные бюджеты - дербес бюджеттер

автономные инвестиции - дербес инвестиция

“авторизатор” - “авторизатор” (*несие мекемесінің ерекше назар аударылуға тиіс несие операцияларын мақұлдауға немесе мақұлдамауға уәкілеттік берілген қызметкері*)

авторизационный центр - авторлау орталығы (*карточкалармен жұмыс істейтін орталықтандырылған кеңсе*)

авторизация - авторландыру, авторлау, қуаттау (*1. заңды негіз беру, рұқсат беру; 2. сатушының, кассирдің не картчканы ұстаушының тауар ақысын төлеу үшін картчканы пайдалануға банкомат арқылы рұқсат сұрауы; 3. төлем картасымен не чекпен операция жасауға рұқсат алу; 4. банк ісінде электронды құжат, картчка не өзін-өзі ұсынушы тұлғаның өкілеттігін не авторлығын қуаттау*)

авторизация кредитной карты - несие картасын қуаттау

авторизация магнитных карточек - магнитті картчкаларды қуаттау

авторизация по обмену - айырбас бойынша қуаттау

авторизация процессорных карточек - процессорлық картчкаларды қуаттау

авторизация собственно пользователей банковской системы - банк жүйесін пайдаланушылардың өзін қуаттау

авуары - авуар (*1. иелері төлем төлей алатын, міндеттемелерді өтей алатын түрлі актив қаражат: ақша, чек, вексель, аударым, аккредитив, мүлік; 2. банктердің шетелдік корреспондент-банктердегі шоттарында шетел валютасы, бағалы қағаздар, алтын түрінде сақталған қаражаты*)

авуары банка - банк авуары, банк қазынасы

авуары заблокированные - оқшауландырылған авуар

авуары в иностранной валюте - шетел валютасы түріндегі авуар

авуары иностранные - шетелдік авуар

авуары с определенным режимом пользования - белгілі бір режиммен пайдаланылатын авуар

авуары свободные - еркін авуар

агент - агент (*биржада бағалы қағаздарды немесе тауарларды сатып алу-сату жөніндегі фирма немесе тұлға*)

агент банка - банк агенті (*несие картчкаларының иесіне қызмет көрсетуде басқа банктердің агенті міндетін атқарушы банк*)

агент валютного контроля - валюталық бақылау агенті

агент, ведущий биржевые операции на профессиональной основе - кәсіптік негізде биржа операцияларын жүргізуші агент

агент, выпускающий акции - акция шығарушы агент

агент клиента - тапсырыскер агенті

агент комиссионный - комиссиялық агент

агент консигнационный - консигнациялық агент (*тауарларды сатуға, сатып алуға немесе тауар кепілдігімен қарызға ақша алуға өкілеттігі бар агент*)

агент платежный - төлем жөніндегі агент (*акциялар бойынша дивиденд немесе облигациялар бойынша пайыз төлейтін банк не несие-кредит институты*)

агент по изъятию банкнот - банкнот алу жөніндегі агент

агент по инкассо - инкассо жөніндегі агент (*басқа тұлғаның не банктің тапсыруымен чектерді, тратталарды, купондарды, т.б. құжаттарды инкассолау мақсатымен өңдейтін тұлға не банк*)

агент по клирингу - клиринг жөніндегі агент (*есептесу палатасына мүше емес банк үшін чек айырбастайтын мүше банк*)

агент по конвертированию одних видов ценных бумаг в другие - бағалы қағаздардың бір түрлерін екінші бір түрлеріне айырбастау жөніндегі агент

агент по обмену - айырбас жөніндегі агент

агент по обмену, продаже и покупке иностранной валюты - шетел валютасын айырбастау, сату және сатып алу жөніндегі агент

агент по передаче ценных бумаг - бағалы қағаздарды табыстау жөніндегі агент

агент по платежам - төлем жөніндегі агент

агент по платежам дивидендов по акциям - акциялар бойынша дивиденд төлемі жөніндегі агент

агент по покупке и продаже иностранной валюты - шетел валютасын сатып алу және сату жөніндегі агент

агент по продаже недвижимости - жылжымайтын мүлікті сату жөніндегі агент

агент по размещению - орналастыру жөніндегі агент (*қор нарығы секциясының бағалы қағаздарға билік ету өкілеттігі берілген мүшесі*)

агент по трансферту - трансферт жөніндегі агент

агент по трансферту акций - акцияларды трансферттеу жөніндегі агент

агент трансфертный - трансферттік агент

агент финансовый - қаржы агенті

агент фискальный - қазыналық агент (*еурооблигациялар нарығында оларды шығаруға уәкілетті банк*)

агент-банк - банк-агент (*1. халықаралық несие синдикатының мүшелері тарапынан бүкіл несие мерзіміне өз мүдделерінің кепілгері ретінде уәкілеттік берілген банк; 2. облигациялар шығару тапсырылған банк; 3. әдетте мемлекет, жергілікті орган тарапынан өзінің мүдделері үшін белгілі бір алыс-берісті жүргізуге уәкілеттік берілген банк*)

агент-посредник по операциям с ценными бумагами - бағалы қағаздармен жасалатын операциялар жөніндегі делдал-агент

агент-распорядитель имущества - мүлікке өкім жүргізуші агент

агентские функции банков - банктердің агенттік атқарымы (*банктердің жеке және заңи тұлғалардың өз мүлкін билеу жөніндегі тапсырмаларын орындауы*)

агентский договор - агент келісімшарты

“агентства” - “агенттіктер” (*АҚШ-тың федералдық агенттіктерінің бағалы қағаздары*)

агентство “Мудиз инвесторз сервис” - “Мудиз инвесторз сервис” агенттігі (*бағалы қағаздар рейтингін белгілеу жөніндегі жетекші агенттік; АҚШ*)

агентство “Стандард энд Пур корпорейшн” - “Стандард энд Пур корпорейшн” агенттігі (*бағалы қағаздар рейтингін белгілеу жөніндегі жетекші агенттік; АҚШ*)

агентство банка - банк агенттігі (*өкілетті банк міндетін атқаратын, клиенттерге несие-есеп айырысу қызметін көрсететін, бірақ дербестік құқығы жоқ банк мекемесі*)

агентство делькредере - делькредере агенттік (*кепілгер, делдал; тапсырыскер берешегінің төленуі үшін өндірушіге кепілдік беруші комиссияшы, делдал*)

Агентство иностранного банка - Шетел банкі агенттігі (*АҚШ*)

агентство кредитной информации - несиелік ақпарат агенттігі

Агентство международного сотрудничества для развития - Дамуға арналған халықаралық ынтымақтас-тық агенттігі

агентство по взысканию просроченных долгов - мерзімі өткен борышты өндіріп алу жөніндегі агенттік

агентство по гарантиям инвестиций - инвестициялар кепілдігі жөніндегі агенттік

агентство по реструктуризации кредитных органи-заций - несие ұйымдарын қайта құрылымдау жөніндегі агенттік

агентство по составлению рейтингов - рейтингтер жасау жөніндегі агенттік

агентство по торговле недвижимостью - жылжымай-тын мүлікпен сауда жөніндегі агенттік

агентство сберкасс - жинақ кассалары агенттігі

агентство, устанавливающее рейтинг ценных бумаг - бағалы қағаздар рейтингін белгілейтін агенттік

агент-трансфер / агент-трансферт - трансфер-агент / трансферт-агент (*тіркеуші мен тізілімге жазылған бағалы қағаздар иесі арасында ақпарат пен құжат-тарды табыстауда делдалдық жасаушы ұйым*)

агенты валютного контроля - валюталық бақылау агенттері

агора - агора (*Израильдің ұсақ ақшасы*)

агорот - агорот (*Израильдің ұсақ тиыны, 1/100 Израиль фунтына тең*)

агрегаты денежной массы - ақша жиынының агрегат-тары

агрессивная политика реализации ценных бумаг - бағалы қағаздарды өткізудің басқыншылық саясаты

агрессивное банковское управление - басқыншылық банк басқармасы

агрессивные ценные бумаги - басқыншы бағалы қағаздар (*бағамы қор нарығының байқалып отырған жағдайына, болжалға сәйкес айтарлықтай көте-рілуі мүмкін акциялар, облигациялар, т.б. түріндегі бағалы қағаздар*)

агрессивный инвестор - басқыншы инвестор (*жоғары дивиденд алу үшін тауекелге баруға дайын инвестор*)

агрессивный портфель - басқыншылық қоржын

агрессивный портфель ценных бумаг - бағалы қағаздардың басқыншылық қоржыны

адвалорем - адвалорем (*бағасына сай, құнына қарай; бағалы жүктерді тасымалдау төлемін немесе кеден бажын тауар бағасының пайызымен есептеу әдісі*)

адвалорные ставки таможенной пошлины - кеден бажының адвалорлық мөлшерлемесі

адвокат по инвестиционным вопросам - инвестиция-лық мәселелер жөніндегі адвокат

Административно-бюджетное управление - Әкімші-лік-бюджеттік басқарма (*АҚШ президенті жанын-дағы*)

административное депонирование - әкімшілік жол-мен депозиттеу (*банкке сақтауға берілген бағалы қағаздар, банк бұл бағалы қағаздарға сыныптау тұрғысынан да, олардың биржада қозғалысқа түсуі тұрғысынан да әкімшілік етеді*)

- административное задержание** - әкімшілік жолмен ұстау
- административные операции** - әкімшілік операциялар (*депозитарийлік операциялар*)
- административные платежи** - әкімшілік төлемдері
- административные процентные ставки** - әкімшілік пайыздық мөлшерлемелер
- административные процентные ставки по депозитам** - депозиттер бойынша әкімшілік пайыздық мөлшерлемелер
- административные процентные ставки по ссудам** - несие бойынша әкімшілік пайыздық мөлшерлемелер
- административный метод ценообразования** - баға белгілеудің әкімшілік әдісі
- администратор** - әкімгер, әкімші (*1. тарату ісін жүргізуде - тарату ісі басталғанға дейін, ал сауықтыру шаралары қолданылған жағдайда осы шаралар басталғанға дейін борышқордың мүлкі мен істерін сот талқылауы кезеңінде басқару үшін сот тағайындаған тұлға; 2. менеджердің синонимі*)
- администратор бюджетных программ** - бюджеттік бағдарламалардың әкімгері
- администратор наследуемого имущества** - мұраға қалған мүліктің әкімгері
- администратор счета** - шот әкімгері
- администратор трастового счета** - сенімгерлік шот әкімгері
- администрация по управлению кредитной организацией** - кредит ұйымын басқару жөніндегі әкімшілік
- администрация по управлению ссудами** - несиеді басқару жөніндегі әкімшілік
- администрация фондами** - қорларды әкімшілік жолмен басқару
- администрация ценных бумаг** - бағалы қағаздар әкімшілігі
- администрируемое депонирование** - әкімшілік жолмен басқарылатын депозиттеу
- адмониция** - адмониция (*қарызға алынған ақшаны төлеу жөнінде жазбаша міндеттеме ұсыну*)
- адр** - адр (*депозиттік қолхат*)
- адресация платежей** - төлемді дербестендіру
- адресная инвестиционная программа** - атаулы инвестициялық бағдарлама
- адресное комиссионное вознаграждение** - атаулы комиссиялық сыйақы
- адресный лист в кредитном учреждении (банке)** - несие мекемесіндегі (банктегі) атаулы парақ
- адритура** - адритура (*1. тауарды тікелей апарылатын жеріне жөнелту; 2. вексель операциясында: кешіктірілген немесе наразылық білдірілген вексель үшін тікелей вексель берушіге немесе оның кепілгеріне өндіріп алуға ұсыну*)
- адьюкация** - адьюкация (*соттың не төрешінің шешімі; сот тәртібімен жариялау; істі шешу, дауды қарау; мүліктің сот бойынша борышқордан несиегерге сатып алу тәртібімен көшуі*)
- адэндум** - адэндум (*1. акцияға не вексельге тіркелген бір парақ қағаз, оған осы бағалы қағаз басқа біреуге табысталған жағдайда оның иесі қол қояды; 2. чартерге толықтырма; шартқа толықтырма*)
- ажно** - ажио, айырма (*1. бағалы қағаздың нарықтық бағамының оның көрсетулі құнынан өсу жағуына қарай ауытқуы; 2. акциялардың үшінші бір елдер биржаларындағы бағамының ұлттық биржалардағы бағаммен салыстырғанда өсуі; 3. алтын ақша құны мен биржадағы ақша құнының арасындағы айырма; 4. қағаз ақшаны алтынга немесе бір валютаны екінші валютаға айырбастау үшін алынатын комиссия, белгіленген бағаға үстеме төлем*)
- ажно-конто** - ажио-конто (*пайда мен залал көрсетілетін шот*)
- ажно-надбавка** - ажио-үстеме (*алтын ақшаны атмас қағаз ақшаға айырбастау кезінде алынатын үстеме*)
- ажнотаж** - дүрлікпе (*биржадағы, нарықтағы алыс-сатарлық ойын; тауарлардың бағасын, биржалық қағаздардың бағамын қолдан көтеру не түсіру*)
- ажур** - ажур (*1. есеп-қисап жұмыстарын белгіленген мерзімде орындау; 2. операциялар күнбе-күн жазылып отыратын бухгалтерлік есеп*)
- азартная игра на бирже** - биржадағы құмар ойын
- азартно играть на бирже** - биржада құмарлықпен ойнау
- азиатская валютная единица** - Азияның валюта өлшемі
- азиатская денежная единица** - Азияның ақша бірлігі, Азияның ақша өлшемі
- азиатские долларовые облигации** - Азияның долларлық облигациясы
- азиатские доллары** - Азия доллары (*Сингапурда орналастырылған және АҚШ-тан тысқары жерлерде пайдаланылатын АҚШ доллары түріндегі банк депозиттері*)
- Азиатский банк развития (АзБР)** - Азия даму банкі
- Азиатский валютный отдел** - Азиялық валюта бөлімі (*Сингапур*)
- азиатский доллар** - Азия доллары
- Азиатский клиринговый союз** - Азия клирингілік одағы
- Азиатский платежный союз** - Азия төлем одағы
- Азиатский фонд развития** - Азия даму қоры
- АИБОР** - АИБОР (*AIBOR: Amsterdam Interbank Offered Rate - Амстердамдағы банк аралық депозиттік нарық ұсынысының мөлшерлемесі*)
- аквизиция** - аквизиция (*1. көлік не сақтандыру компанияларының жаңа тапсырыскерлерді тартуы; 2. кәсіпорынның барлық акцияларын акцияшының сатып алуы*)
- аквитенс** - аквитенс (*қаржы жауапкершілігінен босататын құжат*)
- аккит** - аккит (*ақшаны алғаны туралы қолхат; төлемді толық не ішінара алғаны туралы төлем құжатындағы жазу*)
- аккредитив** - аккредитив, сенімдеме (*1. атаулы ақшалай құжат, онда көрсетілген соманы есімі жазыл-*

ған тұлғаның банктен алуға құқығы куәландырылады; 2. банктің шартты ақшалай міндеттемесі, оны банк клиенттің тапсырмасымен шарт бойынша контрагентке береді; 3. банктің өзінің басқа елдегі корреспондент-банкке біреуге белгілі бір соманы өзінің есебінен беруге тиісті құжаттармен қуатталған, рұқсаты, келісуі)

- аккредитив авизованный** - авизоланған аккредитив, расталған аккредитив (банк белгілі бір корреспондентке ұсынған аккредитив)
- аккредитив банка** - банк аккредитиві
- аккредитив банковский** - банк аккредитиві
- аккредитив безотзывно-неподтвержденный** - қайтарып алынбайтын расталмаған аккредитив
- аккредитив безотзывно-подтвержденный** - қайтарып алынбайтын расталған аккредитив
- аккредитив безотзывный** - қайтарып алынбайтын аккредитив (белгілі бір мерзімге ашылған, осы мерзім біткенше жойылмайтын аккредитив)
- аккредитив бессрочный** - мерзімсіз аккредитив
- аккредитив бланковый** - бланкілік аккредитив (сомасы көрсетілмеген аккредитив)
- аккредитив в банке** - банктегі аккредитив (қолма-қол ақшасыз есеп айырысу жүзеге асырылатын банк шотының түрі)
- аккредитив в виде учета банком тратт, выставленных экспортером на покупателя** - экспортшы сатып алушыға ұсынған тратталарды банктің есепке алуы түріндегі аккредитив
- аккредитив возобновляемый** - жаңартылмалы аккредитив
- аккредитив гарантийный** - кепілдікті аккредитив
- аккредитив гарантированный** - кепілдендірілген аккредитив
- аккредитив делимый** - бөлінбелі аккредитив
- аккредитив денежный** - ақша аккредитиві, ақшалай аккредитив
- аккредитив депонированный** - депозиттелген аккредитив
- аккредитив для оплаты неотгруженных товаров** - жөнелтілмеген тауарлардың ақысын төлеуге арналған аккредитив
- аккредитив документарный** - құжаттамалық аккредитив, құжатталған аккредитив (тиісті құжат көрсетілгенде төленетін аккредитив)
- аккредитив документированный** - құжатталған аккредитив
- аккредитив дорожный** - жол аккредитиві
- аккредитив именной** - атаулы аккредитив, бәсіре аккредитив
- аккредитив коммерческий** - коммерциялық аккредитив
- аккредитив компенсационный** - өтемдік аккредитив
- аккредитив на импорт товаров** - тауарлар импортына арналған аккредитив
- аккредитив на предъявителя** - ұсынушыға арналған аккредитив

- аккредитив народного банка** - халық банкінің аккредитиві
- аккредитив, не требующий представления документов и не связанный с товарной поставкой** - құжаттар беру талап етілмейтін және тауар жеткізілімімен байланысты емес аккредитив
- аккредитив неделимый** - бөлінбейтін аккредитив
- аккредитив неотменяемый** - күші жойылмайтын аккредитив
- аккредитив неподтвержденный** - расталмаған аккредитив, қуатталмаған аккредитив
- аккредитив непокрытый** - өтелмеген аккредитив
- аккредитив отзывной** - қайтарып алынатын аккредитив (аккредитивті ашқан банктің белгілі бір себеппен оны қайтарып алуға құқы бар аккредитив)
- аккредитив открытый** - ашық аккредитив (сатып алушының аккредитивті қайтарып алуға құқы жоқ аккредитив)
- аккредитив отменяемый** - күші жойылатын аккредитив
- аккредитив переводной** - аудармалы аккредитив
- аккредитив покрытый** - өтелген аккредитив
- аккредитив почтовый** - пошта аккредитиві
- аккредитив предварительный** - алдын ала төленетін аккредитив
- аккредитив разовый** - бір жолғы аккредитив
- аккредитив револьверный** - жаңартпалы аккредитив
- аккредитив резервный** - резервтік аккредитив, сақтық аккредитив, сақтаулы аккредитив
- аккредитив с внесенным покрытием** - өтемі төленген аккредитив
- аккредитив с гарантией оплаты** - төлемақысы кепілдікті аккредитив
- аккредитив с задержкой платежа** - төлемі кідіртілетін аккредитив (аккредитивте көрсетілген соманың төленуін сатушы мен сатып алушы арасындағы есеп айырысуда ұзартуға болатын аккредитив)
- аккредитив с красным условием** - қызыл шартты аккредитив (қойма қолхатын табыс еткен бойда банк аккредитив сомасының бір бөлігін төлейтін аккредитив)
- аккредитив с отсрочкой платежа** - төлем мерзімі кейінге қалдырылатын аккредитив
- аккредитив с платежом в долларах** - доллармен төленетін аккредитив
- аккредитив с платежом в фунтах стерлингов** - стерлинг фунтпен төленетін аккредитив
- аккредитив с покрытием** - өтемді аккредитив
- аккредитив, с помощью которого гарантируется выполнение контракта** - келісімшартты орындауға кепілдік берілетін аккредитив
- аккредитив с предъявлением срочной тратты** - мерзімді тратта ұсынылатын аккредитив
- аккредитив с рассрочкой платежа** - төлем мерзімі ұзартылатын аккредитив
- аккредитив сберегательной кассы** - жинақ кассасының аккредитиві

аккредитив телеграфный - телеграфтық аккредитив

аккредитив транзитный - транзиттік аккредитив (*бір елде шығарылып, екінші елде авизоланған және расталған, бірақ үшінші елде төленетін аккредитив*)

аккредитив трансфертабельный - трансферттік аккредитив, аудармалы аккредитив (*жеткізушінің өз еліндегі не шет елдегі үшінші бір тұлғаға ақша алу-ды тапсыруына құқық беретін аккредитив*)

аккредитив учетный - есептік аккредитив (*экспортшы сатып алушыға ұсынған тратталарды банктің есепке алуы түріндегі аккредитив*)

аккредитив чистый - таза аккредитив (*сатушы жөнелтпе құжаттарды табыстамай-ақ төленетін аккредитив*)

аккредитивная грамота - аккредитив грамотасы

аккредитивная оговорка - аккредитивтік ескертпе

аккредитивная форма расчетов - есеп айырысудың аккредитивтік нысаны (*тауарлар мен көрсетілген қызметтер үшін басқа қалаларда қолма-қол ақшасыз есеп айырысу нысаны*)

аккредитивы сберегательных банков - жинақ банктің аккредитивтері

аккредитование - аккредиттеу

аккредитованные чеки - аккредиттелген чектер

аккредитованный вкладчик - аккредиттелген салымшы (*шектеулі жекеше әріптестікке ақша салуға рұқсат етілген әлеуетті инвестор*)

аккредитованный инвестор - тіркелген инвестор

аккредитовать - аккредиттеу (*біреу үшін кредит ашу*)

аккумулятивное кредитных ресурсов - несие ресурстарын шоғырландыру

аккумулятивированные непогашенные затраты - шоғырландырылған өтелмеген шығын

аккумулятивированные списания - шоғырландырылған есептен шығару

аккумулятировать средства - қаражатты шоғырландыру

аккумуляция в одних руках акций на началах доверительной собственности для распоряжения голосами в целях установления контроля над компанией - компанияға бақылау орнату мақсатында дауыстарға өкім жүргізу үшін акцияларды сенімгерлік меншік негізінде бір қолға шоғырландыру

аккумуляция денежных средств - ақшалай қаражатты шоғырландыру

аккумуляция депозитов - депозиттерді шоғырландыру

аккумуляция капитала - капиталды шоғырландыру

аккумуляция средств - қаражатты шоғырландыру (*жаңадан жасалған қосымша құнды капиталға қосу арқылы оны қорландыру*)

акроним - акроним (*қор биржасы ретінде тіркелген корпорация, ал іс жүзінде автоматтандырылған делдалдық қызмет*)

акт вексельного протеста - вексельдік наразылық актісі

акт инвентаризации - түгендеу актісі (*түгендеу комиссиясы белгіленген түрде толтыратын, бухгалтерлік есеп тізімдемелеріндегі материалдық құн-*

дылықтардың, ақшалай қаражаттың, бланкілердің бары-жоғын растайтын акт)

акт инвентаризации наличия денежных средств - ақшалай қаражаттың бары-жоғын түгендеу актісі (*меншік нысанына қарамастан кәсіпорын кассасындағы ақшалай қаражаттың нақты бары-жоғын түгендеу нәтижелерін көрсететін бастапқы құжат*)

акт о биржах ценных бумаг - бағалы қағаздардың биржалары туралы акт (*АҚШ-та бағалы қағаздар нарығындағы қызметті реттейтін заң*)

акт о дерегуляции депозитарных учреждений и денежном контроле - депозитарлық мекемелерді қайта реттеу және ақшаны бақылау туралы акт (*АҚШ-та банк жүйесін қайта реттейтін федералдық заңнама*)

акт о защите потребительских кредитов - тұтынушылық кредитті қорғау туралы акт

акт о передаче несостоятельному должнику своего имущества в пользу кредитора - дәрменсіз борышкердің өз мүлкін несиегердің пайдасына табыстау туралы акт

акт о суброгации - суброгация туралы акт

акт о ценных бумагах - бағалы қағаздар туралы акт

акт о частной кредитной отчетности - жекеше несиелік есептеме туралы акт, жекеше несиелік есеп-қисап туралы акт

акт об изъятии товаров - тауардың алынғаны туралы акт

акт оценки - бағалау актісі

акт платежа - төлем актісі

акт протеста - наразылық актісі (*чектің, нотаның не траттаның ұсынылғаны, бірақ белгіленген мерзімде төленбегені жайында нотариус арқылы расталған мәлімдеме*)

акт протеста векселя - вексельге наразылық актісі

акт равной кредитной возможности - тең несиелік мүмкіндік туралы акт

акт ревизии - тексеріс актісі

акт сверки - салыстыру актісі

акт сверки взаиморасчетов - өзара есеп айырысуды салыстыру актісі

акт учреждения доверительной собственности - сенімгерлік меншік мекемесінің актісі

- алтын** - алтын (*орыстың ежелгі ақша-есеп бірлігі*)
- алфавитная карточка вкладчика** - салымшының әліпбилік карточкасы, салымшының алфавиттік карточкасы
- альпари** - альпари (*бағалы қағаздардың, валютаның, вексельдердің нарықтық бағамының олардың атаулы құнына сай келуі*)
- альтернатива банкротству** - банкроттыққа балама
- альтернативная процентная ставка** - баламалы пайыздық мөлшерлеме
- альтернативная цена** - баламалы баға
- альтернативное (либо-либо) указание брокеру** - делдалға баламалы (екінің бірін) нұсқау
- альтернативное обязательство** - баламалы міндеттеме
- альтернативное предложение** - баламалы ұсыныс
- альтернативные варианты бюджета** - бюджеттің баламалы нұсқалары
- альтернативные инвестиции** - баламалы инвестиция
- альтернативный баланс** - баламалы теңгерім

- альтернативный инвестиционный рынок** - баламалы инвестициялық нарық
- альтернативный источник** - баламалы бастау (көз)
- альтернативный источник ссуд, предоставляемых Международным банком реконструкции и развития развивающимся странам** - Халықаралық жаңғыру және даму банкі дамушы елдерге беретін несие-нің баламалы көзі
- альтернативный приказ** - баламалы бұйрық (*белгілі бір бағалы қағазды лимиттелген баға бойынша сатып алу не сату жөніндегі бұйрық*)
- альтернативный приказ биржевому агенту** - биржалық агентке баламалы бұйрық
- альтернативный приказ клиента брокеру** - тапсырыскердің делдалға баламалы бұйрығы
- альтернативный рынок** - баламалы нарық
- амальгамация банков** - банктердің қосылуы (*бұрынғы екі не бірнеше банктің бәсеке күрес барысында қосылуы*)
- аманат** - аманат (*шарттың кепілдігі ретінде берілетін кепіл*)
- аманко** - аманко, жетіспеушілік, кем шығу, кем есеп (*тапшылық, берешек, жетіспеушілік дегенді білдіретін биржалық термин*)
- Американская арбитражная ассоциация** - Американ төрелік қауымдастығы
- Американская ассоциация инвестиционных банков** - Американ инвестициялық банктер қауымдастығы
- Американская ассоциация ревизоров** - Американ тексерушілер қауымдастығы
- Американская банковская ассоциация** - Американ банк қауымдастығы
- американская депозитарная расписка** - американдық депозитарлық қолхат
- американская продажная цена** - Американың сату бағасы
- Американская фондовая биржа** - Американ қор биржасы
- американская форма сертификата акции** - акция сертификатының американдық нысаны (*Ұлыбритания*)
- американские акции** - американ акциялары (*Лондон қор биржасындағы*)
- американские золотые и серебряные монеты** - Американың алтын және күміс мәнәттері (акшасы) (*қор жинау мақсатындағы сауда объектісі*)
- “американские орлы”** - “американ қырандары” (*Американың алтын, күміс тиындары*)
- американские ценные бумаги** - американ бағалы қағаздары
- Американский институт банкиров** - Американ банк-кирлер институты
- Американский институт банковского дела** - Американың банк ісі институты
- Американский институт дипломированных общественных бухгалтеров** - Американың дипломды қоғамдық бухгалтерлер институты
- американский опцион** - американ опционы (*уағдаласылған мерзім ішінде кез келген сәтте орындалуы мүмкін опцион*)
- американский рынок облигаций** - американ облигациялар нарығы
- американский счет** - американ шоты (*1958 ж. стерлинг фунт қайтымдылығы енгізілгенге дейін АҚШ, Канада және бірқатар латын-американ елдерінің британ валюталық бақылау жүйесінде таңбалануы*)
- американский финансовый капитал** - американ қаржы капиталы
- американское депозитарное свидетельство** - американдан депозитарлық куәлігі
- американское депозитное свидетельство** - американ депозиттік куәлігі
- “американское” правило расчета процентных платежей** - пайыздық төлемдер есебінің “американдық” қағидасы
- “американцы”** - “американдар” (*Лондон қор биржасындағы американ акциялары*)
- “АМКА”** - “АМКА” (*акцияларға әкімшілік жүргізетін дүние жүзіндегі ең танымал фирмалардың бірі*)
- амортизационная закладная** - амортизациялық кепілпұл, өтемпұлдық кепілпұл, тозымпұлдық кепілсалым
- амортизационные отчисления** - амортизациялық аударым, өтемпұл жарнасы, тозымпұл жарнасы (*негізгі құрал-жабдық пен бейматериалдық активтердің бастапқы немесе қалпына келтіру құнын бүкіл пайдаланылу мерзіміндегі есеп беру кезеңі бойынша бухгалтерлік өтеу тәсілі*)
- амортизационные средства** - амортизациялық қаражат, өтемпұл қаражаты, тозымпұл қаражаты
- амортизационный кредит** - амортизациялық кредит, өтемпұл кредиті, тозымпұл кредиті
- амортизационный резерв** - өтелімдік сақтық қор
- амортизационный своп** - өтелімдік своп
- амортизационный срок** - амортизациялық мерзім
- амортизационный фонд** - амортизациялық қор
- амортизация** - амортизация, өтелім, өтемпұл, тозымпұл, тозбақұн (*1. негізгі қордың бірте-бірте тозуына қарай оның құнының өндірілетін өнімнің құнына көшуі; 2. ақшалай қаражаттың мақсатты түрде қорлануы және оның кейіннен тозған негізгі қордың орнын толтыруға жұмсалуды; 3. дүркін-дүркін жарна жинау не міндеттемелерді сатып алу жолымен борышты бірте-бірте өтеу; 4. борышқорлық міндеттемелерді жоғалуы не ұрлануы себепті жарамсыз деп тану*)
- амортизация акции** - акция өтемпұлы (*акция құнын бөліктен төлеу*)
- амортизация бухгалтерская** - бухгалтерлік өтемпұл
- амортизация долга** - борыш өтемпұлы
- амортизация накопленная** - қорланған өтемпұл
- амортизация ссуды** - несие өтемпұлы
- амплитуда колебаний цен в течение рабочего дня** - бағаның жұмыс күні бойына ауытқу шегі

амстель - амстель (*Еуропаның 15 елі банктерінің халықаралық топтасуы*)

Амстердамская межпрофессиональная рыночная система - Амстердамдағы кәсіп аралық нарықтық жүйе (*несие институттары арасында бағалы қағаздармен ірі мәміле жасау үшін*)

амстердамская фондовая биржа - Амстердам қор биржасы

анализ - анализ, талдау, талдам (*банк ісінде: фирманың несиеге қабілеттілігін айқындау мақсатымен оның теңгерімін маманның сыни талдауы*)

анализ акций - акцияларды талдау

анализ баланса - теңгерімді талдау

анализ балансового отчета - теңгерімдік есептемені талдау

анализ безубыточности - залалсыздықты талдау

анализ биржевой - биржалық талдау

анализ бухгалтерского баланса - бухгалтерлік теңгерімді талдау

анализ бухгалтерской отчетности - бухгалтерлік есеп-қисапты талдау

анализ выполнения плана доходов - кіріс жоспарының орындалуын талдау

анализ выполнения плана доходов государственного бюджета - мемлекеттік бюджеттің кіріс жоспарының орындалуын талдау

анализ выполнения приходно-расходной сметы - кіріс-шығыс сметасының орындалуын талдау

анализ движения наличности - қолма-қол ақша қозғалысын талдау

анализ дебиторов по срокам задолженностей - дебиторларды берешек мерзімі бойынша талдау (*клиенттер төлемеген шоттарды ұсынылған күніне қарай жіктеу*)

анализ денежных потоков - ақша ағынын талдау

анализ депозитный - депозитті талдау

анализ заявки на кредит - кредитке өтінімді талдау

анализ имеющих у инвесторов ценных бумаг - инвесторларда бар бағалы қағаздарды талдау

анализ исполнения бюджета - бюджеттің атқарылуын талдау

анализ исполнения кассового плана - кассалық жоспардың орындалуын талдау

анализ исполнения кредитного плана - кредит жоспарының орындалуын талдау

анализ исполнения сметы - сметаның атқарылуын талдау

анализ исполнения сметы расходов бюджетных учреждений - бюджеттегі мекемелердің шығыс сметасының атқарылуын талдау

анализ капиталовложений - күрделі жұмсалымды талдау

анализ кредита до его выдачи - кредитті ол берілгенге дейін талдау

анализ кредиторов по срокам задолженности - несиегерлерді берешек мерзімі бойынша талдау

(*несиегердің төленбеген шоттарын оның шотты ұсынған күніне қарай жіктеу*)

анализ ликвидности - өтімділікті талдау

анализ ликвидности баланса - теңгерімнің өтімділігін талдау

анализ на основе соотношений - арақатынас негізінде талдау (*бухгалтерлік ақпаратты бірқатар көрсеткіштерді салыстыру жолымен талдау*)

анализ, основанный на сравнении сбережений и инвестиций - жинақ ақша мен инвестицияны салыстыруға негізделген талдау

анализ отчета об учетной политике - есеп саясаты туралы есептемені талдау

анализ платежеспособности - төлем төлеуге қабілеттілікті талдау

анализ по базовому году - базалық жыл бойынша талдау

анализ по ценным бумагам - бағалы қағаздар бойынша талдау

анализ потока фондов - қорлар ағынын талдау

анализ прибыльности - пайдалылықты

(*табыстылықты*) талдау

анализ репутации заемщика - қарызгердің беделін талдау

анализ риска неплатежеспособности суверенного государства - егеменді мемлекеттің төлем төлеуге қабілетсіздігі қатерін талдау

анализ рынка ценных бумаг - бағалы қағаздар нарығын талдау

анализ состояния кредита - кредиттің жай-күйін талдау

анализ состояния рынка - нарықтың жай-күйін талдау

анализ структуры рынка - нарықтың құрылымын талдау

анализ счетов - шоттарды талдау

анализ тенденций рынка - нарық үрдісін талдау

анализ финансового плана - қаржы жоспарын талдау

анализ финансового состояния - қаржы жағдайын талдау

анализ финансового состояния государственных торговых объединений, предприятий - мемлекеттік сауда бірлестіктерінің, кәсіпорындарының қаржы жағдайын талдау

анализ финансового состояния заготовительных организаций - дайындау ұйымдарының қаржы жағдайын талдау

анализ финансового состояния объединений, предприятий, организаций - бірлестіктердің, кәсіпорындардың, ұйымдардың қаржы жағдайын талдау

анализ финансового состояния организаций - ұйымдардың қаржы жағдайын талдау

анализ финансового состояния подрядно-строительных организаций - мердігерлік-құрылыс ұйымдарының қаржы жағдайын талдау

анализ финансового состояния предприятий жилищно-коммунального и бытового обслуживания

- населения** - халыққа тұрғын үй-коммуналдық және тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарының қаржы жағдайын талдау
- анализ финансового состояния предприятий связи** - байланыс кәсіпорындарының қаржы жағдайын талдау
- анализ финансового состояния предприятий сельского хозяйства** - ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының қаржы жағдайын талдау
- анализ финансового состояния предприятия** - кәсіпорынның қаржы жағдайын талдау
- анализ финансового состояния производственных объединений и предприятий** - өндірістік бірлестіктер мен кәсіпорындардың қаржы жағдайын талдау
- анализ финансового состояния снабженческо-сбытовых организаций** - жабдықтау-өткізу ұйымдарының қаржы жағдайын талдау
- анализ финансового состояния транспортных предприятий** - көлік кәсіпорындарының қаржы жағдайын талдау
- анализ финансовой устойчивости** - қаржы тұрақтылығын талдау
- анализ финансово-хозяйственной деятельности предприятий** - кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметін талдау
- анализ финансово-хозяйственной деятельности фирмы** - фирманың қаржы-шаруашылық қызметін талдау
- анализ финансовый** - қаржы талдауы, қаржылық талдау
- анализ финансовых аспектов** - қаржы аспектілерін талдау, қаржы бағыттарын талдау (*фирманың қазіргі және келешектегі межелі қызмет бағыттарын қаржыландыру қабілетін анықтау мақсатындағы талдау*)
- анализ финансовых отчетов** - қаржы есептемесін талдау
- анализ финансовых соотношений** - қаржылық ара-салмақты талдау
- анализ фундаментальный** - іргелі талдау (*экономикада: экономиканың беталысын болжау құралы ретіндегі пайыздық нормалар, жалпы ұлттық өнім, инфляция, жұмыссыздық сияқты факторларды зерделеу; инвестициялауда: компаниялар акциялары бағасының болашақтағы қозғалысын болжау үшін олардың теңгерімдік шоттарын, табысы туралы мағлұмдамаларын талдау*)
- анализ цен** - бағаны талдау
- анализ чувствительности конъюнктуры к уровню риска** - нарық жағдаятының қатер (тәуекел) деңгейіне сезімталдығын талдау
- анализировать положение ценных бумаг на основе изменения их курсов на ленте тикера** - бағалы қағаздар бағамының тикер таспасындағы өзгеруі негізінде олардың жағдайына талдау жасау
- анализировать счет** - шотқа талдау жасау
- аналитик** - талдаушы, талдампаз (*банктің немесе брокерлік фирманың қызметкері*)
- аналитик инвестиционный** - инвестициялық талдампаз
- аналитик отдела кредитов банка** - банктің несие бөлімінің талдаушысы
- аналитик по вопросам инвестиций** - инвестиция мәселелері бойынша талдампаз
- аналитик по инвестициям** - инвестициялар бойынша талдампаз
- аналитик по ценным бумагам** - бағалы қағаздар бойынша талдампаз
- аналитик фондовой биржи** - қор биржасының талдаушысы
- аналитическая бухгалтерия** - талдамалы бухгалтерия (*бухгалтерлік ақпаратты басқару мұқтаждары үшін пайдалану, яғни қаржы есептемесін ресімдеу үшін емес, жұмыстарды талдау, жоспарлау, бақылау және оларға түзетулер енгізу үшін дайындап, пайдалану*)
- аналитический бухгалтерский учет** - талдамалы бухгалтерлік есеп
- аналитический журнал учета кредитов** - кредит есебінің талдамалы журналы
- аналитический метод в финансовом планировании** - қаржыны жоспарлаудағы талдамалы әдіс
- аналитический обзор состояния кредита** - несиенің жай-күйіне талдамалы шолу
- аналитический счет депо** - талдамалы депо шот, талдамалы қор шоты
- аналитический учет** - талдамалы есеп
- аналогичная цена** - ұқсас баға
- ангел падший** - азғын періште (*белгілі бір себеппен инвесторларға қолайлы беделінен айрылған табысты облигация*)
- английская валюта** - ағылшын валютасы
- английская валюта в руках лиц, проживающих в пределах стерлинговой зоны** - стерлингтік аймақ шегінде тұратын адамдардың қолындағы ағылшын валютасы
- английская валюта в руках лиц, проживающих за пределами стерлинговой зоны** - стерлингтік аймақтан тысқары тұратын адамдардың қолындағы ағылшын валютасы
- английские золотые монеты** - ағылшын алтын мәнети (ақшасы)
- английский аукцион** - ағылшын аукционы
- Английский банк** - Ағылшын банкі (Англияның орталық банкі)
- англо-американское соглашение между регулирующими органами о гармонизации методов оценки достаточности капиталов банков** - банктер капиталдарының жеткіліктілігін бағалау әдістерін үйлестіру туралы реттеуші органдар арасындағы ағылшын-американ келісімі
- Англо-румынский банк** - Ағылшын-румын банкі
- Англо-югославский банк** - Ағылшын-югослав банкі

анголар - анголар (*Анголаның ақша өлшемі, 100 сентавога тең*)

андерлаинг - андерлаинг (*опциондық шартқа сәйкес сатып алуға және сатуға болатын бағалы қағаздар*)

андеррайтер - андеррайтер, кепілші (*1. бағалы қағаздармен операциялар жасаушы маклер; 2. банк қызметінде және бағалы қағаздар нарығында - жаңадан шығарылған акциялардың, облигациялардың, бағалы қағаздардың белгілі бір бөлігін кейіннен инвесторларға сату үшін сатып алу жолымен орналастыруға міндеттенген кепілгер; 3. сақтандыруда - сақтандыру компаниясы қатердің барлық түрлерін сақтандыруға уәкілеттік берген тұлға*)

андеррайтер активный - белсенді андеррайтер

андеррайтер ведущий - жетекші андеррайтер

андеррайтер главный - бас андеррайтер

андеррайтер, наказуемый по закону - заң бойынша жазаланатын андеррайтер (*тіркелмеген бағалы қағаздарды сатып алып, тіркелу куәлігінсіз көпшілікке сатуға ұсынушы тұлға не корпорация*)

андеррайтер невольный - еріксіз андеррайтер

андеррайтер основной - негізгі андеррайтер

андеррайтинг - андеррайтинг (*1. жаңадан шығарылған бағалы қағаздарды қайта сату мақсатымен сатып алу; 2. сақтандыру мақсатымен қатерді бағалау; 3. сақтандыру шартын жасасу және оның талаптарын орындау; 4. сақтандыру*)

андеррайтинг ценных бумаг - бағалы қағаздар андеррайтингі

анкеты - сауалдамалар (*депозитарийдің есептік тізімдемесі, онда депозитарийлік есепте объектілер деректемелерінің ағымдағы мәні ғана көрсетіледі*)

анна - анна (*Үндістан мен Пәкстандағы ұсақ тиын, 1/16 рупияға тең*)

аннуитет - аннуитет (*жыл сайынғы төлемақы, тұрақты түсім: 1. мерзімді мемлекеттік қарыз түрі, ол бойынша жыл сайын пайыз төленіп тұрады және соманың бір бөлігі өтеледі; 2. алынған қарызды, несиені өтеу, пайыз төлеу есебінен белгілі бір уақыт аралығында төленетін тең шамадағы ақшалай төлем; 3. жеке тұлғаға тиянақты соманы ұдайы, көбінесе өмір бойы алып тұру құқығын беретін келісім, шарт немесе инвестиция*)

аннуитет безвозвратный - қайтарылмайтын аннуитет

аннуитет вечный - мәңгі аннуитет (*ғұмырлық аннуитет*)

аннуитет возвратный - қайтарылатын аннуитет

аннуитет временный - уақытша аннуитет

аннулирование - күшін жою (*1. бұзу, тоқтату, жарамсыз деп тану; 2. сатып алуға не сатуға берілген тапсырысты қайтарып алу; 3. ескі борышты жаңа борышпен ауыстыру*)

аннулирование банком полномочий на оплату чеками - банктің чекпен төлеуге берілген өкілеттіктің күшін жоюы

аннулирование бумажных денег - қағаз ақшаның күшін жою

аннулирование векселя - вексельдің күшін жою

аннулирование доверенности - сенімхаттың күшін жою

аннулирование договора - шарттың күшін жою

аннулирование долга - борыштың күшін жою

аннулирование займов - қарызхаттың күшін жою, қарыздың күшін жою

аннулирование заказов - тапсырыстың күшін жою

аннулирование кредитором сделок должника - несиегердің борышкер мәмілесінің күшін жоюы

аннулирование кроссирования чека - чекті

кростаудың күшін жою

аннулирование сберегательной книжки - жинақ кітапшасының күшін жою

аннулирование сделки - мәміленің күшін жою

аннулирование ссуды - несиенің күшін жою

аннулирование счета - шоттың күшін жою

аннулирование ценной бумаги - бағалы қағаздың күшін жою

аннулированная сделка - күші жойылған мәміле

аннулированный чек - күші жойылған чек

аннулировать - күшін жою

аннулировать аккредитив - аккредитивтің күшін жою

аннулировать банковскую лицензию - банк лицензиясының күшін жою

аннулировать вексель - вексельдің күшін жою

аннулировать долг - борыштың күшін жою

аннулировать заем - қарыздың күшін жою

аннулировать закладную - кепілпұлдың күшін жою

аннулировать контракт - келісімшарттың күшін жою

аннулировать кредит - кредиттің күшін жою

аннулировать обязательство - міндеттеменің күшін жою

аннулировать соглашение - келісімнің күшін жою

аннулировать соглашение об образовании консорциума - консорциум құру туралы келісімнің күшін жою

аннулировать чек - чектің күшін жою

аннуляция - күшін жою (*1. бағалы қағаз жоғалған жағдайда күшін жою; 2. шығарылған акцияның ақысын уақытында төлемеген акционердің құқығын жою; 3. қарсы нұсқау, қайсыбір қаржылық не коммерциялық операцияның күшін жою*)

аномалия - ауытқыма (*нормадан, жалпы заңдылықтан ауытқу, бұрыстық*)

аномальный свитч - ауытқыма көшірім, ауытқыма ауыстырым (*инвестицияны бір бағалы қағаздан екіншісіне нарық жағдаятының ауытқыма өзгеруінен пайда алу үшін көшіру*)

анонимные регулирующие операции - жасырын реттеуші операциялар

анонимный вклад - жасырын салым

анонимный счет - жасырын шот

антидатировать - өткен күнді қою (*құжатты не вексельді өткен күнмен белгілеу*)

антидемпинговые пошлины - демпингіге қарсы баж

антидировать - антидирлеу (*вексельді не соған ұқсас өзге құжатты кейінгі күні беру*)

- антиинфляционная политика** - инфляцияға қарсы саясат
- антиинфляционная программа** - инфляцияға қарсы бағдарлама
- антиципация** - антиципация, мерзімінен бұрын төлеу, мерзімінен бұрын өтеу (*1. болашақтағы ықтимал дамуды болжап білу; 2. құқықты бекітілгенге дейін пайдалану; 3. борышқорлық міндеттеме бойынша ақшаны уағдаласылған мерзімге дейін төлеу; 4. салықты көзделген мерзімнен бұрын өндіріп алу*)
- апостилирование документов** - құжаттарға мөрқалып басу
- апостиль** - арнайы мөрқалып
- апорты** - апорт (*акция үшін төлем ретінде акционерлік қоғамға түсетін мүлік, ол бағаланып, ақшалай капиталдың белгілі бір сомасына теңестіріледі*)
- апликация акций** - акциялардың аппликациясы (*акциялар алуға өтім беру бланкісі*)
- арабская денежная единица** - араб ақша бірлігі (*1974 ж. 12 араб елі валюта қоржынының негізінде жасалған*)
- арабские консорциумные банки** - араб консорциумдық банктері
- арабские фонды и банки развития** - араб даму қорлары мен банктері
- Арабский банк развития** - Араб даму банкі
- Арабский банк экономического развития Африки** - Африканың араб экономикалық дамуы банкі
- Арабский валютный фонд** - Араб валюта қоры (*Араб елдері лигасы институты*)
- Арабский фонд экономического и социального развития** - Араб экономикалық және әлеуметтік даму қоры
- араунт** - араунт (*1. валюталық нарықтағы кассалық мәміле операциясы; 2. валюта бағамының атаулы құнына қатысты шегерім*)
- арбитраж** - 1) арбитраж (*1. экономикалық тұрғыда қолайлы жағдайда мәміле жасасу; 2. баға айырмасынан пайда алу мақсатымен түрлі нарықтарда белгілі бір немесе ұқсас қаржы құралын бір мезгілде сатып алу және сату әрекеті*); 2) төрелік, төрелік сот, әділқазы (*1. коммерциялық және мүліктік дауларды шешетін орган не рәсім; 2. дауларды шешу тәсілі; 3. мемлекеттер арасындағы дауларды бейбіт жолмен шешетін халықаралық орган*)
- арбитраж “в пространстве”** - “кеңістіктегі” арбитраж
- арбитраж “во времени”** - “уақыттағы” арбитраж
- арбитраж базисный** - базистік арбитраж
- арбитраж без покрытия на срок** - мерзімінде өтелмейтін арбитраж
- арбитраж без форвардного покрытия** - форвардпен өтелмейтін арбитраж
- арбитраж биржевой** - биржалық арбитраж
- арбитраж валютный** - валюталық арбитраж (*шет ел валютасын сатып алу-сату*)
- арбитраж временный** - уақыттық арбитраж
- арбитраж двусторонний** - екі жақты арбитраж
- арбитраж дивидендный** - дивидендік арбитраж
- арбитраж дисконтный** - дисконттық арбитраж
- арбитраж курсовой** - бағамдық арбитраж
- арбитраж на внутреннем рынке** - ішкі нарықтағы арбитраж
- арбитраж на поглощение** - жұтылуға арналған арбитраж
- арбитраж на рынке ценных бумаг** - бағалы қағаздар нарығындағы арбитраж
- арбитраж покрытого процента** - өтелген пайыз арбитражы
- арбитраж последнего предложения** - соңғы ұсыныс арбитражы
- арбитраж простой** - жай арбитраж
- арбитраж пространственный** - кеңістіктік арбитраж
- арбитраж процентный** - пайыздық арбитраж (*түрлі валюталар бойынша пайыздық мөлшерлемедегі айырма есебінен пайда алу мақсатымен жасалатын мәміле*)
- арбитраж разностный** - айырмалық арбитраж
- арбитраж рисковый** - тәуекелдік арбитраж
- арбитраж с опционом на покупку** - сатып алуға арналған опционды арбитраж
- арбитраж с покрытием на срок** - мерзімінде өтелетін арбитраж
- арбитраж с риском** - тәуекелді арбитраж
- арбитраж с форвардным покрытием** - форвардпен өтелетін арбитраж
- арбитраж фондовый** - қор арбитражы (*бағамдағы айырма түрінде пайда алу мақсатымен бағалы қағазды бір мезгілде бір нарықтан сатып алып, екінші нарықта сату*)
- арбитражер** - арбитражер (*валютта бағамындағы айырмадан пайда алу мақсатымен тауар, қор, валюта және ақша нарықтарында арбитраждық мәміле жасайтын несие-қаржы мекемелері, ірі корпорациялар, фирмалар*)
- арбитражирование** - арбитраждық жасау (*тауарларды, жылжымайтын мүлікті, ресурстарды бір нарықта біршама төмен бағамен сатып алып, екінші бір нарықта неғұрлым жоғары бағамен қайта сату жолымен пайда табуды көздейтін кәсіпкерлік қызмет*)
- арбитражная комиссия (для разбора споров между участниками рынка ценных бумаг)** - төрелік комиссиясы (*бағалы қағаздар нарығына қатысушылардың арасындағы дауларды талқылау үшін*)
- арбитражная облигация** - арбитраждық облигация
- арбитражная операция** - арбитраждық операция
- арбитражная сделка** - арбитраждық мәміле
- арбитражные валютные операции** - арбитраждық валюталық операциялар, төрелік валюталық операциялар
- арбитражные операции для обеспечения покрытия в иностранной валюте** - шетел валютасымен өтеуді қамтамасыз ету үшін жасалатын арбитраждық операциялар

- арбитражные операции с акциями** - акциялармен жасалатын арбитраждық операциялар
- арбитражные операции с векселями** - вексельдермен жасалатын арбитраждық операциялар
- арбитражные операции с золотом** - алтынмен жасалатын арбитраждық операциялар
- арбитражные операции с опционом** - опционмен жасалатын арбитраждық операциялар
- арбитражные операции с переводными векселями** - аударма вексельдермен жасалатын арбитраждық операциялар
- арбитражные операции с ценными бумагами** - бағалы қағаздармен жасалатын арбитраждық операциялар
- арбитражный рынок** - арбитраждық нарық
- аргентарий** - аргентарий (*ежелгі Римдегі банкир*)
- аргентино** - аргентино (*Аргентинаның ақша өлшемі*)
- аренда актива, частично приобретенного в кредит** - ішінара несиеге сатып алынған активті жалға беру
- аренда активов** - активтерді жалға беру
- аренда кредитная** - кредиттік жалға беру, кредиттік жалгерлік
- аренда финансовая** - қаржылық жалгерлік, қаржы жалгерлігі
- арест вклада** - салымға тыйым салу, салымды тұтқындау (несие мекемесіндегі салым ақшаға билік етуге тыйым салу)
- арест должника при банкротстве** - банкроттық кезінде борышқорды тұтқындау
- арест имущества** - мүлікке тыйым салу, мүлікті тұтқындау (*мүлікті хаттау және оған билік етуге тыйым салу*)
- арест имущества должника** - борышқордың мүлкіне тыйым салу
- арест имущества несостоятельного должника по предписанию** - дәрменсіз борышқордың мүлкіне өкім бойынша тыйым салу
- арест на вклад** - салымға тыйым салу, салымды тұтқындау (*салымшының шотынан ақша беру операцияларын тоқтата тұру*)
- арест счета** - шотты тұтқындау, шотқа тыйым салу (*несие мекемесіндегі шотқа салынған қаражатқа билік етуге тыйым салу*)
- армрестлинг** - армрестлинг (*биржада: сатушының немесе сатып алушының баға белгілеу кезіндегі қатал өктемдігі; “қыл бұрау салу”*)
- арриас** - арриас (*шот бойынша берешек; төлем мерзімін өткізіп алу*)
- асимметричное регулирование внутренних и международных операций банков национальными органами власти** - банктердің ішкі және халықаралық операцияларын ұлттық билік органдарының асимметриялық реттеуі
- асс** - асс (*ежелгі Римнің мыс мәнеті*)
- ассигнат** - ассигнат (*ұлы француз революциясы кезіндегі қағаз ақша*)
- ассигнация** - ассигнация (*Ресейде 1769-1849 жылдары шығарылған қағаз ақша*)
- ассигнация** - қаражаттандыру (*бір тарап екінші тарапқа қайсыбір себеппен белгілі бір ақшалай соманы, бағалы қағаздарды не басқа да құндылықтарды беретін келісімшарт*)
- ассигнование из правительственных фондов** - үкіметтік қорлардан қаржы бөлу
- ассигнование под залог** - кепілзат кепілімен қаражаттандыру
- ассигнования** - қаржы бөлу, қаражаттандыру, бөлінген қаражат (*орталықтандырылған және орталықтандырылмаған көздерден, қаржы ресурстарынан белгілі бір мақсатқа жұмсалатын шығынды өтеу үшін бөлінген ақшалай қаражат*)
- ассигнования бюджетные** - бюджеттен бөлінген қаржы, бюджеттен қаржы бөлу, бюджеттен қаражаттандыру (*бюджеттік қаражатты алушыға немесе оған билік етушіге бюджеттік тізімдеме бойынша көзделген бюджет қаражаты*)
- ассигнования в соответствии с соглашением о покупке ценных бумаг с последующим выкупом по обусловленной цене** - бағалы қағаздарды уағдаласылған бағамен кейіннен сатып алу туралы келісімге сәйкес қаражаттандыру
- ассигнования вотируемые** - дауыс беру жолымен қаржы бөлу (*сайланбалы органның дауыс беруімен қаржы бөлу*)
- ассигнования дополнительные** - қосымша қаржы бөлу
- ассигнования из бюджета** - бюджеттен қаржы бөлу
- ассигнования контрактные** - келісімшарт бойынша қаржы бөлу (*фирмаларға үкімет тарапынан берілген тапсырыс бойынша есеп айырысу*)
- ассигнования на капиталовложения** - күрделі жұмсалымға қаражат бөлу
- ассигнования на капитальное строительство** - күрделі құрылысқа қаржы бөлу
- ассигнования на покрытие чрезвычайных расходов** - төтенше шығысты өтеуге қаражат бөлу
- ассигнования, отпущенные на маркетинг товара или услуг** - тауар немесе қызмет көрсету маркетингіне босатылған қаржы
- ассигнования первоначальные** - бастапқы қаржы бөлу
- ассигнования по бюджету** - бюджет бойынша қаржы бөлу
- ассигнованные средства** - қаражатқа қаржы бөлу
- ассигновать** - қаражат бөлу, қаражаттандыру
- ассигновать денежные средства** - ақшалай қаржыға қаражат бөлу
- ассигновка** - қаражаттандырма, қаражат бөлу (*қатаң белгіленген нысандағы құжат, мемлекеттік және жергілікті бюджеттердің қасалық атқарылуымен айналысатын мекемелер бюджетте қарастырылған қаражатты осы құжаттың негізінде береді*)
- ассимиляция** - ассимиляция (*1. бір халықтың екінші халыққа сіңісіп кетушілігі; 2. жаңа бағалы қағаздар*)

- андеррайтинг барысында толық сатылып біткеннен кейін инвесторлардың оларды сатып алуы)*
- ассоциация акционеров** - акционерлер қауымдастығы
- Ассоциация американских банкиров** - Американ банкирлерінің қауымдастығы
- ассоциация банков** - банктер қауымдастығы
- ассоциация банковская** - банк қауымдастығы
- ассоциация банковских карточек** - банк карточкалары қауымдастығы
- ассоциация банков-членов расчетной палаты** - Есеп айырысу палатасына мүше-банктер қауымдастығы
- Ассоциация британских банкиров** - Британ банкирлерінің қауымдастығы
- Ассоциация британских заморских банкиров** - Теңіздің арғы жағындағы британ банкирлерінің қауымдастығы
- Ассоциация британских торговых палат** - Британ сауда палаталары қауымдастығы
- Ассоциация британских факторинговых компаний** - Британ факторингтік компаниялары қауымдастығы
- Ассоциация британских экспортных домов** - Британ экспорттық үйлері қауымдастығы
- Ассоциация брокеров и дилеров по фьючерсным операциям** - Фьючерстік операциялар жөніндегі брокерлер мен дилерлер қауымдастығы (*Ұлыбритания*)
- Ассоциация брокерских фирм фондовой биржи** - Қор биржасы брокерлік фирмаларының қауымдастығы (*АҚШ*)
- Ассоциация ведущих участников рынка правительственных облигаций** - Үкіметтік облигациялар нарығына жетекші қатысушылар қауымдастығы (*Ұлыбритания*)
- Ассоциация, гарантирующая студенческие кредиты, обращающиеся на вторичном рынке** - Қайталама нарықтағы айналысқа түскен студенттік несиеге кепілдік беруші қауымдастық (*АҚШ*)
- Ассоциация дилеров по государственным ценным бумагам** - Мемлекеттік бағалы қағаздар жөніндегі дилерлер қауымдастығы (*АҚШ*)
- Ассоциация дилеров по международным облигациям** - Халықаралық облигациялар жөніндегі дилерлер қауымдастығы
- Ассоциация дилеров по первичной продаже правительственных ценных бумаг** - Үкіметтік бағалы қағаздарды бастапқы сату жөніндегі дилерлер қауымдастығы (*АҚШ*)
- Ассоциация дилеров по ценным бумагам** - Бағалы қағаздар жөніндегі дилерлер қауымдастығы (*Жапония*)
- Ассоциация дилеров фондового рынка** - Қор нарығы дилерлерінің қауымдастығы
- ассоциация, занимающаяся ипотечным кредитом** - Ипотекалық несиенен айналысатын қауымдастық
- Ассоциация инвестиционных трастов** - Инвестициялық сенімгерлер қауымдастығы (*Ұлыбритания*)
- Ассоциация индустрии ценных бумаг** - Бағалы қағаздар индустриясы қауымдастығы (*АҚШ, Канада*)
- ассоциация ипотечных банков** - ипотекалық банктер қауымдастығы
- ассоциация компаний фермерского ипотечного кредита** - фермерлік ипотекалық несиені компаниялары қауымдастығы
- Ассоциация кооперативных сберегательных и кредитных институтов европейского экономического сообщества** - Еуропа экономикалық қоғамдастығының кооперативтік жинақ және несиені институттарының қауымдастығы
- Ассоциация кооперативных сберегательных и кредитных учреждений Европейского экономического сообщества** - Еуропа экономикалық қоғамдастығының кооперативтік жинақ және несиені мекемелері қауымдастығы
- ассоциация кредиторов** - несиенігерлер қауымдастығы
- Ассоциация независимых банков** - Тәуелсіз банктер қауымдастығы (*АҚШ*)
- Ассоциация немецких фондовых бирж** - Неміс қор биржалары қауымдастығы
- Ассоциация обществ ипотечного кредита** - Ипотекалық несиені қоғамдары қауымдастығы
- ассоциация паевых трастов** - үлеспұлдық сенім қорлары қауымдастығы
- Ассоциация паевых фондов** - Үлеспұлдық қорлар қауымдастығы (*Ұлыбритания*)
- ассоциация по банковским карточкам** - банк карточкалары жөніндегі қауымдастық
- Ассоциация промышленного кредита** - Өнеркәсіптік кредит қауымдастығы
- Ассоциация промышленных банков** - Өнеркәсіптік банктер қауымдастығы
- Ассоциация развития исламских финансов (АРИФ)** - Ислам қаржысын дамыту қауымдастығы (*ИҚДҚ*)
- ассоциация расчетных палат** - есеп айырысу палаталары қауымдастығы
- Ассоциация региональных валютных бирж (АРВБ)** - Аймақтық валюталық биржалар қауымдастығы
- Ассоциация российских банков** - Ресей банктерінің қауымдастығы
- Ассоциация рынка ценных бумаг** - Бағалы қағаздар нарығы қауымдастығы (*Ұлыбритания*)
- ассоциация систем клиринговых платежей** - клирингтік төлемдер жүйелерінің қауымдастығы
- Ассоциация систем межбанковских расчетов** - Банк аралық есеп айырысу жүйелері қауымдастығы (*Ұлыбритания*)
- ассоциация специального ипотечного кредита** - арнаулы ипотекалық кредит қауымдастығы
- ассоциация ссудно-сберегательная** - кредит-жинақ қауымдастығы
- Ассоциация страхования иностранных кредитов** - Шетелдік несиені сақтандыру қауымдастығы (*АҚШ*)
- Ассоциация страхования муниципальных облигаций** - Муниципалдық облигацияларды сақтандыру қауымдастығы (*АҚШ*)

- ассоциация торговых посредников** - сауда делдалдары қауымдастығы
- Ассоциация федеральных кредитных союзов** - Федералдық несие одақтары қауымдастығы (АҚШ)
- Ассоциация финансистов Казахстана** - Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығы
- Ассоциация финансовых директоров корпораций** - Корпорациялардың қаржы директорлары қауымдастығы (Ұлыбритания)
- ассоциация финансовых домов** - қаржы үйлері қауымдастығы
- Ассоциация финансовых компаний** - Қаржы корпорациялары қауымдастығы (Ұлыбритания)
- ассоциация фирм с общими интересами** - мүдделері ортақ фирмалар қауымдастығы
- Ассоциация фьючерсной торговли** - Фьючерстік сауда қауымдастығы (АҚШ)
- ассоциация ценных бумаг** - бағалы қағаздар қауымдастығы
- Ассоциация швейцарских банкиров** - Швейцария банкирлерінің қауымдастығы
- Ассоциация швейцарских банков** - Швейцария банктері қауымдастығы
- Ассоциация эмиссионных домов** - Эмиссиялық үйлер қауымдастығы (Ұлыбритания)
- ассоциированная компания** - қауымдастырылған компания (*бақылау пакеті емес, акцияларының едәуір бөлігі қайсыбір холдингтік компанияға тиесілі акционерлік қоғам*)
- ассоциированный банк** - қауымдастырылған банк
- ассоциированный член биржи** - биржаның қауымдастырылған мүшесі
- ассоциированный член фондовой биржи** - қор биржасының қауымдастырылған мүшесі (Ұлыбритания)
- Ассоциированные банки европейской корпорации (АБЕКОР)** - Еуропа корпорациясының қауымдастырылған банктері
- ассюре** - ассюре (*чекті, түбіртекті қолдан жасаудан қорғайтын баспаханалық сызық*)
- ат** - ат (*Лаостың ұсақ ақшасы*)
- аттестат банковского аудитора** - банк аудиторының аттестаты
- аттестация в бухгалтерии** - бухгалтериядағы аттестаттау
- аттическая монета** - аттика тиыны, аттика шакасы, аттика мәнети
- аудит** - аудит, тексеру (*кәсіпорындардың, ұйымдардың, фирмалардың, акционерлік компаниялардың қаржышаруашылық қызметіне білікті мамандардың тәуелсіз қызметі жүргізетін қаржы талдауы, бухгалтерлік бақылау, тексеру*)
- аудит банковский** - банк аудиті
- аудит бирж** - биржалар аудиті
- аудит в банках второго уровня** - екінші деңгейдегі банктердегі аудит
- аудит внутрибанковский** - банк ішіндегі аудит
- аудит кредитных организаций** - несие мекемелерінің аудиті
- аудит стоимости денег** - ақша құнының аудиті
- аудит финансовой отчетности** - қаржы есеп-қисабының аудиті (*ұсынылған қаржы есеп-қисабы ақпараттының толықтығы мен сапасын бухгалтерлік есептің мемлекетте қабылданған жалпы қағидаттары мен стандарттары негізінде бухгалтерлік есеп деректеріне сай келуі тұрғысынан тексеру*)
- аудит финансовых отчетов** - қаржы есептемесінің аудиті
- аудитированная финансовая информация** - аудиттелген қаржы ақпараты
- аудитированный отчет** - аудиттелген есептеме
- аудитированный счет** - аудиттелген шот
- аудитор** - аудитор (*түрлі ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметінің жай-күйін тексерілетін ұйым басшылығымен келісімшарт негізінде тексеруші білікті маман, аудиторлық фирма қызметкері*)
- аудитор счетной палаты** - санақ палатасының аудиторы, есеп палатасының аудиторы
- аудитор эмитента** - эмитенттің аудиторы
- аудиторская деятельность (аудит)** - аудиторлық қызмет (аудит)
- аудиторская проверка банковской деятельности** - банк қызметін аудиторлық тексеру
- аудиторская фирма** - аудиторлық фирма
- аудиторский и ревизионный комитет (банка)** - аудиторлық және тексеру комитеті (*банктің*)
- аудиторский комитет** - аудиторлық комитет (*банктің*)
- аудиторский отчет** - аудиторлық есептеме (есеп беру)
- аудиторский финансовый контроль** - аудиторлық қаржы бақылауы
- аудиторское заключение** - аудиторлық қорытынды, аудиторлық тұжырым (*аудиторлардың компанияның не ұйымның есеп-қисабын тексеру туралы қорытындысы*)
- аукцион** - аукцион, бәсеке сауда (*1. тауар құндылықтары мен өзге де құндылықтарды сату нысаны, сатып алушылардың бәсекелесуіне негізделген жария сауда-саттық; 2. дәрменсіз борышқордың мүлкін мәжбүрлеп сату түрі; 3. көлік және қойма кәсіпорындарынан мерзімінде талап етілмеген тауарларды өткізу; 4. жекешелендіру тәсілі*)
- аукцион биржевой** - биржа аукционы (*тауарларды биржада сату*)
- аукцион валютный** - валюта аукционы (*ұлттық валютаға еркін айырбасталатын валюта конкурстық негізде сатылатын көпшілік сауда-саттық*)
- аукцион вексельный** - вексель аукционы
- аукцион, заявки на который подаются в запечатанных конвертах** - мөр басылған конверттерде өтінім берілетін аукцион
- аукцион кредитный** - кредиттік аукцион
- аукцион ломбардный** - ломбардтық аукцион
- аукцион повышательный** - бағасы өсірілмелі аукцион

аукцион пониженный - бағасы төмендетілмелі аукцион

аукцион с повышением стартовой цены - бастапқы баға көтерілетін аукцион

аукцион с понижением стартовой цены - бастапқы баға төмендетілетін аукцион

аукцион ценных бумаг - бағалы қағаздар аукционы

аукционист - аукционшы (аукцион өткізуші)

аукционная стоимость - аукциондық құн

аукционная цена - аукциондық баға

аукционные издержки - аукциондық шығын

аукционный зал - аукциондық зал (құжыра)

аустраль - аустраль (Аргентинаның ақша өлшемі, 100 сентавога тең)

аутентификация - түпнұсқаландыру, сәйкестендіру (1. түпнұсқалығын қуаттау; 2. хабарламаның, деректер көзінің, деректер қабылдағыштың түпнұсқалығын анықтау; 3. “клиент-банк” жүйесінде клиентті банкпен өзара іс-қимылдың бастапқы кезеңінде сәйкестендіру немесе карточкалық төлем жүйесінде операцияларды төлем картасымен сәйкестендіру)

аутрайт - аутрайт (1. мерзімді жай валюталық мәміле; 2. сыйлықақыны немесе дисконтты қамтитын форвардтық валюталық айырбас операциясы; 3. банк аралық мерзімді валюталық мәміле кезіндегі валюталық бағам)

аутрайт форвард - аутрайт форвард (форвардтық бағам бойынша төлем төлеу көзделетін мерзімді жай валюталық мәміле)

аутсорсинг - аутсорсинг (коммерциялық операцияны жүзеге асыруда банк, қаржы деректерін өңдеуге сырттан маман тарту)

аутсорсинговый центр по ведению банковских счетов - банк шоттарын жүргізу жөніндегі аутсорсингілік орталық

афгани - афғани (Ауғанстанның ақша өлшемі, 100 пұлга тең)

афера - алаяқтық (күмәнді мәміле, тауар нарығы мен бағалы қағаздар нарығындағы алаяқтық, жылпос-тық алыс-беріс)

афера валютная - валютамен жасалатын алаяқтық

а-форфэ - а-форфэ (кері талап құқығынсыз векселдерді есепке алу жолымен сауданы қаржыландыру)

Африканский банк развития - Африкан даму банкі

Африканский фонд развития - Африкан даму қоры

аффидевит - аффидевит (ант айтып берілген, бағалы қағаздарды иелену құқығын растайтын өтініш)

аффилиат - аффилиат, қосылма, еншілес, үлестес (акционерлік капиталы банктің иелігінде не бақылауында болатын ұйым, сондай-ақ банк акционерлеріне тиесілі, банк директорлары басқаратын ұйым)

аффилированное лицо инвестиционного фонда - инвестициялық қордың үлестес тұлғасы

аффилированные лица - қосылма тұлғалар, үлестес тұлғалар (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырушы жеке және заңды тұлғалар)

Б

“бабки” - “тиын-тебен” (ақша деген мағынаны білдіретін жаргон сөз)

багажная касса - жолжүк кассасы

багамский доллар - Багам доллары

бадж - бадж (биржада: биржаға мүшелік дәрежесін куәландыратын айырым белгісі)

база - база, негіз, қойма, қор (1. салыстыру үшін негіз ретінде пайдаланылатын нақты экономикалық деректер; 2. өнімді қабылдайтын, сақтайтын, қоймада өңдейтін және көтере сатып алушыларға босататын кәсіпорын; 3. қаржы саласында - орындалу мерзімі басталған, құны белгілі акциялар бойынша табыс; салық салуда - активтердің бастапқы бағасы; бағалы қағаздар аясында - қаржы нарықта-рында операциялар жасалатын сақтандырылған бағалы қағаздардың нақты бағасы мен фьючерстік келісімшарт бағасы арасындағы айырма)

база данных - деректер қоры (талдау және есептеу кезінде пайдаланылатын деректердің, көрсеткіштердің сандық мәндерінің жиынтығы)

база денежная - ақша қоры

база депозитная - депозиттік қор

база информационная - ақпарат қоры

база исчисления дохода - табысты есептеу базасы

база капитальная - күрделі қаржы базасы (банктің меншікті қаражаты акциялары, түрлі сақтық қорлары, бөлінбеген пайдасы)

база карточная - карточкалық қор (қаржы мекемесі шығарған өтелмеген пластикалық карточкалардың жалпы саны)

база клиентская - клиенттер қоры

база контракта - келісімшарт негізі (биржалық келісімшарт бойынша биржада белгіленген бағаға тең бағамен жеткізуге рұқсат етілген тауардың бір не бірнеше сұрыбы)

база кредитования - несиелендіру базасы

база ликвидности - өтімділік қоры

база материально-финансовая - материал-қаржы қоры

база монетарная - ақша базасы, ақша қоры, монетарлық негіз (банктердегі, жеке адамдардың қолындағы ақша мен Орталық банктегі депозит сомасынан құралатын ақша көлемі нышандарының жиынтығы)

база оперативная - оперативтік база

база правовая - құқықтық негіз

база прогнозирования - болжамдау негізі

Базельский комитет - Базель комитеті

Базельский комитет по банковскому надзору - Банк қадағалауы жөніндегі Базель комитеті

Базельский комитет по банковскому регулированию и надзору (Комитет КУКА) - Банк реттеуі және қадағалауы жөніндегі Базель комитеті (КУКА комитеті)

Базельский конкордат - Базель конкордаты (*Еуропа банкерінің арасындағы кооперация негізі*)

базис - базис (*1. база, негіз, тұғыр, іргетас; 2. қолда бар тауар мен тиісті мерзімде жеткізілетін тауар бағасының және нақты тауар бағасы мен биржада белгіленген бағаның арасындағы айырма; 3. белгілі бір бағамен өтеу кезінде облигациядан алынған табыс; 4. капиталдан алынған табыс пен шығынды есептеу кезінде мүліктің бастапқы бағасы ретінде көрсетілген құн; 5. биржалық баға белгіленіміне қондырма немесе одан шегерме*)

базис бухгалтерского учета - бухгалтерлік есеп базисі

базис валютный - валюта базисі, негізгі валюта

базис выручки - түсім базисі

базис монетарный - мәнәттік базис, ақша базисі

базис оценки платежеспособности - төлем төлеу қабілетін бағалау базисі (*жұмыс берушінің белгілі бір мөлшерлемеді жалақы төлеуге қабілеттілігі*)

базис погашения - өтеу базисі (*облигациялар бойынша доллармен төленген пайыздардың өтеу сәтіндегі құнға қатынасы*)

базис при закрытии позиции - жайғасымды жабу кезіндегі базис

базис цены - баға базисі (*бағаны белгілеу кезінде ескерілетін факторлардың жиынтығы*)

базисная валюта - базистік валюта (*1. елде басқа валюталардың бағамын белгілеу үшін негіз қызметін атқараты валюта; 2. валюталық опцион бойынша сатып алынатын немесе сатылатын валюта*)

базисная книга - базистік кітап (*облигация бойынша өтеу мерзімі басталғанға дейінгі кез келген уақытта табысты баламалы доллар бағасына қайта шағып есептеу кезінде қолданылатын математикалық кестелер жиынтығы*)

базисная процентная ставка - базистік пайыздық мөлшерлеме (*тараптар қаржы операциялары бойынша пайыздық мөлшерлемені айқындау үшін бағдар ретінде қабылдаған мөлшерлеме*)

базисная ставка - базистік мөлшерлеме (*коммерциялық банктер кредитке қабілетті компаниялардың өздерінен алатын пайыздық мөлшерлеме*)

базисная ставка для увеличения вкладов - салымды көбейтуге арналған базистік мөлшерлеме

базисная ставка коммерческого кредита - коммерциялық кредиттің базистік мөлшерлемесі

базисная ставка ссудного процента - несие пайызының базистік мөлшерлемесі (*қарыз алушы банк қаржы ресурстарын тарту кезінде пайдаланатын мөлшерлеме*)

базисная текущая цена ценных бумаг - бағалы қағаздардың ағымдағы базистік бағасы

базисная точка - базистік межел, базистік нүкте (*облигация бойынша табысты белгілеуде қолданылатын ең аз өлшем*)

базисная цена - базистік баға (*1. тауардың неғұрлым танымал маркадағы негізгі сұрыбы үшін белгіленген бағасы; 2. халықаралық сауда бағасының индексі анықтау кезінде есеп басталатын негіз, межел; 3. белгілі бір тауардың бағалықтарда, анықтама-лықтарда не шартта оның жасасылған сәтінде көрсетілген бағасы*)

базисная цена ценных бумаг - бағалы қағаздардың базистік бағасы

базисные казначейские обязательства - базистік қазынашылық міндеттемелер

базисные правительственные облигации - үкіметтің базистік облигациясы

базисные статьи платежного баланса - төлем теңгерімінің базистік баптары

базисные убытки - базистік залал (*бағалы қағаздардың нақты жеткізілімімен және хедж ретінде пайдаланылатын биржалық келісімшарттармен байланысты жасалған мәмілені қоса алғанда биржаның барлық операциялары бойынша таза залал*)

базисный - базистік (*тараптар деривативтік келісімшарт талаптары бойынша алмасуға келісетін мән*)

базисный баланс - базистік теңгерім (*ресми сақтық қорлар шоттары қозғалысының теңгерімі*)

базисный взвешенный индекс - базистік өлшемделген индекс

базисный год - базистік жыл (*белгілі бір көрсеткіштің ағымдағы деңгейі салыстырылатын кезең*)

базисный день - базистік күн

базисный индекс цен - базистік баға индексі (*ағымдағы кезең бағасының салыстыру негізі ретінде қабылданған кезеңнің бағасына қатынасы*)

базисный метод - базистік әдіс

базисный платежный баланс - базистік төлем теңгерімі (*ағымдағы төлем теңгерімі мен ұзақ мерзімді капиталдар қозғалысының теңгерімі*)

базисный пункт - базистік пункт, базистік байна (*пайыздың жүзден бірі, облигацияның, вексельдің, басқа да бағалы қағаздардың табыстылығындағы өзгерістерді өлшеу кезінде қолданылатын ең төменгі өлшем бірлігі*)

базисный риск - базистік тәуекел (*мерзімді мәмілелердегі қолма-қол ақшалай баға мен фьючерстік баға арасындағы қолайсыз арақатынас тәуекелі*)

базисный своп - базистік своп (*мөлшерлемесі ауытқымалы бір міндеттеме мөлшерлемесі басқа бір міндеттемеге айырбасталатын пайыздық своп*)

базисный сорт - базистік сұрып (*келісімшартта стандарттық сұрып ретінде қаралатын тауар сұрыпы*)

базисный ссудный процент - базистік несие пайызы

базовая валюта - базалық валюта

базовая рыночная стоимость - базалық нарықтық

- құн (бағалы қағаздар тобының орташа нарықтық бағасы)
- базовая ставка банка** - банктің базалық мөлшерлемесі (банктің беретін несие түрлеріне пайыз есептеу үшін бастапқы шама ретінде белгілейтін жылдық пайыздық мөлшерлемесі)
- базовая ставка процентов** - пайыздардың базалық мөлшерлемесі
- базовая цена** - базалық баға
- базовые активы** - базалық активтер
- базовые компоненты банковского дела** - банк ісінің базалық компоненттері
- базовый год** - базалық жыл
- базовый период** - базалық кезең
- байдаун** - байдаун (қарызгердің бір жолғы аванстық төлемі)
- байз / байза** - байз / байза (Оманның ұсақ ақшасы)
- байт** - байт (ақпарат мөлшерін өлшеу бірлігі)
- “бак”** - “бак” (1 доллар деген мағынаны білдіретін жаргон сөз)
- баксы** - бакс (доллардың ауызекі сөйлеу тіліндегі атауы)
- баланс** - теңгерім (1. фирманың, компанияның белгілі бір кезеңдегі активтерін, пассивтерін, акционерлік капиталын салыстыру жолымен сипаттайтын көрсеткіштер жүйесі; 2. әлеуетті мүмкіндіктер мен олардың пайдаланылуы арасындағы арақатынас)
- баланс активный** - актив теңгерім
- баланс банка** - банк теңгерімі (тартылған және меншікті қаражаттың жай-күйі, оның көзі, несиеге және басқа операцияға орналастырылуы көрсетілетін бухгалтерлік теңгерім)
- баланс банка на определенную дату** - банктің белгілі бір күнгі теңгерімі
- баланс биржи** - биржа теңгерімі (биржаның активтері мен пассивтерін сипаттайтын құндық көрсеткіштерінің жиынтық ақпары)
- баланс бухгалтерский** - бухгалтерлік теңгерім (кәсіпорынның, фирманың қаржы және шаруашылық жай-күйін сипаттайтын көрсеткіштердің жиынтық ақпарынан құралатын бухгалтерлік есеп құжаты)
- баланс бюджетный** - бюджет теңгерімі
- баланс бюджетных учреждений** - бюджеттік мекемелер теңгерімі (бюджеттік мекемелер қаржысының жай-күйін, оның шығысын, қаражат көздерін сипаттайтын бухгалтерлік теңгерім)
- баланс в учете** - есептегі теңгерім (фирма қаржысының есепті жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйін көрсететін құжат)
- баланс в целом** - жалпы теңгерім (банкте, бухгалтерияда қолданылатын салыстырып тексеру әдісі)
- баланс, выраженный в денежном исчислении** - ақша есебімен тұлғаланған теңгерім
- баланс государственного бюджета** - мемлекеттік бюджет теңгерімі (мемлекеттің ақшалай кірісі мен шығысының арақатынасы)
- баланс данных** - деректер теңгерімі
- баланс движения капитала** - капитал қозғалысының теңгерімі
- баланс движения краткосрочных капиталов** - қысқа мерзімді капиталдар қозғалысының теңгерімі
- баланс движения кредитов** - кредит қозғалысының теңгерімі
- баланс денежных доходов и расходов** - ақшалай кіріс пен шығыс теңгерімі
- баланс денежных поступлений и платежей** - ақшалай түсімдер мен төлемдердің теңгерімі
- баланс денежных средств** - ақшалай қаражат теңгерімі
- баланс депо** - депо теңгерімі, қор теңгерімі (қордың жинақталмалы шоттарының жай-күйі туралы депозитарийдің белгілі бір күнге жасаған есебі)
- баланс доходов и расходов** - кіріс пен шығыс теңгерімі (қаржы теңгерімі, оның бөлімдерінде белгілі бір уақыт ішіндегі кіріс пен шығыстың көздері мен шамасы көрсетіледі және олардың сай келуі немесе теңгерімнің бір бөлігінің екіншісінен асып түсуі анықталады; кәсіпорынның қаржы жоспары)
- баланс инвестиционного банка** - инвестициялық банк теңгерімі
- баланс ипотечного банка** - ипотекалық банк теңгерімі
- баланс исламского банка** - ислам банкі теңгерімі
- баланс исполнение сметы расходов** - шығыс сметасының орындалуы теңгерімі (салыстырылған шоттардың және бухгалтерлік есеп шоттары бойынша айналымдардың негізінде жасалатын теңгерім)
- баланс коммерческого банка** - коммерциялық банк теңгерімі (банк операцияларының белгілі бір күнгі көлемі мен құрылымын ашатын қаржылық есептеме)
- баланс компенсационный** - өтемік теңгерім (қарызгердің банкіде депозит ретінде ұстауға тиіс коммерциялық несие бөлігі)
- баланс кредитовый** - кредиттік теңгерім (клиенттің шотындағы оң қалдық)
- баланс матричный** - матрицалық теңгерім, қалыптмалық теңгерім (ақша ағынын ашып көрсету, теңгерім активтері мен пассивтерін байланыстыру мақсатымен қалыптама түрінде жасалатын теңгерім)
- баланс Международного банка экономического развития** - Халықаралық экономикалық даму банкінің теңгерімі
- баланс Международного инвестиционного банка** - Халықаралық инвестициялық банк теңгерімі
- баланс международной задолженности** - халықаралық берешек теңгерімі
- баланс международных расчетов** - халықаралық есеп айырысу теңгерімі (бір елдің барлық ақшалай талаптары мен міндеттемелерінің, түсімдері мен төлемдерінің басқа елдерге қатысты арасалмағы)
- баланс Национального Банка** - Ұлттық Банк теңгерімі (сырттан тартылған және меншікті қаражаттың жай-күйін, құралу көздерін, несие операциялары мен басқа да операцияларға орналастырылуын көрсететін бухгалтерлік есеп)

- баланс отчетный** - есеп беру теңгерімі, есептемелік теңгерім
- баланс официального финансирования** - ресми қаржыландыру теңгерімі
- баланс официальных расчетов** - ресми есеп айырысу теңгерімі
- баланс платежей** - төлем теңгерімі *(белгілі бір уақыт ішінде елге шетелден түскен валюталық түсімдер мен елдің шетелде төлеген төлемдері арасындағы арасалмақты сипаттайтын жүйе)*
- баланс платежей по клиринговым расчетам** - клирингтік есеп айырысу бойынша төлем теңгерімі *(компаниялардың төлем міндеттемелері немесе өзара талаптары бойынша қолма-қол ақшасыз есеп айырысу теңгерімі)*
- баланс по исполнению бюджета** - бюджеттің атқарылуы теңгерімі *(бюджет қаражатының жұмсалып бағытын, оның белгілі бір күнгі құралу көзін сипаттайтын бухгалтерлік теңгерім)*
- баланс по текущему счету** - ағымдағы шот бойынша теңгерім
- баланс по текущим операциям** - ағымдағы операциялар бойынша теңгерім
- баланс, подведенный министерством финансов** - қаржы министрлігі қорытындылаған теңгерім *(Ұлыбритания)*
- баланс подробный** - егжей-тегжейлі теңгерім
- баланс постоянных пропорций** - тұрақты үйлесімдер теңгерімі *(бағалы қағаздар қоржынын басқару бағдарламасы)*
- баланс предварительный** - алдын ала теңгерім *(кассалық операциялар журналын қоса бухгалтерлік кітаптағы барлық теңгерімдердің ақпары)*
- баланс пробный** - сынамалық теңгерім *(бас бухгалтерлік теңгерім шоттарындағы дебеттік және кредиттік қалдықтар сомасының тепе-теңдігін тексеру үшін пайдаланылатын теңгерім)*
- баланс проверочный** - тексермелік теңгерім
- баланс расчетный** - есеп айырысу теңгерімі, есептесу теңгерімі *(елдің басқа елдерге қатысты ақшалай талаптары мен міндеттемелерінің арақатынасы)*
- баланс сальдовый** - сальдо теңгерімі, қалдық теңгерімі *(бухгалтерлік есеп шоттарының белгілі бір күнгі қалдықтарын көрсететін бухгалтерлік теңгерім)*
- баланс сберегательного банка** - жинақ банктің теңгерімі
- баланс совокупный** - жиынтықты теңгерім
- баланс сопоставительный** - салғастырмалы теңгерім
- баланс сравнительный** - салыстырмалы теңгерім
- баланс счета** - шот теңгерімі *(бухгалтерлік есепте кредиттік өткізбе сомасы мен дебеттік өткізбе сомасының арасындағы айырма)*
- баланс текущий** - ағымдағы теңгерім
- баланс федерального резервного банка** - федералдық сақтық қор банкінің теңгерімі *(АҚШ)*
- баланс финансирования из внешних источников** - сыртқы көздерден қаржыландыру теңгерімі
- баланс финансовый** - қаржы теңгерімі
- баланс финансовых затрат** - қаржы шығынының теңгерімі
- баланс финансовых операций с капиталом** - капиталмен жасалатын қаржы операцияларының теңгерімі *(капиталдың шетелге әкелілуін және шетелден әкелінуін көрсететін шот)*
- баланс финансовых ресурсов** - қаржы ресурстарының теңгерімі *(елдің барлық кірістері мен шығыстарының теңгерімі)*
- баланс чистой ликвидности** - таза өтімділік теңгерімі, таза өтемпаздық теңгерімі
- баланс чистый** - таза теңгерім
- баланс эмиссионный** - эмиссиялық теңгерім
- баланс-брутто** - брутто-теңгерім, жалпы теңгерім
- балансирование** - теңгеру
- балансирование валютное** - валюталық теңгеру, валюталық теңгерім
- балансирование счетов** - шоттарды теңгерімдеу
- балансировать** - теңгерімдеу, безбендеу *(бухгалтерлік есепте: теңгеру, теңгерімді жиынтықтау)*
- балансировать статью расчетов** - есеп айырысу бабын теңгерімдеу
- балансировать счет** - шотты теңгерімдеу
- балансировка** - теңгерме, безбендеу *(бапты нысандық және мазмұндық тұрғыда теңгеру, теңгерімге келтіру)*
- балансирующая статья** - теңгерімдеуші бап
- балансирующие показатели** - теңгерімдеуші көрсеткіштер *(банк жүйесінің пассивінде туындайтын ресурстарға баламалы қаражат: алтын, валюта, борышқорлық талаптар, шаруашылық несие)*
- балансирующий счет** - теңгерімдеуші шот
- балансовая бухгалтерская книга** - бухгалтерлік теңгерім кітабы
- балансовая ведомость** - теңгерімдік тізімдеме
- балансовая выписка** - теңгерімдік көшірме *(металл және қағаз ақшалардың күн сайын жасалатын тізбесі)*
- балансовая облигация** - теңгерімдік облигация
- балансовая оценка акции** - акцияны теңгерімдік бағалау
- балансовая стоимость актива** - активтің теңгерімдік құны *(активтің бухгалтерлік есеп деректері бойынша құны)*
- балансовая стоимость активов ценных бумаг** - бағалы қағаздар активтерінің теңгерімдік құны
- балансовая стоимость акций** - акциялардың теңгерімдік құны *(акциялардың заңды тұлға теңгерімінде көрсетілетін құны)*
- балансовая стоимость компании на обыкновенную акцию** - компанияның жай акциясының теңгерімдік құны
- балансовая стоимость ценной бумаги** - бағалы қағаздың теңгерімдік құны
- балансовое финансирование** - теңгерімдік қаржыландыру *(ішкі және сыртқы қаржыландыру көздері)*

- есебінен қосымша ақшалай қаражатты шоғырландыру)*
- балансовые показатели** - теңгерімдік көрсеткіштер
- балансовые соотношения** - теңгерімдік арасалмақ, теңгерімдік арақатынас
- балансовые статьи бухгалтерского баланса** - бухгалтерлік теңгерімнің теңгерімдік баптары
- балансовые счета** - теңгерімдік шоттар (*бухгалтерлік есеп шоттары, ондағы көрсеткіштер бухгалтерлік теңгерімде көрсетіледі*)
- балансовые убытки** - теңгерімдік залал
- валютный курс** - теңгерімдік валюталық бағам
- дебет** - теңгерімдік дебет
- капитал** - теңгерімдік капитал
- контроль** - теңгерімдік бақылау
- кредит** - теңгерімдік кредит
- коэффициент** - теңгерімдік коэффициент
- отчет** - теңгерімдік есептеме (есеп беру)
- отчет в виде счета** - шот түріндегі теңгерімдік есептеме (есеп беру)
- риск** - теңгерімдік тәуекел (қатер)
- сертификат** - теңгерімдік сертификат
- счет** - теңгерімдік шот (*шоттағы нақты ақшалай қаражат*)
- счет депо** - теңгерімдік депо шот, теңгерімдік қор шоты (*қордың тіркеу шоттарында есептелетін бағалы қағаздар қордың теңгерімін нақты иеленушілері немесе сақталатын орны бойынша бөліп көрсетпей, енгізуге арналған жинақтамалы депо шот*)
- трансферт** - теңгерімдік трансферт (*өзінің атаулы бағалы қағазға меншік құқығын аты көрсетілмей берілетін тұлғаға табыстау туралы осы бағалы қағаз иесі қол қойған құжат*)
- группа** - балкондық топ, балкон тобы (*міндеттемелері бағалы қағазды орналастыруға кепілдік берушілердікінен аз, бірақ екінші дәрежедегі андеррайтерлердікінен көп андеррайтерлер тобы*)
- баллон** - баллон (*несие бөліктеп емес, толық сомамен бір мерзімде қайтарылуда тиіс дегенді білдіретін термин*)
- процент** - баллондық пайыз (*облигациялар бойынша ең жоғары купондық деңгей*)
- баллотирование** - дауысқа салу
- баллотировка** - дауысқа салу (*биржада мәселені ашық не жасырын дауыс беру жолымен шешу*)
- Балтийская международная биржа фрахтовых фьючерсов** - кіре (тасымал) фьючерстерінің халықаралық Балтық биржасы
- Балтийская товарная и фрахтовая биржа** - Балтық тауар және кіре (тасымал) биржасы (*Лондон*)
- бальбоа** - бальбоа (*Панаманың ақша бірлігі*)
- бан** - бан (*Румынияның ұсақ ақшасы*)
- бандероль** - бандероль (*1. акциз не баж төленгенін білдіретін тауар құлақшасы; 2. банкте қағаз ақшаны буып-түю үшін қолданылатын тығыз ақ қағаз таспа; 3. пошта жөнелтімі*)
- банк** - банк (*уақытша бос ақшалай қаражатты шоғырландырып, кәсіпорындарға, жеке адамдарға несие, қарыз түрінде беретін, елдегі ақша айналысын реттейтін қаржы-несие мекемесі*)
- авизующий** - авизолаушы банк (*экспортшы-елде әрекет ететін, шетел банкі үшін аккредитивке қызмет көрсететін, экспортшыға аккредитивтің ашылғанын хабарлайтын банк*)
- автоматизированный** - автоматтандырылған банк
- агентский** - агент банкі (*шетелдік банктің мүддесіне әрекет ететін банк; ірі банктер несие қызметін көрсетуге уәкілеттік берген банк*)
- агропромышленный** - аграрлық-өнеркәсіптік банк
- акцептный** - акцептілік банк (*аударма вексель кепілдігімен ақшалай несие беруге мамандандырылған қаржы ұйымы*)
- акцептующий** - акцептеуші банк
- банк, акцепты которого пригодны для перечета в центральном банке** - акцептісі (ризалығы) орталық банкіде қайта есепке алу үшін жарамды банк
- акционерный** - акционерлік банк (*акционерлік компания нысанында құрылған банк*)
- Банк Англии** - Англия банкі (*Ұлыбританияның орталық банкі*)
- ассоциированный** - қауымдастырылған банк
- банков** - банктер банкі (*басқа банктер мен қаржы-несие ұйымдарының қызметін бақылаушы орталық банк*)
- бенефициара** - бенефициар банкі
- бесфилиальный** - филиалсыз банк (*операциясы негізгі банкіде жүргізілетін банк*)
- биржевой** - биржалық банк (*қаржы-несие базасын биржалық мәмілеге тартуға мамандандырылған банк*)
- брокерский** - брокерлік банк (*брокерлік қызметтер көрсететін банк*)
- валютный** - валюталық банк
- ведущий** - жетекші банк
- в ведущем финансовом центре** - жетекші қаржы орталығындағы банк
- ведущий регистр ценных бумаг корпорации** - корпорацияның бағалы қағаздар тіркелімін жүргізуші банк
- венчурный** - венчурлік банк, тәуекелшіл банк (*тәуекелдік жобаларды, мыс., нәтижесі белгісіз не тым ұзақ уақытқа созылатын талдамаларды, несиелендіру үшін құрылатын банк*)
- взаимного кредита** - өзара кредит банкі
- взаимо-сберегательный** - өзара жинақ банкі (*акционерлік, құрылтай капиталы жоқ, салымшылардың өзара бірлестігі шеңберінде әрекет ететін банк*)
- взимающий комиссионные при инкассировании чека** - чекті инкассолау кезінде комиссиялық алым өндіріп алушы банк

банк, включенный в межбанковскую систему расчетов - банк аралық есеп айырысу жүйесіне қосылған банк

банк, владельцем которого является негр - негр иеленушісі болып табылатын банк *(АҚШ)*

банк, владеющий контрольным пакетом акций другого банка - басқа банк акцияларының бақылау пакетін иеленуші банк

банк внешнеторговый - сыртқы сауда банкі *(экспортеры несиелендіретін, экспорттық несиені сақтандыратын арнаулы несие институты)*

Банк внешнеэкономической деятельности (Внешэкономбанк) - Сыртқы экономикалық қызмет банкі *(Сыртэкономбанк)*

банк внутренний - ішкі банк

Банк всемирный - Дүниежүзілік банк *(БҰҰ жүйесіндегі үш халықаралық қаржы ұйымынан құралған топ: Халықаралық жаңғыру және даму банкі, Халықаралық даму қауымдастығы, Халықаралық қаржы корпорациясы)*

банк второстепенный - екінші дәрежелі банк

банк, выдающий аккредитивы - аккредитивтер беруші банк

Банк, выплачивающий по поручению и за счет компании проценты и дивиденды - компанияның тапсыруымен және есебінен пайыз бен дивиденд төлеуші банк

банк, выполняющий функции хранения ценных бумаг для взаимного фонда - өзара қор үшін бағалы қағаздарды сақтау атқарымын орындаушы банк

банк, выпускающий кредитные карточки - несие карточкаларын шығарушы банк

банк, выступающий главным гарантом при размещении выпуска ценных бумаг - бағалы қағаздар шығарылымын орналастыру кезінде басты кепілгер болушы банк

банк, гарантирующий оплату векселя путем нанесения надписи об авале - аваль туралы жазба жазу жолымен вексельдің төлемақысын төлеуге кепілдік беруші банк

банк головной - бас банк

банк городской - қалалық банк

банк государственственный - мемлекеттік банк *(мемлекет меншігіндегі және мемлекеттік органдар басқаратын банк)*

Банк Греции - Грекия банкі

банк данных - деректер жинақтамасы, деректер қоры *(көпшілік пайдалана алатындай жерде шоғырландырылған ақпарат жиынтығы)*

банк дебитора - дебитор банкі

банк, действующий по юрисдикции штата - штаттың хүкімі бойынша әрекет етуші банк *(АҚШ)*

банк деловой - іскерлік банк

банк депозитный - депозиттік банк *(халықтан салым қабылдайтын банк)*

банк держателя кредитной карточки - несие карточкасын ұстаушының банкі

Банк для внешней торговли - Сыртқы саудаға арналған банк *(КСРО-да 1988 жылдан 1991 жылға дейін жұмыс істеді)*

Банк для внешнеэкономической деятельности - Сыртқы экономикалық қызметке арналған банк *(КСРО-да жұмыс істеп тұрды)*

Банк для торговли с Россией - Ресеймен саудаға арналған банк *(Лондонда 1932 жылға дейін жұмыс істеп тұрды)*

банк доверительно-сберегательный - сенімгерлік-жинақ банкі *(жинақ ақша және сенімгерлік операцияларды жүргізетін әмбебап банк)*

банк долгосрочного земельного кредита - ұзақ мерзімді жер несиесі банкі

банк долгосрочного кредита для мелких и средних компаний - майда және орташа компанияларға арналған ұзақ мерзімді несие банкі *(Великобритания)*

банк долгосрочного кредитования - ұзақ мерзімдік несиелендіру банкі

банк долгосрочных вложений - ұзақ мерзімді жұмсалым банкі *(күрделі қаржы жұмсалымын несиелендіретін және қаржыландыратын банк)*

банк дочерний - еншілес банк *(ашық немесе жабық тұрпатты, не жауапкершілігі шектеулі қоғам нысанындағы дербес банк ұйымы, мұнда акциялардың (үлесқұлдардың) 100 %-ы немесе көп бөлігі басты халықаралық банкке тиесілі)*

банк драйв-ин - драйв-ин банк *(қызметін көліктен түспей-ақ пайдалануға болатын банк)*

банк жилищного строительства - тұрғын үй құрылысы банкі

банк жилищно-коммунального хозяйства - тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық банкі

банк жиро - жиро банк *(Еуропадағы жирошоттар жүйесі, мұнда бір банкідегі клиенттер бір-бірімен тікелей бухгалтерлік өткізбе жолымен есеп айырыса алады)*

банк, завершающий сделку в которой участвовало несколько банков - бірнеше банк қатысқан мәміле жасасушы банк

банк, завершающий сделку консорциума - консорциум мәмілесін аяқтайтын банк

банк заемщика - қарызгер банкі

банк земельный - жер банкі *(негізінен жерді кепілге алып ұзақ мерзімді несие беретін банк)*

банк, извещающий бенефициара об открытии аккредитива - бенефициарға аккредитивтің ашылғаны туралы хабарлаушы банк

банк, имеющий дело с кредитно-финансовыми институтами, а не с отдельными клиентами - жекелеген клиенттермен емес, несие-қаржы институттарымен істес банк

банк, имеющий счет в другом банке - басқа банкіде шоты бар банк

банк импортера - импортшы банкі *(импортшының ағымдағы валюталық шоты ашылған және соның тапсырмасымен келісімшарт бойынша шеттен әке-*

- лінетін тауарлар үшін есеп айырысатын уәкілетті банк)
- банк импортный** - импорттық банк
- банк инвестиционный** - инвестициялық банк (көбінесе жаңадан негізгі қор құру аясындағы ұзақ мерзімді күрделі қаржы жұмсалымымен байланысты операцияларға мамандандырылған банк)
- банк инициатора** - бастамашы банкі (аударымға ынтагер үшін қаржы агентінің рөлін атқарушы банк)
- банк, инициирующий совместную ссуду нескольких банков** - бірнеше банктің бірлескен несиеіне ынтагерлік білдіруші банк
- банк инкассирующий** - инкассолаушы банк (жолдаушы банктен түскен вексель бойынша қаражатты алатын банк)
- банк, инкассирующий суммы по долговому документу** - борышкерлік құжат бойынша соманы инкассолаушы банк
- банк инновационный** - инновациялық банк, жаңартпалы банк (технологиялық және ұйымдастыру-басқару аясындағы жаңа енгізілді қаржыландырушы және несиелендіруші банк)
- банк иностранный** - шетелдік банк (капиталы ішінара не толық шетел салымшыларының есебінен жасақталатын банк)
- банк ипотечный** - ипотекалық банк (жылжымайтын мүлік кепілдігімен ұзақ мерзімді ақшалай несие беретін, сондай-ақ кепілге салынған жылжымайтын мүлікпен қамсыздандырылған кепілхат шығаратын банк)
- банк исламский** - ислам банкі
- банк исполняющий** - атқарушы банк
- банк, испытывающий затруднения** - қиындыққа ұшырап отырған банк
- Банк Канады** - Канада банкі (Канаданың орталық банкі)
- банк кастодиальный** - кастодиандық банк (клиенттің бағалы қағаздары мен өзге де қаржылық активтерін сақтайтын, сондай-ақ осы бағалы қағаздарды басқаратын банк)
- банк квазигосударственный** - мемлекеттік сыңайлы банк (жеке меншіктегі, бірақ мемлекет бақылайтын банк)
- Банк Китая** - Қытай банкі (Қытайдың орталық банкі)
- банк клиринговый** - клирингілік банк (есеп айырысу палатасына мүше банк)
- банк коммерческий** - коммерциялық банк (өнеркәсіп пен саудаға қысқа мерзімді несие беруге, жеке тұлғаларға түрлі банк қызметін көрсетуге мамандандырылған банк)
- банк коммерческих данных** - коммерциялық деректер қоры
- банк коммунальный** - коммуналдық банк (несие, есеп айырысу, қасалық, т.б. банк операцияларын орындауға, сондай-ақ тұрғын үй және коммуналдық шаруашылықты, денсаулық сақтау мекемелерін, тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарын қаржыландыруға мамандандырылған банк)
- банк консорциальный** - консорциалдық банк (акционерлік тұрпаттағы бірлескен көп ұлтты банк мекемесі)
- банк консорциумный** - консорциумдық банк (бірнеше банк тең үлесте акционерлерлік ететін мамандандырылған банк)
- банк, контролируемый неграми** - негрлер бақылайтын банк (АҚШ)
- банк кооперативный** - кооперативтік банк (тауар өндірушілер несие және басқа банк қызметтері жөніндегі өзара қажеттерін қанағаттандыру үшін үлескерлік негізде құратын мамандандырылған несие-қаржы мекемесі)
- банк, который имеет счет в другом банке** - басқа банкте шоты бар банк (США)
- банк кредитный** - кредиттік банк
- банк кредитора** - несиегер банкі
- банк, кредитующий биржевые сделки** - биржалық мәмілеге несие беруші банк
- банк крупного финансового центра** - ірі қаржы орталығының банкі
- банк межгосударственный** - мемлекет аралық банк
- Банк международных расчетов (БМР)** - Халықаралық есеп айырысу банкі (Базель, Швейцария)
- банк мелиоративный** - мелиоративтік банк
- банк мировой** - әлемдік банк (БҰҰ жанындағы үкімет аралық қаржы ұйымдары жүйесі, оған Халықаралық валюта қорына мүше: Халықаралық жаңғыру және даму банкі, Халықаралық даму қауымдастығы, Халықаралық қаржы корпорациясы кіреді)
- банк многонациональный** - көп ұлттық банк
- банк моделей** - үлгілер қоры, үлгілер жинақтамасы (нарық қайраткерлерінің неғұрлым оңтайлы маркетингілік шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін математикалық үлгілер жинағы)
- банк мошеннический** - алаяқтықпен айналысушы банк
- банк муниципальный** - муниципалдық банк (жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құрылтайшылығымен құрылатын коммерциялық банк)
- банк мутуальный** - мутуалдық банк (жергілікті деңгейдегі кооперативтік несие банкі)
- банк, на который выписан чек** - чек жазылған банк
- банк, наиболее активно оперирующий на денежном рынке** - ақша нарығында неғұрлым белсенді операция жасаушы банк
- банк народный** - халық банкі, халықтық банк
- банк, находящийся в бедственном положении** - мүшкіл халдегі банк
- банк, находящийся в государственной собственности** - мемлекет меншігіндегі банк
- банк, находящийся в денежном центре** - ақша орталығында орналасқан банк
- банк национальный** - ұлттық банк (1. ұлттық капиталға толық не ішінара тиесілі, соның мүддесі үшін

әрекет ететін банк; 2. кейбір елдерде, соның ішінде Қазақстанда орталық банктің атауы)

банк, не входящий в состав расчетной палаты - есеп айырысу палатасының құрамына кірмейтін банк

банк, не зарегистрированный как корпорация - корпорация ретінде тіркелмеген банк

банк, не являющийся членом Федеральной резервной системы США - АҚШ-тың Федералдық сақтық қор жүйесіне мүше болып табылмайтын банк

банк неакционерный - бейакционерлік банк, акционерлік емес банк

банк небанковский - банкке жатпайтын банк

банк независимый - тәуелсіз банк

банк несостоятельный - дәрменсіз банк

Банк новых экономических проектов - Жаңа экономикалық жобалар банкі (*Болгария*)

банк, обрабатывающий документы (напр., чеки) - құжаттарды (*мыс., чектерді*) өңдеуші банк

банк, обслуживающий другие кредитные институты - басқа несие институттарына қызмет көрсетуші банк

банк, обслуживающий клиентов непосредственно в автомобиле - клиенттерге тікелей автомобильде қызмет көрсетуші банк

банк, обслуживающий крупные и средние предприятия - ірі және орта кәсіпорындарға қызмет көрсететін банк

банк, обслуживающий мелкую клиентуру - майда клиенттерге қызмет көрсетуші банк

банк, обслуживающий население и мелкий бизнес - халық пен ұсақ бизнеске қызмет көрсететін банк

банк, обслуживающий открытый у него счет другого банка - өзінде ашылған басқа банктің шотына қызмет көрсетуші банк

банк, обслуживающий средние и крупные предприятия - орта және ірі кәсіпорындарға қызмет көрсетуші банк

банк одной из стран континентальной Европы - құрлықтық Еуропа елдерінің бірінің банкі

банк опекунский - қамқоршылық банк

банк оптовый - көтерме сауда банкі

банк, организованный по плану Морриса - Моррис жоспары бойынша ұйымдастырылған банк (*тұтынушылық несие беру үшін*)

банк основной - негізгі банк

банк, осуществляющий валютные операции - валюта операциясын жүзеге асырушы банк

банк, осуществляющий кредитные операции по экспорту - экспорт бойынша несие операцияларын жүзеге асырушы банк

банк, осуществляющий основные операции за рубежом - негізгі операцияларын шетелде жүзеге асырушы банк

банк, открывающий аккредитив - аккредитив ашушы банк

банк, открывший аккредитив - аккредитив ашқан банк

банк оффшорный - оффшорлық банк

Банк Париба - Париба банкі (*Франция*)

банк первого поколения - бірінші буындағы банк

банк первого уровня - бірінші деңгейдегі банк

банк первоклассный - бірінші сыныпты банк

банк, переводящий средства - қаражат аударушы банк (*чекке, өзге де қаржы құжаттарына ие тұлға оларды төлеуге ұсынатын банк*)

банк, передающий безбумажные проводки в автоматическую расчетную палату - қағазсыз өткізбені автоматты есеп айырысу палатасына табыстаушы банк

банк передвижной - көшпелі банк

банк плательщика - төлемші банкі

банк по кредитованию жилищного строительства - тұрғын үй құрылысын несиелендіру банкі

банк по кредитованию сельского хозяйства - ауыл шаруашылығын несиелендіру банкі

банк по кредитованию сельскохозяйственных кооперативов - ауыл шаруашылық кооперативтерін несиелендіру банкі (*АҚШ*)

банк по обмену валюты - валюта айырбастайтын банк

банк подтверждающий - қуаттаушы банк, растаушы банк

банк, пользующийся солидной репутацией - салиқалы беделге ие банк

банк получателя денег по аккредитиву - аккредитив бойынша ақша алушының банкі

банк получателя средств - қаражат алушы банкі

банк потребительский - тұтынушылар банкі

банк потребительского кредита - тұтынушылар несиесінің банкі, тұтынушылық несие банкі (*халыққа тұтынушылық несие беруге маманданған банк*)

банк почтово-сберегательный - пошталық-жинақ банкі (*ұйымдық жағынан пошта желісімен біріккен жинақ банкі*)

банк почтовый - пошталық банк (*пошта бөлімшелерімен тікелей байланысқан және солар арқылы банк операцияларын жүзеге асыратын несие ұйымы*)

банк правительства - үкімет банкі

банк, практикующий мошенничество - айлакерлік жасауға әдеттенген банк

банк, предоставляющий краткосрочные ссуды на денежном рынке - ақша нарығында қысқа мерзімді несие беруші банк

банк, предъявляющий чек к оплате - төлеуге чек ұсынушы банк

банк, принимающий на хранение ценности - құндылықтарды сақтауға қабылдаушы банк

банк, принимающий на хранение ценные бумаги - бағалы қағаздарды сақтауға қабылдаушы банк

банк проблемный - проблемалы банк (*сенімділігі төмен банк*)

банк провинциальный - провинциялық банк

банк, производящий выплату по аккредитиву - аккредитив бойынша төлемақы төлеуші банк

банк, производящий обмен валюты - валюта айырбасын жүргізетін банк

- банк, производящий прием и оплату документов** - құжаттарды қабылдау және төлеу ісін жүргізетін банк
- банк промышленный (промбанк)** - өнеркәсіп банкі
- банк, процентные ставки которого используются при расчете ставок-ориентиров** - мөлшерлеме-бағдарларды есептеу кезінде пайыздық мөлшерлемелері пайдаланылатын банк
- Банк развития** - Даму банкі *(өнеркәсіпке, ауыл шаруашылығына, құрылысқа және басқа салаларға ұзақ мерзімді несие берумен айналысатын арнаулы мемлекеттік және жартылай мемлекеттік инвестициялық институт)*
- Банк развития Казахстана** - Қазақстанның даму банкі
- банк развития сообщества** - қоғамдастықты дамыту банкі
- банк, размещающий ценные бумаги** - бағалы қағаздарды орналастырушы банк
- банк рамбурсированный** - рамбурсталған банк *(экспортшы банкте корреспонденттік шоты жоқ импортшы банкпен есеп айырысатын корреспондент-банк)*
- банк рамбурсный** - рамбурстық банк
- банк, расположенный в зоне Персидского залива** - Парсы шығанағы аймағында орналасқан банк
- банк, расположенный в центральном резервном городе** - орталық сақтық қор қаласында орналасқан банк
- банк расчетный** - есеп айырысу банкі
- банк реального кредита** - нақты несие банкі
- банк региональный** - аймақтық банк
- банк резервный** - сақтық банкі
- банк референсный** - референстік банк
- банковский референс** - банк референсі *(банктің осы банк тәртібін бұзбаған клиенті туралы ақпарат баяндалған хаты)*
- банк розничный** - бөлшек сауда банкі *(халыққа және шағын бизнеске қызмет көрсететін банк)*
- банк с застрахованными депозитами** - депозитпен сақтандырылған банк
- банк с инвестиционным участием** - инвестиция қатысатын банк
- банк с ограниченными услугами** - қызмет көрсетуі шектеулі банк
- банк с разветвленной системой филиалов** - филиалдар жүйесі тармақталған банк
- банк самообслуживания** - өзіне-өзі қызмет көрсету банкі
- банк сберегательный** - жинақ банкі *(тұрғын халықтың жинақ ақшасы мен уақытша бос ақшалай қаражатын тартумен айналысатын несие мекемесі)*
- банк сельскохозяйственный (сельхозбанк)** - ауыл шаруашылығы банкі
- банк смешанный** - аралас банк *(1. шетел капиталы қатысатын банк; 2. мемлекеттік және жеке капиталдар қатысатын жартылай мемлекеттік банк)*
- банк со смешанным капиталом** - аралас капиталды банк
- банк совместный** - бірлескен банк
- банк сого** - сого банкі *(жебеуші банк)*
- банк, создавший сеть филиалов** - филиалдар желісін құрған банк
- банк, созданный в соответствии с Законом Эджа** - Эдж Заңына сәйкес құрылған банк
- банк, созданный на основе Закона о банках** - Банктер туралы заң негізінде құрылған банк *(Канада)*
- банк, созданный на основе королевского декрета** - Король декреті негізінде құрылған банк *(Ұлыбритания)*
- Банк социального развития** - Әлеуметтік даму банкі
- банк спекулятивный** - алып-сатарлық банк
- банк специализированный** - мамандандырылған банк *(жекелеген операцияларды орындаушы не белгілі бір клиенттерге қызмет көрсетуші банк)*
- банк специализированный** - мамандандырылған банк *(экономиканың белгілі бір аясы мен саласында банк бизнесімен айналысатын несие ұйымы)*
- банк специального назначения** - арнаулы мақсаттағы банк
- банк специальный** - арнаулы банк
- банк среднесрочного кредита** - орта мерзімді кредит банкі
- банк средний** - орташа банк
- банк ссудный** - несие банкі *(жылжымайтын мүлік, тауар, құнды заттар кепілдігімен несиеге ақша беретін банк)*
- банк, ставший банкротом** - банкрот болған банк
- банк, ставший неплатежеспособным** - төлем төлеуге қабілетсіз болған банк
- банк статистический** - статистикалық банк, статистикалық қор *(ақпаратты қазіргі заманғы статистикалық өңдеу әдістемелерінің жиынтығы)*
- банк строительный** - құрылыс банкі
- банк телефонный** - телефондық банк *(клиентке телефон арқылы банк қызметін көрсету)*
- банк торгово-промышленный** - сауда-өнеркәсіп банкі
- банк торговый (торгбанк)** - сауда банкі *(халықаралық сауданы қаржыландыруға мамандандырылған банк)*
- банк транснациональный** - ұлтаралық банк *(кең ақымды шетелдік кәсіпорындар желісі мен қатысу жүйесі бар, мемлекеттің қолдауымен әлемдік нарықтағы валюта және несие операцияларын бақылайтын әмбебап тұрпаттағы ірі несие-қаржы кешені)*
- банк трастовый** - сенімгерлік банк
- банк третьей стороны** - үшінші тарап банкі
- банк трудовых сбережений и кредитования населения** - еңбек жинақ және тұрғын халыққа несие беру банкі
- банк, удовлетворяющий биржевым требованиям** - биржа талаптарын қанағаттандырушы банк
- банк универсальный** - әмбебап банк *(банк операцияларының барлық түрлерін жасайтын несие мекемесі)*

- банк уполномоченный** - уәкілетті банк (*белгілі бір банк операцияларын жүргізуге Ұлттық банкіден рұқсат алған қаржы-несие мекемесі*)
- банк, уполномоченный членами международного кредитного синдиката как гарант интересов синдиката** - синдикат мүдделерінің кепілі ретінде халықаралық несие синдикатының мүшелері уәкілеттік берген банк
- банк, управляющий синдицированной ссудой** - синдикатталған несиені басқарушы банк
- банк, управляющий ценностями инвестиционного фонда** - инвестициялық қор құндылықтарын басқарушы банк
- банк, участвующий в совместной ссуде нескольких банков** - бірнеше банктің бірлескен несиесіне қатысушы банк
- банк учетный** - есеп банкі (*вексельді есепке алып ақша беретін, вексельді дисконттаушы банк*)
- банк федеральный** - федералдық банк
- банк финансирования развития** - дамуды қаржыландыру банкі
- Банк Франкфурт-Бухарест** - Франкфурт-Бухарест банкі
- банк Франции** - Франция банкі (*Францияның орталық банкі*)
- банк центральный** - орталық банк
- банк чартерный** - чартерлік банк (*1. Канадада федералдық реттеуші органдардың талаптарына сәйкес банк қызметін жүзеге асыруға лицензия алған банк; Американың тіркелген банкі; 3. Ұлыбританияда королеваның декреті негізінде құрылған банк*)
- банк частный** - жеке меншік банк, жекеше банк
- банк штата** - штат банкі
- банк штата, не являющийся членом Федеральной резервной системы** - штаттың Федералдық сақтық қор жүйесінің мүшесі болып табылмайтын банкі
- банк штата-член Федеральной резервной системы** - Федералдық сақтық қор жүйесіне мүше-штат банкі (*АҚШ*)
- Банк экономических проектов** - Экономикалық жобалар банкі (*Болгария*)
- банк экономического развития** - экономикалық даму банкі
- банк экспортера** - экспортшы банкі
- банк экспортно-импортный** - экспорттық-импорттық банк (*елдің сыртқы сауда банкі*)
- банк экспортный** - экспорттық банк
- банк эмиссионный** - эмиссиялық банк, ақша шығаратын банк (*1. кең мағынада: қолма-қол ақша және қолма-қол ақшасыз (банкнот) нысанда ақша белгілерін, басқа да төлем құралдарын (аударма вексель не сертификат) айналымға шығарушы банк; 2 тар мағынада: мемлекет айналысқа ақша шығару және оны айналыстан алу құқығын берген банк*)
- банк, являющийся главным организатором и гарантом займа** - қарыздың басты ұйымдастырушысы және кепілгері болып табылатын банк
- банк, являющийся целью приобретения другим банком** - басқа банктің сатып алу мақсатын айналған банк
- Банк Японии** - Жапония банкі (*Жапонияның орталық банкі*)
- банк-агент** - агент-банк (*несие карточкаларының несиене қызмет көрсетуде басқа банктердің агенті міндетін атқарушы банк*)
- банк-агент по трансферту** - трансферт жөніндегі агент-банк
- банк-агент, созданный канадским банком в США** - Канада банкі АҚШ-та құрған агент-банк
- банк-акцептант** - акцептант-банк, ризалық беруші банк (*шот төлеу міндеттемесін мойнына алған банк*)
- банк-андеррайтер** - андеррайтер-банк (*депозит сақтаушы банк*)
- банкаризация** - банкаризация (*елдің банктерін оларда жинақталған ақшалай қаражатты мемлекет меншігінен алу, жекешелендіру үшін тартуға пайдалану*)
- банкассюранс** - банкассюранс (*коммерциялық банктер жүргізетін сақтандыру*)
- банк-аутсайдер** - аутсайдер-банк (*акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды таратуға кепілдік беруші банк*)
- банк-банкрот** - банкрот-банк (*банкротқа ұшыраған, жұтаған дәрменсіз банк*)
- банк-гарант** - кепілгер-банк (*өз клиенті үшін кепілдік беруші банк*)
- банк-денежный центр** - банк-ақша орталығы (*кең ауқымда, әсіресе корпоративтік клиенттер үшін, қызмет көрсетуші кез келген ірі банк*)
- банк-депозитарий** - депозитарий-банк (*бағалы қағаздар нарығында жанама орын алушы банк*)
- банк-депозитарий для хранения ценных бумаг** - бағалы қағаздарды сақтайтын депозитарий-банк
- банк-дилер** - делдал-банк, дилер-банк (*қор биржасына мемлекеттік бағалы қағаздарды сатушы ретінде қатысушы коммерциялық банк*)
- банк-должник** - борышқор-банк (*чек бойынша есептескенде басқа банктерге борышты болып қалған банк*)
- банк-заящик** - қарызгер-банк (*несиегермен несие қатынастарын жасайтын банк*)
- банки взаимно-сберегательные** - өзара қарыз-жинақ банктері
- банки вторичные** - қайталама банктер, қосалқы банктер (*депозиттік қаржы мекемелері: клирингілік, сауда не шетелдік банктердің филиалдары*)
- банки долгосрочных вложений** - ұзақ мерзімді салым банктері
- банки и сберегательные кассы** - банктер мен жинақ кассалары
- банки синдиката, предоставляющего кредит на евронрынке** - еуронарықта несие беруші синдикат банктері
- банки штатов** - штаттар банктері

- банки-корреспонденты** - корреспондент-банктер (бір-бірімен банк аралық депозиттер жүйесі арқылы байланысқан банктер)
- банкинг** - банкинг (банк операциялары, көрсетілетін қызметтер, клиенттерге қаржы қызметін көрсету)
- банк-инкассатор** - инкассатор-банк
- банкир** - банкир, банк иесі (банк операцияларын жүргізуге маманданған менеджер, ақша капиталын меншіктенуші)
- банкир ведущий** - жетекші банкир
- банкир влиятельный** - ықпалды банкир
- банкир инвестиционный** - инвестициялық банкир
- банкир первоклассный** - бірінші сыныпты банкир
- банкир частный** - жекеше банкир
- банкир-золотых дел мастер** - алтын зерлеуші шебер-банкир, ісмер-банкир
- банкир-менеджер** - менеджер-банкир
- банкир-получатель** - алушы-банкир
- банкирская автоматическая клиринговая система** - банкирлердің автоматты клирингілік жүйесі
- банкирская контора** - банкирлер кеңсесі
- банкирская провизия** - банкир ырзығы, банкир нәпақасы, банкирдің мәжбүрлі шығыны (мемлекеттік қарызды орналастыруға қатысқаны үшін банк алатын комиссиялық сыйақы)
- банкирские конторы** - банкир кеңселері
- банкирские фирмы** - банкир фирмалары
- банкирский дом** - банкирлер үйі
- банкирский язык** - банкир тілі (іс бабындағы қағаздардың, іс бабындағы хаттың ресімді стилі)
- банк-исполнитель** - атқарушы-банк
- банк-исполнитель платежа** - төлемді орындаушы-банк
- банк-кастодиан** - кастодиан-банк, сақтаушы банк (компанияның акцияларын жауапкершілікпен сақтау қызметін көрсететін банк)
- банк-консорциум** - консорциум-банк (бірнеше басқа банктің акционерлері тең үлесте қатысатын мамандандырылған банк)
- банк-контрагент** - контрагент-банк (банкпен есеп айырысатын банк)
- банк-корреспондент** - корреспондент-банк (1. корреспонденттік шарт негізінде басқа банктің төлем төлеу және есептесу жөніндегі тапсырмасын арнайы ашылған шот немесе үшінші бір банкідегі шоты арқылы орындаушы банк; 2. басқа банкіге салым салушы банк)
- банк-корреспондент в финансовом центре** - қаржы орталығындағы корреспондент-банк
- банк-корреспондент за границей** - шетелдегі корреспондент-банк
- банк-кредитор** - несиегер-банк
- банк-лидер** - жетекші-банк
- банк-менеджер** - менеджер-банк (басқарушы банк)
- банк-мост** - көпір-банк (банкрот-банктің активтері мен пассивтерін қабылдауға лицензия алған банк)
- банк-не член Федеральной резервной системы США** - АҚШ-тың Федералдық сақтық қор жүйесіне мүше емес банк
- банк-нерезидент** - бейрезидент-банк (шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылып, елден тысқары жерде орналасқан банк не өзге несие ұйымы)
- банкнота** - банкнот (банк билеттері - орталық эмиссиялық банк айналысқа шығаратын ақша белгілері)
- банкнота банка** - банк банкноты
- банкнота банка, не зарегистрированного как корпорация** - корпорация ретінде тіркелмеген банктің банкноты
- банкнота достоинством 1 доллар** - құны 1 долларлық банкнот
- банкнота достоинством 1 фунт стерлингов** - құны 1 стерлинг фунттық банкнот
- банкнота достоинством 5 долларов** - құны 5 долларлық банкнот
- банкнота достоинством 5 фунтов стерлингов** - құны 5 стерлинг фунттық банкнот
- банкнота достоинством 10 долларов** - құны 10 долларлық банкнот
- банкнота достоинством 10 фунтов стерлингов** - құны 10 стерлинг фунттық банкнот
- банкнота достоинством 100 долларов** - құны 100 долларлық банкнот
- банкнота достоинством 1000 долларов** - құны 1000 долларлық банкнот
- банкнота крупного достоинства** - құны ірі банкнот
- банкнота мелкого достоинства** - құны майда банкнот
- банкнота, обеспеченная золотом** - алтынмен қамсыздандырылған банкнот
- банкнота сомнительной подлинности** - түпнұсқалығы күмәнді банкнот
- банкнота столлларовая** - жүз долларлық банкнот
- банкнота фальшивая** - жалған банкнот
- банкнота Федерального резервного банка (США)** - Федералдық сақтық қор банкінің банкноты (АҚШ)
- банкнотная эмиссия** - банкнот эмиссиясы, банкнот шығару
- банкнотное обращение** - банкнот айналысы (орталық банктер шығарған банк билеттерінің айналыс құралдары мен төлем құралдары ретінде жұмыс істеуі)
- банкноты банко** - банко банкноты (банк бағалы қағаздарды сататын және сатып алатын баға не бағам)
- банкноты в европейских валютных единицах** - еуропалық валюта бірлігі түріндегі банкноттар
- банкноты в обращении** - айналыстағы банкноттар
- банкноты, выпускаемые федеральными резервными банками** - Федералдық сақтық қор банкітері шығаратын банкноттар (США)
- банкноты доверительные** - сенімгерлік банкноттар
- банкноты или монеты мелкого достоинства** - құны майда банкноттар немесе мәнеттер (шақалар)
- банкноты крупного достоинства** - құны ірі банкноттар

банкноты многоязычные - көп тілді банкноттар (*екі не бірнеше тілде жазулар жазылған қағаз ақша*)

банкноты, находящиеся в обращении - айналыстағы банкноттар

банкноты национальные - ұлттық банкноттар

банкноты, не имеющие специального обеспечения - арнаулы қамтамасыз етілмеген банкноттар

банкноты неразменные - ұсақталмайтын банкноттар (*алтынға ұсақталмайтын банк билеттері*)

банкноты нового образца - жаңа үлгідегі банкноттар

банкноты платежные - төлем банкноттары

банкноты по купюрам - купюралар бойынша банкноттар

банкноты поддельные - қолдан жасалған банкноттар

банкноты резервные - сақтық қордағы банкноттар

банкноты спекулятивных банков - алып-сатар банктердің банкноттары

банкноты центрального банка - орталық банктің банкноттары

банкноты штатов - штаттардың банкноттары (*1935 жылға дейін; АҚШ*)

банко - банко (*банк бағалы қағаздарды сатып алатын не сататын баға*)

банковская автоматизация - банкті автоматтандыру

банковская автоматизированная система расчетов - банктердің автоматтандырылған есеп айырысу жүйесі (*Лондон*)

банковская акция - банк акциясы

банковская аналитическая таблица - банктің талдамалы кестесі

банковская аналитическая таблица для контроля кредитов - банктердің несиені бақылауға арналған талдамалы кестесі

Банковская ассоциация ЭКЮ - ЭКЮ банк қауымдастығы

банковская бумага - банк қағазы (*банк акцентген не банктің табыстау жазбасы жазылған борышқорлық қағаз*)

банковская выверка счетов - банк шоттарын мұқият тексеру

банковская гарантия - банк кепілдігі

банковская гарантия для торгов - сауда-саттыққа арналған банк кепілдігі

банковская декларация - банк декларациясы, банк мағлұмдамасы

банковская деятельность - банк қызметі (*банктер жүргізетін қызмет: жеке қызмет көрсету, коммерциялық қызметтер көрсету, корпорацияларға қызмет көрсету*)

банковская деятельность между штатами - штаттар арасындағы банк қызметі (*АҚШ*)

банковская деятельность, которой могут заниматься те, кто занимался ею до принятия соответствующего закона - тиісті заң қабылданғанға дейін банк қызметімен айналысқан айналыса алатын банк қызметі

банковская деятельность на основе корреспондентских отношений - корреспонденттік қатынастар негізіндегі банк қызметі

банковская документация - банк құжаттамасы

банковская зона - банк аймағы

банковская интервенция - банк басқыншылығы

банковская интервенция для стабилизации курсов - бағамды тұрақтандыру үшін жасалатын банк басқыншылығы

банковская инфраструктура - банк инфрақұрылымы (*банктердің тіршілік қызметін қамтамасыз ететін, оларға ақпараттық, әдістемелік, ғылыми тұрғыдан, кадрлар жөнінен қызмет көрсететін кәсіпорындар, агенттіктер, байланыс құралдары мен коммуникациялар, білім және ғылым мекемелері*)

банковская карта - банк картасы (*банк клиент есебінен сатуға тиіс есеп айырысу және басқа құжаттарын жасауға арналған құрал*)

банковская карточка - банк карточкасы (*банк беретін несие карточкасы*)

банковская карточка для получения наличности из кассового автомата - кассалық автоматтан қолма-қол ақша алуға арналған банк карточкасы

банковская касса - банк кассасы

банковская книга - банк кітабы

банковская книжка - банк кітапшасы (*банк шот иелеріне беретін жинақ кітапшасы*)

банковская книжка для регистрации вкладов - салымдарды тіркеуге арналған банк кітапшасы

банковская комиссия - банк комиссиясы

банковская компания - банк компаниясы

банковская компьютерная сеть - банктік компьютерлік желі

банковская компьютерная система - банктің компьютерлік желісі

банковская контора с ограниченной самостоятельностью - дербестігі шектеулі банк кеңсесі

банковская корреспонденция - банк корреспонденциясы

банковская кредитная карточка - банктің кредит карточкасы

банковская кредитная линия - банктің кредит желісі (*несие беру міндеттемесі*)

банковская ликвидность - банк өтемпаздығы, банк өтімділігі (*банктің міндеттемелерді мерзімінде өтей алу қабілеті*)

банковская линия - банк желісі (*банк клиентке ашатын несие желісі*)

банковская лицензия - банк лицензиясы

банковская маржа - банк маржасы (*несие бойынша және салым бойынша пайыздық мөлшерлемелер арасындағы айырма*)

банковская мечта - банк арманы (*банк қызметіне қатысты салық және валюта заңнамасы икемді немесе өте ырықты болып келетін экономикалық аймақ, мыс., Швейцария, Люксембург, Панама*)

банковская монета - банк мәнеті, банк шақасы

- банковская надпись** - банк жазбасы
- банковская наличность** - банктің нақты (қолма-қол) ақшасы
- банковская неплатежеспособность** - банктің төлем төлеуге қабілетсіздігі
- банковская нестабильность** - банк тұрақсыздығы
- банковская облигация** - банк облигациясы
- банковская операция за комиссионные** - комиссиялық алым үшін жасалатын банк операциясы
- банковская отчетность** - банк есеп-қисабы, банк есептемесі (*банктің белгілі бір кезеңдегі қызметін сипаттайтын көрсеткіштер жүйесі*)
- банковская паника** - банк дүрлікпесі, банктік үрей (*банкке деген сенімнің жоғалуы, клиенттердің жаппай ақша талап етуі*)
- банковская пластиковая карточка** - банктің пластикалық карточкасы (*банктің клиенттерге беретін және дүкендерден тауарды қолма-қол ақшасыз сатып алу немесе қолма-қол ақша алуы кезінде пайдаланылатын құжат*)
- банковская пластиковая операция** - банктің пластикалық операциясы
- банковская поддержка евроночных программ** - еуроноталық бағдарламаларды банктік қолдау
- банковская позиция** - банк ұстанымы; банк жайғасымы
- банковская практика** - банк практикасы (*1. банк қызметі; 2. банк қызметін реттеуші құқықтық құрылымдар*)
- банковская прибыль** - банк пайдасы
- банковская провизия** - банк ырзығы, банк нәпақасы (*батыс елдерінде банк мемлекеттік қарыздарды орналастыруға қатысқаны үшін алатын комиссиялық сыйақы түрі*)
- банковская процентная ставка** - банктік пайыздық мөлшерлеме, банктің пайыздық мөлшерлемесі
- банковская расчетная книжка** - банктің есеп айырысу кітапшасы
- банковская расчетная палата** - банктердің есеп айырысу палатасы
- банковская реклама** - банктік жарнама, банк жарнамасы
- банковская сберегательная книжка на предъявителя** - банктің ұсынушыға арналған жинақ кітапшасы
- банковская сделка** - банктік мәміле, банк мәмілесі
- банковская система** - банк жүйесі
- банковская система жирочетов** - банктік жиросоттар жүйесі
- банковская система исполнения бюджета** - бюджет атқарылуының банктік жүйесі
- банковская система Казахстана** - Қазақстанның банк жүйесі
- банковская система, обслуживающая частный сектор** - жеке секторға қызмет көрсетуші банк жүйесі
- банковская справка** - банк анықтамасы (*банк клиенттің төлем төлеу қабілетіне қатысты беретін анықтама*)
- банковская среднесрочная облигация** - банктің орта мерзімді облигациясы
- банковская ссуда** - банк несиесі
- банковская ссуда фермера** - фермердің банктік несиесі
- банковская ставка** - банк мөлшерлемесі
- банковская ставка по депозитам** - депозиттер бойынша банк мөлшерлемесі
- банковская статистика** - банк статистикасы
- банковская сфера** - банк аясы (саласы)
- банковская тайна** - банк құпиясы
- банковская терминология** - банк терминологиясы, банк термин жасамы, банк терминдері (атағымдары)
- банковская технология** - банк технологиясы
- банковская установка** - банк нұсқамасы, банк ұстанымы (*банктің моральдық міндеттемесі*)
- банковская учетная ставка** - банктік есеп мөлшерлемесі, банк есебінің мөлшерлемесі
- Банковская федерация Европейского экономического сообщества** - Еуропалық экономикалық қоғамдастықтың банктік федерациясы
- Банковская федерация европейского сообщества** - Еуропа қоғамдастығы банктерінің федерациясы
- банковская фирма** - банк фирмасы
- банковская функция по приему депозитов** - банктің депозиттерді (салымдарды) қабылдау атқарымы
- банковская холдинг-компания** - банктік холдинг-компания, банктердің холдинг-компаниясы, холдингілік банк компаниясы
- банковская цепь** - банк тізбегі
- банковская школа** - банк мектебі (*ақша шығару теориясы*)
- банковские активные операции** - банктің актив операциялары
- банковские активы** - банк активтері
- банковские группировки** - банк топтары, банктік топтар
- банковские дебетования** - банктің дебеттеуі (*барлық дебеттердің жалпы сомасы*)
- банковские депозиты** - банк депозиттері
- банковские должности (кассир, клерк, бухгалтер)** - банктік лауазымдар (*кассир, клерк, бухгалтер*)
- банковские здания** - банк үймереті
- банковские инвестиции** - банк инвестициялары
- банковские инструкции** - банк нұсқаулықтары
- банковские каникулы** - банк демалысы, банк тыныштасамы (*банктің жабық болатын күні*); 1933 ж. бүкіл американ банктері жабылған жеті күн
- банковские книги** - банк кітаптары (*банктегі басқа банктің депозиттері туралы банк есептемесі; жинақ кітапшасы*)
- банковские консультационные услуги** - банк көрсететін кеңес беру қызметтері, банктің кеңес беру қызметтерін көрсетуі
- банковские кредиты под залог недвижимости** - жылжымайтын мүлік кепілімен берілетін банк кредиті
- банковские круги** - банк топтары, банктер

банковские ликвидные средства - банктің өтімді қаражаты

банковские монополии - банк монополиялары (*банк операцияларын жүргізуде үстемдік құрған және соның негізінде қыруар пайда табатын әлемнің аса ірі банктері мен олардың бірлестіктері*)

банковские обмены - банк айырбасы (*есеп айырысу палаталары арқылы инкассоланатын чектер, ноталар, тратталар, вексельдер*)

банковские объединения - банк бірлестіктері

банковские обязательные резервы - банктің міндетті сақтық қорлары (*коммерциялық банктер мен басқа да кредиттік институттардың міндетті сақтық нормаларға сәйкес өздерінің кейбір операцияларын қамтамасыз ету ретінде орталық банкте сақтауға міндетті қаражаты*)

банковские операции - банк операциялары (*банктер мен кредит ұйымдары жүргізетін операциялар: жеке және заңи тұлғалардың ақшалай қаражатын салымға тарту; жеке және заңи тұлғалардың банкте шоттарын ашу және жүргізу; жеке және заңи тұлғалардың, корреспондент банктердің тапсырмалары бойынша есеп айырысу; ақшалай қаражатты, вексельдерді, төлем және есеп айырысу құжаттарын инкассалау, жеке және заңи тұлғаларға кассалық қызмет көрсету; қолма-қол ақша және қолма-қол ақшасыз нысандағы шетелдік валютаны сатып алу-сату; асыл металдарды салымға тарту және орналастыру; банк кепілдіктерін беру*)

банковские операции в отделениях-спутниках - серік-бөлімшелердегі банк операциялары

банковские операции на условиях партнерства - әріптестік (серіктік) шарттарына негізделген банк операциялары

банковские операции по безналичным расчетам - банктің қолма-қол ақшасыз есеп айырысу жөніндегі операциялары

банковские операции по кассовому исполнению государственного бюджета - банктің мемлекеттік бюджеттің атқарылуы жөніндегі операциялары

банковские операции по кредитованию - банктің несиелендіру жөніндегі операциялары

банковские операции по международным валютно-кредитным отношениям - банктің халықаралық валюта-несие қатынастары жөніндегі операциялары

банковские операции по обслуживанию населения - банктің халыққа қызмет көрсету жөніндегі операциялары

банковские операции по почте - пошта арқылы жасалатын банк операциялары

банковские операции по созданию инвестиционного портфеля - инвестициялық қоржын жасау жөніндегі банк операциялары

банковские операции по телефону - телефон арқылы жасалатын банк операциялары

банковские операции по финансированию капитальных вложений - банктің күрделі жұмсалымды қаржыландыру жөніндегі операциялары

банковские операции с драгоценными металлами - банктің асыл металдармен жасайтын операциялары

банковские операции с еуровалютами - еуровалютамен жасалатын банк операциялары

банковские операции с помощью электронных средств - электрондық құралдардың көмегімен жасалатын банк облигациялары

банковские операции с ценными бумагами - банктің бағалы қағаздармен жасайтын операциялары

банковские операции, освобожденные от уплаты НДС - банктің қосылған құн салығын төлеуден босатылған операциялары

банковские операции, осуществляемые за плату - банктің ақыға жасалатын операциялары

банковские оптовые операции - банктің көтерме сауда операциялары

банковские оффшорные зоны - банктің оффшорлық аймақтары (*географиялық және заңи тұрғыда артықшылыққа ие, бейрезиденттермен жүргізетін ішкі ұлттық капиталдар нарығында өзгеше жағдайда банк операцияларын жүргізу үшін пайдаланылатын кеңістік*)

банковские переводы по номиналу - атаулы құны бойынша банк аударымдары (*банктің басқа банкке жазылған чектің атаулы құнын инкассалау үшін ақы алмай толық төлеуі*)

банковские правила - банк ережелері (*несие ұйымдарының қызметін реттейтін, заңнамаға жатпайтын құқықтық нормалар*)

банковские праздники - банк мерекелері

банковские расходы - банк шығысы (*банктің күнделікті пайдалануға, тұтынуға арналған тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге жұмсалатын ақшалай шығыны*)

банковские расчетно-денежные документы - банктің есеп айырысу-ақша құжаттары

банковские регулятивные правила - банктің реттеуші ережелері

банковские резервы для покрытия “плохих” долгов - банктің “жаман” борышты өтеуге арналған сақтық қорлары

банковские резервы для покрытия сомнительных долгов - банктің күмәнді борыштарды жабуға арналған сақтық қорлары

банковские резервы для покрытия сомнительных кредитных требований - банктің күмәнді несие талаптарын өтеуге арналған сақтық қорлары

банковские ресурсы - банк ресурстары (*банктің иелігіндегі және белсенді операцияларды жүзеге асыру үшін пайдаланылатын меншікті және сырттан тартылған қаражаттың жиынтығы*)

банковские референции - банк референциясы (*банктің мөрмен және банк қызметкерінің қолымен расталған құжаттар пакеті*)

биржевик - биржашы (*1. қор биржасының операцияны өз есебінен және өзінің тәуекелдігімен жүргізетін мүшесі; 2. биржадан тыс нарыққа танымал қатысушы; 3. биржадан тыс нарықта сатушының не сатып алушының рөлін белсенді түрде атқарушы фирма*)

- биржевик, выступающий как розничный брокер, но спекулирующий преимущественно за свой счет** - бөлшек сауда брокері ретінде әрекет ететін, бірақ көбінесе өзінің есебінен алып-сатарлық жасайтын биржашы
- биржевик, играющий на повышение** - бағаны көтеруге ойнайтын биржашы
- биржевик, играющий на понижение** - бағаны төмендетуге ойнайтын биржашы
- биржевик, покупающий ценные бумаги в течение дня** - бағалы қағаздарды бір күн ішінде сатып алушы биржашы
- биржевое время** - биржа уақыты
- биржевое законодательство** - биржалық заңнама (*мемлекетте қолданылатын, биржалық қызмет қатынастарын реттейтін құқықтық актілердің жиынтығы*)
- биржевое кольцо** - биржа шеңбері, биржалық шеңбер (*1. биржа мүшелеріне мәміле жасасуға рұқсат етілген орын; 2. биржа үймеретінде биржашылар шеңбер бойымен түрегеліп тұратын немесе отыратын фьючерстік базар; 3. Лондондағы металл биржасында әрбір жеке металмен сауда жүргізілетін бес минуттік кезең; 4. алғашқы биржаларда есеп айырысу келісімінің қарабайыр нысаны*)
- биржевое маклерство** - биржадағы маклерлік (*маклер кәсібі; биржалық мәмілелердегі делдалдық*)
- биржевое размещение** - биржалық (биржада) орналастыру (*биржа арқылы акциялардың ірі топтамасын сату*)
- биржевой аппарат, передающий котировки ценных бумаг** - бағалы қағаздар белгіленімін беретін биржалық аппарат
- биржевой брокер** - биржа делдалы, биржа брокері (*1. биржа мүшесінің - заңи тұлғаның, арада жүрген делдалдың қызметшісі немесе өкілі; 2. тәуелсіз делдал*)
- биржевой брокер, осуществляющий операции за собственный счет** - операцияларды өз есебінен жүзеге асырушы биржа брокері
- биржевой брокер, совершающий операции за собственный счет** - операцияларды өз есебінен жасаушы биржалық брокер
- биржевой бум** - биржа дүрлікпесі, биржа серпілісі (*тауар бағасы мен бағалы қағаз бағамының қысқа мерзімге күрт көтерілуі*)
- биржевой дилер** - биржа дилері (*сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган беретін лицензия негізінде тауар биржасында өзінің қызметін жүзеге асыратын және өзінің мүддесі үшін әрі өзінің есебінен, сондай-ақ клиенттің тапсырмасымен биржадағы тауармен мәміле жасайтын заңи тұлға*)
- биржевой договор** - биржа шарты
- биржевой доход** - биржалық табыс
- биржевой зал** - биржа залы (құжырасы)
- биржевой комитет по допуску ценных бумаг к котировке** - рұқсаттама жөніндегі биржалық комитет
- биржевой консорциум** - биржалық консорциум
- биржевой котировальный комитет** - биржалық баға белгілеу комитеті
- биржевой крах** - биржалық күйреу (*бағалы қағаздар бағамының күрт құлдырауы*)
- биржевой кризис** - биржа дағдарысы (*артық өндіру дағдарысынан не саяси себептерден туындаған қор биржасындағы дағдарыс*)
- биржевой круг** - биржалық топ, биржалық шеңбер (*1. биржада мәміле жасасуға айрықша құқығы бар биржа мүшелерінің шеңбері; 2. залында (құжырасында) биржа мүшелерінің шеңбер түрінде орналасқан орындары*)
- биржевой курс** - биржалық бағам, биржадағы бағам (*биржадағы сауда-саттық нәтижесінде бағалы қағаздардың, акцияның, облигацияның сату бағасы, нарықтық бағасы*)
- биржевой курс акций, равный ее номинальной стоимости** - акциялардың атаулы құнына тең биржалық бағамы
- биржевой курс в момент закрытия биржи** - биржаның жабылу сәтіндегі биржалық бағам
- биржевой курс ценной бумаги** - бағалы қағаздың биржалық бағамы
- биржевой маклер** - биржа маклері, биржа делдалы (*биржаның қызметкерлері құрамына кіретін, секцияларда сауда-саттық жүргізетін, сатушы мен сатып алушы делдалдарының мәміле жасасуға келісімін тіркейтін қызметкері, қызметшісі*)
- биржевой маклер, не способный выполнить свои обязательства** - өз міндеттерін орындауға қабілетсіз биржа маклері
- биржевой маклер, осуществляющий сделки за свой счет** - мәмілелерді өз есебінен жүзеге асыратын биржа делдалы
- биржевой маклериат** - биржа делдалдығы
- биржевой мультипликатор** - биржалық мультипликатор (*акцияның нарықтық бағасының соңғы төленген дивидендке қатынасы*)
- биржевой наблюдательный комитет** - биржалық қадағалау комитеті
- биржевой оборот** - биржа айналымы, биржалық айналым (*белгілі бір кезеңде биржада бағалы қағаздармен не тауарлармен жасалған мәмілелердің көлемі*)
- биржевой посетитель** - биржа келермені (*биржаға мүше емес, бірақ биржа комитетінің шешімімен биржа операцияларына жіберілген заңи немесе жеке тұлға*)
- биржевой посредник** - биржа делдалы (*делдалдық фирма, делдалдық кеңсе, тәуелсіз делдал*)
- биржевой приказ в случае торговли членом биржи за свой счет** - биржа мүшесі өз есебінен сауда жасаған жағдайда берілетін биржалық бұйрық
- биржевой приказ, действующий на один день** - бір күндік биржа бұйрығы
- биржевой приказ о заключении одновременно двух противоположных сделок на равную сумму, но с разными сроками** - бір уақытта тең сомаға қарама-

- қарсы, бірақ түрлі мерзімде мәмілелер жасасу туралы биржалық бұйрық
- биржевой приказ с ценой, которую брокер может изменить по своему усмотрению без принятия какой-либо ответственности** - брокер қандайда бір жауапкершіліксіз өз қалауынша өзгерте алатын бағамен байланысты биржалық бұйрық
- биржевой спекулянт** - биржалық (биржадағы) алып-сатар
- биржевой спекулянт, играющий на повышение, который не может ликвидировать свою позицию из-за отсутствия покупателей** - сатып алушылардың жоқтығы себепті өзінің ұстанымын жоя алмайтын, бағаның көтерілуіне ойнаушы биржалық (биржадағы) алып-сатар
- биржевой спекулятивный предел** - биржадағы алып-сатарлық шек
- биржевой стажер** - биржалық өтілгер
- биржевой торговец** - биржалық саудагер
- биржевой стандартный срок** - биржаның стандарттық мерзімі
- биржевой трейдер** - биржа трейдері (*биржаға мүше ұйымның ресми тіркелген өкілі*)
- биржевые брокеры и другие участники рынка** - биржалық брокерлер және нарыққа басқа да қатысушылар
- биржевые валютные операции** - биржалық валюта операциялары
- “Биржевые ведомости”** - “Биржа тізімдемелері” (*апталық іскерлік газет*)
- биржевые доходы** - биржалық табыс, биржалық кіріс, биржа кірісі
- биржевые жесты** - биржалық ишарат, биржадағы ымдасу (*сатып алу-сатудың түрін, бағасын және көлемін білдіру үшін делдал алақанының және саусақтарының жеке-жеке қойылысы, сондай-ақ иегі мен маңдайының қойылыс қалпы арқылы ымдасатын қимыл, ишарат*)
- биржевые записи приказов** - биржадағы бұйрықтар жазбасы
- биржевые запреты** - биржадағы тыйым
- биржевые нарушения** - биржадағы жолсыздық
- биржевые операции** - биржадағы операциялар, биржадағы алыс-беріс (*тауар және қор биржаларында жүргізілетін алыс-беріс, биржаларда сатып алу-сату мәмілелерін жасасу*)
- биржевые операции с облигациями** - облигациялармен жасалатын биржалық операциялар
- биржевые переговоры** - биржалық келіссөз
- биржевые правила** - биржалық ережелер
- биржевые расходы** - биржалық шығын, биржа шығыны (*биржада тауарлар мен багалы қағаздар сатып алумен байланысты шығын*)
- биржевые сделки с наличной валютой** - биржада қолма-қол валютамен жасалатын мәмілелер
- биржевые спекулянты, проводящие единую политику** - бірыңғай саясат жүргізуші биржалық алып-сатарлар
- биржевые спекуляции** - биржалық алып-сатарлар (*бағамды жоғарылату немесе төмендету мақсатымен*)
- биржевые торги** - биржалық сауда-саттық
- биржи международные** - халықаралық биржалар
- биржи национальные** - ұлттық биржалар
- биржи товаров и ценных бумаг** - тауарлар мен багалы қағаздар биржасы (*багалы қағаздар, опциондар, фьючерстік шарттар сауда-саттыққа шығарылатын ұйымдастырылған ұлттық биржалар*)
- бит** - бит (*ақпараттың мөлшері мен жадтың көлемін өлшеу бірлігі*)
- благородные металлы** - асыл металдар (*зергерлік бұйымдар жасалатын, мәнет шекілетін алтын, күміс, платина лигатуралық балқымасы*)
- благоприятная цена** - қолайлы баға
- благоприятное изменение конъюнктуры на валютном рынке** - валюта нарығындағы жағдаяттың қолайлы өзгеруі
- благоприятный валютный курс** - қолайлы валюталық бағам
- благородные металлы** - асыл металдар (*зергерлік бұйымдар жасалатын, мәнет шекілетін алтын, күміс, платина лигатуралық балқымасы*)
- благотворительная организация** - қайырымдылық ұйым
- благотворительное общество** - қайырымдылық қоғам
- благотворительное учреждение** - қайырымдылық мекеме
- благотворительный фонд** - қайырымдылық қор
- бланк** - бланк (*1. мекеменің, фирманың атауы не белгілі бір нысанда құжат толтыру үшін ішінара мәтін басылған парақ; 2. толтырылмаған құжат үлгісі*)
- бланк вексельный** - вексель бланкі
- бланк денежного перевода** - ақша аударымы бланкі
- бланк для вноса депозита** - депозит жарнасына арналған бланк
- бланк для вклада** - салымға арналған бланк
- бланк для жироперевода** - жиросудармаға арналған бланк
- бланк для перевода денег в системе жироисчетов** - жиросоттар жүйесінде ақша аударуға арналған бланк
- бланк документа** - құжат бланкі
- бланк жирочек** - жирочек бланкі
- бланк заказа** - тапсырыс бланкі
- бланк залогового сертификата** - кепілзат сертификатының бланкі
- бланк заполненный** - толтырылған бланк
- бланк, заполняемый брокером при получении приказа клиента** - клиенттің бұйрығын алған кезде брокер толтыратын бланк
- бланк запроса (запросный)** - сауалдық бланк
- бланк заявки** - өтінім бланкі
- бланк заявки на получение акции** - акция алуға өтінім бланкі
- бланк заявки на получение акций при их публичной эмиссии** - акциялардың жария эмиссиясы кезінде акциялар алуға өтінімі бланкі

- бланк заявки на получение ссуды** - несие алуға өтінім бланкі
- бланк заявки на приобретение акций** - акциялар сатып алуға өтінім бланкі
- бланк заявления** - өтініш бланкі
- бланк извещения об отгрузке товара** - тауардың жөнелтілгені туралы хабарлама бланкі
- бланк инкассового поручения** - инкассолық тапсырма бланкі
- бланк инкассового поручения по документарной тратте** - құжаттамалық тратта бойынша инкассолық бланк
- бланк ипотечного свидетельства** - ипотекалық куәлік бланкі
- бланк квитанции** - түбіртек бланкі
- бланк контракта** - келісімшарт бланкі
- бланк незаполненный** - толтырылмаған бланк
- бланк перевода** - аударым бланкі
- бланк передачи акций** - акциялар беру бланкі
- бланк платежного поручения** - төлем тапсырмасы бланкі
- бланк платежных документов** - төлем құжаттары бланкі
- бланк подписки (подписной)** - жазылу бланкі
- бланк подписки на заем** - қарызхатқа жазылыс бланкі
- бланк посылки наложенным платежом** - үстемле төлем жолданымының бланкі
- бланк почтового перевода** - пошта аударымы бланкі
- бланк предварительной регистрации** - алдын ала тіркеу бланкі
- бланк регистрации сделки** - мәмілені тіркеу бланкі
- бланк регистрационный** - тіркеу бланкі
- бланк с образцами подписей** - қолтаңба үлгілері бар бланк
- бланк сертификата** - сертификат бланкі
- бланк стандартный** - стандартты бланк
- бланк строгой отчетности** - қатаң есептеме бланкі (арнаулы есепке алынатын бланкілер, құжаттар түрі)
- бланк счета** - шот бланкі
- бланк уведомления о платеже** - төлем туралы хабарлама бланкі
- бланк учетного документа строгой отчетности** - қатаң есепке алынған есеп құжатының бланкі (есепке алынуға тиіс және шаруашылық операцияларды ресімдеу үшін қызметкерлерге есеп беру кепілдігімен берілетін құжаттар бланкі)
- бланк фирменный** - фирмалық бланк (фирманың атауы, мекенжайы, телефоны, кейде фирманың стилін, мақсатын, қозғаушы уәжін бейнелейтін ұраны жазылған логотипі мен фирмалық белгісінің композициясы)
- бланк ценной бумаги** - бағалы қағаз бланкі (заңнамамен белгіленген қағаз нысандары)
- бланк цифровой** - цифрлық бланк
- бланк чека (чековый)** - чек бланкі (баспаханалық тәсілмен дайындалатын чек үлгілері)
- бланк чистый** - таза бланк
- бланк штамповый** - мөрқалыпты бланк
- бланк-ваучер** - бланк-ваучер, бланк-кепілхат (жасалған коммерциялық операция туралы деректері бар бланк, әдетте жеткізушінің шотына тіркеледі)
- бланковая доверенность** - бланкілік сенімхат (сенім жүктелген тұлға көрсетілмей құқық беру туралы құжат)
- бланковая доверенность на предъявителя** - ұсынышыға арналған бланкілік сенімхат
- бланковая запись** - бланкідегі жазба (бағалы қағаздағы табыстама жазба)
- бланковая облигация** - бланкілі облигация (кәсіпорынның активтері қамтамасыз етілген болып табылады)
- бланковая оферта** - бланкілі оферта
- бланковая передаточная надпись** - бланкілі табыстама жазба, бланкілі табыстау жазбасы (құжат берілген тұлға көрсетілмеген вексель)
- бланковая передаточная надпись на векселе** - вексельдегі бланкілік табыстама жазба
- бланковая передача акций** - акцияларды бланкілік табыстау
- бланковая ссуда** - бланкілік несие (қарызгерге кепілдіксіз берілетін несие)
- бланковая тратта** - бланкілі тратта
- бланковая переуступка** - бланкілік шегінім (меншікті табыстау туралы құжатта жаңа иеленушінің есімін жазуға болатын бос орын қалдыру)
- бланковый вексель** - бланк-вексель (бір не бірнеше деректемелері жоқ вексель)
- бланковый** - бланкілік (толтырылмаған, таза, кепілдіксіз, қамтамасыз етілмеген)
- бланковый аккредитив** - бланкілік аккредитив (сомасы көрсетілмеген аккредитив)
- бланковый акцепт** - бланкілі акцепт (ризалық)
- бланковый вексель** - бланкілі вексель
- бланковый документ** - бланкілік құжат
- бланковый индоссамент** - бланкілік индоссамент (көлік жүкқұжатындағы, коносаменттегі, чектегі, траттадағы немесе басқа бір айналым құжатындағы құжат тапсырылған адамның аты көрсетілмей жазылған табыстама жазба)
- бланковый кредит** - бланкілік несие (тауар-материалдық құндылықтармен немесе бағалы қағаздармен қамсыздандырылмай берілетін несие)
- бланковый переводный вексель** - бланкілі аударма вексель
- ближайший месяц** - таяудағы ай (биржада фьючерстік келісімшарт не фьючерстік келісімшартқа опцион жасалатын таяудағы ай)
- близкий субститут денег** - ақшаның жақын субституты
- блок** - блок (1. келісу, бірігу; 2. қолда бар не сатуға түскен ірі сомадағы акциялар не облигациялар; 3. АҚШ-та федералдық жәрдемқаржы түрі)
- блок акций** - акциялар топтамасы, акциялар бүлені
- блок валютный** - валюталық одақ

блок вычислительной машины - есептеу машинасының блогі

блок вычислительный - есептегіш блок

блок долларовой - долларлық одақ

блок золотой - алтын одағы (*алтын стандартын сақтау мақсатымен бірқатар елдердің бірігуі*)

блок стерлинговый - стерлинг одағы

блокада валютная - валюталық шектеме (*елде басқа ел валютасының қолданылуын шектеу*)

блокада золотая - алтын шектемесі (*экономикалық оқшаулау мақсатымен алтынды төлем құралы ретінде қабылдаудан бас тарту*)

блокада кредитная - несие шектемесі (*қайсыбір мемлекеттің, халықаралық валюта-несие ұйымының экономикалық оқшаулау мақсатымен елге не елдер тобына несие беруден бас тартуы*)

блокада финансовая - қаржы шектемесі, қаржылық шектеме

блокейдж - блокейдж (*акцияға сұраным төмен болғанда: қомақты топтамамен өткізу кезінде сату бағасынан шегеру*)

блокирование - оқшаулау, шектеу (*қоршауға алу; жолға тосқауыл қою, қозғалысқа кедергі жасау, сақтандыру операцияларының жүзеге асырылуына бөгет жасау әрекеттері*)

блокирование валюты - валютаны оқшаулау (*мемлекеттік билік органдарының банктерде шетел валютасын пайдалануға тыйым салуы не шек қоюы*)

блокирование информации - ақпаратты оқшаулау

блокирование кредитов - кредитті оқшаулау

блокирование титулей - төлемдер шектемесі

блокирование счетов - шоттарды оқшаулау, шотқа шек қою (*мемлекеттік билік органдарының банк шоттары иелерін шоттағы қаражатты еркін билеу құқығынан айыруы*)

блокированная валюта - шектемелі валюта (*бір елдің ішінде ғана үкіметтің бақылауымен айналыста жүретін валюта*)

блокированная сделка - шектемеленген мәміле

блокированная чеканка - шектемелі ақша шеку

блокированные активы - шектемеленген активтер

блокированные счета в фунтах стерлингов - стерлинг фунт түріндегі шектемеленген шоттар

блокированные титулы - шектемелі титулдар (*фирма қызметкерлеріне тарту етілген не сыйақы ретінде берілген акциялар*)

блокированные ценные бумаги - шектемеленген бағалы қағаздар

блокированный банковский счет - оқшауландырылған банк шоты

блокированный счет - шектелген шот, оқшауландырылған шот

блокировать кредиты - несиені шектемелеу

блокировать счет - шотты шектемелеу

блокировка - құрсаулау, шектемелеу

блокировка кредита - кредитті оқшаулау

блокирующая доля - шектемелейтін үлес

блокирующее меньшинство - шектемелейтін азшылық

блокирующий пакет акций - акциялардың оқшауландырылған пакеті

блокнот с записями приказов - бұйрықтар жазылған блокнот

блоттер - блоттер (*қор биржасында мәміленің күнделікті тізілімі*)

блоуаут - блоуаут (*жаңадан шығарылған бағалы қағаздар акцияларының түгел тез сатылып кетуі*)

блочный позиционер - блоктық позиционер, блоктық айқындаушы (*бағалы қағаздар топтамасын сатушыға қызмет көрсету үшін бағалы қағаздарда белгілі бір айқындаушы рөл атқарушы дилер*)

блуждающие капиталы - кезбе капитал

блю чип - блю чип (*пайдасы тұрақты өсу үстіндегі ұлттық компанияның жай акциялары*)

блю чипс - блю чипс (*"көгілдір түбіртектер", тұрақты дивиденд төлеп тұратын сенімді ірі компаниялардың акциялары*)

богатство - байлық (*нарықтық бағасы бар, ақшаға сатуға немесе өзге игілікке айыртауға болатын нәрселердің бәрі*)

богатство в денежной форме - ақшалай нысандағы байлық

богатство, воплощенное в материальных и денежных активах - материалдық және ақшалай активтерде көрініс тапқан байлық

бодмерейный вексель - бодмерейлік вексель (*кеме, жүк кепілдігімен берілетін вексель*)

бодмерейный заем - бодмерейлік қарыз

бодмерея - бодмерея (*кеме, жүк, тасымал кепілдігімен алынатын қарыз*)

бокс - бокс (*1. жинақ мекемелерінде сақталатын бағалы қағаздар не басқа да құжаттар орналастырылған орын; 2. андеррайтердің жұмыс орны*)

болгарский лев - болгар леві (*Болгарияның ақша бірлігі*)

более выгодное предложение - неғұрлым тиімді ұсыныс

более высокий уровень процента по серийным облигациям с отдаленными сроками - мерзімі ұзақ сериялық облигациялар бойынша пайыздың неғұрлым жоғары деңгейі

более крупный платеж в момент истечения срока ссуды - несие мерзімінің аяқталуы сәтіндегі неғұрлым ірі төлем

более низкая цена - неғұрлым төмен баға

более поздним числом - неғұрлым кешірек күнмен

более ранние акции - неғұрлым ертерек акциялар

более узкие пределы колебаний валютного курса по сравнению с обычными - валюта бағамының кәдуілгі бағаммен салыстырғанда ауытқуының неғұрлым тар шегі

болезнь голландская - голланд сырқаты (*жаңа табиғи ресурс көзінің ашылуы нәтижесінде экономиканың индустриясыздандырылуы*)

боливар - боливар (*Венесуэланың ақша өлшемі, 100 сентимога тең*)

боливиано - боливиано (*Боливияның ақша өлшемі, 100 сентавога тең*)

большая бухгалтерская книга - үлкен бухгалтерлік кітап

“Большая пятерка” - “Үлкен бестік” (*1. Лондонның аса ірі клирингтік банктері: Барклейз бэнк, Мидленд бэнк, Ллойдз бэнк, Нэшенл провиншиэл бэнк және Вестминстер бэнк; соңғысы 1968 жылы Нэшенл провиншиэл бэнкпен, Барклейз бэнк Мартинз бэнкпен қосылды; 2. әлемдік жетекші бес валюта: АҚШ доллары, неміс маркасы, ағылшын стерлинг фунты, жапон иенасы, Швейцария франкі*)

большая сумма денег - көп ақша сомасы

“Большая тройка” - “Үлкен үштік” (*Лондондағы ірі үш клирингтік банк: Барклейз бэнк, Мидленд бэнк, Ллойдз бэнк, Нэшенл Вестминстер бэнк; 1968 жылға дейін “Үлкен бестік”*)

“Большая четверка” - “Үлкен төрттік” (*Лондондағы аса ірі клирингтік банктер: Барклейз бэнк, Мидленд бэнк, Ллойдз бэнк, Нэшенл Вестминстер бэнк; 1968 жылға дейін “Үлкен бестік”*)

большие деньги - көп ақша, мол ақша

большое изменение в ценах между двумя сделками по ценной бумаге - бағалы қағаз бойынша екі мәміле арасындағы бағадағы үлкен өзгеріс (*тикердегі жазба*)

большое число - көп сан, үлкен сан (*бағалы қағаз бағасын белгілеуде цифрді ондық таңбаға дейін таңбалау*)

большой банк - үлкен банк (*әлемдік ауқымда ықпал ете алатын аса ірі банк дегенді білдіретін термин*)

большой дисконт - үлкен дисконт

большой отрыв от предыдущего уровня цен - бұрынғы баға деңгейінен үлкен алшақтық

“Бонд байэр” - “Бонд Байэр” (*“Облигацияларды сатып алушы” АҚШ-та күн сайын шығатын газет*)

бондхольдер - бондхольдер (*акцияның не бағалы қағаздың иесі*)

бонистика - бонистика (*қағаз ақша мен бонаны зерделейтін пән*)

бонитет - бонитет, сапа (*төлем төлеу қабілеті; қарызгердің несие өтеу мүмкіндігін бағалау*)

бонусная эмиссия акций - акциялардың бонустық эмиссиясы

боны - бона (*1. мемлекеттік қазыналық, муниципалдық органдар, мекемелер, т.б. шығаратын борышқорлық міндеттемелер; 2. ұсақ ақша ретінде айналысқа жіберілетін қағаз ақша; 3. қолданыстан шыққан қағаз ақша*)

боны денежные - ақшалай бона (*несие сипатындағы ақша суррогаты*)

боны казначейские - қазынашылық бона (*орта және ұзақ мерзімді мемлекеттік міндеттемелер түрі*)

боны монетные - мәнәт бонасы, ақша бонасы (*алынған алтын мен күмістің орнына ақша сарайынан берілетін міндеттеме*)

бордеро - бордеро (*1. бағалы қағаздар тізімдемесі; 2. бухгалтерлік шоттың тапсырыскерге арналған көшірмесі; 3. қайта сақтандыру шартында қамтылған сақтандыру тізбесі*)

борьба за голоса акционеров в случае попытки поглощения - жұтылу әрекеті жағдайында акционерлердің дауысы үшін күрес

борьба с отмыванием денег - ақшаның жылыстауымен күрес

бостонский опцион - Бостон опционы

бразильский крузейро - Бразилия крузейросы (*Бразилияның ақша өлшемі*)

“брак опциона и акций” - “опцион мен акциялардың жарамсыздығы”

братъ в долг - борышқа алу

братъ активы под контроль - активтерді бақылауға алу

братъ в аренду оборудование - жабдықты жалға алу

братъ в долг - борышқа алу

братъ в качестве залога - кепілзат ретінде алу

братъ в кредит - кредитке алу

братъ в свидетели - куәгерлікке алу

братъ взаимы - қарызға алу

братъ взаимы на короткий срок - қысқа мерзімге қарызға алу

братъ взаимы на продолжительный срок - ұзақ мерзімге қарызға алу

братъ взятки - пара алу

братъ вклад из банка - банктен салымды алу

братъ деньги - ақша алу

братъ деньги в банке - банктен ақша алу

братъ деньги из банка - банктен ақша алу

братъ деньги под закладную - кепілхатқа ақша алу

братъ деньги со счета - шоттан ақша алу

братъ за основу - негізге алу

братъ интервью - сұхбат алу

братъ кредит - кредит алу

братъ на себя долг - борышты өзіне алу

братъ на себя обязательства - өзіне міндеттеме алу

братъ на себя обязательства страхования - сақтандыру міндеттемесін өзіне жүктеу

братъ на себя ответственность - өзіне жауапкершілік алу

братъ на себя ответственность по долгам - борыш бойынша өзіне жауапкершілік алу

братъ на себя поручительство - кепілгерлікті мойнына алу

братъ на себя размещение ценных бумаг - өзіне бағалы қағаздарды орналастыруды өз міндетіне алу

братъ на себя расходы - шығысты өзіне алу

братъ со счета - шоттан алу

братъ средства из фонда - қордан қаражат алу

братъ ссуду - несие алу

братъ ссуду на короткий срок - қысқа мерзімге несие алу

братъ ссуду под залог - кепілзат кепілімен несие алу

братъ ссуду под залог ценных бумаг - бағалы қағаздар кепілімен несие алу

брать ценные бумаги с хранения - бағалы қағаздарды сақтаудан алу

брейк - брейк (*қаржыландыруда: брейк бағасын айқындау кезінде сатып алу көлемінің түрлі деңгейіндегі сатып алу дискаунтын қамтамасыз ететін құрылым; баға өзгеретін нүкте; инвестицияда: 1) нарықта бағалы қағаз бағасының не жалпы нарықтық бағаның күтпеген жерден түсуі; 2) делдалдық фирма шоттарындағы теңдестірілмеушілік; 3) сәт-тілік*)

брейкаут - брейкаут (*бағалы қағаз бағасының қарсыласу деңгейінен жоғары көтерілуі не қолдау деңгейінен төмен түсуі*)

брейк-пойнт - брейк-пойнт (*ақшалай тұлғаланған инвестиция сомасы*)

брейк-форвард - брейк-форвард (*форвардтық валюталық келісімшарт*)

бремя внешней задолженности - сыртқы берешек ауыртпалығы

бремя выплаты процентов - пайыз төлеу ауыртпалығы

бремя долгов (долговое) - борыш ауыртпалығы

бремя дополнительной процентной ставки - қосымша пайыздық мөлшерлеменің ауыртпалығы

бремя задолженности - берешек ауыртпалығы

бремя отчислений в бюджет - бюджетке аударымдар ауыртпалығы

бремя процентов - пайыз ауыртпалығы

бремя финансирования - қаржыландыру ауыртпалығы

бремя финансовое - қаржы ауыртпалығы

бремя фискальное - қазыналық ауыртпалық

Бреттонвудская валютная система - Бреттон-Вуд валюталық жүйесі (*1944 ж. Бреттон-Вудта болған конференцияда белгіленген әлемдік ақша қатынастарын, есептесуді ұйымдастыру нысаны*)

Бреттонвудская конференция - Бреттонвуд конференциясы (*валюта-қаржы мәселелері бойынша, 1944 ж.*)

Бреттонвудское соглашение - Бреттонвуд келісімі (*Халықаралық валюта қоры мен Халықаралық жаңғыру және даму банкінің құру туралы, 1944 ж.*)

бригада работников учета - есеп қызметкерлері бригадасы

бригадный метод работы в банках - банктердегі жұмыстың бригадалық әдісі

бриллиантовый инвестиционный фонд - инвестициялық гауһар қоры

британия - британия (*Англияның 1, 1/2, 1/4, 1/10 унциялық алтын шақасы*)

Британская ассоциация банков, действующих за рубежом - Британияның шетелде істейтін банктер қауымдастығы

Британская ассоциация торговых банкиров и фирм по торговле ценными бумагами - Британияның сауда банкирлері мен бағалы қағаздармен сауда жөніндегі фирмалары қауымдастығы

Британская ассоциация торговых банков и компаний по ценным бумагам - Британия сауда банктері

мен бағалы қағаздар жөніндегі компаниялар қауымдастығы

Британская банковская ассоциация - Британияның банк қауымдастығы

британская золотая монета - Британияның алтын мәнеті (шақасы)

британский банк, действующий за рубежом - Британияның шетелде істейтін банкі

брокер - брокер, делдал (*1. мүдделі тараптар арасында солардың тапсырмасымен және солардың есебінен түрлі мәмілелер жасасуға жәрдемдесуші; 2. биржада акцияларды не валютаны өз клиенттерінің нұсқауымен сатып алуға және сатуға құқығы бар жеке не заңды тұлға (банк); 3. биржа агенті не осы міндетті атқаратын банк қызметшісі*)

брокер адресный - атаулы делдал

брокер аккредитованный - тіркелген делдал (*қор биржасына мүше, сонда бағалы қағаздармен алыс-беріс жасаушы заңды немесе жеке тұлға*)

брокер аукционный - аукцион делдалы

брокер биржевой - биржа делдалы (*биржаның операциялық құжырасында жүретін, ұйым тапсырыскерлерінің бұйрықтарын орындайтын тұлға*)

брокер биржевой фирмы - биржалық фирма делдалы

брокер бондовый - бонд делдалы, кепілзат делдалы

брокер в качестве посредника - делдал ретіндегі брокер

брокер в биржевой яме - биржа шұңғылындағы делдал

брокер в биржевом кольце - биржа шеңберіндегі делдал

брокер валютный - валюталық делдал (*шетел валютасын сатып алу-сатумен айналысатын тұлға, компания не банк*)

брокер, ведущий операции на неофициальной фондовой бирже - бейресми қор биржасында операциялар жүргізуші делдал

брокер вексельный - вексельдік делдал (*саудагерлерден вексель сатып алып, банктерге сатушы не өтеу мерзімі біткенше өзінде сақтаушы делдал*)

брокер внебиржевой - биржадан тыс делдал

брокер, выполняющий в биржевом зале поручения других брокеров - биржа залында (құжырасында)

басқа брокерлердің тапсырмасын орындаушы делдал

брокер двухдолларовый - екі долларлық делдал (*қор биржасының нұсқауларын басқа делдалдар үшін орындаушы мүшесі*)

брокер денежный - ақша делдалы (*қарызгер мен ақша несиегері арасында делдал ретінде жүретін тұлға не институт*)

брокер дисконтный - дисконттық делдал (*вексельмен мәміле жасаушы делдал*)

брокер, занимающийся незаконными операциями - заңсыз операциялармен айналысушы делдал

брокер, занимающийся учетными операциями - есеп операцияларымен айналысушы делдал (*сенімгерлік вексельді сатқысы келетіндер мен сатып алығысы келетіндердің арасында делдалдық жасаушы*)

- брокер из операционного зала** - операциялық құжыра делдалы (*қор биржасы мүшелерінің тапсырмасын орындаушы делдал*)
- брокер инвестиционной фирмы** - инвестициялық фирма делдалы
- брокер инвестиционный** - инвестициялық делдал (*бағалы қағаздар нарығында делдалдық атқаруға құқы бар инвестициялық институт*)
- брокер контрактный** - келісімшарттық делдал (*қор нарығында биржаның басқа мүшелері атынан мәміле жасасушы делдал*)
- брокер кредитный** - кредит делдалы (*жеке және заңи тұлғаларды несиедендіру операцияларын жүзеге асыру үдерісінде банктер мен қарыз алушылар арасында делдалдық міндетін атқарушы делдал*)
- брокер на денежном рынке** - ақша нарығындағы брокер
- брокер на другой стороне сделки** - мәміленің екінші тарабындағы делдал
- брокер на обочине** - жол жиегіндегі делдал (*американ қор биржасының мүшесі*)
- брокер, не раскрывающий при заключении сделки с ценными бумагами имени своего клиента** - бағалы қағаздармен мәміле жасасу кезінде өз клиентінің есімін айтпайтын делдал
- брокер, не являющийся членом фондовой биржи** - қор биржасының мүшесі болып табылмайтын делдал
- брокер независимый** - тәуелсіз делдал (*жұмысбасты басқа делдалдардың өкімі бойынша бағалы қағаздармен не тауарлармен алыс-беріс жүргізуші биржа мүшесі*)
- брокер несостоятельный** - дәрменсіз делдал
- брокер облигационный** - облигация делдалы
- брокер операционного зала** - операция құжырасының делдалы
- брокер опционной биржи Чикаго, выполняющий приказы с ценами, отличающимися от текущего уровня** - Чикаго опциондық биржасының ағымдағы деңгейден айырмашылығы бар бағалы қағаздармен байланысты бұйрықтарды орындаушы делдалы
- брокер, осуществляющий сделки за комиссионное вознаграждение** - комиссиялық сыйақы үшін мәмілені жүзеге асырушы делдал
- брокер официальный** - ресми делдал
- брокер по выдаче мелких ссуд частным лицам** - жеке тұлғаларға ұсақ несие беру жөніндегі делдал
- брокер по инвестиционным ценным бумагам** - инвестициялық бағалы қағаздар жөніндегі делдал
- брокер по операциям с недвижимостью** - жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар жөніндегі делдал
- брокер по операциям с облигациями** - облигациялармен жасалатын операциялар жөніндегі делдал
- брокер по операциям с ценными бумагами** - бағалы қағаздармен жасалатын операциялар жөніндегі делдал
- брокер по срочным сделкам** - мерзімді мәміле жөніндегі делдал
- брокер по срочным сделкам с премией** - сыйлықақылы мерзімді мәмілелер жөніндегі делдал
- брокер по торговле небольшими партиями ценных бумаг** - бағалы қағаздардың аз топтамасымен сауда жасау жөніндегі делдал
- брокер по фьючерсным сделкам** - фьючерстік мәміле жөніндегі делдал
- брокер по ценным бумагам** - бағалы қағаздар жөніндегі делдал
- брокер правительственный** - үкімет делдалы (*мемлекеттік облигациялар нарығында үкімет агенті міндетін атқару үшін тағайындалатын қор биржасының делдалы*)
- брокер представляющий** - табыстаушы делдал (*тапсырыскерлерден биржа мәмілесін жасасуға тапсырыс алып, комиссиялық үйлерге табыстайтын тәуелсіз делдал*)
- брокер, предоставляющий клиенту особые права по биржевым сделкам** - клиентке биржа мәмілесі бойынша ерекше құқық беруші делдал
- брокер, работающий в биржевом зале** - биржа залында (құжырасында) жұмыс істейтін делдал
- брокер, размещающий ценные бумаги среди клиентов** - клиенттер арасында бағалы қағаздар орналас-тырушы делдал
- брокер слепой** - зағип делдал, көзсіз делдал (*өз тапсырыскерлерінің атынан делдалдық жасайтын, бірақ олардың есімін басқа қатысушыларға айтпайтын делдал*)
- брокер срочной товарной биржи, работающий в биржевом зале** - мерзімді тауар биржасының биржа залында (құжырасында) жұмыс істейтін делдал
- брокер товарной биржи** - тауар биржасының делдалы
- брокер финансовый** - қаржы делдалы (*бағалы қағаздарды сатып алу-сату кезінде клиенттің есебінен және соның тапсыруымен комиссиялық шарт негізінде делдалдық қызмет көрсетуші*)
- брокер фондовой биржи** - қор биржасының делдалы
- брокер фондовой или товарной биржи, занимающийся незаконными операциями** - қор немесе тауар биржасының заңсыз операциялармен айналысушы делдалы
- брокер фондовый** - қор делдалы (*қор биржасында бағалы қағаздарды өз тапсырыскерлерінің атынан сатып алушы және сатушы агент*)
- брокер, являющийся членом фондовой биржи** - қор биржасының мүшесі болып табылатын делдал
- брокераж** - брокераж (*биржада акцияны, басқа да бағалы қағаздарды болашақ иеленушінің тапсыруымен сатып алу-сату*)
- брокер-дилер** - дилер-делдал (*өз қызметінде делдал мен дилер міндеттерін ұштастырушы заңи тұлға*)
- брокеридж** - брокеридж, делдалақы (*делдал алатын сияпат*)
- брокер-посредник** - делдал-брокер (*вексельдерді есепке алумен тікелей айналыспайтын, вексель ұстаушы мен есеп үйлерінің немесе банктердің арасында делдал міндетін атқарушы*)

- брокерская деятельность** - делдалдық қызмет, делдалдар қызметі (*мүдделі тараптар арасында олардың тапсыруымен және солардың есебінен түрлі мәмілелер жасасуға жәрдемдесу қызметі*)
- брокерская записка** - делдалдық жазба (*делдал мәміленің жасалғандығы туралы өз тапсырыскеріне жіберетін құжат*)
- брокерская записка о совершенной сделке** - жасалған мәміле туралы брокерлік жазба
- брокерская записка о совершенной сделке, посылаемая покупателю** - жасалған мәміле туралы сатып алушыға жіберілетін брокерлік жазба
- брокерская записка о совершенной сделке, посылаемая продавцу** - жасалған мәміле туралы сатушыға жіберілетін брокерлік жазба
- брокерская комиссия** - делдалдық комиссия, делдалдық ақы (*клиенттің тапсырмасы бойынша мәмілені орындаған делдал делдалдық қызмет үшін, ақыл-кеңес бергені үшін алатын ақы*)
- брокерская контора** - брокерлік кеңсе
- брокерская кредитная ставка** - брокерлік кредит мөлшерлемесі
- брокерская практика заключения сделок с ценной бумагой, относительно которой только что получен приказ клиента** - клиенттің бұйрығы жаңа ғана алынған бағалы қағазбен мәміле жасасудың брокерлік практикасы
- брокерская скидка с цены** - бағадан делдалдық шегерім, делдалдың бағадан шегеруі
- брокерская ссуда** - делдалдық несие (*делдалдар түрлі мақсаттар үшін банктерден не басқа делдалдардан қарызға алатын ақшалар қаражат*)
- брокерская ссуда под обеспечение** - қамтамасыз ету кепілдігімен берілетін делдалдық несие
- брокерская торговля векселями** - вексельдермен брокерлік сауда
- брокерская фирма** - брокерлік фирма
- брокерская фирма, не являющаяся членом биржи** - биржаға мүше емес брокерлік фирма
- брокерская фирма, постоянно котирующая ценные бумаги** - бағалы қағаздардың бағасын ұдайы белгілейтін брокерлік фирма
- брокерская фирма, производящая незаконные операции** - заңсыз операциялар жүргізуші брокерлік фирма
- брокерские комиссионные** - брокерлік комиссиялық алым
- брокерские лимиты** - делдалдық лимиттер (*клиент өзінің делдалына бағалы қағаздармен немесе тауармен алыс-беріс жасауы үшін белгілеген бағаның жоғарғы және төменгі шегі*)
- брокерские операции** - делдалдық операциялар (*бағалы қағаздарды не тауарларды сатып алу-сату жөніндегі делдалдық алыс-беріс*)
- брокерские операции банка** - банктің делдалдық операциялары
- брокерские операции с ценными бумагами** - бағалы қағаздармен жасалатын делдалдық операциялар
- брокерские расходы** - брокерлік шығыс (шығын)
- брокерские сделки с товарами** - тауарлармен жасалатын делдалдық мәміле
- брокерские ставки** - делдалдық мөлшерлемелер
- брокерские услуги** - брокерлік қызметтер көрсету
- брокерские услуги по операциям с недвижимостью** - жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар бойынша брокерлік қызметтер көрсету
- брокерский контролируемый счет** - делдалдық бақыланбалы шот
- брокерский кредит** - делдалдық кредит (*делдалдық-дилерлік фирмалар өзінің клиенттеріне бағалы қағаздар сатып алу үшін беретін несие*)
- брокерский счет** - делдалдық шот, брокерлік шот
- брокерское вознаграждение** - делдалдық сыйақы, брокерлік сыйақы (*делдал алатын ақы*)
- брокерское дело** - брокерлік іс
- брокерское место** - делдалдық орын (*сауда-саттыққа қатысуға мүмкіндік беретін биржаға мүшелік*)
- брокерское подтверждение сделки** - мәмілені брокерлік қуаттау
- брокерское поручение** - делдалдық тапсырма
- брокерское представительство** - делдалдық өкілдік (*коммерциялық банктің жанынан биржалық операциялар үшін ашылатын делдалдық өкілдік*)
- брокерско-комиссионные фирмы** - делдалдық-комиссиялық фирмалар
- брокерское уведомление о совершении покупки** - сатып алудың жасалғаны туралы брокерлік хабарлама
- брокер-трейдер** - трейдер-делдал (*өз есебінен де, тапсырыскердің тапсыруымен де алыс-беріс жасаушы мерзімді биржа мүшесі*)
- брокер-член фондовой биржи** - қор биржасына мүше-брокер
- брокеры, предоставляющие ценные бумаги на условиях возврата** - қайтару шартымен бағалы қағаздар беруші брокерлер
- брокеры, проводящие операции за собственный счет** - өз есебінен операциялар жүргізуші брокерлер
- бронза для чеканки монет** - мәнет (шақа) шекуге арналған қола
- бронзовая монета** - қола мәнет (шақа)
- бронзовые деньги** - жалған ақша, қола ақша
- бронзовый вексель** - жалған вексель, қола вексель
- бронирование** - сақтап қою (*қолда бар ресурстың, қаражаттың бір бөлігін кейін арнаулы мақсатта, ерекше жағдайда пайдалану үшін сақтау*)
- бросовая цена** - арзанқол баға (*өзіндік құнынан төмен баға*)
- бросовые коммерческие бумаги** - арзанқол коммерциялық қағаздар
- бросовые облигации** - төменқол облигациялар, арзанқол облигациялар, тастанды облигациялар
- бросовый** - арзанқол

брошюра с предложениями купить ценные бумаги - бағалы қағаздар сатып алу жөніндегі ұсыныс бар кітапша

брунейский доллар - Бруней доллары

брутто-баланс банка - банктің жалпы теңгерімі

брутто-дивиденд - брутто-дивиденд, жалпы дивиденд

брутто-долг - жалпы борыш

брутто-доход - брутто-табыс, жалпы табыс (*бағалы қағазға не жылжымайтын мүлікке салынған инвестиция бойынша жалпы табыс*)

брутто-доход до погашения - өтеуге дейін түскен жалпы табыс

брутто-доход по ценной бумаге при ее погашении

- бағалы қағазды өтеу кезінде ол бойынша түскен жалпы табыс

брутто-запас - брутто-қор, жалпы қор

брутто-кэш-флоу - брутто-кэш-флоу, жалпы кэш-флоу (*фирманың қолма-қол түсімі мен төлемінің арасындағы айырма*)

брутто-прибыль - жалпы пайда

брутто-продажи - брутто-сатылым, жалпы сатылым (*шегерімдер мен басқа да түзетулерді есептемей, шот-фактуралардың құны бойынша есептелген жиынтық сатылым*)

брутто-процентный доход банка - банктің жалпы пайыздық табысы

брутто-проценты - жалпы пайыз

брутто-спрэд - жалпы-спрэд (*инвестордың бағалы қағаздарды сатып алу бағасы мен эмитенттің өткізу бағасының арасындағы айырма*)

брутто-цена - брутто-баға, жалпы баға

брюхом кверху - шалқасынан түсті, аяғы аспаннан келді (*компанияның, банктің төлем төлеуге қабілетсіздігін білдіретін жаргон сөз; іске аспай қалған бизнес-жоспар дегенді де білдіреді*)

будущая выручка - болашақтағы ақшалай түсім

будущая задолженность - болашақтағы берешек

будущая срочная процентная ставка, рассчитанная на основе временной структуры процентных ставок - пайыздық мөлшерлеменің уақытша құрылымы негізінде есептелген болашақтағы мерзімдік пайыздық мөлшерлеме

будущая стоимость - болашақтағы құн

будущее обязательство - болашақтағы міндеттеме

будущие авансы - болашақтағы алғытөлем (аванс)

будущие поступления наличными, приведенные к оценке настоящего времени - қазіргі уақыттың бағасына келтірілген қолма-қол ақшалай түсім

будущие ссуды - болашақтағы несие

будущий поток платежей - төлемдердің болашақтағы ағыны

бук - бүк (*дилердің валютаны сату немесе сатып алу мүмкіндігінің таусылғандығын көрсететін жаргон сөз*)

бук биржевой - биржалық бүк (*сатып алу-сату жөніндегі валюталық дилердің мүмкіндіктері сарқылды дегенді білдіретін термин*)

“буква написанная остается” - “жазылған әріп қалады” (*шаруашылық, коммерциялық, қаржы, биржа шарттарының сөзбе-сөз сақталуы ұстанымы*)

буклет “Допуск к биржевым операциям” - “Биржалық операцияларға рұқсаттама” буклеті (*Лондонның қор биржасы сары мұқабамен шығаратын буклет*)

букмекер - букмекер (*бәстеспе ойындарда бәске тігілген ақшаны қабылдаушы*)

булетбуллет - булетбуллет (*бір сәтте белгіленген мерзімде бірден өтетін бағалы қағаз*)

буллионизм - буллионизм (*елдің қолайлы төлем теңгерімін қолдау үшін шетел валютасын не асыл металдарды іске қосу амалдарын тікелей реттеуді талап ететін меркантилистік ақша саясаты*)

буллионист - буллионистер (*қағаз ақшаның алтынға еркін айырбасталуын жақтаушылар*)

бульдог - бульдог (*жаргон сөз: шетелдік бейрезидент-қарызгер шығарған, пайыздық мөлшерлемесі белгіленген облигация*)

бум золотой - алтын дүрлікпесі

бум инвестиций - инвестициялар серпілісі (*күрделі жұмсалымның кезеңдік өсуі*)

бум инвестиционный - инвестициялық серпіліс

бум инфляционный - инфляциялық дүрлікпе

бум капиталовложений - күрделі жұмсалым серпілісі

бум кредитный - кредиттік серпіліс

бум финансовый - қаржылық серпіліс

“бумага” - “қағаз” (*сатуға, сатып алуға не инвестиция ретінде ұстауға болатын бағалы қағаздар; ақша нарығында борышқорлық міндеттемелердің атауы ретінде жиі қолданылатын термин*)

бумага - қағаз (*несие шарты, коммерциялық қағаз, қысқа мерзімді борыш куәлігі*)

бумага актовая - актілік қағаз, акт қағазы (*актілер, құжаттар жазуға арналған қағаз; герб белгісінің бір түрі*)

бумага гербовая - елтаңбалы қағаз, гербілі қағаз (*актілер, құжаттар жазуға арналған қағаз; герб белгісінің бір түрі*)

бумага долговая - борыштық қағаз

бумага надежная - сенімді қағаз (*тұрақты түрде жоғары табыс әкелетін бағалы қағаз*)

бумага неликвидная - өтімсіз қағаз

бумага собственника - меншік иесінің қағазы (*ипотекалық борышқорлық куәліктің барлық түрлері*)

бумаги движимые - жылжымалы қағаздар (*кепілдікпен қамтамасыз ету туралы келісімге қатысты қолданылатын термин*)

бумаги инвестиционные - инвестициялық қағаздар (*ұзақ мерзімді инвестицияға неғұрлым жарамды бағалы қағаздар*)

бумаги открытого рынка - ашық нарық қағаздары (*төлем төлеу қабілеті жоғары, бланкілік индоссаменті бар қарызгерлер жазған аударма вексельдер мен ноталар*)

бумаги процентные - пайыздық қағаздар (*жұмсалған капитал белгілі бір пайыз әкелетін бағалы қағаздар, борышқорлық міндеттемелер*)

- бумаги эмитированные** - эмиссияланған қағаздар
- бумажная база** - қағаз жүзіндегі база (*ел валютасы металмен қамсыздандырылмаған дегенді білдіретін термин*)
- бумажная лента в кассовом аппарате** - кассалық аппараттағы қағаз таспа
- бумажно-денежный стандарт** - қағаз ақша стандарты
- “бумажное” золото** - “қағаз” алтын, қағаз жүзіндегі алтын (*арнаулы өзара қарыз құқықтары тұрпатында жасанды түрде жасалатын валюталық сақтық қор*)
- бумажные деньги** - қағаз ақша (*арнаулы қағазда басылған, мемлекет ресми ақша күшін беретін ақша белгілері*)
- бумажные деньги в обращении** - айналыстағы қағаз ақша
- бумажные деньги, выпущенные оккупационными властями** - басқыншы өкімет орындары шығарған қағаз ақша
- бумажные деньги и монеты в обращении** - айналыстағы қағаз ақша мен мәнәт (шақа)
- бумажные деньги, полностью обеспеченные драгоценными металлами** - асыл металдармен толық қамтамасыз етілген қағаз ақша
- бумажные деньги с принудительным курсом** - бағамы мәжбүрлі қағаз ақша
- бумажные марки с объявленной стоимостью** - құны жарияланған қағаз марка
- бумажный актив** - қағаз актив
- бумажный денежный стандарт** - қағаз ақша стандарты
- бумажный знак** - қағаз ақша белгісі
- бумажный “крючок”** - қағаз “ілімшек” (*жоқ банктік шотқа жазылған чекті тапсыруға не дайындауға тырысушы адам дегенді білдіретін тіркес*)
- бумажный сертификат** - қағаз сертификат
- бумажный стандарт** - қағаз стандарт (*металл немесе алтын стандарттан өзгеше түрде*)
- Бундесбанк** - Бундесбанк (*Германияның орталық банкі*)
- бутик** - бутик (*банк ісінде: шағын аяда мамандандырылған кішігірім делдалдық фирма не инвестициялық банк*)
- бутут** - бутут (*Гамбияның ұсақ мәнеті*)
- буферный кредит** - буферлік несие, аралық несие (*халықаралық қаржы ұйымдары аралық тауар қорларын жасау мақсатымен, әлемдік нарықтарда осы тауарлардың бағасын тұрақтандыру үшін беретін несие*)
- бухгалтерская проводка** - бухгалтерлік өткізбе (*шоттардың корреспонденциясын құжат жүзінде ресімдеу*)
- бухгалтер** - бухгалтер, есепші (*сауда не есеп кітаптарын жүргізуші, қаржы есебі мен есеп-қисап үшін жауапты адам*)
- бухгалтер главный** - бас бухгалтер (*ұйымның басышына тікелей бағынатын және есеп саясатының қалыптасуы, бухгалтерлік есептің жүргізілуі, бухгалтерлік есеп-қисаптың уақтылы толық та дұрыс табысталуы үшін жауапты лауазымды тұлға*)
- бухгалтер дипломированный** - дипломды бухгалтер
- бухгалтер квалифицированный** - білікті бухгалтер
- бухгалтер органа, исполняющего бюджета** - бюджетті атқарушы органның бухгалтері (*қазынашылық не қаржы органының бюджеттің атқарылуы есебін жүргізуші бухгалтері*)
- бухгалтер отчитывающий** - есеп беруші бухгалтер
- бухгалтер по государственным финансам** - мемлекеттік қаржы жөніндегі бухгалтер
- бухгалтер по кредитам** - несие жөніндегі бухгалтер
- бухгалтер по учету издержек** - шығын есебі жөніндегі бухгалтер
- бухгалтер по финансовым вопросам** - қаржы мәселелері жөніндегі бухгалтер
- бухгалтер старший** - аға бухгалтер
- бухгалтер управляющий** - басқарушы бухгалтер
- бухгалтер-аналитик** - талдампаз-бухгалтер
- бухгалтер-аудитор** - аудитор-бухгалтер (*аудиторлық қызметпен айналысу құқығын алу аттестациясынан өткен, аудиторлық фирма құрамында істейтін, заңды тұлғаны аудиттен өткізу кезінде бухгалтерлік есепті тексеретін бухгалтер*)
- бухгалтер-контролер** - бақылаушы-бухгалтер
- бухгалтер-ревизор** - тексеруші-бухгалтер
- бухгалтер-экономист** - экономист-бухгалтер (*кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізуді және қаржы-шаруашылық қызметін талдауды жоспарлаушы экономист*)
- бухгалтер-эксперт** - сарапшы-бухгалтер (*кәсіпорындардың бухгалтерлік және салық есебін жүргізу, кеңес беру міндетін атқарушы бухгалтер*)
- бухгалтерия** - бухгалтерия, есепшілік (*1. бухгалтерлік есепті ұйымдастырып, жүргізетін есеп аппараты; 2. бухгалтерлік есепті жүргізу*)
- бухгалтерия банка (банковская)** - банк бухгалтериясы
- бухгалтерия главная** - бас бухгалтерия
- бухгалтерия предприятия** - кәсіпорын бухгалтериясы
- бухгалтерия простая** - қарапайым бухгалтерия, жай бухгалтерия (*операциялар бір қайтара жазылатын бухгалтерлік есеп әдісі*)
- бухгалтерская балансированность** - бухгалтерлік теңгерімділік
- бухгалтерская балансовая книга** - бухгалтерлік теңгерімдік кітап
- бухгалтерская запись** - бухгалтерлік жазба (*бухгалтерлік есепте шаруашылық операцияларды тіркеу нысаны*)
- бухгалтерская книга** - бухгалтерлік кітап (*бухгалтерлік есеп кітабы: теңгерім баптары, сатып алынатын және сатылатын тауарлар, кіріс пен шығыс көздері, лауазымдық айлықақы көрсетілетін ресми құжаттар*)
- бухгалтерская книга опечатанных счетов** - бухгалтерлік тыйым салынған шоттар кітабы (*тұтқындан-*

ған шоттар бойынша қаражаттың барлық қозғалысы тіркелетін бухгалтерлік кітап)

бухгалтерская книга учета обязательств по акцептам - акцептілер бойынша міндеттемелер есебінің бухгалтерлік кітабы (*шотқа түсіп, банк өз тапсырыскерінің әрқайсысы үшін акцептеген вексельдер есебі жүргізілетін бухгалтерлік кітап*)

бухгалтерская отчетность - бухгалтерлік есептеме, бухгалтерлік есеп-қисап (*кестелер түрінде бейнеленген және кәсіпорынның, ұйымның есепті кезеңдегі мүлкі мен қаржы жағдайының қозғалысын сипаттайтын есеп көрсеткіштерінің жиынтығы*)

бухгалтерская оценка по способам расчета - есеп айырысу тәсілі бойынша бухгалтерлік бағалау

бухгалтерская прибыль - бухгалтерлік пайда (*өткізу сомасы (сатудан түскен кіріс) мен шығыс (шығын) арасындағы айырма*)

бухгалтерская проводка - бухгалтерлік өткізбе (*шоттардың корреспонденцияларын құжаттамалық ресімдеу, мұнда дебеттелетін және кредиттелетін шоттар және тіркелуге тиіс шаруашылық операциялардың сомасы көрсетіледі*)

бухгалтерская разница - бухгалтерлік айырма (*активтер мен міндеттемелер арасындағы алдын ала фактуралар негізінде есептелген орташа жылдық таза ашықтық*)

бухгалтерская рентабельность инвестиций - инвестициялардың бухгалтерлік пайдалылығы

бухгалтерская сбалансированность - бухгалтерлік теңгерімділік

бухгалтерская сводная отчетность - бухгалтерлік жиынтық есеп-қисап

бухгалтерская учетная стоимость - бухгалтерлік есеп құны

бухгалтерская фирма - бухгалтерлік фирма

бухгалтерская экспертиза - бухгалтерлік сарап

бухгалтерские журналы - бухгалтерлік журналдар

бухгалтерские книги - бухгалтерлік кітаптар (*теңгерім баптары, сатып алынатын және сатылатын тауарлар, кіріс пен шығыс көздері, лауазымдық айлықақы көрсетілетін ресми құжаттар*)

бухгалтерские книги и документы бюджетных учреждений - бюджеттегі мекемелердің бухгалтерлік кітаптары мен құжаттары

бухгалтерские книги и документы финансовых органов - қаржы органдарының бухгалтерлік кітаптары мен құжаттары

бухгалтерские концепции - бухгалтерлік тұжырымдамалар

бухгалтерские операции в банке - банктегі бухгалтерлік операциялар

бухгалтерские принципы - бухгалтерлік қағидаттар (*бухгалтерлік есепте және бухгалтерлік есептеме-лерді дайындауда пайдаланылатын, ресми мақұлданған әдістер мен рәсімдер*)

бухгалтерские стандарты - бухгалтерлік стандарттар

бухгалтерский баланс - бухгалтерлік теңгерім (*кәсіпорынның құрал-жабдығын, қаражатын олардың*

түрлері, құралу көздері бойынша белгілі бір күнгі жағдайын ақшалай тұлғада топтастыру және жинақтап көрсету тәсілі)

бухгалтерский документ - бухгалтерлік құжат

бухгалтерский исполнитель - бухгалтерлік атқарушы (*делдалдық фирма қызметшісі, тіркелген өкілі*)

бухгалтерский контроль - бухгалтерлік бақылау (*ішкі шаруашылық бақылауының бір бөлігі*)

бухгалтерский отчет - бухгалтерлік есептеме (есеп беру)

бухгалтерский расходный ордер - бухгалтерлік шығыс ордері

бухгалтерский регистр - бухгалтерлік тіркелім

бухгалтерский счет - бухгалтерлік шот (*бухгалтерлік есеп жазбаларының жиынтығы, онда кәсіпорынның ақшалай қаражаты түсуі мен пайдаланылуының бірыңғай сипаты немесе жұмсалуды бойынша тіркеледі*)

бухгалтерский счет Т-образный - Т-кейіптес бухгалтерлік шот

бухгалтерский учет - бухгалтерлік есеп (*1. кәсіпорынның шаруашылық қызметін шаруашылық құжаттама негізінде құндық тұлғада жаппай, үздіксіз және өзара байланыста көрсету; 2. ұйымның шаруашылық үдерістерін көрсететін, осы үдерісті басқару мүдделері үшін жасалатын ақпараттық жүйе; 3. теңгерімде және пайда туралы есептемеде өзгерістерді жазудың арнаулы әдісі*)

бухгалтерский учет в банке - банктегі бухгалтерлік есеп

бухгалтерский учет в коммерческих банках - коммерциялық банктердегі бухгалтерлік есеп

бухгалтерский учет по восстановительной стоимости - қалпына келтіру құны бойынша бухгалтерлік есеп

бухгалтерский учет по кассовому методу - кассалық әдіспен жүргізілген бухгалтерлік есеп

- декларация** - декларация, мағлұмдама, мағлұмдау хат, мағлұмхат (*1. негізгі қағидаттарды жариялау, ақыл-кеңестік күші бар құқықтық құжат; ресми мәлімдеме; 2. халықаралық құқықта - тараптар келіскен жалпы қағидаттар мен мақсаттар тұжырымдалған салтанатты акт; 3. шекара арқылы құндылық алып өткенде кеденге берілетін мәлімдеме; 4. салық төлеуге тартылған тұлғаның тапқан табысының, мүлкінің мөлшері туралы мәлімдемесі; 5. қайсыбір ереже жарияланатын не белгілі бір ақпарат мазмұндалатын құжат*)
- декларация банковская** - банк мағлұмдамасы
- декларация брокера-продавца** - сатушы-брокер мағлұмдамасы
- декларация брокерская** - делдалдық мағлұмдама
- декларация валютная** - валюталық мағлұмдама
- декларация валютного контроля** - валюталық бақылау мағлұмдамасы
- декларация доходов** - табыс мағлұмдамасы
- декларация имущественная** - мүлік мағлұмдамасы
- декларация инвестиционная** - инвестициялық мағлұмдама
- декларация налоговая** - салық мағлұмдамасы
- декларация о доходах** - табыс туралы мағлұмдама, кіріс туралы мағлұмдама
- декларация о платежеспособности** - төлем қабілеттілігі туралы мағлұмдама
- декларация о поддерживающих заработках** - қолдаушы табыс туралы мағлұмдама
- декларация о подоходном налоге** - табыс салығы туралы мағлұмдама
- декларация о прибылях и убытках** - пайда мен залал туралы мағлұмдама
- декларация о произведенных вычетах** - жасалған шегеріс туралы мағлұмдама
- декларация совместной собственности в кондоминиуме** - кондоминиумдағы бірлескен меншік мағлұмдамасы
- декларация о совокупном годовом доходе** - жылдық жиынтық табыс туралы мағлұмдама
- декларация о стоимости** - құн туралы мағлұмдама
- декларация об источнике и применении фондов** - қорлардың көзі мен қолданылуы туралы мағлұмдама
- декларация правовая** - құқықтық мағлұмдама
- декларация таможенная** - кеден мағлұмдамасы
- декларация таможенной стоимости** - кедендік құн мағлұмдамасы
- декларация тарифная** - тарифтік мағлұмдама
- декларация траста** - сенім қорының мағлұмдамасы
- декларация финансовая** - қаржы мағлұмдамасы (*жеке адамның, қауымдастықтың, іскер ұйымның, компанияның, фирманың, т.б. қаржы жағдайы туралы жазбаша мәлімдемесі*)
- декларирование доходов** - табысты мағлұмдау, кірісті мағлұмдау
- декларирование цен** - бағаны мағлұмдау
- декларированный капитал** - мағлұмдалған капитал (*акционерлік қоғамның құрылтайшылық және басқа құжаттарында көрсетілген капиталы*)
- декрет** (жогарғы өкіметтің заң күші бар қаулысы)
- декрет законодательный** - заңнамалық декрет
- декрет об аннулировании государственных займов** - мемлекеттік қарыздардың күшін жою туралы декрет
- декретированные деньги** - декреттелген ақша (*асыл металдармен қамтамасыз етілмеген ақша*)
- декретные деньги** - декреттік ақша (*билік органдарының декретімен, үкіметтің қаулысымен ақша ретінде енгізілген ақша белгілері*)
- декувер** - декувер (мүліктің бағасы мен сақтандыру сомасы арасындағы айырма)
- декхолдер** - декхолдер (*тапсырыскерлердің делдалдарға тапсырмасын ұстайтын биржа қызметшісі*)
- дела финансовые** - қаржылық істер
- делатель рынка** - нарық жасаушы (*1. Лондонның қор биржаларында бағалы қағаздармен операциялар жүргізуші дилер; 2. тұрақты, жаңарып тұру негізінде бағалы қағазды немесе валютаны сатып алу мен сатудың екі жақты бағасын жариялауға дайын брокер немесе банк*)
- делать взнос** - жарна жасау (*қайырмалдық жасау, бір-реудің үлесін төлеу дегенді білдіретін жаргон сөз*)
- делать взнос за частично оплаченные акции** - ішінара төленген акциялар үшін жарна төлеу
- делать временный перенос суммы с одного счета на другой** - соманы бір шоттан екінші шотқа уақытша көшіру
- делать заем** - қарызхат жасау
- делать капиталовложения** - күрделі қаржы жұмсалымын жасау
- делать крупные капиталовложения** - ірі күрделі қаржы жұмсалымын жасау
- делать на векселе бланковую передаточную надпись** - вексельде бланкілік табыстама жазба жазу
- делать на векселе нотариальную отметку об отказе трассата от акцепта или уплаты** - вексельде трассаттың ризалық беруден не төлеуден бас тартқаны туралы нотариустық белгі соғу

делать надпись - жаза жазу
делать надпись на обороте чека - чектің сыртына жазба жазу
делать передаточную надпись - табыстама жазба жазу
делать покупку для покрытия обязательств по срочным сделкам - мерзімді мәміле бойынша міндеттемелерді жабу үшін жазба жазу
делать предложение - ұсыныс жасау
делать предложение о выпуске займа - қарызхат шығару үшін ұсыныс жасау
делать регулярные взносы - тұрақты жарна төлеу
делать рынок - нарық жасау (*бағалы қағаздар бойынша фирманың сұранысы мен ұсынысы бағасын қолдау*)
делать скидку - шегерім жасау
делать цену - баға жасау (*нарық жасау*)
делегат - делегат (*1. біреудің борышы аударылатын адам; 2. уәкіл*)
делегат полномочный - өкілетті делегат
делегация - делегация (*1. өзінің борышын басқа адамға аудару; 2. делегаттар тобы*)
делегация неофициальная - бейресми делегация
делегация официальная - ресми делегация
делегация парламентская - парламент делегациясы
делегация правительственная - үкімет делегациясы
делегация представительная - өкілетті делегация
делегация руководящих деятелей - басшы қайраткерлер делегациясы
делегация специалистов - мамандар делегациясы
делегирование кредитов - кредитті табыстау
делегирование полномочий по предоставлению кредита - несие беру жөніндегі өкілеттікті табыстау
делегированный должник - өкілеттік берілген борышкер
делегированное право - табысталған құқық
делегированные полномочия - берілген өкілеттік
“делегированный не может делегировать” - “өкілеттік берілген өкілеттік бере алмайды” (*принципал үшін белгілі бір жұмысты орындауға келіскен агенттің осы жұмысты үшінші біреуге қайта табыстауға құқығы жоқ екенін білдіретін заңи қағидат*)
деление займа на транши - қарызды транштарға бөлу
деление прибыли - пайданы бөлу
деление расходов - шығысты бөлу
делец - жылпос іскер, пысықай
деликт - деликт (*залал бойынша талап қою үшін негіз болатын құқық бұзушылық, яғни, азаматтық құқық бұзушылық,*)
делимое обязательство - бөлінетін міндеттеме
делимый аккредитив - бөлінетін аккредитив
делинквент - деликвент (*құқық бұзушы*)
делитель процентный - пайыздық бөлгіш
дело - 1) іс (*1. кәсіп, кәсіптер тобы, білім немесе машық саласы; 2. қайсыбір факті, оқиға бойынша әкімшілік немесе сот талқылауы*); 2) іс қағаз (*фактіге, мәселеге, адамға қатысты құжаттар тігілген папка*)

дело банковское - банк ісі
дело брокерское - делдалдық іс
дело владельца банковской карточки - банк карточкасын иеленушінің іс қағазы
дело выигрышное - ұтысты іс
дело государственное - мемлекеттік іс
дело гражданское - азаматтық іс
дело денежное - ақшалы іс
дело доходное - пайдалы іс
дело о банкротстве - банкроттық туралы іс
дело о финансовой несостоятельности - қаржылық дерменсіздік туралы іс
“дело рук одного человека” - “бір адамның қолынан шыққан іс” (*биржа жаргоны: екі жақтан да бағаны бір адамның белгілеуі*)
деловая репутация заемщика - қарызгердің іскерлік беделі
деловая этика - іскерлік әдеп
деловой банк - іскерлік банк
деловой день - іскерлік күн (*қаржы нарығы алаңдары сауда үшін ашылатын күн*)
деловой риск - іскерлік тәуекел (қатер)
деловой цикл - іскерлік цикл (айналсоқтық)
делопроизводитель - іс қағаздарын жүргізуші
делопроизводство - іс қағаздарын жүргізу
делькредере - делькредере (*1. комиссиягердің үшінші тұлғамен жасасқан шартының орындалуы үшін оның комитет алдындағы кепілдігі; 2. несие берумен байланысты тәуекел (қатер); 3. борышкердің несиеге қабілетсіздігіне қарсы кепілдік; 4. банктерде берілген несиенің қайтарылмауына байланысты ықтимал шығасыны жабуға арналған сақтық қор*)
дельта - дельта, айырма (*1. опцион бағасының өзгеруін сипаттайтын шама; 2. коммерциялық жаргон: тауардың сатып алу және сату бағасының арасындағы айырма, қайта сатудан алынған пайда*)
дематериализация ценных бумаг - бағалы қағаздардың материалсыздануы (*бағалы қағаздармен куәландырылатын мүлктік құқықтарды қуаттау тәсілінің өзгеруі*)
демонетаризация - демонетаризация (*белгілі бір нысандағы валютаны айналыстан алу*)
демонетизация - демонетизация, мәнәтсіздендіру (*1. асыл металдардың, ең алдымен алтынның, күмістің ақша міндетін атқарудан қалуы, мәнәттің бұрынғы құнын жоғалтуы, несие ақшаның, банк билеттерінің (банкноттың), қолда жоқ ақшаның, чектердің кеңінен қолданылуына байланысты асыл металдардың ақша ретінде пайдаланылуының қысқаруы; 2. коммерциялық банкінің мемлекеттік облигациялар мен бағалы қағаздарды қысқартуы; 3. төлем құралдарының белгілі бір түрінің айналыстан шығуы*)
демонетизация золота - алтынның ақша міндетін атқарудан қалуы
демонетизировать - мәнәтсіздендіру

демонстративный дар - көрнекі сый (тарту) (*өсиет бойынша сыйға тарту немесе арнаулы қордан немесе активтен төленуге тиіс белгілі бір ақша сомасы*)

демонстрационное табло на Нью-Йоркской фондовой бирже - Нью-Йорк қор биржасындағы көрсеткіш табло

демпинг - демпинг (*сыртқы және ішкі нарықта тауарды әдейі төмен бағамен сату*)

демпинг валютный - валюталық демпинг (*мемлекеттің тауарларды әлемдік орташа бағамен экспортқа шығару мақсатымен ұлттық валютаны қамтамасыз ету шарасы*)

демпинг ценовой - баға демпингі

демпинговая цена - демпингілік баға (*ішкі нарықтан төмен экспорттық баға*)

денарий - денарий (*ежелгі Римнің күміс мәнеті*)

денарий св. Петра - әулие Петрдің денарийі

денариус - денариус (*ежелгі Римнің күміс мәнеті*)

денежка - ұсақ ақша (*жарты тиындық ұсақ мыс мәнет*)

денежная база - ақша базасы (*банктің сақтық қоры ретінде пайдалануға болатын ақша, банк кассасындағы қолма-қол ақша, депозиттер, банктен тыс айналыста жүрген нақты ақша*)

денежная вуаль - ақша буалдыры, ақша кіреукесі, ақшамен көлегейлеу (*ақшаның рөлін нақты үдерістердің құндылықтылық пердесі ретінде түсіндіру*)

денежная выручка - ақшалай түсім

денежная гипотеза - ақшаны болжау, ақша болжамы (*ақша ұсынысының қысқаруы көптеген экономикалық дағдарыстың себебі болып табылады деген пайымдау*)

денежная дисциплина - ақша тәртібі

денежная единица - ақша бірлігі, ақша өлшемі (*заңнамалық тәртіппен белгіленген ақша белгісі*)

денежная единица дохода - табыстың ақша бірлігі

денежная единица измерения - өлшеудің ақша бірлігі

денежная единица страны - елдің ақша бірлігі

денежная единица счета - шоттың ақша бірлігі

денежная единица эмиссии - эмиссияның ақша бірлігі

денежная емкость рынка - нарықтың ақша сыйымдылығы (*нарықта ұсынылған тауарларды, бағалы қағаздарды, көрсетілетін қызметтерді жұтып қоюы мүмкін ақша көлемін көрсететін шама*)

денежная задолженность - ақшалай берешек

денежная заработная плата - ақшалай жалақы

денежная земельная рента - ақшамен өтелетін жер рентасы, ақшалай жер рентасы

денежная иллюзия - ақша елесі (*ақшалай табыс алушының бағаның өсуіне байланысты ақшаның сатып алуға жарамдылығын ескерместен осы табыстың ең төмен шамасына бағдарлануы; құнсызданған ақша белгілеріне емес, атаулы ақша белгілеріне бағдарлану*)

денежная инфляция - ақша инфляциясы, ақшаның құнсыздануы

денежная компенсация - ақшалай өтемақы

денежная компенсация взамен льгот отдельным категориям граждан - азаматтардың кейбір санаттарына берілетін жеңілдіктердің орнына ақшалай өтемақы

денежная компенсация инвалидам и участникам ВОВ за проезд по территории СНГ - Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына ТМД аумағында жол жүру үшін берілетін ақшалай өтемақы

денежная корова - ақшалы сиыр (*үздіксіз ақша жасайтын іскер кәсіпорын*)

денежная корпорация - ақша корпорациясы

денежная купюра - ақша купюрі

денежная масса - ақша жиыны, ақша көлемі (*айналыстағы ақша белгілерінің жиынтығы*)

денежная масса в обращении - айналыстағы ақша жиыны (*елдің орталық банкі айналысқа шығарған ақша көлемі*)

денежная масса по определению Федеральной резервной системы - Федералдық сақтық қор жүйесінің айқындайтын ақша жиыны

денежная мера - ақша өлшеуіші

денежная наличность - қолма-қол ақша, қолда бар ақша

денежная операция - ақша операциясы

денежная оплата труда - еңбекке ақшалай ақы төлеу

денежная отчетность - ақша есеп-қисабы

денежная оценка - ақшалай бағалау, ақшаны бағалау, ақшамен бағалау

денежная оценка имущественного взноса члена кооператива - кооператив мүшесінің мүліктік жарнасын ақшамен бағалау

денежная оценка нематериальных активов - бейматериалдық активтерді ақшамен бағалау

денежная переменная величина - ақшалай ауыспалы шама

денежная позиция - ақша жайғасымы (*сауда-саттық жүйесінде - сауда-саттық бойына облигацияларды сатып алуға тапсырысты қамтамасыз ету үшін пайдалануға болатын ақшалай қаражат қалдығының шамасы*)

денежная политика - ақша саясаты

денежная помощь - ақшалай көмек

денежная премия - ақшалай сыйлықақы

денежная претензия - ақшалай кінәрат-талап

денежная разница - ақша айырмасы

денежная регалия - ақша регалиясы, ақшаға айрықша құқық (*мемлекеттің ақша шығаруға айрықша құқығы*)

денежная рента - ақша рентасы (*жер рентасының үшінші түрі, жер берілгені үшін жұмыспен өтеуді және берілген жердің ақысын онда өсірілген өнімнің бір бөлігімен төлеуді ауыстырған рента*)

денежная реформа - ақша реформасы (*елдің ақша жүйесін толық немесе ішінара өзгерту, мемлекет ақша айналысының қожырауына байланысты және ұлттық валютаны нығайту, ақша бірлігін тұрақтандыру мақсатымен жүргізеді*)

денежная сделка - ақшалай мәміле, ақша мәмілесі
денежная система - ақша жүйесі (*ақша айналысын ұйымдастырудың әрбір елде тарихи түрде қалыптасқан және ұлттық заңнамамен тиянақталған нысаны*)
денежная ссуда - ақша несиесі
денежная стоимость - ақшалай құн, ақша құны
денежная стоимость золота или серебра - алтынның немесе күмістің ақшалай құны
денежная субсидия - ақшалай жәрдемқаржы
денежная сумма - ақшалай сома
денежная сумма, сопровождающая заявку на приобретение ценных бумаг - бағалы қағаздарды сатып алуға берілген өтінімге ілеспе ақшалай сома
денежная теория - ақша теориясы
денежная теория процента - пайыздың ақша теориясы
денежная форма стоимости - құнның ақшалай нысаны
денежная форма товара - тауардың ақшалай нысаны
денежная цена - ақшалай баға
денежная школа - ақша мектебі (*әрбір шығарылған банкнот металмен қамтамасыз етілуге тиіс деген ақша шығару теориясы*)
денежная экспансия - ақша экспансиясы
денежно-вещевая лотерея - ақшалай-заттай лотерея
денежное ассигнование - ақшалай қаражаттандыру
денежное богатство - ақшалай байлық
денежное возмещение - ақшалай орнын толтыру
денежное вознаграждение - ақшалай сыйақы (*қызметкердің еңбегіне жалақы, еңбектің көлемі мен сапасына қарай сыйлықақы төлемі түрінде төленетін ақшалай ақы*)
денежное встречное удовлетворение - ақшалай ыңғайласпа қанағаттандыру
денежное выражение - ақшалай тұлғалану (тұлғада)
денежное выражение продукции - өнімнің ақшаға шағылуы, өнімнің ақшалай тұлғаланымы
денежное выражение товара - тауардың ақшаға шағылуы, тауардың ақшалай тұлғаланымы
денежное выражение фондовой сделки - қор мәмілесінің ақшалай тұлғалануы
денежное довольствие - ақшалай нәпақа (*әскери қызметшілерге берілетін материалдық сыйақы*)
денежное законодательство - ақша заңнамасы
денежное кредитное регулирование - ақшаны кредиттік реттеу
денежное накопление - ақшаның қорлануы, ақша қорланымы (*қоғамның кәсіпорындарда ақша түрінде жасалып, өткізілетін таза табысы, өнім сатылатын баға мен оның толық құны арасындағы айырма ретінде айқындалады*)
денежное накопление населения - халықтың ақшалай қорланымы
денежное наследство - ақшалай мұра
денежное обеспечение - ақшамен қамсыздандыру, ақшаның қамтамасыз етілуі
денежное обращение - ақша айналысы (*1. ақшаның айналыс және төлем құралы ретіндегі қозғалысы,*

яғни қолма-қол ақша және қолма-қол ақшасыз нысанда тауарлардың ауыспалы айналымына қызмет көрсетуі, сондай-ақ өндіріс барысында тауарсыз есеп айырысу және төлем төлеу; 2. елде белгілі бір кезеңде пайдаланылатын барлық төлем құралдарының жиынтығы)

денежное обращение, автоматически приспособляющееся к потребностям торговли - сауда қажеттіліктеріне өздігінен бейімделетін ақша айналысы
денежное обязательство - ақша міндеттемесі
денежное обязательство под ручной залог недвижимости - жылжымайтын мүліктің қол кепілімен берілген ақшалай міндеттеме
денежное обязательство третьего класса - үшінші сыныпты ақшалай міндеттеме
денежное покрытие - ақшалай өтем (*ұйымда белгіленген мерзімде оның барлық төлемдерін төлеу үшін қажетті ақшаның болуы деңгейі*)
денежное поручение авиапочтой - авиапоштамен жөнелтілген ақша тапсырмасы
денежное пособие - ақшалай жәрдемақы
денежное правило - ақша ережесі
денежное правило Фридмана - Фридменнің ақша ережесі (*американ экономисі М.Фридман тұжырымдаған ереже: ақша жиынының ұзақ мерзімді тұрақты өсу қарқыны өндірістің нақты көлемінің өсу қарқынындай болуға тиіс және соған орай ақша айналысы өзгеріп отырады*)
денежное предложение - ақша ұсынысы
денежное равновесие - ақша тепе-теңдігі
денежное содержание - ақшалай үлес, ақшалай қаражат
денежное сокровище - ақшалай қазына
денежное требование - ақшалай талап
денежное эластичное обращение - ақшаның икемді айналысы
денежно-кредитная дефляция - ақша-кредиттің құнсыздануы
денежно-кредитная конституция - ақша-кредит конституциясы (*ақша-несие саясатының күні бұрын белгіленген және өзгермейтін ережелері мен заңдарының жиынтығы*)
денежно-кредитная организация - ақша-несие ұйымы
денежно-кредитная политика - ақша-кредит саясаты (*ақша айналысы мен несие саласындағы экономикалық өсуді реттеуге, инфляцияны тежеуге, төлем теңгерімін теңестіруге, жұмыспен қамтылуды реттеуге бағытталған шаралар жиынтығы*)
денежно-кредитная политика в условиях исламской финансовой системы - ислам қаржы жүйесі жағдайындағы ақша-кредит саясаты
денежно-кредитная проблема - ақша-кредит проблемасы
денежно-кредитная система - ақша-кредит жүйесі (*ақша айналысы мен несие құралдарын реттеудің заң жүзінде белгіленген нақты нысаны*)

денежно-кредитная теория цикла - ақша-кредит циклі теориясы

денежно-кредитное регулирование - ақша-кредит реттеуі (*мемлекеттің экономикалық үдерістерге ықпал ететін негізгі құралдарының бірі*)

Денежно-кредитное управление Сингапура - Сингапурдың Ақша-кредит басқармасы

денежно-кредитные активы - ақша-кредит активтері

денежно-кредитные кризисы - ақша-кредит дағдарыстары

денежно-кредитный - ақша-кредит(тік)

денежно-кредитный механизм - ақша-кредит тетігі

денежно-налоговая система - ақша-салық жүйесі

денежно-счетные машины - ақша санау машиналары

денежно-торговый капитал - ақша-сауда капиталы

денежные авансы - ақшалай алғытөлем

денежные авуары - ақша авуарлары

денежные активы - ақшалай активтер (*компанияның шотында қолма-қол ақша сомасы түрінде көрсетілетін алынуга тиіс активтер*)

денежные взносы - ақшалай жарналар

денежные взыскания - ақша өндіріп алу

денежные документы - ақша құжаттары (*1. пошта маркалары, мемлекеттік баж маркалары, вексельдік маркалар, төленген авиабилеттер, демалыс үйлеріне, санаторийлерге төленген жолдамалар, т.б.; 2. бухгалтерлік есеп шоттары жоспарының “Ақшалай қаражат” бөлімінің шоты*)

денежные доходы населения - халықтың ақшалай табысы

денежные затраты - ақша шығыны, ақшалай шығын

денежные затруднения - ақша қиындығы

денежные знаки - ақша белгілері (*құн белгісі: банкноттар, ұсақ мәнәттер*)

денежные знаки мелкого достоинства - ұсақ құндылықтағы ақша белгілері

денежные круги - ақшалы топтар

денежные ликвидные активы - ақшалай өтімді активтер

денежные накопления - ақша қорланымы

денежные налоги - ақшалай салық

денежные обстоятельства - ақша жағдайы

денежные обязательства - ақшалай міндеттемелер, ақша міндеттемелері (*1. ақша төлеу, шоттарды, талаптарды төлеу жөніндегі ақшалай нысанда қабылданатын міндеттемелер; есептелген жалақыны, ұсынылған ақшалай шоттарды (төлем талаптары) төлеу, жарияланған дивидендтерді төлеу, салықтар мен өзге де төлемдерді төлеу, банк несиесі мен ол бойынша пайызды қайтару, шығарылған облигацияларды өтеуін төлеп алу түріндегі пассивтер; 2. мемлекеттің мемлекеттік тапсырыстарды төлеу, әлеуметтік жәрдемақы төлеу, облигацияларды, ақшалай сертификаттарды өтеуін төлеп алу, олар бойынша пайыз төлеу, алынған несиені қайтару қажеттігіне байланысты міндеттемелері*)

денежные обязательства с отсроченным получением - алу мерзімі ұзартылған ақшалай міндеттемелер

денежные остатки - ақша қалдықтары

денежные отправления авиапочтой - авиапоштамен жөнелтілген ақша

денежные пассивы - ақшалай пассивтер (*компанияның шотында қолма-қол ақша сомасы түрінде көрсетілетін төленуге тиіс активтер*)

денежные показатели плана - жоспардың ақшалай көрсеткіштері

денежные пособия - ақшалай жәрдемақы

денежные пособия, выдаваемые в качестве материальной помощи - материалдық көмек ретінде берілетін ақшалай жәрдемақы

денежные поступления - ақша түсімі, ақшалай түсім

денежные поступления от паломников - қажылардан түскен ақша түсімі

денежные процентные ставки - ақшалай пайыздық мөлшерлеме

денежные расходы - ақшалай шығын, ақшалай шығыс (*халықтың ақшалай табысты тауарлар сатып алуға көрсетілетін қызмет ақысын төлеуге, салықтар мен алымдарды, төлемдерді, жарналарды төлеуге, бағалы қағаздар сатып алуға жұмсауы*)

денежные расходы населения - халықтың ақшалай шығысы (*азаматтардың, отбасылардың, үй шаруашылықтарының тауар сатып алуға, көрсетілген қызметтердің ақысын төлеуге, салық, алым төлеуге, төлем, жарнапұл төлеуге, бағалы қағаздар сатып алуға, т.б. жұмсаған ақшалай шығыны*)

денежные ресурсы - ақша ресурстары

денежные рынки - ақша нарығы

денежные рынки западноевропейских стран - Батыс Еуропа елдерінің ақша нарығы

денежные сбережения - ақшалай жинақ, жинақ ақша

денежные средства - ақшалай қаражат

денежные средства бюджета - бюджеттің ақшалай қаражаты

денежные средства бюджетных учреждений - бюджеттік мекемелердің ақшалай қаражаты

денежные средства в национальной валюте - ұлттық валюта түріндегі ақшалай қаражат

денежные средства в процессе инкассирования - инкассолоу үдерісіндегі ақшалай қаражат

денежные средства в пути - жолда келе жатқан ақшалай қаражат (*сауда, ойын-сауық, көлік, т.б. кәсіпорындары мен ұйымдарынан несиелік мекемесінен осы кәсіпорындардың шотына есептеу үшін жөнелтілген, бірақ байланыс пен жеткізу жағдайлары бойынша әлі түспеген ақшалай қаражат*)

денежные средства, вложенные с риском - тәуекелмен салынған ақшалай қаражат

денежные средства и имущество, конфискованные при использовании метода контролируемой поставки - бақыланбалы жеткізілім әдісін пайдалану кезінде тәркіленген ақшалай қаражат пен мүлік

денежные средства, инвестированные в ценные бумаги - бағалы қағаздарға салынған ақшалай қаражат

денежные средства кредитных учреждений - кредит мекемелерінің ақшалай қаражаты

денежные средства на руках - қолда жүрген ақшалай қаражат

денежные средства общественных организаций - қоғамдық ұйымдардың ақшалай қаражаты

денежные средства объединений, предприятий и хозяйственных организаций - бірлестіктердің, кәсіпорындардың және шаруашылық ұйымдардың ақшалай қаражаты

денежные средства органов социального страхования - әлеуметтік сақтандыру органдарының ақшалай қаражаты

денежные средства, полученные на срок до начала следующего рабочего дня - келесі жұмыс күнінің басталуы мерзіміне алынған ақшалай қаражат

денежные средства сбербанков - жинақ банктерінің ақшалай қаражаты

денежные средства учреждений госстраха - мемлекеттік сақтандыру мекемелерінің ақшалай қаражаты

денежные суммы - ақшалай сома

денежные суммы на депозите, начисленные помимо воли владельца - иеленушінің еркіне қарамастан депозитте есептелген ақшалай сома

денежные суммы, принадлежащие иностранцам - шетелдіктерге тиесілі ақшалай сома

денежные суррогаты - ақша суррогаты, жасанды ақша (*заңнамада көзделмеген ақша белгілері*)

денежные фонды - ақшалай қорлар, ақша қорлары (*ақшалай қаражаттың арнайы бөлінген, біршама оқшауландырылған, белгілі бір мақсатқа арналған, белгілі бір атқарымды атқаратын бөлігі*)

денежные хранилища - ақша қоймалары (*банк мекемелерінде құндылықтарды сақтау үшін арнайы жабдықталған құжырлар*)

денежные хранилища в учреждениях Нацбанка - Ұлттық банк мекемелеріндегі ақша қоймалары

денежные ценные бумаги - ақшалай бағалы қағаздар

денежный - ақша, ақшалай

денежный сектор - ақша секторы (*макроэкономикалық үлгілердегі*)

денежный аванс - ақшалай аванс (алғытөлем)

денежный агрегат - ақша агрегаты (*ақшаның көлемі мен құрылымын өтімділігіне қарай сипаттайтын көрсеткіш; бір-бірінен өтімділік дәрежесіне, яғни нақты ақшаға тез айналуы мүмкіндігіне қарай өзгешеленетін ақша және ақшалай қаражат түрлері*)

денежный агрегат L - L ақша агрегаты (*қолма-қол ақша, чектер, салымдар, бағалы қағаздар*)

денежный агрегат M1 - M1 ақша агрегаты (*Ұлыбританияда айналыстағы қолма-қол ақшаны және банктердегі жекеше сектордағы стерлингілік шоттарды қамтиды; АҚШ-та - айналыстағы қолда бар ақшаны, талап етілмелі шоттарды, бейбанктік жол чектерін, басқа да кейбір активтерді қамтиды*)

денежный агрегат D0 - D0 ақша агрегаты (*неғұрлым өтімді ақша агрегаты, D1-дің құрамына кіреді*)

денежный агрегат D1 - D1 ақша агрегаты (*негізгі элементі заңды және жеке тұлғалардың ағымдағы*

және есеп айырысу шоттарындағы қаражатының қалдықтары болып табылатын ақша агрегаты, D2-нің құрамына кіреді)

денежный агрегат D2 - D2 ақша агрегаты (*көрсеткішін есептеу үшін D1-дің барлық компоненттері, жеке және заңды тұлғалар депозиттерінің сомасы пайдаланылатын ақша агрегаты, D3-тің құрамына кіреді*)

денежный агрегат D3 - D3 ақша агрегаты (*заңды тұлғалардың қысқа, орта және ұзақ мерзімді депозиттерінен және халықтың мерзімді салымдарынан тұратын ақша агрегаты, D4-тің құрамына кіреді*)

денежный агрегат D4 - D4 ақша агрегаты (*көрсеткішіне D3-пен қатар бағалы қағаздарға салынған қаражат кіретін ақша агрегаты, D5-тің құрамына кіреді*)

денежный агрегат D5 - D5 ақша агрегаты (*D4-тен және жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың шоттарындағы шетел валютасымен салынған қаражатынан тұратын ақша агрегаты*)

денежный агрегат M - M ақша агрегаты (*теңгерілген атаулы ақша жиыны*)

денежный агрегат M0 - M0 ақша агрегаты (*айналыстағы ақша жиынының ең тар аядағы көрсеткіші; айналыстағы банкноттар мен мәнеттерді, банктердің кассалық нақты ақшасын және Англия Банкіндегі коммерциялық банктердің шоттарындағы қаражат қалдықтарын қамтиды*)

денежный агрегат M-0 - M-0 ақша агрегаты (*қолма-қол ақша*)

денежный агрегат M-1 - M-1 ақша агрегаты (*қолма-қол ақша, банкнот, шақа және ағымдағы банк шоттарындағы қаражат*)

денежный агрегат M10 - M10 ақша агрегаты

денежный агрегат M-1A - M-1A ақша агрегаты

денежный агрегат M-1B - M-1B ақша агрегаты

денежный агрегат M2 - M2 ақша агрегаты (*Ұлыбританияда M1 ақша агрегатын қосу мерзімдік жинақ ақша шоттарын қамтиды; АҚШ-та - M1 ақша агрегатын қосу мерзімдік жинақ ақша шоттарын, 100 мың долларға дейінгі мерзімдік депозиттерді, бір күндік еуродолларлық депозиттерді, кейбір акцияларды қамтиды*)

денежный агрегат M-2 - M-2 ақша агрегаты (*M-1 плюс коммерциялық банктердегі мерзімді және жинақ ақша салымдары*)

денежный агрегат M3 - M3 ақша агрегаты (*Ұлыбританияда M3 стерлингілік агрегатын және жекеше сектордың шетелдік валюта түріндегі банктік депозиттерін қамтиды; АҚШ-та - M2 ақша агрегатын қосу 100 мың доллардан жоғары мерзімдік депозиттерді және кейіннен өтеуі төленіп алынатын бағалы қағаздарды сату туралы мерзімдік келісімдерді қамтиды*)

денежный агрегат M-3 - M-3 ақша агрегаты (*M-2 плюс мамандандырылған несие мекемелеріндегі жинақ ақша салымдары*)

денежный агрегат М4 - М4 ақша агрегаты
денежный агрегат М-4 - М-4 ақша агрегаты (*М-2 плюс ірі коммерциялық банктердегі депозиттік сертификаттар*)
денежный агрегат М-5 - М-5 ақша агрегаты (*М-3 плюс коммерциялық банктердегі депозиттік сертификаттар*)
денежный аккредитив - ақшалай аккредитив (*клиенттің банкке ақша салғанын және осы банкінің бір немесе бірнеше банкке аккредитивтің иесіне онда көрсетілген соманы көрсетілген мерзім ішінде төлеу туралы тиісті тапсырмасын қуаттайтын атаулы құжат*)
денежный актив - ақша активі
денежный базис - ақша базисі
денежный безналичный перевод - қолма-қол ақшасыз есеп айырысатын ақша аударымы
денежный билет - ақша билеті
денежный блок - ақша одағы
денежный брокер - ақша брокері
денежный взнос - ақшалай жарна
денежный вклад - ақшалай салым
денежный вклад в план (программу) доходности для работников - қызметкерлер үшін табыстылық жоспарына (бағдарламасына) салынатын ақшалай салым
денежный голод - ақша тапшылығы, ақша аштығы (*жаргон сөз: елдегі қолма-қол ақшаның жетімсіздігі*)
денежный дефицит - ақша тапшылығы
денежный дивиденд - ақшалай дивиденд
денежный документ, передаваемый банку через кассовое окно - банкіге касса терезесі арқылы берілетін ақша құжаты
денежный документ, подлежащий проводке по счету - шот бойынша өткізбе жасалуға тиіс ақша құжаты
денежный долг - ақшалай борыш
денежный доход - ақшалай табыс
денежный доход населения - халықтың ақшалай табысы
денежный доход семьи - отбасының ақшалай табысы
денежный заем - ақшалай қарыз
денежный залог - ақшалай кепіл (*міндеттемені ақшалай қамсыздандыру тәсілі*)
денежный запас - ақша қоры (*экономикада ақшалай қаражаттың жалпы қоры*)
денежный знак - ақша белгісі
денежный интерес - ақшалай мүдде
денежный капитал - ақша капиталы
денежный кредит - ақшалай несие, ақша несіесі
денежный кризис - ақша дағдарысы
“денежный магазин” - “ақша дүкені”
денежный маклер - ақша маклері
денежный масштаб - ақша ауқымы
денежный материал - ақша материалы
денежный менеджмент - ақша менеджменті
денежный металл - ақша металы (*қалыптасқан жағдайға орай жалтыға бірдей балама ретіндегі ақша рөлін атқаратын асыл металл*)

денежный механизм - ақша тетігі (*экономикалық құрал, оның көмегімен ақша көлеміндегі өзгерістер қалған экономикаға ықпал етеді*)
денежный мультипликатор - ақша мультипликаторы (*ақша массасын бір өшемге: долларға, теңгеге, рубльге, маркаға өзгерткен кезде оның көлемі қанша шамаға өзгертінін көрсететін коэффициент*)
денежный начет - ақша ұстап қалу, мойынға ақша мінгізу (*лауазымды адамға белгілі бір шаруашылық немесе тәртіптік жолсыздығы үшін қолданылатын мүлктік сипаттағы ықпал ету шарасы*)
денежный обмен - ақша айырбасы
денежный оборот - ақша айналысы
денежный оборотный капитал - ақша айналысы капиталы
денежный оброк - ақшалай оброк
денежный оправдательный документ - ақшалай рас-тама құжат, ақшаны растайтын құжат
денежный ордер - ақша ордері
денежный перевод - ақша аударымы ақша аудармасы, ақшалай аударма, ақша аудару (*кәсіпорындардың, олар мен жеке азаматтардың арасында несие мекемелері мен байланыс кәсіпорындары арқылы ақша аударуы*)
денежный перевод на сумму до 5 долларов - 5 долларға дейінгі сомаға ақша аудару (*АҚШ*)
денежный платеж - ақша төлемі
денежный показатель - ақша көрсеткіші, ақшалай көрсеткіш
денежный поток - ақша ағыны
денежный поток наличных - қолма-қол ақша ағыны (*экономикалық агент түсімі мен төлемін уақыт жағынан бөлу*)
денежный поток после выполнения долговых обязательств и выплат денег - борышқорлық міндеттеме орындалып, ақша төленгеннен кейінгі ақша ағыны
денежный поток после уплаты налогов - салықтарды төлегеннен кейінгі ақша ағыны
денежный поток, связанный с основной деятельностью компании - компанияның негізгі қызметімен байланысты ақша ағыны
денежный пул - ақша пулы (*банк консорциумы*)
денежный реестр - ақшалай тізілім
денежный резерв - ақша сақтық қоры, сақтық ақша
денежный рынок - ақша нарығы (*біртекті ұлттық несие және депозит нарықтарының жиынтығы*)
денежный рынок с двойным режимом - қосарлы режимді ақша нарығы (*тиянақталған және еркін валюталық бағамы бар*)
денежный рыночный фонд - нарықтық ақша қоры
денежный сбор - ақша алымы, ақшалай алым
денежный сектор - ақша секторы
денежный сектор экономики - экономиканың ақша секторы
денежный сертификат - ақша сертификаты
денежный сертификат на рынке с повышением курсов - бағамы көтерілетін нарықтағы ақша сертификаты

- денежный союз** - ақша одағы
- денежный спрос** - ақша сұранысы
- денежный стандарт** - ақша стандарты (*ақшаның, әсіресе ақша өлшемінің құндық құрамы айқындалатын негіз*)
- денежный стимул** - ақша ынталандырмасы
- денежный субститут** - ақша субституты
- денежный счет в банке** - банктегі ақша шоты
- денежный товар** - ақшалай тауар, ақша тауары (*тарихи даму барысында ақша жалтыға бірдей құн баламы, өлшеуіші рөлін атқаратын тауар*)
- денежный трансфер** - ақша трансфері (*борышты өтеуге бағытталған төлем операциялары жүйесі*)
- денежный трансферт** - ақша трансферті (*борышты өтеуге бағытталған төлем операциялары жүйесі*)
- денежный ущерб** - ақшалай зиян
- денежный фактор** - ақша факторы
- денежный фетишизм** - ақша фетишизмі, ақшаға табынушылық, ақшаны әспеттеушілік (*ақшаның ерекше рөлін тану, ақшаға бас ию*)
- денежный фонд** - ақша қоры
- денежный центр** - ақша орталығы
- денежный чек** - ақшалай чек, ақша чегі (*кәсіпорынның чек берушінің шотынан чекте көрсетілген соманы ақшалай төлеу туралы банк мекемесіне берген бұйрығы жазылған белгіленген нысандағы құжат*)
- денежный штраф** - ақшалай айыппұл
- денежный эквивалент** - ақша баламы, ақшалай балам
- денежный эквивалент определенного количества золота или серебра в условиях металлического стандарта** - металл стандарты жағдайында белгілі бір мөлшердегі алтынның немесе күмістің ақшалай баламы
- денежный ящик** - ақша жәшігі
- денежный ящик кассы** - кассаның ақша жәшігі
- “де-ново” - “де-ново”** (*жаңа банктер дегенді білдіретін жаргон сөз*)
- деноминационная стоимость** - деноминациялық (*атаулы*) құн (*валютаның, мәнеттің, бағалы қағаздардың атаулы құны*)
- деноминация** - деноминация, ірілендіру (*ақша өлшемін ірілендіру*)
- деноминация акций** - акцияларды ірілендіру
- деноминация национальной валюты** - ұлттық валютаны ірілендіру
- деноминация старых вкладов** - бұрынғы салымдарды ірілендіру
- день банковский** - банк күні (*банк жұмыс күнінің төлем төленетін сағаттары*)
- день биржевой** - биржа күні
- день введения в Великобританию десятичной денежной системы** - Ұлыбританияда ондық ақша жүйесінің енгізілген күні (*1971 ж. 15 ақпан*)
- день взаимных расчетов** - өзара есеп айырысу күні
- день выдачи зарплаты** - жалақы беру күні
- день выписки** - жаздырып алу күні
- день выписки векселя** - вексель жаздырып алу күні
- день выписки чека** - чек жаздырып алу күні
- день закрытия** - жабылатын күн
- день зачета взаимных требований** - өзара талаптарды есепке алу күні
- день заключения сделки** - мәміле жасасу күні
- день исполнения обязательства** - міндеттемені орындау күні
- день исполнения сделки** - мәмілені орындау күні
- день истечения срока** - мерзімнің өтетін күні
- день календарный** - күнтізбелік күн
- день, когда компания публикует информацию о новом займе** - компания жаңа қарызхат туралы ақпарат жариялайтын күні
- день конвертации** - конверсияланатын (айырбасталатын) күн
- день контанго** - контанго күні (*Лондон қор биржасындағы есеп айырысудың алғашқы күні*)
- день, на который составляется баланс** - теңгерім жасалатын күн
- день назначенный** - белгіленген күн
- день наступления срока платежа** - төлем мерзімінің басталған күні
- день нерабочий** - жұмыс істемейтін күн
- день объявления дивиденда** - дивиденд жарияланған күн
- день операционный** - операциялар жүргізілетін күн, операциялық күн
- день открытия** - ашылу күні
- день отсрочки** - кейінге қалдыру күні
- день отсрочки сделки** - мәміленің мерзімі ұзартылған күн
- день оформительский** - рәсімдеу күні
- день оценки** - бағалау күні
- день первого уведомления** - алғашқы хабарлама күні
- день переноса** - ауыстыру күні
- день платежа** - төлем күні
- день платежа по займу** - қарыз бойынша төлем төлеу күні
- день подписки** - жазылыс күні
- день полный** - толық күн
- день последний** - соңғы күн
- день представления банком отчетности центральному банку** - банкінің орталық банкіге есеп-қисап беру күні
- день приемный** - қабылдау күні
- день рабочий** - жұмыс күні
- день расчета (расчетный)** - есеп айырысу күні
- день расчета по репортным операциям** - репорттық операциялар бойынша есеп айырысу күні
- день расчетов** - есеп айырысу күні
- день расчетов по сделкам с премией** - сыйлықақылы мәмілелер бойынша есеп айырысу күні
- день регистрации** - тіркеу күні
- день репорта** - репорт күні
- день решающий** - шешуші күн
- день рыночный** - нарықтық күн
- день уведомления** - хабарлау күні, хабарлама күні

- день урегулирования платежей** - төлемдерді реттеу күні
- деньга/денга** - деньга/денга (*орыстың XIV-XVII ғасырларда қолданылған күміс шақасы*)
- деньги** - ақша (*1. тауарларды айырбастау кезінде жалпыға бірдей балама рөлін атқаратын ерекие тауар; 2. заңды төлем құралы; 3. есеп бірлігі және жинақ ақша құралы ретінде жұмыс істейтін айналыс құралы; 4. төлем құралы ретінде қабылданатын нәрселердің бәрі*)
- деньги банковские** - банк ақшасы
- деньги банковского оборота** - банк айналымының ақшасы
- деньги безналичные** - қолда жоқ ақша
- деньги безналичных расчетов** - қолма-қол ақшасыз есеп айырысу ақшасы
- деньги близкие** - жақын ақша, таяудағы ақша
- деньги бумажные** - қағаз ақша (*1. банкнот түріндегі заңды төлем құралы; 2. банкноттар және кез келген бағалы қағаздар; 3. құн белгілері*)
- деньги бухгалтерские** - бухгалтерлік ақша
- деньги бюджетные** - бюджет ақшасы
- деньги в банке** - банктегі ақша
- деньги в большом количестве** - көп мөлшердегі ақша
- деньги в достаточном количестве** - жеткілікті мөлшердегі ақша
- деньги в кассе** - кассадағы ақша
- деньги в монетной форме** - мәнет нысанындағы ақша
- деньги в обращении** - айналыстағы ақша
- деньги в обращении вне банков** - банктерден тыс айналыстағы ақша
- деньги в пути** - жолда келе жатқан ақша
- деньги в хранилище** - сақтау орнындағы ақша
- деньги внешние** - сыртқы ақша
- деньги военные** - әскери ақша
- “деньги вперед”** - “ақшаны алдын ала алу”
- деньги, выплачиваемые из кассы** - кассадан төленетін ақша
- “деньги говорят”** - “ақша сөйлейді” (*ақша - билеуші, сондықтан ол қажет нәрсенің бәрін сатып ала алады*)
- деньги горячие** - қапыл ақша (*құнын сақтау не алыпсатарлықтан үстеме пайда алу мақсатымен бір елден екінші елге өз бетінше ауысып отыратын ақша капиталы*)
- деньги “грязные”** - “арам” ақша
- деньги, даваемые взаймы** - қарызға берілетін ақша
- деньги, данные взаймы на срок** - белгілі мерзімге қарызға берілген ақша
- деньги декретные** - декреттік ақша
- деньги депозитные** - депозиттік ақша
- деньги, депонированные в банке** - банкте депозиттелген ақша
- деньги “дешевые”** - “арзан” ақша (*экономиканың несиелендірілуін ұлғайтып, жандандыру мақсатымен орталық банктердің экспансионистік несие саясатын жүргізуі нәтижесінде несиенің арзандауын білдіретін термин*)
- деньги “длинные”** - “ұзын” ақша (*ұзақ мерзімді несие*)
- деньги для определенных целей** - белгілі мақсатқа арналған ақша
- деньги до востребования** - талап етілмелі ақша (*ақша нарығында орналастырылған, қысқа мерзімді алдын ала хабарлау жолымын кері қайтарып алуға болатын ақша*)
- деньги договорные** - келісілген ақша, шарттық ақша
- деньги “дорогие”** - “қымбат” ақша (*1. сатып алуға жарамдылығы көтерілген ақша; 2. орталық банкінің мақсатты саясаты нәтижесінде несиенің қымбаттауы*)
- деньги, доставшиеся нечестным путем** - арам жолмен табылған ақша
- деньги других людей** - басқа адамдардың ақшасы
- деньги жертвенные** - садақа ақша, қайыр ақша, қайырмалдық ақша
- деньги живые** - қолдағы нақты ақша
- деньги за декретный отпуск** - декрет демалысының ақшасы
- деньги за проезд** - жол жүру ақшасы
- деньги - законное платежное средство** - ақша - заңды төлем құралы
- деньги залежалые** - сұр ақша, жатып қалған ақша
- деньги заработанные** - еңбекпен табылған ақша
- деньги, имеющие основой земельные участки** - жер теліміне негізделген ақша (*Франциядағы ассигнаттар*)
- деньги казначейские** - қазынашылық ақшасы
- деньги как единица учета** - есеп бірлігі ретіндегі ақша
- деньги как залог** - кепілзат ретіндегі ақша
- деньги как средство сбережения** - жинақ ақша құралы ретіндегі ақша
- деньги как ценностная оболочка** - құндылық қабығы ретіндегі ақша
- деньги карманные** - қалтапұл (*ұсақ-түйекке жұмсалатын ақша, күнделікті қажетке жаратылатын ақша*)
- деньги квартирные** - пәтер ақшасы
- деньги “километровые”** - “шақырымдық” ақша (*меншікті машинасымен қызмет бабындағы іссапарға барып қайтқаны үшін өтемақы*)
- деньги “клубные”** - “клубтық” ақша (*британ банктерінің ақша нарығының өтемпаздығын қолдау үшін есеп үйінде ұстайтын депозиттері*)
- деньги контрсталийные** - контрсталиялық ақша (*кеме иесіне жүк тиеу/түсіру кезінде кемеңі сталиялық уақыттан тыс кідірткені үшін қосымша төленетін ақы*)
- деньги “короткие”** - “қысқа” ақша (*қысқа мерзімді несие*)
- деньги, которые не могут быть превращены в ценные металлы** - құнды металдарға айнала алмайтын ақша
- деньги кредитные** - несие ақша, кредиттік ақша
- деньги “легкие”** - “жеңіл” ақша (*оңай жолмен табылған ақша*)

деньги, лежащие на депозитном счете без движения - депозиттік шотта қозғалыссыз жатқан ақша

деньги лишние - артық ақша

деньги медные - мыс ақша, бақыр ақша

деньги мелкие - уақ-түйекке жұмсалатын ақша, майда ақша

деньги местные - жергілікті ақша

деньги металлические - металл ақша

деньги мировые - дүние жүзілік ақша, әлемдік ақша

деньги, мобилизованные путем займа - қарыз жолымен жұмылдырылған ақша

деньги на банковском депозите - банк депозитіндегі ақша

деньги на депозите - депозиттегі ақша

деньги на мелкие расходы - ұсақ-түйек шығынға жұмсалатын ақша

деньги на непредвиденные расходы - бұйқыт шығынға арналған ақша

деньги на покупку - сатып алуға жұмсалатын ақша

деньги на представительские расходы - өкілдік шығынына арналған ақша

деньги на руках у населения - халықтың қолындағы ақша

деньги на срок - мерзімдік ақша

деньги на текущем счете - ағымдағы шоттағы ақша

деньги на черный день - қиын-қыстау күнге арналған ақша

деньги наличные - қолма-қол ақша, қолда бар ақша

деньги, не обеспеченные золотом - алтынмен қамтамасыз етілмеген ақша

деньги, не обеспеченные металлическим резервом - металл сақтық қорымен қамтамасыз етілмеген ақша

деньги, не обеспеченные товарным покрытием - тауармен өтелуі қамтамасыз етілмеген ақша

деньги, не приносящие доходы - табыс әкелмейтін ақша

деньги неизрасходованные - жұмсалмаған ақша

деньги неиспользуемые - пайдаланылмайтын ақша

деньги нейтральные - бейтарап ақша

деньги неразменные - ұсақталмайтын ақша

деньги неуплаченные - төленбеген ақша

деньги новые - жаңа ақша (*баламалы жаңа облигациялар шығарылымы*)

деньги обеспеченные - қамсыздандырылған ақша

деньги, обеспеченные золотом - алтынмен қамтамасыз етілген ақша

деньги, обеспеченные частными кредитными обязательствами - жекеше кредит міндеттемелерімен қамсыздандырылған ақша

деньги обесцененные - құнсыздандырылған ақша

деньги обесценивающиеся - құнсызданатын ақша

деньги обесценившиеся - құнсызданған ақша

деньги обращающиеся - айналыстағы ақша

деньги оставшиеся - қалдық ақша

деньги, отложенные на черный день - қиын-қыстау күнге арнап сақталған ақша

деньги отмытые - жылыстаған ақша

деньги отступные - шегінбелі ақша (*өзінің құқықтарынан, талаптарынан бас тартушыға берілетін ақша*)

деньги “очень короткие” - “өте қысқа” ақша (*1-2 күнге үлкен пайыз есептеліп берілетін несие*)

деньги “параллельные” - “қосарланба” ақша

деньги пластиковые - пластик ақша

деньги “повышенной мощности” - “әлеуеттілігі жоғары” ақша

деньги повышенной эффективности - тиімділігі жоғары ақша (*несие экспансиясы үшін негіз болатын ақша*)

деньги под закладную - кепілхатпен алынған ақша

деньги поддельные - қолдан жасалған ақша, жалған ақша

деньги, подлежащие выплате - төлеуге жататын ақша

деньги покупные - сатып алынған ақша

деньги полученные - алынған ақша

деньги, полученные взаимно - қарызға алынған ақша

деньги, полученные незаконно - заңсыз алынған ақша

деньги поступающие в кассу - кассаға түсетін ақша

деньги призовые - жүлделік ақша

деньги процентные - пайыздық ақша

деньги рабочие - жұмыс ақша

деньги разменные - ұсақ ақша

деньги реальные - шынайы ақша

деньги с высокой покупательной способностью - сатып алу қабілеті жоғары ақша

деньги с низкой покупательной способностью - сатып алу қабілеті төмен ақша

деньги с принудительным курсом - бағамы мәжбүрлі ақша

деньги с устойчивой покупательной силой - сатып алу күші орнықты ақша

деньги с устойчивой покупательной способностью - сатып алу қабілеті орнықты ақша

деньги с учетом их покупательной силы - сатып алу күші ескерілетін ақша

деньги сакральные - мінәжат ақша

деньги свободные - бос ақша

деньги серебряные - күміс ақша

деньги символические - символдық ақша, рәміздік ақша

деньги, ссуженные на короткий срок - қысқа мерзімге несиеге берілген ақша

деньги суточные - тәуліктік ақша (*банк биржаның вексельдік делдалына аударма вексель сатып алу үшін беретін несие*)

деньги счетные - шоттық ақша

деньги твердые - тұрақты ақша

деньги “терпеливые” - “төзімді” ақша (*серіктестің бірлескен кәсіпорында операция пайдалы болғанға дейін негізгі төлемдерді, несие пайызын алуды кейінге қалдыра тұруға қабілетті екенін сипаттайтын термин*)

деньги товарные - тауар ақшасы

деньги “торговые” - “сауда” ақшасы
 деньги “тяжелые” - “ауыр” ақша (*несие ұсынысы жеткіліксіз болғанда ақша нарығында несие пайызын туындататын жағдай*)
 деньги удержанные - ұстап қалынған ақша
 деньги универсальные - әмбебап ақша
 деньги фальшивые - жалған ақша
 деньги Федеральной резервной системы - Федералдық сақтық қор жүйесінің ақшасы
 деньги “хорошие” - “жақсы” ақша
 деньги центрального банка - орталық банк ақшасы
 деньги цифровые - цифрлы ақша, сандық ақша
 деньги чековые - чек ақша
 деньги чековых книжек - чек кітапшаларының ақшасы (*депозиттік ақшаның синонимі*)
 деньги эластичные - икемді ақша
 деньги электронные - электронды ақша
 деньги-двойники - егіз ақша (*жергілікті валюта түріндегі долларға көмекші балама*)
 деньги-знаки - ақша белгілері
 денье - денье (*1. француздың байырғы күміс шақасы. 2. бухгалтерияда: операциялардың ақшалай нысандағы есебі*)
 депансировать - жұмсау, төлеу
 депансы - шығын, шығыс
 департамент банка по кредитованию и финансированию недвижимости - банктің жылжымайтын мүлікті несиелендіру және қаржыландыру жөніндегі департаменті
 департамент банка по финансовому контролю - банктің қаржы бақылауы жөніндегі департаменті
 департамент банков и банковской деятельности (государственный) - банктер мен банк қызметі департаменті (мемлекеттік)
 департамент внегородской инкассации - қаладан тысқары инкассация департаменті
 департамент внутреннего аудита - ішкі аудит департаменті
 департамент гарантии экспортных кредитов - экспорттық несиеге кепілдік беру департаменті
 департамент жилищного и городского развития - тұрғын үйді және қаланы дамыту департаменті
 департамент инвестиций - инвестициялар департаменті
 департамент контроля платежных операций - төлем операцияларын бақылау департаменті
 департамент кредитной политики банка - банктің кредит саясаты департаменті
 департамент кредитования - несиелендіру департаменті
 департамент “паблик рилейшнз” - “паблик рилейшнз” департаменті (*жұртшылықпен байланыс орнату департаменті*)
 департамент по связям с общественностью - жұртшылықпен байланыстар жөніндегі департамент
 департамент по торговле ценными бумагами - бағалы қағаздарды сату жөніндегі департамент

департамент фондовой биржи, осуществляющий надзор за текущей торговлей - қор биржасының ағымдағы сауданы қадағалаушы департаменті (*АҚШ*)
 департамент ценных бумаг Федерального резервного банка Нью-Йорка - Нью-Йорк Федералдық сақтық қор банкінің бағалы қағаздар департаменті
 депо - депо, қойма, сақтаулы қор (*1. бағалы қағаздар, басқа да құндылықтар сақталатын орын; 2. несие мекемелеріне сақтауға берілетін бағалы қағаздар; 3. бухгалтерлік есепте: есеп ақпараты жиналатын жиынтық тізілім; 4. сақтандыру шарты бойынша міндеттеменің орындалуы кепілдігі үшін ұсталатын сыйлықақы бөлігі*)
 депо акций - акциялар депосы
 депо банка - банк қоры
 депо премий - сыйлықақы қоры
 депо страховых платежей - сақтандыру төлемдерінің депосы (*сақтандырушы құратын ақша қоры*)
 депо счет - депо шот
 депо счет договора - шарт депо шоты
 депо-вексель - депо-вексель (*вексель-қор*)
 депозит - депозит, салым (*1. банкке не жинақ кассасына салынған салым; 2. клиенттің банкіге талаптарын қуаттайтын банк кітапшаларындағы жазбалар; 3. несие мекемелеріне сақтауға берілген бағалы қағаздар; 4. кеден бажы мен алымының төленуін қамтамасыз ету үшін кеден мекемесіне төленген жарналар; 5. талапты, сотқа келуді қамтамасыз ету үшін сот және әкімшілік мекемелеріне төленетін ақшалай жарна; 6. фьючерстік келісімішарттың жалпы құнының уағдаласылған бөлігінен не тұрақты сомдан құралатын ақша сомасы, оны есеп айырысу палатасы биржасының мүшесі төлеуге тиіс, ал клиенттер оны келісімішарт тіркелгенде делдалға төлейді*)
 депозит арендатора - жалгердің депозиті
 депозит банковский - банк депозиті (*жеке не заңи тұлғалардың банкіге сақтауға тапсырған ақшасы*)
 депозит бессрочный - мерзімсіз депозит
 депозит блокированный - оқшауландырылған депозит
 депозит бюджетных учреждений - бюджет мекемелерінің депозиті
 депозит в виде ценных бумаг - бағалы қағаздар түріндегі депозит
 депозит в евровалюте - еуровалюта түріндегі депозит
 депозит в жиробанке - жиробанктегі депозит
 депозит в залог добросовестного выполнения обязательств - міндеттемелерді адал орындау кепілдігі ретінде берілетін депозит
 депозит в иностранной валюте - шетелдік валюта түріндегі депозит
 депозит в недолларовой валюте - доллар емес валюта түріндегі депозит
 депозит в обеспечение искового требования - қуыным талабын қамтамасыз етуге арналған депозит
 депозит в оптовом банке - көтерме сауда банкіндегі депозит

депозит в погашение заявленного требования - мәлімделген талапты өтеуге арналған депозит

депозит в погашение требования - талапты өтеуге арналған депозит

депозит в почтово-сберегательной системе - пошта-жинақ ақша жүйесіндегі депозит

депозит, возврат которого гарантирован - қайтарылуы кепілдендірілген депозит

депозит возвратный - қайтарылмалы депозит

депозит гарантийный - кепілдікті депозит

депозит, гарантирующий платежи от фирм, имеющих франшизу - франшизасы бар фирмалардан төлемге кепілдік беретін депозит

депозит государственного учреждения - мемлекеттік мекеме депозиті

депозит денежный - ақшалай депозит

депозит для регулирования маржи - маржаны реттеуге арналған депозит

депозит для специальных целей - арнаулы мақсаттарға арналған депозит

депозит до востребования - талап етілмелі депозит, ізденді депозит

депозит до востребования с возможностью выписывать чеки - чек жазуға мүмкіндік беретін талап етілмелі депозит

депозит “доброй воли” - “ізгі ниет” депозиті

депозит доверительный - сенімгерлік депозиті

депозит договорный - шарт депозиті

депозит доимпортный - импортқа дейінгі депозит

депозит должника - борышкер депозиті

депозит долларовой - долларлық депозит

депозит, допускающий овердрафт - овердрафтқа рұқсат ететін депозит

депозит других кредитных учреждений, размещенный в данном банке - басқа несие мекемелерінің осы банкте орналастырылған депозиті

депозит жиробанка - жиробанк депозиті

депозит залоговый - кепілді депозит

депозит застрахованный - сақтандырылған депозит

депозит или вексель до востребования - ізденді депозит немесе вексель, талап етілмелі депозит немесе вексель

депозит импортный - импорттық депозит

депозит клиента - клиент депозиті

депозит краткосрочный - қысқа мерзімді депозит

депозит кредитора - несиегер депозиті

депозит минфина - қаржы министрлігінің депозиті

депозит на особых условиях - ерекше жағдайдағы депозит

депозит на ответственном хранении - жауапкершілікпен сақтаудағы депозит

депозит, находящийся в управлении по доверенности - сенімхат бойынша басқарудағы депозит

депозит, не приносящий процента - пайыз әкелмейтін депозит

депозит неиспользуемый - пайдаланылмайтын депозит

депозит неправительственного учреждения - бейүкіметтік мекеме депозиті

депозит ночной - түнгі депозит

депозит, образованный путем внесения наличных денег - қолма-қол ақша салу жолымен құрылған депозит

депозит обычный - дағдылы депозит

депозит первичный - алғашқы депозит

депозит переводимый - аударымды депозит, аударылатын депозит

депозит, по которому начисляются проценты - пайыз есептелетін депозит

депозит, погашаемый по требованию - талап ету бойынша өтелетін депозит

депозит, погашаемый с уведомлением за семь дней - жеті күнде хабарлаумен өтелетін депозит

депозит покупателей - сатып алушылардың депозиті

депозит, полученный по почте - пошта арқылы алынған депозит

депозит “посланный” - “жіберілген” депозит, “жөнелтілген” депозит

депозит правительственный - үкімет депозиті

депозит предшествующий - ілкі депозит

депозит премии - сыйлықақы депозиті

депозит производный - туынды депозит

депозит, размещаемый банком в других кредитных учреждениях - банк басқа несие мекемелерінде орналастыратын депозит

депозит расщепляющийся - бөлшектелмелі депозит

депозит резервный - сақтық қор депозиті, резерв депозиті

депозит с длительным уведомлением - ұзақ мерзімде хабарланатын депозит (*алып қою туралы*)

депозит с колеблющейся ставкой процента - пайыз мөлшерлемесі ауытқымалы депозит

депозит с кратковременным уведомлением - қысқа мерзімде хабарланатын депозит (*алып қою туралы*)

депозит с налоговыми льготами - салық жеңілдіктері бар депозит

депозит с переменной процентной ставкой - пайыздық мөлшерлемесі ауыспалы депозит

депозит с плавающей ставкой процента - пайыз мөлшерлемесі құбылмалы депозит

депозит с уведомлением об изъятии - алып қою туралы хабарланатын депозит

депозит с фиксированной процентной ставкой - пайыздық мөлшерлемесі тиянақталған депозит

депозит с фиксированной ставкой процента - пайыз мөлшерлемесі тіркелген депозит

депозит с фиксированным сроком - мерзімі тиянақталған депозит

депозит сберегательный - жинақ ақша депозиті

депозит, сопряженный с риском - тәуекелмен ұштасып жатқан депозит

депозит специальный - арнаулы депозит

депозит срочный - мерзімдік депозит

депозит физического лица - жеке тұлғаның депозиті

депозит частного лица - жекеше тұлғаның депозиті

депозит частного лица или корпорации неправительственного учреждения - жекеше тұлғаның немесе бейүкіметтік мекеме корпорациясының депозиті

депозит частный - жекеше депозит

депозит, часть суммы которого можно снять по чеку наличными - сомасының бір бөлігін чек бойынша қолма-қол ақшамен алуға болатын депозит

депозитарий - депозитарий (1. депозит сеніп тапсырылған жеке не заңи тұлға; 2. депозитарийлік қызметті жүзеге асыратын, бағалы қағаздар нарығына кәсіпқой қатысушы заңи тұлға; 3. кепіл ретінде кез келген құндылықты сақтауға қабылдаушы сот орындаушысы, банк, брокер; 4. халықаралық құқықта - халықаралық шарттың және оған қатысты барлық құжаттардың түпнұсқасын сақтаушы мемлекет немесе халықаралық ұйым)

депозитарий резервов - сақтық қор депозитарийі

депозитарий рынка государственных краткосрочных бескупонных облигаций - мемлекеттік қысқа мерзімді купонсыз облигациялар нарығының депозитарийі

депозитарий уполномоченный - уәкілетті депозитарий

депозитарий финансовой отчетности - қаржы есептілігінің депозитарийі

депозитарий ценных бумаг - бағалы қағаздар депозитарийі

депозитарная деятельность - депозитарлық қызмет, депозитарийлік қызмет

депозитарная операция - депозитарлық операция

депозитарная расписка - депозитарлық қолхат, депозитарийлік қолхат

депозитарная система - депозитарийлік жүйе

депозитарная система рынка государственных краткосрочных бескупонных облигаций - мемлекеттік қысқа мерзімді купонсыз облигациялар нарығының депозитарийлік жүйесі

депозитарная трастовая компания - депозитарлық сенімгерлік компания

депозитарное соглашение - депозитарлық келісім

Депозитарный гарантийный фонд Огайо - Огайо Депозитарлық кепілдік қоры

депозитарный договор - депозитарлық шарт (*депозит туралы шарт; депозитарий мен депонент арасындағы шарт, олардың депозитарийлік қызмет барысындағы қатынастарын реттейді*)

депозитирование платежных документов торговой фирмой - сауда фирмасының төлем құжаттарын депозиттеуі

депозитная валюта - депозиттік валюта (*ұсынылғанда төленуге міндетті қорлану қаражаты ретінде пайдаланылатын чектер, банк міндеттемелері түріндегі банк құжаттары*)

депозитная касса - депозиттік касса (*банкінің, өзге де несие ұйымының, бюджеттік ұйымның депозиттерді қабылдап, сақтайтын кассалық бөлімшесі*)

депозитная книжка - депозиттік кітапша

депозитная премия - депозиттік сыйлықақы

депозитная процентная ставка - депозиттік пайыздық мөлшерлеме (*коммерциялық банктердегі депозит, жинақ ақша бойынша ең жоғары пайыздық мөлшерлеме; 2. банктегі депозит иесіне төленетін банк пайызы*)

депозитная расписка - депозиттік қолхат

депозитная сделка - депозиттік мәміле

депозитная экспансия - депозиттік экспансия

депозитное свидетельство - депозиттік куәлік

депозитное свидетельство на предъявителя - ұсынушыға арналған депозиттік куәлік

депозитное учреждение - депозиттік мекеме

депозитное учреждение-не член Федеральной резервной системы - Федералдық сақтық қор жүйесіне мүше емес депозиттік мекеме

депозитно-имущественные счета - депозиттік-мүліктік шоттар

депозитные валютные операции - депозиттік валюталық операциялар

депозитные вклады на учетном рынке - есеп нарығындағы депозиттік салым

депозитные деньги - депозиттік ақша

депозитные институты - депозиттік институттар

депозитные операции - депозиттік операциялар (*банктердің басқа да қаржы-несие ұйымдарының ақшалай қаражатты салымға тарту және оны орналастыру жөніндегі операциялары*)

депозитные операции банков - банктердің депозиттік операциялары

депозитные ресурсы - депозиттік ресурстар (*банктерге кейіннен салымшыларға пайыз төлеу шартымен сақтау және пайдалану үшін орналастырылған қаражат*)

депозитные сертификаты в долларах, выпускаемые банками за пределами США - АҚШ-тан тысқары жерлердегі банктер шығаратын доллар түріндегі депозиттік сертификаттар

депозитные сертификаты, выпускаемые по мере спроса на них - сұранысына қарай шығарылатын депозиттік сертификаттар

депозитные сертификаты для продажи на рынках евровалют - еуровалюталар нарығындағы сатуға арналған депозиттік сертификаттар

депозитные сертификаты, обеспеченные евродолларами - еуродоллармен қамтамасыз етілген депозиттік сертификаттар

депозитные сертификаты с крупными номиналами - атаулы құны ірі депозиттік сертификаттар

депозитные сертификаты с нулевым купоном - нөл купонды депозиттік сертификаттар

депозитные сертификаты с ограничением - шектеулі депозиттік сертификаттар

депозитные сертификаты с плавающей ставкой - мөлшерлемесі құбылмалы депозиттік сертификаттар

депозитные сертификаты “янки” - “янки” депозиттік сертификаттары

депозитные средства - депозиттік қаражат

депозитные счета денежного рынка - ақша нарығының депозиттік шоты

депозитный активный счет - депозиттік актив шот

депозитный анализ - депозиттік талдау

депозитный банк - депозиттік банк (*қорлардың, басқа да клиенттердің күрделі жұмсалымын басқарушы банк*)

депозитный банковский счет - депозиттелген банк шоты

депозитный бланк - депозиттік бланк

депозитный варрант - депозиттік варрант

депозитный договор - депозиттік шарт

депозитный индоссамент - депозиттік индоссамент

депозитный институт - депозиттік институт

депозитный конверт - депозиттік хатқалта

депозитный мультипликатор - депозиттік мультипликатор

депозитный сертификат - депозиттік сертификат (*1. банкінің сақтауға белгілі бір құндылықтарды алғанын қуаттайтын сертификаты; 2. биржаларда бағаланатын бағалы қағаз түрлерінің бірі*)

депозитный сертификат в евровалюте - еуровалюта түріндегі сертификат

депозитный сертификат, выпускаемый с дисконтом - дисконтпен шығарылатын депозиттік сертификат

депозитный сертификат до востребования - талап етілмелі депозиттік сертификат

депозитный сертификат-“коротышка” - “қортық” - депозиттік сертификат (*ролловер депозиттік сертификат терминінің синонимі*)

депозитный сертификат на рынке с понижением фондовой конъюнктуры - қор жағдаяты төмендеме-лі нарықтағы депозиттік сертификат

депозитный сертификат, не подлежащий пересчету - қайта есептеуге жатпайтын депозиттік сертификат

депозитный сертификат номиналом в 100 тыс. дол-ларов и выше - атаулы құны 100 мың долларлық және одан жоғары депозиттік сертификат

депозитный сертификат с нулевым купоном - нөл купонды депозиттік сертификат

депозитный сертификат с ограничением обращения - айналысы шектеулі депозиттік сертификат

депозитный сертификат с ограниченным обращени-ем - айналысы шектелген депозиттік сертификат

депозитный сертификат с плавающей процентной ставкой - пайыздық мөлшерлемесі ауытқымалы депозиттік сертификат

депозитный сертификат с плавающей ставкой - мөлшерлемесі өзгермелі депозиттік сертификат

депозитный сертификат “янки” - “янки” депозиттік сертификаты

депозитный счет - депозиттік шот

депозитный счет в банке - банктегі депозиттік шот

депозитный счет денежного рынка - ақша нарығының депозиттік шоты (*депозиттік институттар өз клиенттері үшін ашатын арнаулы шоттар*)

депозитный счет, допускающий платеж в пользу третьих лиц - үшінші тұлғаның пайдасына төлем төлеуге мүмкіндік беретін депозиттік шот

депозитный счет с предварительным уведомлением - алдын ала хабарланатын депозиттік шот

депозитный счет торговой фирмы - сауда фирмасының депозиттік шоты

депозитор - депозитор (*1. депозиттің иесі, салымшы; 2. жалақысын уақытылы алмаған қызметкер; 3. ұйым бұрын әлдебір себептермен төленбеген белгілі бір соманы төлеуге тиіс жеке немесе заңи тұлға*)

депозиты - депозиттер (*1. банк теңгерімінде клиенттер мен басқа банктердің барлық салымдары көрсетілетін бап; 2. клиент түрлі нысанда (мерзімді салымдар, жинақ шот, т.б.) салған қорлар*)

депозиты бюджетных учреждений - банк мекемелерінің депозиттері

депозиты в пути - жолда келе жатқан депозиттер

депозиты в федеральных резервных банках - федералдық сақтық қор банктеріндегі депозиттер

депозиты государственных учреждений - мемлекеттік мекемелердің депозиттері

депозиты других кредитных учреждений - басқа бір несие мекемелерінің депозиттері

депозиты и заимствованные средства - депозиттер мен қарызға алынған қаражат

депозиты казначейства - қазынашылық депозиттері (*АҚШ*)

депозиты правительства США - АҚШ үкіметінің депозиттері

депозиты, размещенные банком в других кредитных учреждениях - банк басқа несие мекемелерінде орналастырған депозиттер

депозиты смешанного характера - аралас сипаттағы депозиттер

депозиты частного сектора - жеке сектордың депозиттері

депозиты частных лиц, товариществ и корпораций - жеке тұлғалардың, серіктестіктер мен корпорациялардың депозиттері

депонент - депонент, депозит салушы (*1. депозитке құндылық салған жеке не заңи тұлға; 2. жалақысын уақытылы алмаған қызметкер; 3. депозитарийдің бағалы қағаздарды сақтау не бағалы қағаздарға құқықты есепке алу жөніндегі қызметін пайдаланушы тұлға; 4. депозитарийдің депозитарлық қызметті жүзеге асыру жөніндегі көрсететін қызметін шарт негізінде пайдаланушы тұлға; 5. басты немесе қосалқы депозитарийде шартқа сәйкес депо шот ашқан заңи немесе жеке тұлға*)

депонент корреспондентского счета - корреспонденттік шот депоненті (*басты депозитарийде депо шот ашылған кіші депозитарий*)

депонент ценных бумаг - бағалы қағаздар депоненті

депонирование - депозиттеу, депозитке салу, сақтауға беру, аманаттау (*1. несие мекемелеріне ақша, бағалы*

қағаз, басқа да құндылықтарды сақтауға табыстау; 2. депозитарийге халықаралық шарттың түпнұсқасын, бекітілген грамоталарды, халықаралық шартқа қосылу туралы құжаттарды немесе одан бас тарту туралы құжаттарды сақтауға өткізу)

депонирование администрируемое - әкімшілік етілетін депозиттеу

депонирование акций - акцияларды депозиттеу

депонирование в качестве обеспечения - қамтамасыз ету ретінде депозитке салу

депонирование валюты - валютаны депозиттеу

депонирование глобальное - жаһандық депозиттеу

депонирование денежной суммы - ақшалай соманы депозиттеу

депонирование денежной суммы у третьего лица - үшінші тұлғадағы ақшалай соманы депозиттеу

депонирование закрытое - жабық депозиттеу

депонирование ценных бумаг - бағалы қағаздарды депозиттеу (депозитке салу)

депонированная сумма - депозиттелген сома

депонированные денежные средства - депозиттелген ақшалай қаражат

депонированные деньги - депозиттелген ақша

депонированные обязательные резервы - депозиттелген міндетті резервтер

депонированные ценные бумаги - депозиттелген бағалы қағаздар

депонированный - депозиттелген

депонированный аккредитив - депозиттелген аккредитив

депонированный вексель - депозиттелген вексель

депонировать - депозиттеу, сақтауға беру; жарна, салым салу

депонировать акции как обеспечение - акцияларды қамсыздандыру ретінде депозиттеу

депонировать в качестве обеспечения - қамсыздандыру ретінде депозиттеу

депонировать денежные средства в банке - банктегі ақшалай қаражатты депозиттеу

депонировать деньги в банке - банктегі ақшаны депозиттеу

депонировать у третьего лица до выполнения определенного условия - белгілі бір шарттар орындалғанға дейін үшінші тұлғада депозиттеу

депорт - депорт (1. мерзімді биржалық мәміле; 2. мәміле бойынша есеп айырысу мерзімін ұзартуға келіскені үшін жасалатын шегерім)

депортная сделка - депорттық мәміле

депрессивный рынок - тоқыраулы (тоқыраған) нарық

депрессия - депрессия, кері кету, тоқырау (өсу қарқынының немесе өсу көрсеткіштерінің ұзаққа созылған қысқару кезеңі)

депрессия 1930-х гг. - 1930-шы жылдардағы тоқырау

депутат - депутат (заң шығарушы не басқа да өкілетті органға сайланған адам)

депутатский запрос - депутаттық сауал

депутатский совет - депутаттық кеңес

дерегулирование - қайта реттеу

дерегулирование цен - бағаны қайта реттеу

дерегуляризация - қайта жүйелеу (қаржы нарықтарында еркін бәсеке ықтималдығын тежейтін шаралардың күшін жою)

дерегуляция - қайта реттеу (қаржы нарықтарында еркін бәсекені тежейтін шаралардың күшін жою)

дереликсия - дереликсия; қалдыру (меншіктен әдейі бас тарту)

держатель - ие, иеленуші, ұстаушы (бірдеңеге құқықты, мыс., бағалы қағаздарға құқықты иеленуші)

держатель аккредитива - аккредитивтің иесі

держатель активов - активтердің иесі

держатель акции - акцияны ұстаушы, акция иесі (1. акционерлік капиталдың бір не бірнеше акцияларын иеленуші; 2. өзара қарыз қорында бір не бірнеше акцияларды иеленуші)

держатель акции банка - банк акциясының иесі, банк акциясын ұстаушы

держатель акций с отсроченным дивидендом - мерзімі ұзартылған (мәулеттік) дивидендті акцияларды ұстаушы

держатель большинства акций - акциялардың көбісін ұстаушы

держатель векселя - вексель ұстаушы; вексель иесі

держатель денежных средств - ақшалай қаражаттың иесі

держатель добросовестный - адал ниетті иегер, адал иегер

держатель документов - құжаттардың иесі

держатель заклада на недвижимость - жылжымайтын мүлік кепілінің иесі

держатель закладной на недвижимость - жылжымайтын мүлік кепілхатын ұстаушы

держатель залога - кепілзат ұстаушы

“держатель записи” - “жазба иесі” (компанияның тіркелген бағалы қағаздарын иеленуші)

держатель контрольного пакета акций - акциялардың бақылау пакетін ұстаушы

держатель крупного пакета акций - акциялардың ірі пакетін ұстаушы

держатель лицензии - лицензия иесі

держатель на возмездных началах - қайтарым негізді иегер

держатель недобросовестный - арам пиғылды иегер, алақол иегер

держатель номинальный - атаулы ұстаушы (бағалы қағаздардың атаулы ұстаушысы)

держатель облигации на предъявителя - ұсынушыға арналған облигация иесі

держатель облигаций - облигацияларды ұстаушы

держатель обыкновенных акций - кәдуілгі акцияларды ұстаушы

держатель опциона - опцион ұстаушы, опцион иесі (опционды сұраныс пен ұсыныс бойынша сатып алушы тұлға)

держатель последующий - келесі иегер, кейінгі иегер

держатель правомерный - құқылы иегер
держатель предыдущий - ілкі иегер
держатель привилегированной акции - артықшылықты акцияның иесі
держатель реестра (регистратор) - тізілім ұстаушы (тіркеуші) тізілімнің иесі, тізілімді ұстаушы (*эмитент немесе эмитенттің тапсыруымен тізілімді жүргізу қызметін жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығына кәсіпқой қатысушы*)
держатель реестра акционерного общества - акционерлік қоғамның тізілімін ұстаушы
держатель реестра ценных бумаг - бағалы қағаздар тізілімін ұстаушы
держатель сертификата соответствия - сәйкестік сертификатын ұстаушы
держатель ссуды - несие ұстаушы
держатель стандартных партий акций - стандартты акциялар топтамасының иесі
держатель страхового полиса - сақтандыру полисінің иесі
держатель счета - шот ұстаушы, шот иесі
держатель траста - сенім қорын ұстаушы
держатель тратты - тратта иесі
держатель финансового инструмента - қаржы құралын ұстаушы
держатель ценной бумаги, представляющей собой долговое свидетельство - борышқорлық куәлік болып табылатын бағалы қағазды ұстаушы
держатель ценных бумаг - бағалы қағаздарды ұстаушы
держатель чека - чек ұстаушы
держатель//владелец банковской карточки - банк карточкасының ұстаушысы//иеленушісі
держатель//владелец кредитной карточки - несие карточкасының ұстаушысы//иеленушісі
держать активы - активтерді ұстау
держать в готовности - дайындықта ұстау
держать в залоге - кепілзат ретінде ұстау
держать в секрете - құпияда ұстау
держать в трасте - сенімгерлік қорында ұстау
держать деньги в банке - банкте ақша ұстау
держать деньги на счетах - ақшаны шоттарда ұстау
держать на своем балансе - өз теңгерімінде ұстау
держать под контролем - бақылауда ұстау
держать ценные бумаги на хранении - сақтауда бағалы қағаздар ұстаушы
дериват - дериват (*валюта, бағалы қағаз не тауар бағамына негізделген шарт*)
деривативы - дериватив (*туынды қаржы құралдары - бағасы негіздік актив бағасымен айқындалатын қаржы нарығы құралдары*)
дестабилизация - тұрақсыздану (*экономикалық үдерістердің орныққан ырғағының, серпінінің бұзылуы, өндіріс пен қаржы аясында күрт секірістер мен құлдыраулардың пайда болуы*)
дестабилизация рынка - нарықты тұрақсыздандыру
дестабилизация экономики - экономиканың тұрақсыздануы

дестабилизирование экономики - экономиканың шырқын бұзу, экономиканы тұрақсыздандыру
дестабилизировать рынок - нарықты тұрақсыздандыру
дестерилизация золота - алтын тазарту
десятая часть цента - центтің оннан бір бөлігі
десятилетний траст - он жылдық сенім қоры
десятичная денежная система - ондық ақша жүйесі
десяток - он шақты
“десять-сорок” - “он-қырық” (*өтеу мерзімі 40 жылдан кейін аяқталатын, 10 жыл өткеннен кейін мерзімінен бұрын өтеуге болатын американ облигациясы*)
детаксация - детаксация (*кері таксалау*)
детализация - тәптіштеу, нақтылау
детализированный вексель - егжей-тегжейлі вексель
детализированный счет - егжей-тегжейлі шот
детальный - егжей-тегжейлі
детальный аудит - егжей-тегжейлі аудит
детезаврация золота - алтынды детезаврациялау (*жинақталған алтынды инвестициялық мұқтажға тұтыну мақсатына пайдалану*)
детерминанта валютного курса - валюталық бағам детерминантасы
детерминанта рынка - нарық детерминантасы
детерминизм - детерминизм (*экономикалық міндеттердің толық айқындылықпен тұжырымдалып шешілуі*)
“дети войны” - “соғыс балалары” (*жаргон сөз: қару-жарақ шығаратын компаниялардың бағалы қағаздары*)
детский сберегательный счет - балалардың жинақ ақша шоты
детский чек - балалар чегі
де-факто - іс жүзінде
дефект права собственности - меншік құқығының кемістігі
дефектные банкноты - ақаулы банкноттар
дефицит - тапшылық (*1. жеткілікті мөлшерде жоқ тауар; 2. бұрын межеленген, жоспарланған немесе қажетті деңгеймен салыстырғанда қаражаттың, қордың жеткіліксіздігі; 3. шығыстың кірістен асып түсуі, залал*)
дефицит баланса - теңгерім тапшылығы
дефицит бюджета (бюджетный) - бюджет тапшылығы (*мемлекет шығысының кірістен асып түсуі*)
дефицит в долларовом балансе - долларлық теңгерімдегі тапшылық
дефицит валютный - валюталық тапшылық
дефицит государственного бюджета - мемлекеттік бюджеттің тапшылығы
дефицит государственного сектора экономики - экономиканың мемлекеттік секторының тапшылығы
дефицит государственных финансов - мемлекеттік қаржы тапшылығы
дефицит денежного предложения - ақшалай ұсыныстың тапшылығы
дефицит денежный - ақшаның тапшылығы

дефицит долларовой - доллардың тапшылығы
дефицит дохода - кіріс тапшылығы
дефицит иностранной валюты - шетелдік валютаның тапшылығы
дефицит капитала - капиталдың тапшылығы
дефицит капиталовложений - күрделі жұмсалымның тапшылығы
дефицит кассовой наличности - кассадағы қолма-қол ақшаның тапшылығы
дефицит кассовый - кассадағы тапшылық
дефицит краткосрочный - қысқа мерзімді тапшылық
дефицит наличности - қолма-қол ақша тапшылығы
дефицит незначительный - шамалы тапшылық
дефицит непокрытый - өтелмеген тапшылық
дефицит об оборотных средствах - айналым қаражатының тапшылығы
дефицит операционный - операциялық тапшылық
дефицит острый - зәру тапшылық
дефицит платежного баланса - төлем теңгерімінің тапшылығы
дефицит республиканского бюджета - республикалық бюджеттің тапшылығы
дефицит средств в иностранной валюте - шетел валютасы түріндегі қаражаттың тапшылығы
дефицит текущего счета - ағымдағы шот тапшылығы
дефицит текущий - ағымдағы тапшылық
дефицит текущих расходов - ағымдағы шығыстың тапшылығы
дефицит торгового баланса - сауда теңгерімінің тапшылығы
дефицит фактический - нақты тапшылық
дефицит федерального бюджета - федералдық бюджет тапшылығы
дефицит хронический - созылмалы тапшылық
дефицитная валюта - тапшы валюта
дефицитное расходование - тапшы шығындану
дефицитное финансирование - тапшы қаржыландыру (*үкімет кірістері құлдырауының орнын толтыруға жұмсалатын үкімет қарызы*)
дефицитность - тапшылық (*адамдардың тілектері мен қажеттерінің қолда бар қаражатының көлемінен асып түсуі*)
дефицитность бюджета - бюджеттің тапшылығы
дефицитность ресурсов - ресурстардың тапшылығы
дефицитные расходы - тапшы шығыс (*үкімет шығынының үкімет кірісінен асып түсуі*)
дефицитные финансовые операции - тапшы қаржы операциялары (*шығыстың кірістен асып түсуімен сипатталады*)
дефлирование / дефлятирование - дефляторлау
дефлирование долга - борыштың құнсыздануы
дефлированный по индексу цен - баға индексі бойынша құнсызданған
дефлировать, дефлятировать - құнсыздану
дефлятор - дефлятор (*ағымдағы құндық көрсеткіштерді тұрақты бағаға қайта есептеу кезінде пайдаланылатын баға индексі*)

дефляционная политика - дефляциялық саясат, құнсыздандыру саясаты (*мемлекет инфляцияны тежеп, төлем теңгерімін сауықтыру мақсатымен жүргізетін шаралар жиынтығы*)
дефляционный - дефляциялық, құнсызданған
дефляционный индекс - дефляциялық индекс
дефляционный разрыв - дефляциялық алшақтық (*шығыс деңгейінің экономиканың өндіргіш қабілетінен төмен болуы*)
дефляция - дефляция (*1. ақшаның артық бөлігін айналыстан әдейі алу; 2. ақша-несие нарығында бағаның жалпы құлдырауы*)
дефолт - дефолт (*1. ақшалай міндеттемені немесе мәмілені орындамау, борышты төлеуден бас тарту; 2. сотқа келмеу*)
деформированная монета - сиықсызданған мәнет (*тозығы жеткен мәнет*)
децентрализация бухгалтерского учета - бухгалтерлік есептің жекелей жүргізілуі, орталықтанбаған бухгалтерлік есеп
децентрализация учета - есептің жекелей жүргізілуі
децентрализация экономики - экономиканы орталықсыздандыру
децентрализованная рыночная экономика - орталықсыздандырылған нарықтық экономика
децентрализованная система банковских резервов - банк сақтық қорының орталықсыздандырылған жүйесі
децентрализованное взимание - жекелей өндіріп алу
децентрализованные зачеты - жекелей есепке алу (*өзара талаптарды есепке алу жолымен қолма-қол ақшасыз есеп айырысу түрі, есепке алуға қатысушылардың шотты ашқан жерінде жүзеге асырылады*)
децентрализованные источники - орталықтандырылмаған көздер (*мемлекеттік орталықтандырылған қаражатты пайдаланумен байланысты емес қор, күрделі қаражат көздері*)
децентрализованные расчеты - жекелей есеп айырысу
децентрализованные расчеты по платежам в бюджет - пайдадан бюджетке төлем бойынша жекелей есеп айырысу
децентрализованный порядок уплаты налога с оборота - айналым салығын жекелей төлеу тәртібі
децентрализованный учет - жекелей есеп, орталықтандырылмаған есеп
дешевение - арзандау, бағасы түсу
дешевизна денег - ақшаның арзандығы
дешевые деньги - арзан ақша (*жаргон сөз: қарызхат құнының белгілі бір ақша саясатына, шектеулердің босаңсуына байланысты төмен болуы, орталық банкінің коммерциялық банктерден мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алуы салдарынан банк несиеінің арзандауы*)
дешевый кредит - арзан несие
де-юре - заң жүзінде (*заң тұрғысынан*)
деятель - қайраткер
деятель руководящий - басшы қайраткер

деятельность - қызмет
деятельность агента - агент қызметі
деятельность активная - белсенді қызмет
деятельность аудиторская - аудиторлық қызмет
деятельность банка по привлечению ресурсов - банкінің ресурстар тарту жөніндегі қызметі
деятельность банка по привлечению финансовых ресурсов - банкінің қаржы ресурстарын тарту жөніндегі қызметі
деятельность банков на рынке ценных бумаг - бағалы қағаздар нарығындағы банктер қызметі
деятельность банковская - банк қызметі
деятельность брокерская - делдалдық қызмет
деятельность венчурная - венчурлық қызмет
деятельность депозитариев - депозитарийлер қызметі
деятельность депозитарная - депозитарийлік қызмет
деятельность дилерская - дилерлік қызмет
деятельность инвестиционная - инвестициялық қызмет
деятельность инвестиционных фондов - инвестициялық қорлар қызметі
деятельность инновационная - инновациялық қызмет
деятельность интеграционная - интеграциялық қызмет
деятельность информационная - ақпараттық қызмет
деятельность консультационная - кеңес беру қызметі, кенесшілік қызмет
деятельность маркетинговой службы - маркетинг қызметінің іс-әрекеті
деятельность мошенническая - алаяқтық әрекет
деятельность оперативная - оперативті қызмет, жедел қызмет
деятельность оплачиваемая - ақы төленетін қызмет
деятельность по ведению реестра владельцев ценных бумаг - бағалы қағаздар иелерінің тізілімін жүргізу қызметі
деятельность по взысканию долгов - борыштарды өндіріп алу жөніндегі қызмет
деятельность по организации торговли на рынке ценных бумаг - бағалы қағаздар нарығында сауданы ұйымдастыру қызметі
деятельность по организации торговли ценными бумагами - бағалы қағаздармен сауданы ұйымдастыру жөніндегі қызмет
деятельность по счету - шот бойынша қызмет
деятельность по управлению портфелями ценных бумаг - бағалы қағаздар қоржынын басқару жөніндегі қызмет
деятельность по управлению ценными бумагами - бағалы қағаздарды басқару қызметі
деятельность по хранению ценных бумаг - бағалы қағаздарды сақтау жөніндегі қызмет
деятельность посредническая - делдалдық қызмет
деятельность пропагандистская - насихат қызметі
деятельность рекламная - жарнама қызметі
деятельность рискованная - тәуекелшіл қызмет
деятельность риэлтерская - риэлтерлік қызмет
(белгілі бір сыйақы үшін жылжымайтын мүлік

объектілерімен операциялар жасау кезінде тұрақты негізде қызмет көрсету жөніндегі кәсіби қызмет)
деятельность, связанная с получением спекулятивной прибыли - алып-сатарлық пайда алумен байланысты қызмет
деятельность текущая - ағымдағы қызмет
деятельность управленческая - басқарушылық қызмет
деятельность финансовая - қаржы қызметі
деятельность фьючерсная - фьючерстік қызмет
деятельность экономическая - экономикалық қызмет
деятельность эксклюзивная - айрықша қызмет
деятельность эмиссионная - эмиссиялық қызмет
джанк - джанк *(1. сауда желісін толтыратын, бірақ тұтынушыдан сұранысқа ие емес төменқол импорт тауарлар; 2. ВВ не одан төмен несиелік рейтингі бар облигациялар, яғни несиелік қолдау таппайтын үмітсіз, тастанды облигация)*
джек - джек *(ақша дегенді білдіретін жаргон сөз)*
“джелт” - “джелт” *(ақша дегенді білдіретін жаргон сөз)*
джентельменское соглашение - мәрт келісім *(1. әдетте ауызекі түрде, сенімгерлік негізде жасалатын, құжат жүзінде бекітілмеген бейресми келісім; 2. бейресімді халықаралық келісімнің, уағдаластықтың ерекше түрі)*
джибутийский франк - Джибути франкі *(Джибути Республикасының ақша өлшемі, 100 сантимге тең)*
“Джинни Мэй II” - “Джинни Мэй II” *(үкіметтің ұлттық ипотекалық қауымдастығына ұқсас, бірақ өзгедей артықшылықтары бар қауымдастық)*
“Джинни Мэй” - “Джинни Мэй” *(үкіметтің ұлттық ипотекалық қауымдастығы)*
“джипы” - “джиптер” *(төлемдері жылдық 9,5% кепілмен сараланған ипотека)*
“джитс” - “джитс” *(ақша, сатып алуға қабілеттілік дегенді білдіретін жаргон сөз)*
дjobбер - дjobбер *(кәсіпқой биржашы, делдал)*
дjobберская котировка - дjobберлік баға белгіленімі
дjobберская сделка - дjobберлік мәміле
Джон Доу - Джон Доу *(нағыз есімі белгісіз тарапқа сот ісін жүргізу барысында берілетін есім)*
дзайбацу - дзайбацу *(Жапонияның көптеген компанияларын бақылаушы ірі холдинглер)*
диагностика ревизионная - тексеріс диагностикасы
диагностика экономическая - экономикалық диагностика
диагностика экономической системы - экономикалық жүйе диагностикасы
диагональная разница - диагональ айырма, қиғаш айырма *(сату бағасы түрліше опциондар сыныбының ұзақ және қысқа мерзімді жайғасымына негізделген стратегия)*
диагональный опционный спрэд - диагональ опциондық спрэд *(сатылас та, деңгейлес те опциондық спрэдтің нышандары қамтылатын опциондық спрэд түрі)*
диагональный спред - қиғаш спред
диаграмма балансовая - теңгерімдік диаграмма

диаграмма функциональная - атқарымдық диаграмма
диапазон - диапазон, ауқым, өріс, ая *(бағалы қағаздар не тауар бағасының белгілі бір кезең бойына жоғары және төмен ауытқуы; экономикалық шама, көрсеткіш орын алуы, өзгеруі мүмкін шек)*
диапазон колебаний цены - бағаның ауытқу ауқымы
диапазон курсов - бағам ауқымы
диапазон регулирования - реттеу ауқымы
диапазон решений - шешімдер ауқымы
диапазон руководства - басшылық ауқымы
диапазон управления - басқару ауқымы
диапазон цен - баға ауқымы
диапазон цен на ценную бумагу - бағалы қағаз бағасының ауқымы
диверсификатор - әртараптандырушы, саралаушы *(өз игілігінің бір бөлігін ақшалай, екіншісін консоль түрінде сақтаушы инвестор)*
диверсификация - әртараптандыру *(1. жаңа тауарлармен көрсетілетін қызметтерді өткізу нарықтарында фирма қызметінің аясын кеңейтуге бағытталған маркетинг стратегиясы; 2. капиталдың не одан түсетін табыстың ықтимал шығасыға ұшырау қатерін азайту мақсатымен инвестицияға салынатын және несиеге берілетін ақшалай қаражатты түрлі объектілер арасында бөлу)*
диверсификация активов - активтерді әртараптандыру
диверсификация банковская - банкілік әртараптандыру
диверсификация валютных активов - валюта активтерін әртараптандыру
диверсификация валютных резервов - валюта резервтерін әртараптандыру
диверсификация валюты - валютаны әртараптандыру
диверсификация вкладов - салым ақшаны әртараптандыру
диверсификация вложений - салымды әртараптандыру
диверсификация вложений в ценные бумаги - бағалы қағаздарға салымды әртараптандыру
диверсификация инвестиций - инвестицияларды әртараптандыру
диверсификация капитала - капиталды әртараптандыру
диверсификация кредитов - несиеді әртараптандыру
диверсификация ликвидности - өтімділікті әртараптандыру
диверсификация ликвидных активов - өтімді активтерді әртараптандыру
диверсификация облигационного портфеля инвестора - инвестордың облигациялық қоржынын әртараптандыру
диверсификация обязательств - міндеттемелерді әртараптандыру
диверсификация пассивов - пассивтерді әртараптандыру
диверсификация пенсионных активов - зейнетақы активтерін әртараптандыру

диверсификация портфеля - қоржынды әртараптандыру
диверсификация портфеля ценных бумаг, активов - құнды қағаздар, активтер қоржынын әртараптандыру
диверсификация экономики - экономиканы әртараптандыру
диверсификация экономическая - экономикалық әртараптандыру
диверсификация экономической деятельности - экономикалық қызметті әртараптандыру
диверсифицирование портфеля - қоржынды әртараптандыру
диверсифицированная инвестиционная компания - әртараптандырылған инвестициялық компания *(бағалы қағаздарға инвестиция салушы өзара қарыз қоры)*
диверсифицированная компания по управлению инвестициями - инвестицияларды басқару жөніндегі әртараптандырылған
диверсифицированные финансовые системы - әртараптандырылған қаржы жүйесі
диверсифицированный портфель ценных бумаг - әртараптандырылған бағалы қағаздар қоржыны
диверсифицированный фонд обыкновенных акций - кәдуілгі акциялардың әртараптандырылған қоры
диверсифицировать - әртараптандыру
диверсифицируемый риск - әртараптандырылатын тәуекелдік
дивиденд - дивиденд, үлесакы, үлеспайда *(1. пайданы акциялардың иелері арасында бағалы қағаздар сыныбына үйлесімді түрде бөлу және ақша, акция түрінде не компания тауары, меншігі түрінде төленетін пайда үлесі; акционерлік қоғамның таза пайдасының акционерлер арасында акцияның санына орай бөлінетін бөлігі; 2. ауыл шаруашылығы кооперативі пайдасының кооператив мүшелерінің жарнапұлдарына орай бөлінетін бөлігі)*
дивиденд акционеру - акционерге дивиденд
дивиденд без акции - акциясыз дивиденд
дивиденд в форме акций - акциялар нысанындағы дивиденд
дивиденд в форме векселя, по которому не уплачивается процент - пайыз төленбейтін вексель нысанындағы дивиденд
дивиденд в форме векселя, приносящего проценты - пайыз әкелетін вексель нысанындағы дивиденд
дивиденд в форме наличных денежных средств - қолма-қол ақша қаражаты нысанындағы дивиденд
дивиденд в форме облигаций - облигациялар нысанындағы дивиденд
дивиденд в форме права на приобретение новых акций - жаңа акцияларды алу құқығы нысанындағы дивиденд
дивиденд в форме товара - тауар нысанындағы дивиденд
дивиденд в форме ценных бумаг - бағалы қағаздар нысанындағы дивиденд

- дивиденд временный** - уақытша дивиденд
- дивиденд, выплачиваемый в конце года** - жыл соңында төленетін дивиденд
- дивиденд, выплачиваемый в конце финансового года** - қаржы жылының соңында төленетін дивиденд
- дивиденд, выплаченный наличными** - қолма-қол ақшалай төленетін дивиденд
- дивиденд, выплачиваемый акциями** - акциямен төленетін дивиденд
- дивиденд, выплачиваемый в первую очередь** - бірінші кезекте төленетін дивиденд
- дивиденд, выплачиваемый в середине года** - жыл ортасында төленетін дивиденд
- дивиденд, выплачиваемый в форме краткосрочного векселя** - қысқа мерзімді вексель нысанында төленетін дивиденд
- дивиденд, выплачиваемый в форме расписки** - қолхат нысанында төленетін дивиденд
- дивиденд, выплачиваемый за предшествующие годы** - бұрынғы жылдар үшін төленетін дивиденд (*ол уақытылы төленбегенде*)
- дивиденд, выплачиваемый за предшествующие годы при несвоевременной выплате** - уақытылы төленбеген жағдайда бұрынғы жылдар үшін төленетін дивиденд
- дивиденд, выплачиваемый наличными** - қолма-қол ақшалай төленетін дивиденд
- дивиденд денежный** - ақшалай дивиденд
- дивиденд до вычета налогов** - салық шегерілгенге дейінгі дивиденд
- дивиденд дополнительный** - қосымша дивиденд
- дивиденд за отчетный год** - есепті кезеңдегі дивиденд
- дивиденд задолженный** - бересілі дивиденд
- дивиденд к оплате** - төленуге тиіс дивиденд
- дивиденд капитализированный** - капиталдан-дырылған дивиденд
- дивиденд контрибуционный** - контрибуциялық дивиденд
- дивиденд кумулятивный** - шоғырланбалы дивиденд
- дивиденд ликвидационный** - таратылу дивиденді, жойылма дивиденд (*корпорация таратылған жағдайда дивиденд түріндегі активтерді бөлісу*)
- дивиденд ложный** - жалған дивиденд
- дивиденд на акцию** - акцияға шаққандағы дивиденд
- дивиденд на вложенный капитал** - салынған капиталға шаққандағы дивиденд
- дивиденд на одну акцию** - кәдуілгі акциялар бойынша дивиденд
- дивиденд накопленный** - жинақталған дивиденд
- дивиденд наличный** - қолма-қол дивиденд, қолдағы дивиденд
- дивиденд неостребованный** - талап етілмеген дивиденд, ізделмеген дивиденд, іздеусіз дивиденд
- дивиденд невыплаченный** - төленбеген дивиденд
- дивиденд незаконный** - заңсыз дивиденд
- дивиденд некумулятивный** - шоғырланбайтын дивиденд
- дивиденд необъявленный** - жарияланбаған дивиденд
- дивиденд обычный** - дағдылы дивиденд
- дивиденд окончательный** - түпкілікті дивиденд
- дивиденд, оплаченный акциями** - акциялармен төленген дивиденд
- дивиденд, определенный уставом** - жарғымен айқындалған дивиденд
- дивиденд опционный** - опциондық дивиденд
- дивиденд относительный** - салыстырмалы дивиденд
- дивиденд отсроченное** - кейінге қалдырылған дивиденд
- дивиденд по акциям** - акциялар бойынша дивиденд
- дивиденд по обыкновенным акциям** - кәдуілгі акциялар бойынша дивиденд
- дивиденд по привилегированным акциям** - артықшылықты акциялар бойынша дивиденд
- дивиденд, подлежащий к уплате** - төленуге тиіс дивиденд
- дивиденд, получаемый по проданной акции, когда новый ее владелец еще не получил права на дивиденд** - жаңа иеленушісі әлі дивидендке құқық алмаған, сатылған акция бойынша алынатын дивиденд
- дивиденд предварительный** - алдын ала төленген дивиденд
- дивиденд преференциальный** - пұрсаттылықты дивиденд
- дивиденд привилегированный** - артықшылықты дивиденд
- дивиденд промежуточный** - аралық дивиденд
- дивиденд пропущенный** - жіберілген дивиденд
- дивиденд, распределяемый между компаниями** - компаниялар арасында бөлінетін дивиденд
- дивиденд рекомендуемый** - ұсынбалы дивиденд
- дивиденд с правом выбора формы оплаты** - төлем-ақы нысанын таңдау құқығы бар дивиденд
- дивиденд с продажи** - сатудан алынған дивиденд
- дивиденд скрипционный** - скрипциялық дивиденд (*дивидендті белгіленген мерзімде төлеу мүмкін болмаған жағдайда оны болашақта міндетті түрде төлеу міндеттемесі мойынға алынған дивиденд*)
- дивиденд товарный** - тауарлы дивиденд
- дивиденд финальный** - ақырғы дивиденд (*қаржы жылының аяғында төленетін дивиденд*)
- дивиденд чистый** - таза дивиденд
- дивидендная перепись** - дивиденд санағы, дивидендтік санақ (*дивиденд алатын акция иелерінің санағы*)
- дивидендная политика** - дивидендтік саясат
- дивидендное обеспечение** - дивидендтік қамтамасыз ету
- дивидендное покрытие** - дивидендтік өтем
- дивидендные требования** - дивидендтік талаптар
- дивидендный выход** - дивидендтік түсім
- дивидендный доход** - дивидендтік табыс (*дивидендтің бір акцияға шаққандағы жылдық мөлшері, акцияның нарықтық бағаға пайызы түрінде көрсетіледі*)
- дивидендный купон** - дивидендтік купон
- дивидендный мандат** - дивидендтік мандат (*акционер өзіне тиесілі дивидендтің кімге төленетінін хабарлайтын құжат*)

дивидендный чек - дивидендтік чек

дивизор фиксированный - тиянақталған дивизор
(салымдар бойынша пайыз есебін жеңілдету үшін қолданылатын кілт рөлін атқаратын сан)

дидрахма - дидрахма (құны 2 драхма тұратын грек мәнеті)

дизажио - дизажио, ауытқыма, айырма (1. валютаның белгіленген бағамынан немесе акцияның көрсетулі құнынан шегеру; 2. бағалы қағаздың атаулы құны мен оның құлдыраған нарықтық бағасы арасындағы айырма; 3. тауар бағасы мен мерзімді мәміле бойынша бағасының арасындағы теріс айырма)

дизажио денежное - ақшалай ауытқыма

дизажио от выкупа облигаций - облигацияларды сатып алудан болатын ауытқыма

“дике” - “дике” (құны 10 долларлық купюра дегенді білдіретін жаргон сөз)

диккий рынок - жабайы нарық (алып-сатарлық коммерциядан үстем болатын нарық, қара базардың синонимі)

диктат цен - өктем баға, баға өктемдігі

диктат экономический - экономикалық өктем шарт

диктовка условий на рынке - нарықта өз талаптарын өктемдікпен таңу

диктовка цены - баға мөлшерін өктемдікпен таңу

дилемма - дилемма (1. қисындық топшылама; 2. екі мүмкіндіктің бірін таңдау қажеттігі)

“дилемма заключенного” - “қамаудағының дилеммасы” (ойын теориясында шешімдер мен нәтижелерді талдау әдісі)

дилемма политики экономической стабилизации - экономикалық тұрақтандыру саясатының дилеммасы

дилемма регулирования - реттеу дилеммасы

дилемма целей - мақсат дилеммасы

дилер - дилер, делдал (1. бағалы қағаздарды, валютаны, асыл металдарды сатып алу-сатумен айналысатын, кейде делдалдық операцияларды да жүзеге асыратын жеке не заңды тұлға; делдалдан айырмашылығы меншік иесі ретінде әрекет етеді және өз атынан әрі өз қаражаты есебінен әрекет етеді; 2. бизнеске қатысушы, өнімді көтере сатып алушы және бөлік саудада жекелеп не топтамасымен сатушы жеке не заңи тұлға; 3. инвестициялық институт болып табылатын заңи тұлға)

дилер биржевой - биржалық дилер

дилер валютный - валюталық дилер

дилер, имеющий право совершать операции с иностранной валютой - шетел валютасымен операция жасауға құқығы бар дилер

дилер инвестиционный - инвестициялық дилер

дилер, информирующий Федеральную резервную систему об объеме, позиции и финансировании сделок по правительственным ценным бумагам - үкіметтік бағалы қағаздар бойынша мәміленің көлемі, жайғасымы және оны қаржыландыру туралы Федералдық сақтық қор жүйесіне хабарлаушы дилер (АҚШ)

дилер на валютной бирже - валюта биржасындағы дилер

дилер на рынке ценных бумаг - бағалы қағаздар нарығындағы дилер

дилер опционный - опциондық дилер

дилер, осуществляющий сделки с премией - сыйлықақылы мәмілені жүзеге асырушы дилер

дилер официальный - ресми дилер

дилер, передающий брокерам небольшие партии ценных бумаг - бағалы қағаздардың шағын топтамасын брокерлерге беруші дилер

дилер по операциям с небольшими партиями ценных бумаг - бағалы қағаздардың шағын топтамаларымен жасалатын операциялар жөніндегі дилер

дилер по операциям с ценными бумагами - бағалы қағаздармен жасалатын операциялар жөніндегі дилер

дилер по сделкам с премией - сыйлықақылы мәмілелер жөніндегі дилер

дилер по ценным бумагам - бағалы қағаздар бойынша дилер

дилер, продающий ненадежные ценные бумаги - сенімсіз бағалы қағаздарды сатушы дилер

дилер рынка государственных краткосрочных бескупонных облигаций - мемлекеттік қысқа мерзімді купонсыз облигациялар нарығының дилері

дилер с лицензией - лицензиялы дилер

дилер, торгующий иностранной валютой - шетел валютасымен сауда жасаушы дилер

дилерская деятельность - дилерлік қызмет (бағалы қағаздар нарығындағы кәсіпқойлық қызмет түрлерінің бірі)

дилерская заявка - дилерлік өтінім

дилерская комната - дилерлер бөлмесі

дилерская скидка - дилердің шегерімі, дилерлік шегерім

дилерская скидка с цены - дилердің бағадан шегеруі

дилерская фирма - дилерлік фирма

дилерская фирма, продающая пакеты ценных бумаг клиентам, объединенным в группы - топтарға біріккен клиенттерге бағалы қағаздар пакеттерін сатушы дилерлік фирма

дилерские резервы - дилерлік сақтық қор

дилерские удержания - дилерлік ұстап қалу

дилерский дисконт - дилерлік дисконт

дилерский кредит - дилерлік кредит

дилерское финансирование - дилерлік қаржыландыру

дилер-участник рынка правительственных ценных бумаг - үкіметтік бағалы қағаздар нарығына қатысушы дилер

дилеры государственных ценных бумаг - мемлекеттік бағалы қағаздар дилерлері

дилеры, группирующиеся по интересам в определенном месте биржи - биржаның белгілі бір орнында мүдделер бойынша топтасушы дилерлер

дилеры Нью-Йоркской фондовой биржи, специализирующиеся на неактивных облигациях - Нью-Йорк қор биржасының бейактив облигацияларға маманданған дилерлері

дилеры, специализирующиеся на облигациях с большим объемом продаж - сату көлемі көп облигацияларға маманданушы дилерлер

дилеры, специализирующиеся на сделках с другими дилерами и брокерами - басқа дилерлермен және брокерлермен мәміле жасасуға маманданушы дилерлер

диллинг - дилинг (*банк, компания қызметкерлері валюталармен, бағалы қағаздармен байланысты мәміле жасасатын үй-жай*)

диллинг банковский - банк дилингі

диллинг валютный - валюталық дилинг

диллинг “с самим собой” - “өзімен-өзі” болатын дилинг

“диллон раунд” - “диллон раунд” (*Тарифтер мен сауда жөніндегі Бас келісімнің қамқорлығымен 1960-61 жылдары Женевада өткен сауда келіссөзінің бесінші раундының жалпы жұрт қабылдаған атауы*)

диллюция - диллюция (*1. фирмада капиталдың көбеюі нәтижесінде оның беделінің өсуін сипаттайтын жағдай; 2. барлық бағалы қағаздар айырбасталуы үшін, ал барлық кепілдіктер не акциялық опциондар пайдаланылуы үшін бір акцияға не бір акцияның құнына шаққанда табысқа ықпал ету*)

диллюция капитала - капитал диллюциясы, капиталдың көбеюі (*бағамы жоғарылау үдерісінде тұрған акциялардың иесіне тән әлеуметтік құқықтардың өсуі*)

диллюция прибыли - пайда диллюциясы, пайданың өсуі (*әрбір акция бойынша алынатын пайданың өсуі*)

динамика биржевого курса - биржа бағамының серпіні

динамика валютных курсов - валюта бағамдарының серпіні

динамика доходности - табыстылық серпіні

динамика доходов - табыс серпіні, кіріс серпіні

динамика издержек - шығын серпіні

динамика инвестиций - инвестициялар серпіні

динамика показателей инфляции - инфляция көрсеткіштерінің серпіні

динамика предпринимательских расходов - кәсіпкерлік шығыстар серпіні

динамика рынка - нарық серпіні

динамика сбережений и инвестиций - жинақ ақша мен инвестиция серпіні

динамика ссудных операций - несие операцияларының серпіні

динамика цен - баға серпіні

динамика циклов предложения - ұсыныс циклдерінің серпіні

динамика экономическая - экономикалық серпін

динамика экономических показателей - экономикалық көрсеткіштер серпіні

динамика экономической системы - экономикалық жүйе серпіні

динамическая модель экономики - экономиканың серпінді үлгісі

динамическая электронная таблица - динамикалық электронды кесте (*компьютердің зердесіне салынған сандық деректер жиыны*)

динамический - серпінді (*опцион жағдайына негізделген мәмілелерде стратегияға талдау жасаумен байланысты қолданылатын термин*)

динамичный экономический рост - серпінді экономикалық өсу

динамично развивающийся рынок - серпінді түрде дамушы нарық

динар - динар (*шығыс арабтарының көне алтын мәнеті; Абу-Даби, Аден, Бахрейннің ақша өлшемі, 100 филске тең; Алжирдің ақша өлшемі, 100 сантимге тең; Ливияның ақша өлшемі, 1000 дирхамға тең; ИХДР-дің ақша өлшемі, 1000 филске тең; Ирак пен Иорданияның, Оңтүстік Йеменнің (Аден) ақша өлшемі, 1000 филске тең; Югославияның ақша өлшемі, 100 параға тең; Тунис, Иранның ұсақ шақасы, 1/100 риалға тең; бұрынғы ақша өлшемі, 1000 миллимге тең; Кувейттің ақша өлшемі, 10 дирхемге, яки 1000 филске тең*)

“динго” - “динго” (*нөл купонды облигациялардың түрі*)

дип - дип (*ұзақ өсуден кейін бағалы қағаздар бағасының аздап төмендеуі*)

“дипломатия доллар” - “доллар дипломатиясы” (*Американ капиталының басқа елдердің нарығына, әсіресе Латын Америкасының нарығына енуіне мемлекеттік жәрдемдесудің американдық сыртқы саяси практикасы*)

дипломированный брокер - дипломды брокер

дипломированный бухгалтер - дипломды бухгалтер

дипломированный общественный бухгалтер - қоғамдық дипломды бухгалтер

дипломированный специалист по финансовому планированию - қаржыны жоспарлау жөніндегі дипломды маман

дипломированный страховщик жизни - өмірді дипломды бар сақтандырушы

директива - директива, басшылық нұсқау, бағыттама (*жоғары орынның, басқару органының басшылық нұсқауы*)

директивная программа кредитования - директивалық несиелендіру бағдарламасы

директивно распределяемые кредиты - нұсқаумен бөлінетін несие

директивы ЕС об унифицировании налогов - Еуропа қоғамдастығының салықтарды бір ізге түсіру туралы директивалары

директивы по распределению кредитов - несиелерді бөлу туралы директивалар

директор банка из числа лиц, не работающих в банке - банкте істемейтін тұлғалар қатарынан шыққан банк директоры

директор из числа высших руководителей банка - банктің жоғары басшылары қатарынан шыққан директор

директор исполнительный - атқарушы директор

директор неисполнительный - атқарушы емес директор

директор монетного двора - ақша (мәнет) сарайының директоры (АҚШ)

директор по маркетингу - маркетинг жөніндегі директор

директор по рекламе - жарнама жөніндегі директор

директор по связям с общественностью - жұртшылықпен байланыс жөніндегі директор

директор программы - бағдарлама директоры

директор проекта - жоба директоры

директор финансовый - қаржылық директор

директора банка - банк директорлары

директор-администратор - әкімгер-директор

директор-акционер - акционер-директор

директорат - директорат (директорлар алқасы)

директор-исполнитель - атқарушы-директор

директор-распорядитель - өкімгер-директор

директорская проверка - директордың тексеруі

директорский фонд - директор қоры

директорский фонд - директорлық қор

директорское вознаграждение - директорлық сыйақы

директорство в банке - банктегі директорлық

дирекция - дирекция (1. кәсіпорынның, ұйымның, мекеменің директор басқаратын басшылық органы; 2. акционерлік қоғамның алқалы атқарушы органы)

дирекция генеральная - бас дирекция

дирекция исполнительная - атқарушы дирекция

дирижизм - дирижизм (белсенді мемлекеттік реттеу саясаты)

дирхам - дирхам (1. Марокконың, Біріккен Араб Әмірлігінің ақша бірлігі; 2. Ливияның ұсақ мәнеті)

дисажио - дисажио (1. ақшаның, вексельдер мен бағалы қағаздардың нарықтық бағамының олардың көрсетулі құнынан төмендеуі; 2. акцияның көтеріңкі атаулы құны мен биржадағы нақты құны арасындағы айырма; 3. валюта нарығында несиеге сатып алынатын валютаның құны мен қолма-қол есеп айырысу арасындағы айырма)

дисбаланс - теңгерімсіздік, үйлесімсіздік

дисбаланс биржевых приказов - биржалық бұйрықтардың теңгерімсіздігі

дисбаланс валютный - валюталық теңгерімсіздік

дисинфляция - дисинфляция (бағаның баяу өсуімен сипатталатын инфляция)

диск - диск (файлдарды сақтауға және интернетке қосылған кез келген құрылғыда онымен жұмыс істеуге арналған диск)

- инструменты регулирования рынка** - нарықты реттеу құралдары (*үкімет елдің шаруашылығында үйлесімділікті қамтамасыз ету, әлеуметтік өтемақылар жүйесін құру үшін пайдаланатын тәсілдер: салық, несие, банк пайызы, баға шегі, мақсатты жәрдем қаражат, инвестиция*)
- инструменты финансовые** - қаржы құралдары
- инструменты фискальной политики** - қазыналық саясат құралдары
- инструменты экономической политики** - экономикалық саясат құралдары
- интегральная оценка риска** - тәуекелдікті интегралдық бағалау (*қабылданатын басқармалық шешімдердің деңгейін анықтауға, тұрлаусыздық жағдайында тиісті әрекет жасауға мүмкіндік беретін кешенді бағалау жүйесі*)
- интеграция** - интеграция, біріктіру, бірігу, бірлесу (*1. Еуропа Одағына мүше елдердің экономикалары мен валюталарын жақындату және бір ізге түсіру туралы идея; 2. өзара тиімділікке жету мақсатында екі не одан көп компанияны бір жерден бақылауға біріктіру; 3. қосылу не жұтылу нәтижесінде екі не одан көп фирманың бірігуі*)
- интеграция банков с промышленностью** - банктердің өнеркәсіппен интеграциясы
- интеграция в мировую экономику** - дүниежүзілік экономикаға интеграциялану
- интеграция валютная** - валюталық бірігу
- интеграция учета** - есепті біріктіру
- интеграция финансовая** - қаржылық бірігу
- интеграция финансового и промышленного капиталов** - қаржы және өнеркәсіп капиталдарының бірігуі
- интеграция экономическая** - экономикалық біріктіру, экономикалық бірігу, экономикалық интеграция
- “интеллектуальная” кредитная карточка** - “зияткерлік” несие карточкасы
- интенсивное инвестирование** - қарқынды инвестициялау

- интенсивность роста цен** - бағаның өсу қарқындылығы
- интенсивный тип экономического роста** - экономикалық өсудің қарқынды түрпаты
- интенсивный экономический рост** - қарқынды экономикалық өсу
- интенсификация валютная** - валюталық қарқындыдыру
- интенсификация инвестиций** - инвестицияларды қарқындыдыру
- интенсификация экономики** - экономиканы қарқындыдыру
- интербанк** - интербанк (*халықаралық банк; қамтамасыз етілмеген қысқа мерзімді несиенің банк аралық нарығы*)
- интервал колебания курсов** - бағамдардың ауытқуы аралығы
- интервал колебания цен** - бағалардың ауытқуы аралығы
- интервал между ценами исполнения опционов** - опционның орындалуы бағалары арасындағы аралық
- интервальный инвестиционный паевой фонд** - межделмелік инвестициялық үлеспұл қоры
- интервалютарный курс** - интервалюталық бағам
- интервалютарный паритет** - интервалютарлық барабарлық
- интервенционная процентная ставка** - басқыншылық пайыздық мөлшерлеме
- интервенционная цена** - басқыншылық баға
- интервенционный запас** - басқыншылық босалқы қор
- интервенционный курс** - басқыншылық бағам
- интервенционный курс в Европейской валютной системе** - Еуропалық валюта жүйесіндегі басқыншылық бағам
- интервенционный объем продаж** - сатудың басқыншылық көлемі
- интервенционный период** - басқыншылық кезең
- интервенция** - басқыншылық (*валюталық айырбас бағамын қатаң бақылау жүйесінде Орталық банктің осы бағамды белгілі бір шекте ұстау мақсатымен араласуы*)
- интервенция биржевая** - биржа басқыншылығы
- интервенция в поддержку конъюнктуры** - жағдаятты қолдау жолындағы басқыншылық
- интервенция валютная** - валюталық басқыншылық
- интервенция на валютном рынке** - валюта нарығындағы басқыншылық
- интервенция на валютном рынке, когда курс не достигает установленных пределов отклонения** - бағам белгіленген ауытқу шегіне жетпейтін кезде валюта нарығындағы басқыншылық (*Еуропалық валюта жүйесінде*)
- интервенция на денежном рынке** - ақша нарығындағы басқыншылық
- интервенция на межбанковский рынок** - банк аралық нарыққа басқыншылық
- интервенция с использованием нескольких валют** - бірнеше валюталарды пайдаланумен байланысты басқыншылық
- интервенция с целью поддержания курса** - бағамды қолдау мақсатындағы басқыншылық
- интервенция центрального банка** - орталық банктің басқыншылығы
- интервенция экономическая** - экономикалық басқыншылық
- интервиент** - интервиент (*вексель бойынша ақшаны қабылдауда не төлеуде арада жүретін делдал*)
- интервью** - сұхбат (*маркетингілік зерттеуде клиенттердің пікірін анықтау әдістерінің бірі*)
- интерес** - мүдде
- интерес банковский** - банк мүддесі
- интерес денежный** - ақшалай мүдде
- интерес законный** - заңды мүдде
- интерес инвестиционный** - инвестициялық мүдде
- интерес контрактный** - келісімшарттық мүдде
- интерес страхователя** - сақтанушы мүддесі
- интерес страховой** - сақтандыру мүддесі
- интерес страховщика** - сақтандырушы мүддесі
- интерес страхуемый** - сақтандырылатын мүдде
- “интереса нет”** - “мүдде жоқ” (*биржа жаргоны: жүргізушінің сатып алушы-делдалдардың жарияланған топтамаға мәміле жасағысы келмегенін жариялауы*)
- интересы ведомственные** - идаралық мүдделер
- интересы взаимные** - өзара мүдделер
- интересы государства** - мемлекеттің мүдделері
- интересы государственные** - мемлекеттік мүдделер
- интересы деловые** - іскерлік мүдделер
- интересы национальные** - ұлттық мүдделер
- интересы общегосударственные** - жалпы мемлекеттік мүдделер
- интересы покупателей** - сатып алушылардың мүдделері
- интересы противоречащие (противоречивые)** - қайшылықты мүдделер
- интересы страны** - елдің мүдделері
- интересы финансовые** - қаржы мүдделері
- интересы человека** - адам мүдделері
- интересы экономические** - экономикалық мүдделер
- интермедиация** - интермедиация (*капиталдың межелі мерзімде қайтарылуына қол жеткізу үшін несиелік бағалы қағаздарға не үкіметтің борышқорлық қағаздарына инвестиция салатын қаржы делдалынан алынған ақшаны орналастыру*)
- интермедиация финансовая** - қаржы интермедиациясы
- интернационализация валюты** - валютаны интернационалдандыру
- интернационализация внутренних валютных рынков** - ішкі валюта нарықтарын интернационалдандыру
- интернационализация финансовых рынков и учреждений** - қаржы нарықтары мен мекемесін интернационалдандыру

интернационализация экономики - экономиканы интернационалдандыру (*халықаралық еңбек бөлінісі негізінде жекелеген елдер арасында тұрақты өндірістік-экономикалық байланыстарды қалыптастыру*)

интернациональная стоимость валюты - валютаның интернационалдық құны

интернет - интернет, ғаламтор (*ауқымды ақпараттық қызметтерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін, электрондық поштаны қамтамасыз ететін ғалами компьютерлік желі*)

интернет-банкинг - интернет-банкинг (*Интернет желісінің мүмкіндіктерін пайдаланып, банк қызметін алыстан көрсету түрі*)

интернет-провайдер - интернет-провайдер (*кейде жай провайдер (ағыл. Internet Service Provider, ISP), сөзбе-сөз мағынасы: интернет қызметін көрсетудің жеткізушісі - қол жеткізу қызметін көрсетуші және интернетпен байланысты басқа да қызметтер көрсетуші ұйым*)

интерпозиция - интержайғасым (*бағалы қағаздар жөніндегі мәміледе екінші делдалдың екі принципал арасында не клиент пен нарықтық іскер арасында орналасуы*)

интерцессия - интерцессия (*шартқа борышқор жағынан қосылу*)

инти - инти (*Перудің ақша бірлігі*)

интрадень - күні бойына (*акциялардың, облигациялардың не тауарлардың жоғары не төмен бағасына қатысты пайдаланылады*)

инфлятор - инфлятор (*инфляция көрсеткіші*)

инфляционная заработная плата - инфляциялық жалақы

инфляционная оговорка - инфляциялық ескертпе (*1. жалақы туралы келісімдегі ескертпе, мұнда тұрмыс құнының көрсеткіші кейбір белгіленген деңгейден асып түскен жағдайда жалақының өзінен-өзі көбеюі көзделеді; 2. келісімшарттағы бағаның инфляциялық өсуі кезінде оның құнын көбейту көзделетін ескертпе*)

инфляционная обстановка - инфляциялық жағдай

инфляционная разница цен - бағалардың инфляциялық айырмасы

инфляционная спираль цен - бағаның инфляциялық бұралымы

инфляционная тенденция - инфляциялық үрдіс

инфляционное давление - инфляциялық қысым

инфляционные последствия - инфляциялық зардаптар

инфляционный - инфляциялық

инфляционный выпуск бумажных денег - инфляциялық бағалы қағаздар шығарылымы

инфляционный дифференциал - инфляциялық шегерме ақы

инфляционный импульс - инфляциялық серпін

инфляционный курс - инфляциялық бағам (*өндіріс шығынының болжап білуге болмайтын деңгейде өсуінен туындаған және жаңа нарыққа шығу кезінде туындайтын несие тәуекелі*)

инфляционный налог - инфляциялық салық

инфляционный процесс - инфляциялық үдеріс

инфляционный риск - инфляциялық тәуекел

инфляционный скачок - инфляциялық секіріс

инфляционный эффект - инфляциялық нәтиже

инфляция - инфляция, құнсыздану (*айналыс аясының қағаз ақшаға шектен тыс толуы; ақшалай табыстың тауарлар мен көрсетілетін қызметтерден асып түсуі, нарықта қаржы активтерінің көбеюі салдарынан тауарлар мен көрсетілетін қызметтер бағасының өсуі*)

инфляция бумажных денег - қағаз ақшаның құнсыздануы (*АҚШ*)

инфляция, вызванная избыточным спросом на товары и услуги - тауарға және қызмет көрсетуге басы артық сұраныстан болған инфляция

инфляция, вызванная несоответствием предложения спросу - ұсыныстың сұранысқа сай келмеуінен туындаған инфляция

инфляция, вызванная ожиданием роста цен - бағаның өсуін күтуден туындаған инфляция

инфляция, вызванная превышением спроса над предложением - сұраныстың ұсыныстан асып түсуінен туындаған инфляция

инфляция, вызванная рыночной стратегией продавцов - сатушылардың нарықтық стратегиясынан туындаған инфляция

инфляция, вызванная чрезмерным расширением денежного обращения - ақша айналысының шектен тыс кенеюінен туындаған инфляция

инфляция выходит из-под контроля - инфляция бақылаудан шығуда

инфляция кредита - несиенің құнсыздануы

инфляция кредитная - несие инфляциясы

инфляция спроса - сұраныс инфляциясы

инфляция галопирующая - өршімелі инфляция

инфляция импортированная - келтірілме инфляция, шеттен келтірілген инфляция

инфляция импортируемая - келтірінді инфляция, келімсек инфляция

инфляция кредита - несиенің құнсыздануы

инфляция кредитная - несие инфляциясы

инфляция, обусловленная ростом издержек - шығынның өсуіне байланысты туған инфляция

инфляция, развивающаяся медленными темпами - баяу қарқынмен дамушы инфляция

инфляция, связанная с ростом заработной платы - жалақының өсуімен байланысты инфляция

инфляция, связанная с ростом налогов - салықтардың өсуімен байланысты инфляция

инфляция, связанная с увеличением доли прибыли в ценах - пайданың бағадағы үлесінің көбеюімен байланысты инфляция

инфляция, связанная с чрезмерной эмиссией наличных денег - қолма-қол ақшаның шектен тыс шығарылуына байланысты инфляция

инфляция, сдерживаемая регулированием цен - бағаны реттеумен тежелетін инфляция

инфляция хроническая - созылмалы инфляция

информативность отчета - есептеменің ақпараттылығы

информативный отчет - ақпараттық есептеме

информатизация - ақпараттандыру (*ақпараттық ресурстарды қалыптастыру, пайдалану негізінде ақпараттық қажеттерді қанағаттандыру үшін оңтайлы жасадай жасаудың ұйымдық әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық үдерісі*)

информатор - ақпаратшы

информационное заявление при продаже в кредит - кредитке сату кезіндегі ақпараттық өтініш

информационное обеспечение - ақпаратпен қамтамасыз ету

информационное обеспечение управления - басқаруды ақпаратпен қамтамасыз ету

информационно-справочный отдел биржи - биржаның ақпарат-анықтама бөлімі

информационно-статистическая служба Лондонской фондовой биржи - Лондон қор биржасының ақпараттық-статистикалық қызметі

информационно-управляющая система (ИУС) - ақпараттық-басқару жүйесі

информационные агентства, изучающие состояние потребительского рынка - тұтынушылар нарығының жай-күйін зерделейтін ақпараттық агенттік

информационные операции - ақпараттық операциялар

информационные операции регистратора ценных бумаг - бағалы қағаздарды тіркеушінің ақпараттық операциялары

информационные процессы - ақпараттық үдерістер (*ақпаратты жинау, өңдеу, қорландыру, сақтау, іздестіру, тарату үдерістері*)

информационные ресурсы - ақпарат ресурстары

информационные системы управления - басқарудың ақпараттық жүйелері

информационный обмен - ақпарат алмасу (*клиенттер мен банк арасында өзара ақпараттық материал және барлық операцияларды жеделдетіп, оңайлататын бағдарламалар алысу*)

информация - ақпарат (*1. кең мағынада - тұлғалар, заттар, фактілер, оқиғалар, үдерістер туралы мәліметтер; 2. сақтау, өңдеу және табыстау объектілері болып табылатын, басқаруда экономикалық шешімдерді талдап, әзірлеу үдерісінде пайдаланылатын мәліметтер, деректер, экономикалық көрсеткіштердің мәні; 3. экономикалық үдерістерде пайдаланылатын, алынуы уақыт шығыны мен басқа да ресурстар жұмсауды талап ететін және бұл шығынды өндіріс пен айналыс шығынына жатқызу керек болатын ресурс түрлерінің бірі; 4. дүние жаратылысының мәнін құрайтын және ақыл-ой қызметінің кез келген өнімін, ең алдымен білімді, бейнелерді қамтитын іргелі үш субстанцияның (заттек, энергия, ақпарат) бірі*)

информация агентства “Стандард энд Пул” о дивидендной политике компаний - “Стандард энд Пул” агенттігінің компаниялардың дивидендік саясаты туралы ақпараты (*АҚШ*)

информация административная - әкімшілік ақпарат

информация банковская - банк ақпараты

информация биржевая - биржа ақпараты

информация для акционеров - акционерлерге арналған ақпарат

информация для доверенных лиц - сенімгерлерге арналған ақпарат

информация для кредита - несиеге арналған ақпарат

информация документированная - құжатталған ақпарат

информация конфиденциальная - құпия ақпарат

информация ложная - жалған ақпарат

информация маркетинговая - маркетингтік ақпарат

информация массовая - бұқаралық ақпарат

информация на ленте тикера о нескольких сделках с одним видом ценных бумаг - тикер таспасындағы бағалы қағаздардың бір түрімен жасалған бірнеше мәміле туралы ақпарат

информация на рынке государственных краткосрочных бескупонных облигаций - мемлекеттік қысқа мерзімді купонсыз облигациялар нарығындағы ақпарат

информация на рынке страхования - сақтандыру нарығындағы ақпарат

информация на рынке ценных бумаг - бағалы қағаздар нарығындағы ақпарат

информация о вкладах - салымдар туралы ақпарат

информация о корпорациях, публикуемая компанией “Дан энд Брэдстрит” - “Дан энд Брэдстрит” компаниясы жариялайтын корпорациялар туралы ақпарат

информация о котировках ценных бумаг - бағалы қағаздардың баға белгіленімі туралы ақпарат

информация о кредитоспособности - несиеге қабілеттілік туралы ақпарат

информация о налогоплательщике - салық төлеуші туралы ақпарат

информация о нарушениях налогового законодательства - салық заңдарының бұзылғандығы туралы ақпарат

информация о покупательском спросе - сатып алушылардың сұранысы туралы ақпарат

информация о продавце - сатушы туралы ақпарат

информация о распределении акций и деталях создания новой компании - акцияларды бөлу және жаңа компания құру туралы ақпарат

информация о результатах проводимых проверок - жүргізілетін тексерулердің нәтижелері туралы ақпарат

информация о результатах проводимых ревизий - жүргізілетін тексерістердің нәтижелері туралы ақпарат

информация о сделке - мәміле туралы ақпарат

- информация о состоянии курсов акций на бирже** - биржадағы акциялар бағамының жай-күйі туралы ақпарат
- информация о состоянии рынка** - нарықтың жай-күйі туралы ақпарат
- информация о ценах** - баға туралы ақпарат
- информация о ценных бумагах** - бағалы қағаздар туралы ақпарат
- информация об исполнителе** - орындаушы туралы ақпарат
- информация об использовании** - пайдалану туралы ақпарат
- информация, переданная инициатором операции бенефициарию** - операцияның бастамашысы бенефициарийге берген ақпарат
- информация, помогающая эмитенту осуществить планируемую операцию** - эмитенттің жоспарланатын операцияны жүзеге асыруына көмектесетін ақпарат
- информация с ограниченным доступом** - рұқсаты шектеулі ақпарат, қолжеткізімі шектеулі ақпарат
- информация секретная** - құпия ақпарат
- информация, составляющая государственную, банковскую или охраняемую законом тайну** - мемлекеттік, банктік немесе заңмен қорғалатын құпиядан тұратын ақпарат
- информация социальная** - әлеуметтік ақпарат
- информация, способная воздействовать на курс ценных бумаг** - бағалы қағаздар бағамына ықпал ете алатын ақпарат
- информация статистическая** - статистикалық ақпарат
- информация технологическая** - технологиялық ақпарат
- информация управленческая** - басқарушылық ақпарат
- информация учетная** - есептік ақпарат
- информация экономическая** - экономикалық ақпарат
- информация юридическая** - заңи ақпарат
- инфракция** - инфракция (*шартта, келісімшартта тіркелген талаптарды тараптардың бірінің бұзуы*)
- инфранчизмент** - инфранчизмент (*дауыс құқығы жоқ акциялардың иелеріне дауыс құқығын беру*)
- инфраструктура аудиторского рынка** - аудиторлық нарық инфрақұрылымы
- инфраструктура биржевая** - биржалық инфрақұрылым
- инфраструктура инвестиционных проектов** - инвестициялық жобалардың инфрақұрылымы
- инфраструктура интернет-бизнеса** - интернет-бизнес инфрақұрылымы
- инфраструктура, необходимая для развития исламских банков** - ислам банктерінің дамуы үшін қажет инфрақұрылым
- инфраструктура рынка ценных бумаг** - бағалы қағаздар нарығының инфрақұрылымы
- инфраструктура сетевого электронного бизнеса** - желілік электрондық бизнес инфрақұрылымы
- инфраструктура социальная** - әлеуметтік инфрақұрылым
- инфраструктура технологическая** - технологиялық инфрақұрылым
- инфраструктура финансовая** - қаржылық инфрақұрылым
- инфраструктура экономики** - экономиканың инфрақұрылымы
- “инъекция” в экономику** - экономикаға “қуат беру” (*экономикаға түсетін бір жолғы инвестиция*)
- инъекция долларовая** - долларлай қуат беру
- иные, чем наличные, деньги, средства** - қолма-қол ақшадан гөрі өзге ақша, қаражат (*чектер, ноталар, кредит*)
- иорданский динар** - Иордания динары
- ипотека** - ипотека (*1. ақшалай несиені қамтамасыз ету үшін кепілзатқа салынатын жылжымайтын мүлік; 2. кепілге салынған меншік жөніндегі кепілхат*)
- “ипотека в пакете”** - “пакеттегі ипотека”
- ипотека в силу закона** - заң күшіндегі ипотека
- ипотека вторая** - екінші ипотека
- ипотека вторичная** - қайталама ипотека
- ипотека, выдаваемая покупателем взамен наличности при приобретении собственности** - меншікті сатып алу кезінде сатып алушы қолма-қол ақша орнына беретін ипотека
- ипотека выплачиваемая** - төленетін ипотека
- ипотека, дающая ее владельцу преимущественное право перед другими кредиторами того же дебитора на погашение долгов** - иеленушісіне сол дебитордың басқа несиегерлерінің алдында борышты өтеуде артықшылықты құқық беретін ипотека
- ипотека до востребования** - талап етілмелі ипотека
- ипотека закрытая** - жабық ипотека
- ипотека, застрахованная Федеральным управлением жилищного строительства** - Федералдық тұрғын үй құрылысы басқармасы сақтандырған ипотека
- ипотека младшая** - кіші ипотека
- ипотека на жилой дом, застрахованная Федеральным жилищным управлением** - тұрғын үйге арналған, Федералдық тұрғын үй басқармасы сақтандырған ипотека (*АҚШ*)
- ипотека обеспечения займа** - қарызды қамтамасыз ету ипотекасы
- ипотека обратная** - кері ипотека
- ипотека, обременяющая имущество** - мүлікке ауыртпалық түсіретін ипотека
- ипотека открытая** - ашық ипотека
- ипотека первая** - бірінші ипотека
- ипотека первичная** - бастапқы ипотека
- ипотека по контракту** - келісімшарт бойынша ипотека
- ипотека, по условиям которой заемщик должен поделиться прибылью с кредитором** - қарызгер шартты талап бойынша пайданы несиегермен бөлісуге тиіс болатын ипотека
- ипотека под залог движимого имущества** - жылжитын мүлік кепілімен берілетін ипотека

- ипотека, подлежащая погашению** - өтелуге тиіс ипотека
- ипотека полная** - толық ипотека
- ипотека последующая** - кейінгі ипотека
- ипотека постоянная** - тұрақты ипотека
- ипотека рентная** - ренталық ипотека
- ипотека ролloverная** - ролloverлік ипотека
- ипотека с дифференцированными платежами** - сараланған төлемді ипотека
- ипотека с изменяющимися условиями** - өзгермелі шартты ипотека, шарттары өзгермелі ипотека
- ипотека с нарастающими суммами платежей** - төлем сомасы өспелі ипотека
- ипотека с нулевой и низкой процентной ставкой** - нөлдік және төмен пайыздық мөлшерлемелі ипотека
- ипотека с нулевым купоном** - нөл купонды ипотека
- ипотека с обремененными требованиями в платежах** - төлемде талаптары жеңілдетілген ипотека
- ипотека с обратным аннуитетом** - кері аннуитетті ипотека
- ипотека с переданным правом распоряжения** - өкім құқығы табысталған ипотека
- ипотека с пересматриваемой ставкой** - мөлшерлемесі қайта қаралатын ипотека
- ипотека с плавающей процентной ставкой** - пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы ипотека
- ипотека с плавающей ставкой** - мөлшерлемесі құбылмалы ипотека
- ипотека с плавающей ставкой “Уачовия”** - “Уачовия” құбылмалы мөлшерлемелі ипотека (*жуырда пайда болған, Солтүстік Каролина штатының Уачовия банкі әзірлеген ипотекалық несиелендіру әдісі*)
- ипотека с плавающей ставкой процента** - пайыз мөлшерлемесі құбылмалы ипотека
- ипотека с постепенно нарастающими платежами** - төлемдері бірте-бірте өсетін ипотека
- ипотека с постепенно нарастающими платежами и пересматриваемой процентной ставкой** - төлемдері бірте-бірте өсетін және пайыздық мөлшерлемесі қайта қаралатын ипотека
- ипотека с постепенно нарастающими платежами и плавающей ставкой** - төлемдері бірте-бірте өсетін және мөлшерлемесі құбылмалы ипотека
- ипотека с постепенными выплатами** - төлем бірте-бірте төленетін ипотека
- ипотека с прямым погашением** - тікелей өтелетін ипотека
- ипотека с регулируемой процентной ставкой** - пайыздық мөлшерлемесі реттелмелі ипотека
- ипотека с фиксированной ставкой процента** - пайыз мөлшерлемесі тиянақталған ипотека
- ипотека со смешанной ставкой** - аралас мөлшерлемелі ипотека (*АҚШ*)
- ипотека Управления по делам ветеранов** - Ардагерлер ісі жөніндегі басқарма ипотекасы
- ипотекизация** - ипотекалау
- ипотечная банковская компания** - ипотекалық банк компаниясы
- ипотечная задолженность** - ипотекалық берешек
- ипотечная закладная** - ипотекалық кепілхат (*жыл-жымайтын мүліктің кепілге салынғандығы туралы банк қарызгерге беретін борышқорлық куәлік*)
- ипотечная компания** - ипотекалық компания
- ипотечная константа** - ипотекалық тұрақтылық
- ипотечная облигация** - ипотекалық облигация
- ипотечная облигация для финансирования продажи и ремонта жилых домов (США)** - тұрғын үйлерді сату мен жөндеуді қаржыландыруға арналған ипотекалық облигация (*АҚШ*)
- ипотечная облигация под обязательство** - міндеттеме кепілімен берілетін ипотекалық облигация
- ипотечная премия** - ипотекалық сыйлықақы
- ипотечная ссуда** - ипотекалық несие (*жылжымайтын мүлік кепілімен берілетін ұзақ мерзімді несие*)
- ипотечная ценная бумага на предъявителя** - ұсынушыға арналған ипотекалық бағалы қағаз
- ипотечное банковское дело** - ипотекалық банк ісі
- ипотечное кредитование** - ипотекалық несиелендіру
- ипотечное обязательство** - ипотекалық міндеттеме
- ипотечное ограничение** - ипотекалық шектеу
- ипотечное свидетельство** - ипотекалық куәлік (*1. бағалы қағаздың заңды иеленушісінің құқығын куәландыратын ордерлік бағалы қағаз; 2. негізгі міндеттеменің орындалуын куәландыратын бағалы қағаз; 3. негізгі міндеттемені орындау мақсатымен кепілге салынған мүлікті өндіріп алу шарасын куәландыратын бағалы қағаз*)
- ипотечное свидетельство на ограниченную сумму** - шектеулі сомаға ипотекалық куәлік
- ипотечное соглашение, по которому кредитор не получает в свои руки документы на закладываемую собственность** - несиегер кепілге салынған меншігіне құжаттарды өз қолына алмайтын ипотекалық келісім
- ипотечное финансирование** - ипотекалық қаржыландыру
- ипотечно-инвестиционный анализ в оценке** - бағалаудағы ипотекалық-инвестициялық талдам
- ипотечные бумаги** - ипотекалық қағаздар
- ипотечные гарантии Управления по делам ветеранов** - Ардагерлер ісі жөніндегі басқарманың ипотекалық кепілдігі
- ипотечные издержки** - ипотекалық шығын
- ипотечные инвестиции** - ипотекалық инвестиция
- ипотечные кредитные учреждения** - ипотекалық несие мекемесі
- ипотечные ценные бумаги** - ипотекалық бағалы қағаздар
- ипотечный банк** - ипотекалық банк (*ипотекалық несие берумен, яғни жылжымайтын мүлік кепілімен несие берумен айналысатын, кепілге салынған жылжымайтын мүлікпен қамсыздандырылатын кепілхаттар шығаруға мамандандырылған банк*)
- ипотечный банкир** - ипотекалық банкир (*ипотекалық қарызхат шығарып, оларды басқа инвесторларға сатушы компания не жеке тұлға*)

- ипотечный брокер** - ипотекалық брокер
- ипотечный департамент** - ипотекалық департамент
- ипотечный долг** - ипотекалық борыш
- ипотечный заем** - ипотекалық қарыз (*жылжымайтын мүлік кепілдігімен берілетін ұзақ мерзімді қарыз*)
- ипотечный заем с нарастающим погашением** - үдемелі түрде өтелетін ипотекалық қарыз
- ипотечный заем, для которого запрещено досрочное погашение облигаций** - облигацияларды ұзақ мерзімді өтеуге тыйым салынған ипотекалық қарыз
- ипотечный залог** - ипотекалық кепіл, ипотекалық кепілзат (*1. жерді, жылжымайтын мүлікті кепілге алу; 2. несиені қамсыздандыру ретінде бағалы қағаздарды кепілге алу*)
- ипотечный инвестиционный траст** - ипотекалық инвестициялық сенім қоры
- ипотечный кредит** - ипотекалық кредит (*банк жылжымайтын мүлік кепілімен беретін ұзақ мерзімді несиені*)
- ипотечный кредит, платежи по которому возрастают в течение определенного периода** - төлем белгілі бір кезеңде өсіп отыратын ипотекалық кредит
- ипотечный кредит под движимое имущество** - жылжымалы мүлік кепілімен берілетін ипотекалық кредит
- ипотечный кредит с периодическим рефинансированием** - дүркін-дүркін қайта қаржыландырылатын ипотекалық кредит
- ипотечный кредит с плавающей ставкой** - мөлшерлемесі құбылмалы ипотекалық кредит
- ипотечный кредит с ускоренным погашением** - жедел өтелетін ипотекалық кредит
- ипотечный подзалог** - ипотекалық ішкі кепілзат
- ипотечный портфель** - ипотекалық қоржын
- ипотечный пул** - ипотекалық пул (*мүлік жіктелімі, пайыз нормасы, өтеу мерзімі тұрғысынан ұқсас сипаттағы ипотекалар тобы*)
- ипотечный риск** - ипотекалық тәуекел (қатер)
- ипотечный рынок** - ипотекалық нарық
- ипотечный сбор** - ипотекалық алым
- ипотечный сервис** - ипотекалық сервис (*ипотекалық қарыздарға әкімшілік ету, ай сайынғы төлемдерді және мерзімі өткен төлемдер бойынша айыппұлдарды жинау, принципалдың, төленген пайыздардың сомасы туралы жазба жүргізу*)
- ипотечный сертификат** - ипотекалық сертификат (*жылжымайтын мүлік кепілдігімен жазбаша толтырылатын қарыз қаржы міндеттемесі*)
- иракский динар** - Ирак динары
- иранский риал** - Иран риалы
- ирландский фунт** - Ирландия фунты
- иск** - қуыным (*соттың кредитке қабілетсіз борышкердің ізіне түсуі*)
- иск в целях очищения права собственности** - меншік құқығын тазарту мақсатындағы қуыным
- иск встречный** - қарсы талап, қарсы қуыным
- иск долговой** - борыштық қуыным
- иск за причиненный ущерб** - келтірілген зиян үшін қуыным
- иск из договора** - шарттан туындайтын қуыным
- иск из противоправного удержания вещи** - затты құқыққа қарсы ұстап қалудан туындаған қуыным
- иск кредитора** - несиенің қуынымы
- иск о взыскании долга** - борышты өндіріп алу туралы қуыным (талап)
- иск о возвращении распоряжения движимой вещью** - жылжитын затқа өкімді қайтару туралы қуыным
- иск о признании неограниченного права собственности** - шектеусіз меншік құқығын тану туралы қуыным
- иск о признании недействительным** - жарамсыз деп тану туралы қуыным
- иск о признании прав** - құқықтарды тану туралы қуыным
- иск об аннулировании акта установления банкротства** - банкроттықты анықтау актісінің күшін жою туралы қуынып (талап)
- иск об уплате долгов** - борыштарды төлеу туралы қуыным
- иск по векселю** - вексель бойынша қуыным
- иск по переводному векселю** - аударма вексель бойынша қуыным (талап)
- иск по тратте** - тратта бойынша қуыным (талап)
- иск регрессный** - кері талап қою, кері қуыным
- иск через регистр** - тіркелім арқылы қуыну (*төлем төлемгеушілерді, борышқорларды арнаулы тізімдемеде борышын тіркеу жолымен іздестіру*)
- искажение** - бұрмалау (*келісімшарт бойынша бір тараптың жағдайын екінші тарапқа жалған көрсету*)
- искажение фактов посредником** - делдалдың фактілерді бұрмалауы
- искажение цен** - бағаны бұрмалау
- искать золото** - алтын іздеу
- искать покупателя или продавца финансовых инструментов** - қаржы құралдарын сатып алушыны немесе сатушыны іздеу
- исключать из консорциума** - консорциумнан шығарып тастау
- “исключая все права”** - “барлық құқықты алып тастағанда” (*жаргон сөз: сатып алу ешқандай қосымша құқық бермейтін акция бағасын білдіретін ұғым*)
- “исключая дивиденд”** - “дивиденді алып тастағанда” (*сатып алынуы кезекті дивиденд алуға құқық бермейтін акцияның бағасын көрсету*)
- исключая проценты** - пайыздарды алып тастағанда
- исключение** - 1) алып тастау, шығарып тастау, шығару; 2) айрықшалық
- исключение из консорциума** - консорциумнан шығарып тастау
- исключение из права собственности** - меншік құқығынан алып тастау
- исключение из списка** - тізімнен шығару (*қайсыбір компанияның бағалы қағаздарын талаптардың сақталмауы немесе акциялардың белгіленген қаржы не*

сауда деңгейіне сай келмеуі себепті биржадан шеттетуге)

исключение из списка котирующихся на бирже

ценных бумаг - биржада бағамы белгіленген бағалы қағаздар тізімнен алып тастау

исключение небольших сумм дивидендов из обложения федеральными налогами - дивидендтердің аздаған сомасын федералдық салық салудан алып тастау

исключение ответственности - жауапкершілікті алып тастау

“исключение чеков” - “чектерді алып тастау”

исключение членов - мүшелерді шығарып тастау

исключения в бухгалтерии - бухгалтериядағы алып тастау

исключенный платежный инструмент - алып тасталған төлем құралы

исключительное право выпуска банкнот - банкнот шығарудың айрықша құқығы

исключительное право голоса по акциям - акциялар бойынша дауыс берудің айрықша құқығы

исключительность - ерекшелік, айрықшалық

исключительные права - айрықша құқықтар

исключительные права на результаты интеллектуальной деятельности - зияткерлік қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтар

исковая давность - қуыным мерзімі

исковое заявление - қуыным арызы (*талапкердің анықталған фактілер мен заңнамалық нормалар негізінде жауапкерге мәлімделген талабы*)

исковое требование - қуыным талабы

искусственная денежная единица, в которой выражены акции банка “Скандинавизм бэнк” - “Скандинавизм бэнк” банктің акциялары көрсетілген жасанды ақша бірлігі (*Лондон*)

искусственно вздувать курсы ценных бумаг - бағалы қағаздар бағамын жасанды түрде желбуаздандыру

искусственно поддерживаемая цена - жасанды түрде қолдау көрсетілетін баға

искусственно поддерживаемый курс - жасанды түрде қолдау көрсетілетін бағам

искусственно поддерживаемый курс иностранной валюты - шетел валютасының жасанды түрде қолдау көрсетілетін бағамы

искусственно поддерживаемый паритет валюты - валютаның жасанды түрде қолдау көрсетілетін барабарлығы

искусственная поддержка курса - бағамды жасанды түрде қолдау

искусственно поддерживать курс - бағамды жасанды түрде қолдау

искусственное вздувание курсов ценных бумаг - бағалы қағаздардың бағамын жасанды түрде желбуаздандыру

искусственное занижение цены - бағаны әдейі төмендету (*бәсекелесті нарықтан кетіру немесе өз қызметін мүлде тоқтатуға мәжбүр ету мақсатымен айтарлықтай төмен баға белгілеу*)

искусственное повышение курса валюты - валюта бағамын жасанды түрде көтеру

искусственное раздувание активности с ценными бумагами с целью их более частого появления на дисплее - бағалы қағаздардың дисплейде неғұрлым жиі көрінуі мақсатымен олардың белсенділігін жасанды түрде желпінту

искусственный долг - жасанды борыш

искусство валютных операций - валюталық операциялар жасау шеберлігі

Исламская корпорация по развитию частного сектора (Islamic Corporation for the Development of the Private Sector (ICD)) - Жекеше секторды дамыту жөніндегі ислам корпорациясы

Исламская корпорация по страхованию инвестиций и экспортных кредитов (Islamic Corporation for the Insurance of Investment & Export Credit (ICIEC))

- Инвестициялар мен кредиттерді сақтандыру жөніндегі ислам корпорациясы

исламская финансовая инфраструктура - ислам қаржы инфрақұрылымы

исламская финансовая система (ИФС) - ислам қаржы жүйесі

исламская финансовая структура (ИФС) - исламдық қаржы құрылымы

исламская экономика - ислам экономикасы, ислам ихтисады

исламские инвестиционные фонды - ислам инвестициялық қорлары

исламские налоги - ислам салықтары

исламские небанковские и микрофинансовые учреждения - ислам бейбанкілік және микроқаржыландыру мекемелері

исламские “окна” обычных банков - кәдуілгі банкітердің исламдық “терезелері”

исламские финансовые институты - ислам қаржы институттары

исламские финансовые продукты - ислам қаржы өнімдері

исламские финансовые учреждения (ИФУ) - ислам қаржы мекемелері (ИҚМ)

исламские финансы (ИФ) - ислам қаржысы (ИҚ)

исламские ценные бумаги - ислам бағалы қағаздары
исламский банк (ИБ) - ислам банкі (*ислам банкітері, ИБ - депозиттер қабылдаушы және қорланған қаражатты инвестициялаушы қаржы институттары*)

Исламский банк развития (Джидда, Саудовская Аравия) - Ислам даму банкі (*Джидда, Сауд Арабиясы*) (*қаржы қызметін көрсететін халықаралық орган*)

исламский банкинг - ислам банкингі (*банк ісін жүргізудің ислам діни ережелерімен келісетін тәсілі*).

Ислам экономикасының мәні ең алдымен пайыздан бас тарту, фьючерстік мәмілелерден бас тарту)

исламский правовой принцип - ислам құқықтық қағидаты

исламский рынок капитала - ислам капитал нарығы

- исламский рынок межбанковского кредитования** - ислам банк аралық несиелендіру нарығы
- Исламский совет Европы (ИСЕ) (Islamic Development Bank, IsDB)** - Еуропаның ислам кеңесі *(халықаралық қаржы ұйымы, Сауд Арабиясының Джидда қаласында орналасқан)*
- исламский финансовый сектор (ИФС)** - ислам қаржы секторы
- Исламский центр исследований экономики** - Ислам экономиканы зерттеулер орталығы
- исламское банковское дело** - ислам банк ісі
- исламское окно** - ислам терезесі
- исламское страхование (“такафул”)** - исламдық сақтандыру (“такафул”)
- исландская крона** - Исландия кронасы
- испанская песета** - Испания песетасы
- исполнение** - орындау, атқару
- исполнение альтернативного обязательства** - баламалы міндеттемені орындау
- исполнение арбитражного решения** - төрелік шешімді орындау
- исполнение бюджета** - бюджеттің атқарылуы *(бекітілген бюджетте көзделген кірісті алу және шығысты жүзеге асыру үдерісі)*
- исполнение вексельных требований** - вексель талаптарының орындалуы
- исполнение государственного бюджета** - мемлекеттік бюджеттің атқарылуы
- исполнение денежного перевода** - ақша аударымын орындау
- исполнение договора** - шарттың орындалуы *(сақтандыру не қайта сақтандыру шарты бойынша компания қабылдаған сақтандыру міндеттемелерінің орындалуы шеңберінде алғашқы сыйлықақының төленуі)*
- исполнение кассового плана** - кассалық жоспардың атқарылуы
- исполнение контракта** - келісімшарттың орындалуы
- исполнение кредитного плана** - несие жоспарының орындалуы
- исполнение налогового обязательства** - салық міндеттемесін орындау
- исполнение обязательств** - міндеттемелерді орындау
- исполнение обязательств внесением долга в депозит** - борышты депозитке салу жолымен міндеттемелерді орындау
- исполнение обязательств кредитором** - несиегердің міндеттемелерді орындауы
- исполнение опциона** - опционды орындау
- исполнение опциона “пут”** - опцион “путты” орындау
- исполнение плана капиталовложений** - күрделі жұмсалым жоспарын орындау
- исполнение платежей** - төлемдерді орындау
- исполнение по ценной бумаге** - бағалы қағаз бойынша орындау
- исполнение приказа брокером** - брокердің бұйрықты орындауы
- исполнение приказа непосредственно в биржевом зале** - бұйрықты тікелей биржа құжырасында орындау
- исполнение сделки** - мәмілені орындау
- исполнение сметы доходов и расходов** - кіріс пен шығыс сметасының атқарылуы
- исполнение судебных решений** - сот шешімдерінің орындалуы
- исполнение чеков** - чектердің орындалуы
- исполненный** - орындалған *(бағалы қағаздың жеткізуді талап ететін опцион туралы)*
- исполнено** - орындалды *(бағалы қағаздарды сатып алу немесе сату туралы бұйрықты орындау туралы хабарлама)*
- исполнитель** - орындаушы, атқарушы
- исполнитель завещания** - өсиетті орындаушы
- исполнительная надпись** - орындау қағазы, орындау жазбасы, атқарушылық жазба
- исполнительный директор** - атқарушы директор
- исполнительный лист** - атқарушы парақ, орындау парағы
- исполнительный секретариат** - атқарушы хатшылық
- исполнить** - орындау *(клиенттің акцияларды, облигацияларды не тауарларды сатып алуға тапсырысын орындау)*
- исполнить или аннулировать** - орындалсын немесе күші жойылсын *(бағалы қағаздарды сатып алу немесе сату туралы бұйрық)*
- “исполнить или отменить”** - “орындалсын немесе күші жойылсын” *(клиенттің трейдерге тапсырысы; тапсырыстың қанағаттандыруға болатын бөлігі орындалған бойда, тапсырыстың қалған бөлігі күшін жояды деген мағынаны білдіреді)*
- исполнять биржевой приказ клиента** - клиенттің биржалық бұйрығын орындау
- исполнять опцион** - опционды орындау
- исполняющий обязанности** - міндетін атқарушы
- исполняющий обязанности директора** - директордың міндетін атқарушы
- исполняющий обязанности заведующего** - меңгерушінің міндетін атқарушы
- исполняющий обязанности министра** - министрдің міндетін атқарушы
- использование** - пайдалану
- использование ассигнований** - бөлінген қаржыны пайдалану
- использование валютных резервов** - валюталық сақтық қорды пайдалану
- использование валютных средств** - валюталық қаражатты пайдалану
- использование взятых взаймы ценных бумаг для ответа на предложение о покупке новых бумаг** - жаңа қағаздарды сатып алу туралы ұсынысқа жауап қайтару үшін қарызға алынған бағалы қағаздарды пайдалану
- использование государственных кредитных ресурсов** - мемлекеттік несие ресурстарын пайдалану

использование государственных средств и ресурсов не по назначению - мемлекеттік қаражат пен ресурстарды мақсатқа сай пайдаланбау

использование денежных средств - ақшалай қаражатты пайдалану

использование для монетарных целей - мәнәттендіру мақсаты үшін пайдалану

использование дутых векселей - желбуаз вексельдерді пайдалану

использование заемного капитала - қарыз капиталын пайдалану

использование заемного капитала для увеличения прибыли - пайданы көбейту үшін қарыз капиталын пайдалану

использование займа - қарызды пайдалану

использование иностранных филиалов для привлечения депозитов, не требующих создания резервов в центральном банке - шетелдік филиалдарды орталық банкте сақтық қор құруды талап етпейтін депозиттерді тарту үшін пайдалану

использование инструментов денежно-кредитной и фискальной политики для регулирования инфляционных тенденций - инфляциялық үрдістерді реттеу үшін ақша-несие және қазыналық саясат құралдарын пайдалану

использование капитала - капиталды пайдалану

использование квоты - үлестемені пайдалану

использование комбинаций опционов и фьючерсов для уменьшения налогового бремени - салық ауыртпалығын азайту үшін опциондар мен фьючерстер құрамдастырымын пайдалану

использование кредита - кредитті пайдалану

использование лицензии - лицензияны пайдалану

использование нереализованной прибыли по сделкам с ценными бумагами в качестве обеспечения кредита у брокера - брокерде несиені қамтамасыз ету ретінде бағалы қағаздармен мәміле бойынша іске асырылмаған пайданы пайдалану

использование нецелевое - мақсатқа сай пайдаланбау

использование облигационного купона - облигациялық купонды пайдалану

использование оборотных средств - айналым қаражатын пайдалану

использование опциона - опционды пайдалану

использование печатного станка для финансирования бюджетного дефицита - бюджет тапшылығын қаржыландыру үшін баспа қалыбын пайдалану

использование прибылей - пайданы пайдалану

использование профицита бюджета - бюджет профицитін пайдалану

использование служебного положения в личных целях - қызмет бабын жеке бастың мақсаттарына пайдалану

использование средств - қаражатты пайдалану (1. несие желісінің, көбінесе еуронесиенің қаражатын пайдалану; 2. клиенттің қаражатын бір банк шотынан екінші банк шотына көшіру)

использование тратты - траттаны пайдалану

использование фиктивного чека - жалған чекті пайдалану

использование фиктивных векселей - жалған вексельдерді пайдалану

использование финансовых ресурсов - қаржы ресурстарын пайдалану

использование финансовых средств - қаржы қаражатын пайдалану

использование фондов - қорларды пайдалану

использование целевое - мақсатқа пайдалану

использование ценных бумаг - бағалы қағаздарды пайдалану

“использованная” ипотека - “пайдаланылған” ипотека

использованный заем - пайдаланылған қарыз

использовать деньги для выдачи ссуды - ақшаны несие беру үшін пайдалану

использовать дружеские вексели для получения денежных средств или поддержания кредитной репутации - достық вексельді ақшалай қаражат алу немесе несиенің беделін қолдау үшін пайдалану

использовать конъюнктуру рынка - нарық жағдаятын пайдалану

использовать сбережения - жинақ ақшаны пайдалану

использовать фиктивные чеки для получения средств до их инкассации - қаражатты оның инкассолануына дейін алу үшін жалған чектерді пайдалану

используемый капитал - пайдаланылатын капитал

“испорченные” деньги - “бүлінген” ақша

испорченный - бүлінген (*бағалы қағаз туралы*)

исправительная запись - түзету жазбасы

исправительная проводка - түзету жазбасы, түзету өткізбесі

исправительный ордер - түземе ордер

исправление - түзету, түзеу

исправление документа - құжатты түзету

исправление записи - жазбаны түзету (*банк шоты бойынша*)

исправление ошибки - қатені түзету

исправление суммы финансового инструмента в случае неверной проводки в клиринговой палате - клирингілік палатада өтірік өткізбе жағдайында қаржы құралының сомасын түзету

исправление счета - шотты түзету

исправление чеков - чектерді түзету

исправлять счет - шотқа түзету жасау

исправный плательщик - жөндем төлемші

испытания аттестационные - аттестациялық сынақ

испытательный период - сынақ кезеңі

испытательный срок - сынақ мерзімі (*жұмысқа қабылдау кезінде белгіленетін сынақ мерзімі*)

испытывать нехватку денег - ақша жетімсіздігін бастан кешіру

испытывать нехватку денежных средств - жетімсіздікті бастан кешіру

испытывать нехватку капитала - капиталдың жетімсіздігін бастан кешіру

- испытывать нехватку наличности** - қолма-қол ақшаның жетімсіздігін бастан кешіру
- испытывать финансовые затруднения** - қаржы қиындығын бастан кешіру
- испытывающий влияние неблагоприятной конъюнктуры** - қолайсыз жағдаяттың ықпалын бастан кешіруші
- испытывающий нехватку денег** - ақша жетімсіздігін бастан кешіруші
- испытывающий финансовые затруднения** - қаржы қиындығын бастан кешіруші
- исследование каналов сбыта** - өткізім арналарын зерттеу
- исследование управления** - басқаруды зерттеу
- исследование финансовое** - қаржылық зерттеу
- исследование экономической конъюнктуры** - экономикалық жағдаятты зерттеу
- исследования экономические** - экономикалық зерттеулер
- исследовательская группа бухгалтеров** - бухгалтерлердің зерттеушілер тобы
- исследовательская группа бухгалтеров-экспертов** - сарапшы-бухгалтерлердің зерттеушілер тобы
- исследовательский отдел банка** - банктің зерттеу бөлімі
- истекать** - өту, біту (*вексельдің мерзімі туралы*)
- истекший опцион** - мерзімі өткен опцион
- истец** - қуынушы, талап қоюшы (*өзінің бұзылған не даулы құқығын не заңнамамен қорғалатын мүддесін қорғау үшін сотқа, төрелік сотқа жүгінуші*)
- истечение** - өту (*мерзім туралы*)
- истечение срока** - мерзімнің өтуі
- истечение срока гарантии** - кепілдік мерзімінің өтуі
- истечение срока действия** - қолданылу мерзімінің өтуі
- истечение срока действия аккредитива** - аккредитивтің қолданылу мерзімінің өтуі
- истечение срока действия договора** - шарттың қолданылу мерзімінің өтуі
- истечение срока действия контракта** - келісімшарттың қолданылу мерзімінің өтуі
- истечение срока опциона** - опцион мерзімінің өтуі
- истечение срока действия соглашения** - келісімнің қолданылу мерзімінің өтуі
- истечение срока доверенности** - сенімхат мерзімінің өтуі
- истечение срока исковой давности** - қуыным мерзімінің өтуі
- истечение срока страхования** - сақтандыру мерзімінің өтуі
- истинная стоимость** - шынайы құн (*фирманың таза активтері*)
- истинная стоимость банковских активов** - банк активтерінің шын құны
- историческая стоимость** - тарихи құн
- историческое название Американской фондовой биржи** - Американдық биржасының тарихи атауы (*1953 жылға дейін*)
- история владельца карточки** - карточка иесінің тарихы
- история денежного обращения** - ақша айналысының тарихы
- история счета** - шот тарихы
- источник альтернативный** - баламалы негіз
- источник валютных поступлений** - валюталық түсім көзі
- источник данных** - деректер көзі
- источник денежных средств** - ақшалай қаражат көзі
- источник денежных фондов** - ақша қорларының негізі
- источник дохода** - табыс көзі
- источник кредита** - кредит көзі
- источник кредитования внутреннего рынка** - ішкі нарықты несиелендіру көзі
- источник налога** - салық көзі (*салық төлеу үшін пайдаланылатын сақтық қор*)
- источник погашения долга** - борышты өтеу көзі
- источник поступления иностранной валюты** - шетел валютасы түсетін көз
- источник прибыли** - пайда көзі
- источник регулярного финансирования** - ұдайы (тұрақты) қаржыландыру көзі
- источник средств для выплаты пенсий** - зейнетақы төлеуге арналған қаржы көзі
- источник средств для выплаты пособий** - жәрдемақы төлеуге арналған қаржы көзі
- источник финансов Европейского экономического сообщества** - Еуропалық экономикалық қоғамдастық қаржысының көзі
- источник финансовых средств и их использование** - қаржы қаражатының көзі және оны пайдалану
- источник фондов** - қорлардың бастау-көзі
- источники возобновляемого кредита** - жаңартылатын несие көздері
- источники государственного бюджета** - мемлекеттік бюджет көздері
- источники и распределение фондов** - қорлардың көздері және оларды бөлу (*ұйымның белгілі бір уақыт ішінде қаражатты қандай көздерден алғаны және қалай пайдаланғаны көрсетілетін есептеме*)
- источники информации** - ақпарат көздері
- источники кредитования** - несиелендіру көздері
- источники кредитования предпринимательского сектора** - кәсіпкерлік секторды несиелендіру көздері
- источники кредитования производственного сектора** - өндірістік секторды несиелендіру көздері
- источники кредитования стран-членов Европейского экономического сообщества** - Еуропалық экономикалық қоғамдастыққа мүше елдерді несиелендіру көздері
- источники платежа** - төлем көздері
- источники погашения долгосрочного кредита** - ұзақ мерзімді несиені өтеу көздері
- источники права** - құқық негіздері
- источники ревизии** - тексеріс көздері
- источники собственные** - меншікті бастаулар

источники финансирования - қаржыландыру көздері (*қаржы ресурстарын алудың қолда бар және болжалды көздері: ішкі көздер несие, қайтарусыз несие, пайда, тозымшұлық аударым; сыртқы көздер - несие, қайтарусыз несие*)

источники финансирования инвестиционной деятельности - инвестициялық қызметті қаржыландыру көздері

источники финансирования капитальных вложений - күрделі жұмсалымды қаржыландыру көздері

источники финансового права РК - ҚР қаржы құқығының көздері

источники финансового права РФ - РФ қаржы құқығының көздері

источники формирования национального фонда - ұлттық қордың құралу көздері

источники формирования оборотных средств - айналым қаражатының құралу көздері

истощение запасов наличных денег - нақты ақша қорының сарқылуы

истощение запасов - қорлардың сарқылуы

истощение запасов валюты - валюта қорларының сарқылуы

истощение золотых запасов - алтын қорларының сарқылуы

истощение капитала - капиталдың таусылуы

истощение средств - қаражаттың таусылуы

“истощимый” траст - “сарқылмалы” сенім қоры

истребование доказательств - айғақтарды сұратып алу

истребование документов - құжаттарды сұратып алдыру

истребование залога - кепілзатты талап ету

истребовать залог - кепілзатты талап ету

исход - нәтиже

исход выборов - сайлаудың нәтижесі

исход переговоров - келіссөздің нәтижесі

исходная цена - бастапқы баға

исходное предложение цены - бағаның бастапқы ұсынысы

исходные затраты - бастапқы шығын (*1. бухгалтерлік істе: мүлікті сатып алуға байланысты барлық шығын; 2. коммуналдық қызметтің бухгалтерлік есебінде: коммуналдық компанияның мүлікті сатып алуға жұмсаған шығыны*)

исходный капитал - бастапқы капитал

исходный срок платежа - төлемнің бастапқы мерзімі (*облигацияның шығарылған күні мен ол бойынша төлем мерзімінің аяқталған күні арасындағы межелі уақыт*)

исходящее авизо - шығыс авизосы

исходящее кассовое письмо - кассалық шығыс хат

исходящий обмен - бастапқы айырбас, шығыс айырбасы

исходящий порядковый номер банка-получателя - алушы банктің реттік шығыс нөмірі

исчезнувший должник - ғайып борышқор

исчерпание запасов - қорлардың таусылуы

исчерпанный кредит - сарқылған несие

исчерпывающая цена - таусылмалы баға, сарқылмалы баға (*делдал клиенттің маржа бойынша сатып алған, құны төмендеген, бірақ маржаны қалпына келтіруге қосымша қорлары жоқ акциялар холдингі тарату кезінде қолдануға тиіс болатын баға*)

исчисление - есептеу

исчисление баланса - теңгерімді есептеу

исчисление в процентном выражении - пайыз түрінде есептеу

исчисление дохода - табысты есептеу

исчисление издержек - шығынды есептеп шығару

исчисление налога - салықты есептеу

исчисление пенсии - зейнетақы есептеу

исчисление пенсионных выплат - зейнетақы төлемдерін есептеу

исчисление пошлин - бажды есептеу

исчисление предварительное - алдын ала есептеу

исчисление процентов - пайыздарды есептеу

исчисление размера пенсионных выплат - зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу

исчисление убытков - залалды есептеу

исчислять остаток средств на счете на определенную дату - белгілі бір күнгі шоттағы қаражат қалдығын есептеу

итаесо - итаесо (*қор биржасында мәміле жүргізудің жапондық тұжырымдамасы, бұл тұжырымдама бойынша делдал не дилер кеңсесінде биржа ашылғанға дейін алынған тапсырыстардың бәрі бір мезгілде, яғни биржаның ашылу сәтінде түскен тапсырыс ретінде қаралады*)

итальянская лира - итальян лирасы

итог балансового отчета - теңгерімдік есептеме қорытындысы

итог бухгалтерского баланса - бухгалтерлік теңгерім қорытындысы

итог бухгалтерского баланса банка - банк бухгалтерлік теңгерімінің қорытындысы

итог конечный - түпкі нәтиже

комиссия за покупку - сатып алу үшін төленетін комиссия (*биржа термині*)

комиссия за предоставление бюджетного кредита - бюджеттік кредит бергені үшін төленетін комиссия

- комиссия за предоставление кредита** - кредит беру үшін төленетін комиссия
- комиссия за предоставление ссуды** - несие бергені үшін төленетін комиссия
- комиссия за продажу** - сату үшін төленетін комиссия (*биржа термині*)
- комиссия за совершение операции** - операция жасау үшін төленетін комиссия
- комиссия за трансферт** - трансферт үшін төленетін комиссия
- комиссия за управление** - басқару үшін төленетін комиссия
- комиссия за участие** - қатысу үшін төленетін комиссия
- комиссия котировочная** - баға белгілеу комиссиясы
- комиссия ликвидационная** - тарату комиссиясы
- комиссия по бюджету, плану и финансам** - бюджет, жоспар және қаржы жөніндегі комиссия
- комиссия по валютному контролю** - валюталық бақылау жөніндегі комиссия
- комиссия по кредиту на покрытие сальдо счета** - шот сальдосын өтеуге арналған кредит жөніндегі комиссия
- комиссия по монетарным вопросам** - монетарлық мәселелер бойынша комиссия
- Комиссия по монополиям и слияниям** - Монополиялар мен қосылулар жөніндегі комиссия (*Ұлыбритания*)
- Комиссия по национальному долгу** - Ұлттық борыш жөніндегі комиссия
- комиссия по проверке и уничтожению погашенных ценных бумаг** - өтелген бағалы қағаздарды тексеру және жою жөніндегі комиссия
- комиссия по рынку ценных бумаг** - бағалы қағаздар нарығы жөніндегі комиссия
- Комиссия по срочной биржевой торговле** - Мерзімді биржалық сауда жөніндегі комиссия (*АҚШ*)
- Комиссия по ценным бумагам и биржам (КЦББ)** - Бағалы қағаздар мен биржалар жөніндегі комиссия
- комиссия по ценным бумагам и фондовому рынку** - бағалы қағаздар мен қор нарығы жөніндегі комиссия
- комиссия ревизионная** - тексеру комиссиясы
- комиссия сметная** - сметалық комиссия
- комиссия счетная** - есеп комиссиясы, санақ комиссиясы
- комиссия факторинговая** - факторингтік комиссия
- комиссия экономическая** - экономикалық комиссия
- комиссия экспертная** - сараптамалық комиссия
- комиссия эмиссионная** - эмиссиялық комиссия
- комитет акцептных банков** - акцептілік банктер комитеті
- комитет акцептных домов** - акцептілік үйлер комитеті
- комитет анализа кредитного риска** - кредит тәуекелін (қатерін) талдау комитеті
- комитет арбитражный** - төрелік комитет
- комитет бландена** - бланден комитеті (*Банк қадағалауы мен реттеуі жөніндегі комитет, Халықаралық есеп айырысу банкінің жанынан құрылған, "ондық топ" елдері мен Швейцарияның өкілдерінен құралған және реттеуші органдардың ынтымақтасуына,*
- осы елдердің банктерін реттеу жүйелерін үйлестіру мен жетілдіруге жәрдемдесуді мақсат етеді*)
- комитет бюджетный** - бюджеттік комитет
- комитет государственный** - мемлекеттік комитет
- Комитет делового поведения** - Іскерлік мінез-құлық комитеті (*АҚШ*)
- Комитет держателей акций** - Акцияларды ұстаушылар комитеті
- Комитет защиты инвестиций** - Инвестицияларды қорғау комитеті
- комитет инвестиционных стратегий** - инвестициялық стратегиялар комитеті
- комитет контрольный** - бақылау комитеті
- комитет котировальный** - баға белгілеу комитеті
- Комитет кредиторов** - Несиегерлер комитеті
- Комитет КУКА (Комитет по банковскому регулированию и практике контроля)** - КУКА комитеті (*Банктік реттеу және бақылау практикасы жөніндегі комитет*)
- Комитет лондонских клиринговых банков** - Лондон клирингілік банктерінің комитеті
- Комитет международных бухгалтерских стандартов** - Халықаралық бухгалтерлік стандарттар комитеті
- комитет наблюдательный** - қадағалау комитеті, байқау комитеті
- комитет налоговый** - салық комитеті
- комитет, ответственный за официальные цены на лондонском рынке драгоценных металлов** - Лондонның асыл металдар нарығындағы ресми баға үшін жауапты комитет
- Комитет открытого рынка** - Ашық нарық комитеті (*АҚШ Федералдық сақтық қор жүйесінде*)
- комитет по активам** - активтер жөніндегі комитет
- комитет по аудиторской практике** - аудиторлық практика жөніндегі комитет
- комитет по аудиту** - аудит жөніндегі комитет
- Комитет по банковскому надзору и регулированию** - Банк қадағалауы мен реттеуі жөніндегі комитет
- Комитет по безбумажным расчетам (CUM)** - Қағазсыз есеп айырысу жөніндегі комитет (*CUM*)
- комитет по бухгалтерским стандартам** - бухгалтерлік стандарттар жөніндегі комитет
- Комитет по валютному контролю** - Валюталық бақылау жөніндегі комитет
- Комитет по дерегулированию деятельности депозитных институтов** - Депозиттік институттардың қызметін қайта реттеу жөніндегі комитет
- Комитет по единым процедурам идентификации ценных бумаг** - Бағалы қағаздарды сәйкестендірудің бірыңғай рәсімдері жөніндегі комитет (*Комитет қор биржалары мен биржадан тыс нарықтарда айналыста жүрген бағалы қағаздардың әріптік-сандық кодтарын енгізді*)
- комитет по инвестициям** - инвестиция жөніндегі комитет
- комитет по кредитному риску** - кредит тәуекелдігі жөніндегі комитет

комитет по листингу - листинг жөніндегі комитет

Комитет по международным стандартам учета - Халықаралық есеп стандарттары жөніндегі комитет

комитет по обязательствам - міндеттемелер жөніндегі комитет

Комитет по операциям на открытом рынке - Ашық нарықтағы операциялар жөніндегі комитет

Комитет по операциям на открытом рынке Федеральной резервной системы - Федералдық сақтық қор жүйесінің ашық нарығындағы операциялар жөніндегі комитеті

Комитет по планированию денежной и платежной систем - Ақша және төлем жүйелерін жоспарлау жөніндегі комитет

Комитет по поглощениям и слияниям - Жұтылу мен қосылу жөніндегі комитет (*Ұлыбритания*)

комитет по приему новых членов - жана мүшелер қабылдау жөніндегі комитет

Комитет по присвоению ценным бумагам стандартных номеров и кодов - Бағалы қағаздарға стандарттық нөмірлер мен кодтар беру жөніндегі комитет

Комитет по процентам и дивидендам - Пайыздар мен дивидендтер жөніндегі комитет (*АҚШ*)

комитет по разработке принципов учета - есеп қағидатын әзірлеу жөніндегі комитет

Комитет по регистрации акций на Нью-Йоркской фондовой бирже - Нью-Йорк қор биржасында акцияларды тіркеу жөніндегі комитет

Комитет по регулированию выпуска ценных бумаг - Бағалы қағаздар шығарылымын реттеу жөніндегі комитет

Комитет по реорганизации - Қайта құру жөніндегі комитет

комитет по сбору средств - қаражат жинау жөніндегі комитет

Комитет по слияниям и поглощениям - Қосылу мен жұтылу жөніндегі комитет

комитет по стандартам финансового учета - қаржы есебінің стандарттары жөніндегі комитет

Комитет по трастовым операциям - Сенімгерлік операциялар жөніндегі комитет

Комитет по унификации процедур идентификации ценных бумаг - Бағалы қағаздарды сәйкестендіру рәсімдерін бірегейлендіру жөніндегі комитет

комитет по управлению имуществом - мүлікті басқару жөніндегі комитет

комитет по управлению рисками - тәуекелдікті басқару жөніндегі комитет

комитет президентов центральных банков сообщества - қоғамдастықтың орталық банкілері президенттерінің комитеті

Комитет развития МБРР - Халықаралық жаңғыру және даму банкінің даму комитеті

Комитет развития МВФ - Халықаралық валюта қорының даму комитеті

Комитет расчетной палаты - Есеп айырысу палатасы комитеті

Комитет регистрационной службы - Тіркеу қызметі комитеті

Комитет содействия развитию - Дамуға жәрдемдесу комитеті

комитет тендерный - тендерлік комитет

Комитет управляющих центрального банка - Орталық банк басқарушыларының комитеті

комитет учредительный - құрылтай комитеті

Комитет Федеральной резервной системы по операциям на открытом рынке - Федералдық сақтық қор жүйесінің ашық нарықтағы операциялар жөніндегі комитеті

комитет финансовый - қаржы комитеті

Комитет фондовой биржи - Қор биржасының комитет

комитет фондовой биржи, ответственный за рассмотрение заявок на котировку ценных бумаг - қор биржасының бағалы қағаздар белгіленіміне өтінімді қарауға жауапты комитеті

Комитет фондовой биржи по листингу - Қор биржасының листинг жөніндегі комитеті

комитет экономический - экономикалық комитет

Комитет ЭСКАТО по статистике - ЭСКАТО-ның статистика жөніндегі комитеті

коммерция - коммерция, сауда, пайдақорлық (*кәсіпкерлік қызмет: сауда және сауда-делдалдық қызмет, тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сату немесе сатуға қатысу*)

коммерческая банковская деятельность за рубежом - шетелдегі коммерциялық банк қызметі

коммерческая бумага, продаваемая непосредственно инвесторам - тікелей инвесторларға сатылатын коммерциялық қағаз

коммерческая бумага “самурай” - “самурай” коммерциялық қағазы (*Жапония*)

коммерческая ипотека - коммерциялық ипотека

коммерческая кредитная компания - коммерциялық кредит компаниясы

коммерческая наценка - коммерциялық үстеме баға

коммерческая недвижимость - коммерциялық жылжымайтын мүлік

коммерческая сделка - коммерциялық мәміле

коммерческая система - коммерциялық жүйе

коммерческая ссуда - коммерциялық несие (*қысқа мерзімді банк несесінің бір түрі*)

коммерческая структура - коммерциялық құрылым

коммерческая тайна - коммерциялық құпия

коммерческая учетная ставка - коммерциялық есеп мөлшерлемесі

коммерческая финансовая компания - коммерциялық қаржы компаниясы

коммерческие бумаги - коммерциялық қағаздар (*негізінен өнеркәсіптік корпорациялар, қоғамдық пайдалану кәсіпорындары, қаржы компаниялары мен банктер шығаратын қысқа мерзімді бағалы қағаздар*)

коммерческие бумаги, размещаемые дилерскими фирмами - дилерлік фирмалар орналастыратын коммерциялық қағаздар

- коммерческие бумаги с доходом, индексированным относительно курса доллара** - доллар бағамына қатысты табысы индекстелген коммерциялық қағаздар
- коммерческие векселя** - коммерциялық вексельдер
- коммерческие кредиторы** - коммерциялық несиегерлер
- коммерческие накладные расходы** - коммерциялық үстеме шығыс
- коммерческие операции** - коммерциялық операциялар
(*кең мағынада: кез келген кәсіпкерлік операциялар, бизнес-операциялар; тар мағынада: сатып алу-сату сауда операциялары*)
- коммерческие операции с акциями** - акциялармен жасалатын коммерциялық операциялар
- коммерческие расходы** - коммерциялық шығыс
- коммерческие счета** - коммерциялық шоттар
- коммерческие ценные бумаги** - коммерциялық бағалы қағаздар
- коммерческие ценные бумаги “самурай”** - коммерциялық “самурай” бағалы қағаздары
- коммерческий аккредитив** - коммерциялық аккредитив
- коммерческий банк** - коммерциялық банк
- коммерческий банк для Северной Европы (Эйробанк)** - Солтүстік Еуропаға арналған коммерциялық банк (Эйробанк)
- коммерческий банк, специализирующийся на кредитовании мелких предприятий и населения** - ұсақ кәсіпорындар мен тұрғын халықты несиелендіруге мамандандырылған коммерциялық банк
- коммерческий банкинг** - коммерциялық банкинг
- коммерческий банковский кредит** - коммерциялық банк кредиті
- коммерческий вексель** - коммерциялық вексель
- коммерческий год** - коммерциялық жыл
- коммерческий дебитор** - коммерциялық дебитор
- коммерческий директор** - коммерциялық директор
- коммерческий договор** - коммерциялық шарт (*2 күннен 270 күнге дейінгі мерзімде орындалатын қысқа мерзімді міндеттемелер*)
- коммерческий долг** - коммерциялық борыш
- коммерческий дом** - коммерциялық үй
- коммерческий заем** - коммерциялық қарыз (*айналым қаражатына маусымдық қажеттілікті қаржыландыруға арналған жаңартылған қысқа мерзімді қарыз*)
- коммерческий кассир** - коммерциялық кассир
- коммерческий код** - коммерциялық код
- коммерческий кредит** - коммерциялық кредит
- коммерческий кредит без документарного оформления** - құжаттамалық ресімдеусіз коммерциялық кредит
- коммерческий кредит в форме открытого счета** - ашық шот нысанындағы коммерциялық кредит
- коммерческий кредитор** - коммерциялық несиегер
- коммерческий отчет** - коммерциялық есептеме (есеп беру)
- коммерческий регистр** - коммерциялық тіркелім
- коммерческий риск** - коммерциялық тәуекел
- коммерческий слиток** - коммерциялық құйма
- коммерческий счет** - коммерциялық шот
- коммерческий счет-фактура** - коммерциялық шот-фактура
- коммерческий учет** - коммерциялық есеп
- коммерческий чек** - коммерциялық чек
- коммерческое агентство** - коммерциялық агенттік
- коммерческое кредитование** - коммерциялық несиелендіру
- коммерческое предприятие** - коммерциялық кәсіпорын
- коммерческое представительство** - коммерциялық өкілдік
- комминглинг** - комминглинг (*клиенттерге тиесілі бағалы қағаздарды фирмаға тиесілі бағалы қағаздармен араластыру*)
- коммунальные акции** - коммуналдық акциялар
- коммунальные бонусы** - коммуналдық бонус
- коммунальные облигации** - коммуналдық облигациялар
- коммунальные платежи** - коммуналдық төлемдер
- коммунальные сберегательные кассы** - коммуналдық жинақ кассалары
- коммунальный банк** - коммуналдық банк
- коммунальный заем** - коммуналдық қарыз
- комната дилерская** - дилер бөлмесі, делдал бөлмесі
- комната, в которой работают дилеры по ценным бумагам** - бағалы қағаздар жөніндегі дилерлері жұмыс істейтін бөлме
- компания, систематически выпускающие коммерческие бумаги** - жүйелі түрде коммерциялық қағаздар шығарушы компания
- компания, акции которой котируются на рынке** - акцияларының бағасы нарықта белгіленетін компания
- компания, акции которой котируются на фондовой бирже** - акцияларының бағасы қор биржасында белгіленетін компания
- компания акционерная** - акционерлік компания
- компания, ведущая валютные операции** - валюталық операциялар жүргізуші компания
- компания, ведущая операции с фондовыми ценностями** - қор құндылықтарымен операциялар жүргізуші компания
- компания взаимного кредитования** - өзара несиелендіру компаниясы
- компания, владеющая акциями других компаний на началах доверительной собственности** - сенімгерлік меншік негізінде басқа компаниялардың акцияларын иеленуші компания
- компания, внесенная в курсовой бюллетень** - бағамдық бюллетеньге енгізілген компания
- компания “Дан энд Брэдстрит”** - “Дан энд Брэдстрит” компаниясы (*АҚШ корпорациялары туралы ақпарат жинаушы*)
- компания девелоперская** - девелоперлік компания (*қарыз қаражаты, инвестициялық немесе меншікті*

қаражат есебінен объект құрылысын ұйымдастыратын компания)

компания дилерская - дилерлік компания

компания для частных инвестиций в Азии - Азиядағы жеке инвестицияларға арналған компания

компания, зарегистрированная на фондовой бирже - қор биржасында тіркелген компания

компания инвестиционная - инвестициялық компания (*меншікті бағалы қағаздар шығару жолымен жекеше инвесторлардың ақшалай қаражатын шоғырландыруға, оны пайда алу мақсатымен өз еліндегі не шетелдегі кәсіпорындардың акциялары мен облигацияларына орналастыруға маманданған қаржы-кредит мекемелері*)

компания коммерческого кредита - коммерциялық кредит компаниясы

компания консалтинговая - консалтингтік компания, кеңес беруші компания, сабағаттық компания (*нарықтарды зерттеу және болжау, маркетингтік бағдарламаларды әзірлеу, жобалардың тиімділігін бағалау, ұйымдық құрылымдарды құру және түрлендіру, дағдарысты жағдайдан шығу жолдарын іздестіру, объектілердің құнын бағалау жөніндегі, басқа да көптеген проблемалар бойынша қызметтер көрсететін компания*)

компания материнская - бас компания, иегер компания, еге компания, төркіндес компания, түптөркін компания (*басқа, еншілес компания акцияларының бақылау пакетін иеленуші компания, холдингтік компаниядан өзгешелігі: нақты өндірістік қызметті өзі жүргізеді*)

компания объединенных кредитных карточек (КОКК) - біріктірілген кредит карточкалары компаниясы

компания, объединяющая ссуды и переуступающая их другому кредитору - кредитті біріктіруші және оны басқа несиегерге қайта ұсынушы компания

компания, оперирующая на фьючерсном рынке для страхования рисков - тәуекелді (қатерді) сақтандыру үшін фьючерстік нарықта операция жасаушы компания

компания оценочная - бағалау компаниясы

компания по кредитованию недвижимости - жылжымайтын мүлікті несиелендіру жөніндегі компания

компания по оценке кредита - кредитті бағалау жөніндегі компания

компания, получающая кредит - кредит алушы компания

компания потребительского кредита - тұтынушылық кредит компаниясы

компания потребительского кредита, получившая лицензию на проведение операций - операциялар жүргізуге лицензия алған тұтынушылық кредит компаниясы

компания при Лондонской фондовой бирже, в которую переводятся акции в процессе расчетов через систему ТАЛИСМАН и из которой берутся цен-

ные бумаги для исполнения приказов на покупку - Лондон қор биржасының жанындағы ТАЛИСМАН жүйесі арқылы есеп айырысу үдерісінде акциялар аударылатын және одан сатып алу жөніндегі бұйрықты орындау үшін бағалы қағаздар алынатын компания

компания, приобретающая активы другой компании - басқа компанияның активтерін алушы

компания проверки и гарантирования права собственности - меншік құқығын тексеру және кепілдендіру компаниясы

компания, распоряжающаяся акциями своих клиентов - өз клиенттерінің акцияларына өкім жүргізуші компания

компания с высокой долей заемных средств - қарыз қаражатының үлесі жоғары компания

компания с неограниченной ответственностью - жауапкершілігі шектеусіз компания

компания с ограниченной ответственностью - жауапкершілігі шектеулі компания

компания с ограниченной ответственностью по гарантиям - кепілдіктер бойынша жауапкершілігі шектеулі компания

компания с ограниченным правом выпуска акций - акциялар шығару құқығы шектеулі компания

компания с ограниченными акциями - акциялары шектеулі компания

компания с одним владельцем - бір иеленушіден тұратын компания

компания с относительно высокой степенью долговой зависимости - борышқорлық тәуелділігі біршама жоғары деңгейдегі компания

компания, созданная актом парламента - парламент актісімен құрылған компания

компания, созданная банком с целью управления ценными бумагами их настоящих владельцев - банк бағалы қағаздарды олардың нағыз иелерінің басқаруы мақсатымен құрған компания

компания, специализирующаяся на использовании товаров, предназначенных для погашения сальдо в двусторонней торговле - екі жақты саудада қалдықты өтеуге арналған тауарларды пайдалануға мамандандырылған компания

компания, специализирующаяся на товарообменных операциях - тауар айырбастау операцияларына маманданған компания

компания страхования права собственности - меншік құқығын сақтандыру компаниясы

компания финансирования продаж - сатып алуды қаржыландыру компаниясы

компания финансирующая - қаржыландырушы компания

компания финансовая - қаржы компаниясы

компания финансовой информации, публикующая индексы Доу-Джонса - Доу-Джонс индекстерін жариялайтын қаржы ақпараты компаниясы (*АҚШ*)

компания финансово-промышленной группы - қаржы-өнеркәсіп тобының компаниясы

компания “Чек энд кредит клиринг”, специализирующаяся на чековых расчетах и кредитном клиринге - чектік есеп айырысу және кредиттік клирингіге маманданған “Чек энд кредит клиринг” компаниясы

компания эмиссионная - эмиссиялық компания

компания-гарант - кепілгер-компания

компания-держатель - ұстаушы компания (*басқа компаниялар акцияларының бақылау пакетін иеленуші*)

компания-клиент банка, являющаяся эмитентом ценных бумаг - банктің бағалы қағаздарды шығарушы болып табылатын клиент-компаниясы

компания-посредник - делдал компания

компания-цедент - цедент-компания (*1. вексель не өзге міндеттеме бойынша ақша алу құқығын басқа тұлғаға беруші тұлға; 2. қуынымды сақтандыру жолымен аударатын сақтандырушы*)

компания-эмитент - эмитент-эмитент

компаундинг - компаундинг (*ақша сомасының уақытқа қарай өсуі*)

компенсационная плата за кредит наличными - қолма-қол ақшалай кредит үшін өтемақы

компенсационная сделка - өтемақылық мәміле, өтедік мәміле

компенсационная сделка на безвалютной основе - валютасыз төлем негізіндегі өтемақылық мәміле

компенсационное официальное финансирование - өтемақылық ресми қаржыландыру (*төлем теңгерімінің тапшылығы*)

компенсационное соглашение - өтемақылық келісім (*кәсіпорынның кредиті есебінен өндірілетін тауарлармен кредитті өтеу туралы келісім; тауарды сатып алушы оның құнын басқа тауар жеткізілімімен төлейтін сыртқы сауда түрі*)

компенсационное финансирование - өтемақылық қаржыландыру

компенсационные выплаты - өтемақылық төлемдер, өтедік төлемдер (*бұрынғы шеккен шығасының, келтірілген зиянның орнын толтыруға тиіс кез келген төлем; еңбек құқығында: қызметкерлерге еңбек міндеттерін орындауға байланысты, мыс., іссапар кезінде - тәуліктік ақы, пәтерақы, не басқа жерге жұмысқа ауыстыру кезінде қосымша шығынның орнын толтыру, мыс., біржолғы жәрдемақы*)

компенсационные выплаты по льготам, установленным законодательством - заңдарда белгіленген жеңілдіктер бойынша өтемақы төлемдері

компенсационные кредиты Международного валютного фонда - Халықаралық валюта қорының өтемақылық кредиті

компенсационные пошлины - өтемақылы баж

компенсационные принципы биметаллизма - өтемақылы биметаллизм қағидаты

компенсационный - өтемақылы

компенсационный аккредитив - өтемақылық аккредитив

компенсационный баланс - өтемақылық теңгерім (*талап етілмелі салым түріндегі теңгерім*)

компенсационный заем - өтемақылық қарыз

компенсационный кредит - өтедік кредит, өтемақылы кредит (*Халықаралық валюта қоры өзіне мүше елдерге экспорттық түсімнің қысқаруын өтеу үшін 3-5 жыл мерзімге беретін кредит түрі*)

компенсационный кредит международного фонда - халықаралық қордың өтемақылы кредиті

компенсационный курс - өтедік бағам, өтемақылық бағам

компенсационный налог - өтедік салық, өтемақылы салық

компенсационный остаток - өтемақылық қалдық

компенсационный остаток на депозитном счете - депозиттік шоттағы өтемақылық қалдық

компенсационный остаток счета в банке - банкідегі шоттың өтедік қалдығы

компенсационный платеж - өтемақылық төлем

компенсационный принцип денег - өтемақылы ақша қағидаты

компенсационный счет - өтемақылық шот

компенсационный фонд - өтемақылық қор

компенсационный фонд Лондонской фондовой биржи - Лондон қор биржасының өтемақылық қоры

компенсационный характер кредита - кредиттің өтедік сипаты, кредиттің өтемақылы сипаты

компенсация - өтем, өтемақы, қарымақы, қарымта (*1. шығасының, залалдың, шығынның орнын толтыру, борышты қайтару; 2. биржалық операцияларда: банкіге не биржалық агентке бағалы қағаздар мен валюталарды сатып алу жөніндегі бұрын берілген нұсқауға сәйкес соманың орнын толтыру; сыртқы саудада: бір тауарларды сатып алудың орнын басқа жеткізіліммен толтыру (баспа-бас айырбас) дегенді білдіреді*)

компенсация валютная - валюталық өтемақы

компенсация денежная - ақшалай өтемақы (*жұмысшыларға, қызметшілерге заңда белгіленген жағдайда төленетін өтемақы*)

компенсация дефицита - тапшылықтың өтемақысы, тапшылықтың есесін толтыру

компенсация долга - борыштың өтемақысы

компенсация долгового требования - борыштық талап өтемақысы

компенсация за обесцененные деньги - құнсызданған ақша үшін өтемақы төлеу

компенсация за убытки - залал үшін өтемақы

компенсация за ущерб - нұқсан үшін өтемақы

компенсация инфляционных потерь денег - ақшаның инфляциялық шығасысын өтеу

компенсация кредита поставками продукции - кредитті өнім жеткізіп беру арқылы өтеу

компенсация налогов - салықтардың өтемақысы

компенсация продавца ценных бумаг без покрытия покупкой фьючерсного контракта - фьючерстік келісімшартты сатып алумен өтелмейтін бағалы қағаздарды сатушының өтемақысы

компенсация убытков - залалдың өтемі (*сақтанушыға сақтандыру оқиғасы басталғанға дейін сақтандыру тәуекелдігінен аспайтын мөлшерде өтем төлеу*)

компенсация эквивалентная - баламалы өтемақы
компенсирование расходов - шығыстың орнын толтыру

компенсирование убыток - залалдың орнын толтыру, залалдың есесін өтеу

компенсированная стоимость - орны толтырылған құн
компенсированное изменение цен - бағаның өтемдік өзгеруі

компенсированный доллар - орны толтырылған доллар

компенсировать - өтемақы төлеу, орнын толтыру

компенсировать вклад - салымның өтемақысын төлеу

компенсировать изъятие депозитов - депозиттер алудың өтемақысын төлеу

компенсировать риск - тәуекелдің өтемақысын төлеу

компенсировать ухудшение валютных резервов - валюталық сақтық қордың өтемақысын төлеу

компенсируемые вычеты - өтемақы төленетін шегеріс

компенсирующая позиция - өтемақысы төленетін жайғасым

компенсирующие кассовые операции - өтемдік кассалық операциялар

компенсирующие срочные операции - өтемдік мерзімді операциялар

компенсирующий баланс - өтемдік теңгерім

компенсирующий банк - өтемақы төлеуші банк

компенсирующий метод начисления износа - тозуды есептеудің өтемақы төлеу әдісі

компенсирующий платеж - өтемақылық төлем

компетентный государственный орган - құзыретті мемлекеттік орган

компетентный орган - құзырлы орган, құзыретті орган

компетенция - құзырет (*басқарушы органның, лауазымды адамның заң жүзінде белгіленген өкілеттіктерінің жиынтығы*)

компетенция арбитража - арбитраждың құзыреті, төрелік соттың құзыреті

компетенция арбитражной комиссии - арбитраждық комиссияның құзыреті, төрелік сот комиссиясының құзыреті

компетенция в кредитном обслуживании - кредит беруге қызмет көрсетудегі құзырет

компетенция суда - соттың құзыреті

компетенция финансовая - қаржылық құзырет

комплаенс - комплаенс, келісім (*сұратуға немесе нұсқауға сәйкес іс-қимыл жасау; мойын ұсыну, бағыну; кешенді депозитарлық әрекет; сәйкес келуді тексеру атқарымын жүзеге асырушы бөліміне*)

комплаенс банковской деятельности - банк қызметінің комплаенсі

комплаенс-контроль - комплаенс-бақылау (*банк қызметінің қаржы нарығында осы салада қолданы-*

латын заңнамаға сай келуін бақылау, оның негізгі бағыты кәсіптік және этикалық стандарттардың бұзылуы салдарынан туындайтын құқықтық және репутациялық тәуекелдіктерді барынша азайту)

комплаенс-управление рисками - комплаенс-тәуекелді басқару

комплекс - кешен (*заттардың, іс-әрекеттердің, құбылыстардың не бір тұтас нәрсені құрайтын қасиеттердің жиынтығы*)

комплекс вычислительных средств - есептеу құралдарының кешені

комплекс депозитарный - депозитарийлік кешен

комплекс инвестиционный - инвестициялық кешен

комплекс мероприятий - іс-шаралар кешені

комплекс мероприятий в области экономики - экономика саласындағы іс-шаралар кешені

комплекс мероприятий в области экономической политики - экономикалық саясат саласындағы іс-шаралар кешені

комплекс мероприятий по финансированию - қаржыландыру бойынша іс-шаралар кешені

комплекс налоговых мероприятий - салық іс-шараларының кешені

комплекс стимулирования - ынталандыру кешені

комплекс услуг - қызметтер көрсету кешені

комплексная депозитарная операция - кешенді депозитарлық операция

комплексная информация - кешенді ақпарат

комплексная налоговая проверка - салықтың кешенді тексеруі, кешенді салықтық тексеру

комплексная программа - кешенді бағдарлама

комплексная сделка - кешенді мәміле

комплексные статьи калькуляции - калькуляцияның кешенді баптары

комплексный траст - кешенді сенім қоры

комплект - жинақтама, жинақталым

комплект векселей - вексельдердің жинақтамасы

комплект документов - құжаттардың жинақтамасы

комплект экземпляров переводного векселя - аударма вексель даналарының кешені

комплектование - жиынтықтау

комплектование документации - құжаттаманы жиынтықтау

композитный чек - композиттік чек

композиционный процент - композициялық пайыз (*операция барысында туындайтын қосындылы пайыз*)

компонент - компонент, құрамдас бөлік, құраш (*бірдеңенің құрамдас бөлігі*)

компонент счета текущих операций платежного баланса - төлем теңгерімі операциялары шотының компоненті

компоненты платежного баланса - төлем теңгерімінің компоненттері

компромисс - ымыра (*бір-біріне кеңшілік жасау жолымен қол жеткен келісім*)

компромиссное соглашение - ымыралы келісім

компромиссное соглашение должника с кредиторами - борышкердің несиегермен ымыралы келісімі

компромиссное соглашение между должником и кредиторами о льготах и обязательствах - жеңілдіктер мен міндеттемелер туралы борышкермен және несиегермен ымыралы келісім

компромиссное урегулирование - ымыралы реттеу

компромиссные соглашения и договоренности при банкротстве - банкроттық кезіндегі ымыралы келісім мен уағдаластық

компьютеризация - компьютерлендіру (*экономикада, шаруашылықта компьютерді қолдануды кеңейту үдерісі*)

компьютеризация учета - есеп-қисапты компьютерлендіру

компьютеризованная система бухгалтерского учета - компьютерлендірілген бухгалтерлік есеп жүйесі

компьютерный банк данных о фирмах-членах на Нью-Йоркской фондовой бирже - Нью-Йорк қор биржасындағы мүше-фирмалар туралы деректердің компьютерлік қоры

компьютерный взлом - компьютерлік бұзып-жару, компьютерлік сұғанақтық (*жеке пайда алу, мыс., банк шоттарынан ақша алу мақсатымен компьютерлік желіге рұқсатсыз кіру*)

компьютерный вирус - компьютерлік вирус (*пайдаланушыдан жасырын және оның қалауынсыз өздігінен көбейіп, таралып, ЭЕМ-нің бағдарламалық қамтамасыз ету қабілетін бұза алатын ЭЕМ бағдарламасы*)

конвенциональный штраф - шарттық айыппұл (*конвенцияға қатысушы басқа қатысушылардың шарт талабын орындамауы немесе бұзуы салдарынан шеккен зиянның орнын толтыру*)

конвенционная ипотека - конвенциялық ипотека, келісімшарттық ипотека (*азаматтық ипотекалық қарыз*)

конвенционная цена - конвенциялық баға, келісімшарттық баға

конвенционный тариф - конвенциялық тариф

конвенционный факторинг - конвенциялық факторинг, келісімшарттық факторинг (*банктердің, фактор-компаниялардың клиенттерге қаржылық қызмет көрсетуінің әмбебап жүйесі*)

конвенция - конвенция, келісімшарт, бәтуалы келісім (*1. елдердің үкіметтері деңгейіндегі халықаралық шарт, мұнда сауданың, ақша айналысының, еңбек қатынастарының, салық пен баж алымын өндіріп алудың, экспортталатын және импортталатын өнімге, тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге база белгілеудің келісілген ортақ ережелерін сақтау көзделеді; 2. түрлі кәсіпорындар, фирмалар арасында өткізу, өндіру, тапсырыстарды бөлісу сияқты мәселелерді реттеу үшін жасасатын шарт*)

конвенция монетная - мәнет келісімшарты, шақа келісімшарты

Конвенция по банковскому секрету - Банк құпиясы жөніндегі конвенция

конвенция по денежным вопросам - ақша мәселелері жөніндегі келісімшарт (конвенция)

Конвенция по кредиту - Кредит жөніндегі конвенция

конвенция по ценам - баға жөніндегі келісімшарт

конвергенция - конвергенция, жуықтау, жуықтау, жуықтама (*түрлі экономикалық жүйелердің жақындауы, олардың арасындағы айырмашылықтардың жойылуы; қосылу, тұрақты тепе-теңдік және даму жағына қарай жақындау*)

конвергенция по банковскому секрету - банк құпиясы жөніндегі конвергенция (*бірқатар елдердің банк шоттарының құпиялығын сақтау туралы мемлекет аралық шарты*)

конвергенция по кредиту - кредит жөніндегі конвергенция

конвергенция экономическая - экономикалық конвергенция

конверсионная долговая облигация - конверсиялық борышқорлық облигация, айырбасталымдық борышқорлық облигация

конверсионная льгота - конверсиялық жеңілдік

конверсионная премия - конверсиялық сыйлықақы, айырбасталымдық сыйлықақы (*айырбасталатын бағалы қағаз акциялардың бағасы айырбастауға негізделген нарықтық базадан асып түсетін сома; облигацияларды өтеу мерзімі басталғанға дейін сатып алғаны үшін төленетін сыйлықақы*)

конверсионная стоимость - айырбасталым құны (*1. кең мағынада: бірінен екіншісіне өзгеру жолымен жасалатын баға; 2. айырбасталатын бағалы қағаздарда: бағалы қағаздар жай акцияларға айырбасталуы мүмкін баға*)

конверсионная цена - конверсиялық баға

конверсионная эмиссия - конверсиялық эмиссия

конверсионные валютные операции - конверсиялық валюта операциялары, айырбасталымдық валюта операциялары

конверсионные операции - айырбасталым операциялары (*валюталарды айырбастау, сатып алу-сату; бағалы қағаздарды айырбастауға, бір бағалы қағазды екіншісіне ауыстыруға, мыс., қысқа мерзімді міндеттемелерді ұзақ мерзімді міндеттемелерге ауыстыруға байланысты операциялар*)

конверсионные ценные бумаги - айырбасталымдық бағалы қағаздар

конверсионный заем - конверсиялық қарыз

конверсионный коэффициент - конверсиялық коэффициент (*конверсия кезінде әрбір айырбасталатын облигацияға не артықшылықты акцияға қанша жай акция айырбасталатынын айқындайтын қатынас*)

конверсионный паритет - конверсиялық тепе-теңдік, айырбасталым тепе-теңдігі (*айырбасталатын бағалы қағаз құндылығы тең жай акцияға айырбасталуы мүмкін жай акцияның бағасы*)

конверсия - конверсия, айырбастау, айырбасталым; жаңғырту (*1. жалпы мағынада: айырбастау, айналдыру, қайта есептеу; 2. орта мерзімді банк кредитін*

жаңғырту; 3. облигацияларды эмитент акцияларына айырбастау; 4. бір валютаны екінші валютаға айырбастау, ел ішінде валютаны алтынға айырбастау мүмкіндігі; 5. өзара қарыз қорының акцияларын ақы алмай бірыңғай отбасына табыстау; 6. бағалы қағаздарды бір валютадан екінші валютаға қайта бағалау; 7. қайсыбір міндеттемелерді жаңалау; 8. бұрын берілген кредиттің ақысын төлеу шарттары туралы қайтадан шарт жасасу; 9. айырбасталатын міндеттемелерді акцияларға айырбастау; 10. сақтандыруда: қысқа мерзімді сақтандыруды өмірлік сақтандыруға ауыстыру; 11. әскери өндірістің азаматтық өндіріске көшірілуі)

конверсия активов - активтер айырбасталымы (кредитті өтеу нұсқасы ретінде)

конверсия акционерного капитала - акционерлік капиталды айырбастау

конверсия арбитражная - арбитраждық айырбасталым
конверсия бухгалтерского учета - бухгалтерлік есепті ауыстыру, бухгалтерлік есепті жаңғырту

конверсия в финансах - қаржы-қаражаттағы айырбасталым

конверсия валютная - валюталық айырбасталым

конверсия валюты - валютаны айырбастау (бір валютаны екінші валютаға ағымдағы бағам бойынша айырбастау)

конверсия внешнего долга - сыртқы борышты жаңғырту (сыртқы берешектің жалпы шамасын қысқарту және сыртқы борышқа қызмет көрсету шарттарын жеңілдету құралы)

конверсия государственного займа - мемлекеттік қарызды жаңғырту (мемлекеттің борышты не борыш бойынша пайызды төлеуге байланысты шығынын қысқарту мақсатымен мемлекеттік қарыздың бастапқы шарттарын өзгерту)

конверсия займа - қарызхатты жаңғырту (бұрын шығарылған қарызхатты мерзімі мен қарыз пайызын өзгерту мақсатымен жаңасумен ауыстыру)

конверсия сальдо в свободно конвертируемую валюту - сальдоны еркін айырбасталымды валютаға ауыстыру

конверсия счета - шот конверсиясы

конверсия ценных бумаг - бағалы қағаздарды айырбастау

конверт с почтовым жирочетом - пошталық жирочоты бар хатқалта

конвертабельные акции - айырбасталымды акциялар (басқа акцияларға айырбастауға болатын)

конвертация - айырбастау; жаңғырту; конверсиялау (1. бір нәрсені екінші нәрсеге айырбастау, ауыстыру; 2. конверсиялау, бірдеңені бір күйден-екінші күйге көшіру)

конвертация акций - акцияларды айырбастау (бір санаттағы акцияларды екінші санаттағы акцияларға ауыстыру)

конвертация валюты - валютаны айырбастау (ақшаны бір валютадан екінші валютаға айырбастау)

конвертация денежных средств - ақшалай қаражатты айырбастау

конвертация долларов в другую валюту - долларды басқа валютаға айырбастау

конвертация наличных денежных обязательств в резервную валюту - қолма-қол ақшалай міндеттемелерді сақтық қор валютасына айырбастау

конвертация облигаций в акции - облигацияларды акцияларға айырбастау

конвертация ценных бумаг - бағалы қағаздарды айырбастау

конвертизационная стоимость ценных бумаг - бағалы қағаздардың айырбасталым құны

конвертирование - айырбастау

конвертирование акций - акцияларды айырбастау, акциялардың айырбасталымы

конвертирование валют - валюталарды айырбастау

конвертирование иностранной валюты - шетелдік валютаны айырбастау

конвертирование ценных бумаг - бағалы қағаздарды айырбастау

конвертировать - айырбастау

конвертировать в валюту - валютаға айырбастау

конвертировка валюты - валютаны айырбастау

конвертируемая валюта - айырбасталатын валюта

конвертируемая вторичная закладная - айырбасталымды қайталама кепілпұл

конвертируемая дебентура с высокой премией - сыйлықақысы жоғары айырбасталымды дебентура (сыйлықақысы жоғары, жай акцияларға айырбасталатын ұзақ мерзімді облигация)

конвертируемая облигация - айырбасталатын облигация

конвертируемая облигация с нулевым купоном - нөл купонды айырбасталатын облигация

конвертируемая привилегированная акция - айырбасталымды артықшылықты акция

конвертируемая ссуда - айырбасталатын несие

конвертируемая цена - айырбасталым бағасы, айырбасталымды баға

конвертируемая цена ценных бумаг - бағалы қағаздардың айырбасталымды бағасы

конвертируемая ценная бумага с нулевым купоном - нөл купонды айырбасталымды бағалы қағаз

конвертируемое долговое обязательство - айырбасталатын борышкерлік міндеттеме

конвертируемое краткосрочное обязательство с изменяющейся процентной ставкой - пайыздық мөлшерлемесі өзгермелі айырбасталатын қысқа мерзімді міндеттеме

конвертируемость - айырбасталымдылық, ауыстырымдылық, айналымдылық (1. кең мағынада: валютаның кез келген басқа валютаға айырбасталуы; 2. қағаз ақшаның алтынға айырбасталу мүмкіндігі; 3. бағалы қағаздар нарығында: акциялар мен облигациялардың жай не артықшылықты акцияларға айналымдылығы)

конвертируемость валюты - валютаның айырбасталымдылығы

конвертируемость валюты в золото - валютаның алтынға айырбасталымдылығы

конвертируемость тенге - теңгенің айырбасталымдылығы

конвертируемые акции - айырбасталымды акциялар

конвертируемые валюты - айырбасталымды валюталар

конвертируемые деньги - айырбасталымды ақша

конвертируемые облигации - айырбасталымды облигациялар

конвертируемые облигации, которые могут превратиться в обыкновенные акции - жай акцияларға айнала алатын айырбасталымды облигациялар

конвертируемые привилегированные акции - артықшылықты айырбасталымды акциялар

конвертируемые фонды - айырбасталымды қорлар

конвертируемые ценные бумаги - айырбасталымды бағалы қағаздар

конвертируемые ценные бумаги с нулевым купоном - нөлдік купонды айырбасталымды бағалы қағаздар

конвертируемый - айырбасталатын

конвертируемый вексель - айырбасталымды вексель

конвертируемый заем - айырбасталымды қарызхат

конвертируемый капитал - айырбасталымды капитал

конгломерат - конгломерат (*1. экономиканың түрлі салаларына тиесілі, өндірісті тікелей біріктіру жолымен байланыспаған фирмалардың, компаниялардың өнеркәсіптік бірігу нысаны; 2. әртараптандырылған компания: өзінің құрамында түрлі бейіндегі бірқатар кәсіпорындарды біріктіретін компания; 3. холдингтік компания*)

конгресс экономический - экономикалық конгресс

кондоминимум - кондоминимум (*1. көп пәтерлі үйлерде тұрғын үй-жайларды меншіктенушілердің серіктестігі; 2. белгілі бір аумақта мемлекеттік билікті екі не одан көп мемлекеттің бірлесіп жүзеге асыруы; 3. жылжымайтын мүліктің біртұтас кешені; 4. бір объектіні, көбіне жылжымайтын мүлікті бірлесіп иелену*)

кондор - кондор (*кейбір Оңтүстік американдық елдерінде айналысқа түскен испан алтын шақасы*)

кондотьер - кондотьер (*банктің, трестің бағалы қағаздарын “жедел” шығару кезінде олармен жария етілмеген байланыс*)

кондуит - кондуит (*биржада бағалы қағаздардың қабыл шығарылымын тарату кезіндегі банкпен, трестпен не басқа бір ұқсас ұйыммен жария етілмеген байланыс*)

кондуитное финансирование - кондуиттік қаржыландыру (*жобаны қаржыландыруға үшінші тұлғалар арқылы жәрдемдесу үшін мемлекеттік мекеменің бағалы қағаздар шығаруы*)

конец месяца - айдың соңы

конец операционного дня - операциялық күннің соңы (*биржада*)

конец повышения курса ценной бумаги - бағалы қағаз бағамын арттырудың аяқталуы

конец предыдущего финансового года - қолданыс мерзімінің аяқталуы

конец следующего месяца - келесі айдың соңы (*биржада*)

конец срока действия - қолданыс мерзімінің аяқталуы

конец текущего месяца - ағымдағы айдың соңы (*биржада*)

конец финансового года - қаржы жылының аяқталуы

конечная дата - ақырғы күн, соңғы күн (*фьючерстік шарттың орындалу күні*)

конечное сальдо на счете - шоттағы ақырғы қалдық

конечный бенефициарий - ақырғы бенефициарий

конечный заемщик - соңғы қарызгер

конечный плательщик - ақырғы төлемші

конечный финансовый результат - қаржының түпкілікті нәтижесі, түпкілікті қаржылық нәтиже

конкоррент (*банктің тапсырыскерлермен барлық операциялары ескерілетін бірыңғай шот*)

конкурентная девальвация (как средство борьбы за рынки) - бәсекелік құнсыздану (*нарық үшін күрес құралы ретінде*)

конкурентная заявка - бәсекелі өтінім

конкурентная позиция банка - банктің бәсекелік жайғасымы

конкурентная цена - бәсекелі баға

конкурентное ценообразование - бәсекелік баға белгіленімі (*бәсекелесудің бағасын басшылыққа ала отырып өнімнің немесе көрсетілетін қызметтердің бағасын белгілеу*)

конкурентные торги - бәсекелі сауда-саттық

конкурентный лист - бәсекелік парақ (*баға кестесі мен шарттар жазылған коммерциялық құжат*)

“конкурентный профиль” - “бәсекелік бейін”

конкурентоспособная цена - бәсекелесуге қабілетті баға

“конкуренция и кредитный контроль” - “бәсеке және кредиттік бақылау” (*Англия Банкінің ақша-кредит саясаты жөніндегі ұсыныстары пакеті*)

конкурирующий биржевой маклер - биржаның бәсекелесуші делдалы

конкурс инвестиционный - инвестициялық конкурс

конкурсная масса - конкурстық масса, конкурстық жиын (*дәрменсіз борышқордың несиегерлер арасында бөлісу үшін конкурсқа түскен мүлкі*)

конкурсное размещение капитальных вложений - күрделі қаржы жұмсалымын конкурстық орналастыру

конкурсное распределение валютных ассигнований - валюталық қаражатты конкурстық негізде бөлу

конкурсное снижение цен - бағаны конкурстық негізде төмендету

конкурсный кредитор - конкурстық несиегер (*борышқорға мүліктік талаптары бар және кепілзаттық құқықтардың иесі емес жеке немесе заңи тұлға*)

конкурсный управляющий - конкурстық басқарушы

коносамент на груз, принятый к перевозке - тасымалдауға қабылданған жүктің коносаменті (*тауардың тиелген-тиелмегеніне қарамастан оның тасымалдауға қабылданғаны жөніндегі қолхат-құжат*)

коносамент с оговоркой - ескертпелі коносамент

консалтинг по вопросам инвестирования - инвестициялау мәселелері жөнінде ақыл-кеңес беру

консалтинг финансово-экономический - қаржы-экономикалық ақыл-кеңес беру

консалтинговое обслуживание - консалтингілік қызмет көрсету, ақыл-кеңес беру қызметін көрсету

консенсуальная сделка - бәтуалы мәміле

консенсус - консенсус, бәтуа, бәтуаластық (*халықаралық және іскерлік конференцияларға, келіссөздерге қатысушылардың даулы мәселелер бойынша ортақ келісімге келуі*)

консенсус об условиях экспортных кредитов - экспорт кредитінің шарттары туралы бәтуаластық

консервативное банковское управление - сақтанымпаз банк басқармасы

консервативное кредитование - сақтанымпаз несиелендіру

консервативные инвестиции - сақтанымпаздық инвестициялар

консервативные ссудодатели - сақтанымпаз несие беруші

консерватизм - 1) кертартпалық, ескішілдік (*қалыптасқан жұмыс нысандары мен әдістерінен айнымаушылық, оларды сақтауға тырысушылық; ілгерішіл бағыттарға, озық жетістіктерге қарсы әрекет жасаушылық*); 2) сақтанымпаздық

консерватизм в бухгалтерии - бухгалтериядағы сақтанымпаздық

консервация фонда - қорды сақтау

консигнация займов - қарызды ұластыру (*қарыздарды мерзіміне байланысты өзгерту*)

консигнация чеков - чектерді ұластыру

консоли - консоли (*1. Ұлыбританияда отелу мерзімі көрсетілмеген бағалы қағаздар, олар бойынша пайыз төленеді; 2. сатып алуға жатпайтын үкіметтік бағалы қағаздар*)

консолидация - ұзарту, нығайту, шоғырландыру, топтастыру (*1. алып-сатарлық акциялармен сауда жасаудан алынған пайданы пайдалану; 2. ұлттық валютаны жаңа халықаралық акцияларға айырбастау; 3. бухгалтерлік есеп әдісі; 4. екі не одан көп фирмалардың не компаниялардың қосылуы, бірігуі; 5. қысқа мерзімді кредитті ұзақ мерзімді кредитке өзгерту; 6. биржалық бағамды тиісті төмендеуден не жоғарылаудан кейін тұрақтандыру; 7. акционерлік қоғам филиалдарының қаржылық теңгерімдерін бір жиынтық теңгерімге топтастыру*)

консолидация акций - акциялар шоғырланымы, акцияларды шоғырландыру (*акционерлік қоғамның орналастырылған бірнеше акцияларын сол тұрпаттағы жаңа акцияларға айырбастау*)

консолидация бюджетов - бюджеттерді шоғырландыру

консолидация внешнего долга - сыртқы борышты шоғырландыру

консолидация внешнего займа - сыртқы қарызды шоғырландыру

консолидация долга - борышты шоғырландыру

консолидация займа - қарызды шоғырландыру

консолидация закладной - кепілхатты топтастыру

консолидация капитала - капиталды шоғырландыру

консолидация счетов - шоттарды шоғырландыру

консолидация текущей задолженности - ағымдағы берешекті топтастыру

консолидация ценных бумаг - бағалы қағаздарды шоғырландыру

консолидирование долга - борышты шоғырландыру

консолидированная закладная - шоғырландырылған кепілхат

консолидированная рента - топтастырылған рента

консолидированная финансовая декларация - шоғырландырылма қаржы мағлұмдамасы

консолидированная финансовая отчетность - шоғырландырылма қаржы есеп-қисабы

консолидированная ценная бумага - топтастырылған бағалы қағаз

консолидированные расходы - шоғырландырылған шығыс, жиынтықталған шығыс

консолидированные фонды - топтастырылған қорлар

консолидированный - топтастырылған

консолидированный баланс - шоғырландырма теңгерім (*негізгі және еншілес қоғамдардың жалпы корпорация шеңберіндегі қызметі мен қаржы нәтижелері туралы жиынтық бухгалтерлік есеп-қисабы*)

консолидированный баланс банка - банктің жиынтықталған теңгерімі, банктің шоғырландырма теңгерімі

консолидированный бюджет - шоғырландырылма бюджет

консолидированный бюджет государства - мемлекеттің шоғырландырма бюджеті, мемлекеттің топтастырылған бюджеті

консолидированный долг - топтастырылған борыш, шоғырландырылма борыш (*мемлекеттік қарыз негізіндегі ұзақ мерзімді мемлекеттік не қоғамдық борыш*)

консолидированный заем - шоғырландырылма қарыз (*басқа қарыздар мен борышқорлық міндеттемелерді ұштастырып, қайта қаржыландыратын қарыз*)

консолидированный кредит - шоғырландырылған кредит

консолидированный отчет о прибылях и доходах - пайда мен табыс туралы шоғырландырылма есеп

консолидированный правительственный заем - топтастырылған үкіметтік қарыз

консолидированный счет - шоғырландырылма шот (*компанияның барлық бөлімшелерінің бірлестік шеңберіндегі өзара төлемдерді төлегеннен кейінгі жиынтық есептемесі*)

консолидированный счет прибылей и убытков - пайда мен залалдың шоғырландырма шоты

консолидированный финансовый баланс - шоғырландырылма қаржы теңгерімі

консолидированный фонд - топтастырылған қор

консолидированный, имеющий форму облигации - облигация нысанында топтастырылған

консолидирующий кредит - топтастырушы кредит

консоль - консоль (*өтеудің ақырғы мерзімі жоқ облигация*)

консорциальные кредиты развивающимся странам - консорциумның дамушы елдерге беретін кредиті

консорциальные операции - консорциум операциялары

консорциальный банк - консорциумдық банк (*бірнеше банктерге, қаржы компанияларына тиесілі акционерлік тұрпаттағы бірлескен көп ұлттық банк кәсіпорны*)

консорциум - консорциум (*1. бизнес саласындағы көп қаржы ресурстарын қажет ететін нақты экономикалық міндеттерді, күрделі жобаларды жүзеге асыру мақсатымен бірлескен қызмет туралы шарт негізінде біріккен заңи тұлғалардың (шаруашық жағынан тәуелсіз фирмалар мен басқа да кәсіпорындардың, банктердің) уақытша тең құқықты одағы, бірлестігі; 2. түрлі фирмалардың, банктердің белгілі бір операцияларды жүргізу үшін өздерінің дербестігін сақтай отырып бірігуі; 3. ірі көлемдегі кредит беру не ірі қарыз бойынша облигациялар шығару үшін біріккен банктер синдикаты*)

консорциум банков (банковский) - банк консорциумы (*ірі банктердің бірі уақытша ұйымдастырған банктер тобы*)

консорциум, ведущий подписку на облигационный заем - облигациялық қарызға жазылысты жүргізуші консорциум

консорциум гарантийный - кепілдікті консорциум (*алуан түрлі қызметтер жүргізетін бірнеше кәсіпорын арасындағы міндеттенген тәуекелдіктерді бөлісетін және олардың өтелуін қамтамасыз ететін келісім*)

консорциум дилеров - дилерлер консорциумы

консорциум для предоставления займа - қарыз беру үшін құрылған консорциум

консорциум инвестиционный - инвестициялық консорциум

консорциум по размещению ценных бумаг среди инвесторов - инвесторлар арасында бағалы қағаздарды орналастыру жөніндегі консорциум

консорциум, покупающий весь выпуск ценных бумаг для последующего размещения на рынке - кейіннен нарықта орналастыру үшін бүкіл бағалы қағаздар шығарылымын сатып алушы консорциум

консорциум эмиссионный - эмиссиялық консорциум

консорциум-гарант - кепілгер-консорциум (*алынған кредитке кепілдік беретін жетекші банк бастаған банктер тобы*)

консорциумный банк - консорциумдық банк

константный долларовый план - константтық доллар жоспары

“конструктивное” финансирование - “сндарлы” қаржыландыру

конструкционная ссуда - құрастырымдық несие, конструкциялық несие (*құрылыс шығынын қаржыландыру үшін берілетін қысқа мерзімді несие*)

консульские сборы - консулдық алым

консульский счет-фактура - консулдық шот-фактура

консультант владельца ценных бумаг - бағалы қағаздарды иеленушінің кеңесшісі

консультант инвестиционный - инвестициялық кеңесші

консультант инвестора - инвестордың кеңесшісі

консультант отдела кредитов банка - банк кредиті бөлімінің кеңесшісі

консультант по вопросам бухгалтерского учета - бухгалтерлік есеп мәселелері жөніндегі кеңесші

консультант по вопросам инвестирования - инвестициялау мәселелері жөніндегі кеңесші

консультант по вопросам налогообложения - салық салу мәселелері жөніндегі кеңесші

консультант по выпуску облигаций - облигациялар шығару жөніндегі кеңесші

консультант по инвестициям - инвестиция жөніндегі кеңесші

консультант по налогам - салықтар жөніндегі кеңесші

консультант по финансовым вопросам - қаржы мәселелері жөніндегі кеңесші

консультант финансовый - қаржы кеңесшісі

консультант экономический - экономикалық кеңесші

Консультативная, согласительная и арбитражная служба - Кеңес берушілік, келістірушілік және төрелік қызмет (*Ұлыбритания*)

консультативные услуги, оказываемые банком предприятиям - банк кәсіпорындарға көрсететін кеңес берушілік қызмет

консультации по вопросам инвестирования - инвестициялау мәселелері жөнінде кеңес беру

консультации по операциям с недвижимостью - жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар жөнінде кеңес беру

Консультационная служба по вопросам потребительского кредита - Тұтынушылық кредит мәселелері жөніндегі кеңес беру қызметі

консультация по вопросам управления - басқару мәселелері жөніндегі ақыл-кеңес

консультация по инвестициям - инвестиция жөнінде кеңес беру

консультация по экономическим вопросам - экономикалық мәселелер жөніндегі ақыл-кеңес

консультация юридическая - заңи ақыл-кеңес

консультирование клиентов банка - банк клиенттеріне кеңес беру

курс на конец года - жыл аяғындағы бағам

курс на момент закрытия биржи - биржа жабылатын сәттегі бағам

курс на момент открытия биржи - биржаның ашылуы сәтіндегі бағам

курс на открытие - ашылар қарсаңындағы бағам

курс на финансовом рынке - қаржы нарығындағы бағам

курс национальной валюты - ұлттық валюта бағамы

курс начальный - бастапқы бағам

курс нового выпуска ценных бумаг - жаңа бағалы қағаздар шығарылымының бағамы

курс номинальный - атаулы бағам

курс облигации - облигация бағамы

курс облигаций, установленный по жребью - облигациялардың жеребе бойынша белгіленген бағамы

курс обменный - айырбас бағамы (бір валюта екінші валютаға айырбасталатын бағам)

курс окончательного расчета - түпкілікті есеп айырысу бағамы

курс окончательного расчета по сделкам - мәміле бойынша түпкілікті есептелген бағам

курс окончательного расчета по сделкам на срок - мерзімдік мәміле бойынша түпкілікті есептелген бағам

курс окончательного расчета по сделкам на счет - шотқа арналған мәміле бойынша түпкілікті есептелген бағам

курс операций по депорту - депорт бойынша операциялар бағамы

курс оплаченный - төленген бағам, ақы төленген бағам

курс официальный - ресми бағам

курс паритетный - тепе-тең бағам, бара-бар бағам
курс первой сделки дня - күндізгі бірінші мәміле бағамы
курс пересчета - қайта есептеу бағамы
курс плавающий - құбылмалы бағам (*валюта бағамы халықаралық келісімге сәйкес белгіленген шектен шығуы мүмкін жағдай*)
курс по жребню - жеребе бойынша анықталатын бағам (*бір акциялар пакетіне сұраныстың күшейгені байқалғанда акциялар жеребе бойынша сатылатын биржалық операция*)
курс по кассовым сделкам - кассалық мәмілелер бойынша бағам
курс, по которому расчеты по сделке проводятся на второй рабочий день после ее заключения - мәміле бойынша есеп айырысу мәміле жасасылғаннан кейін екінші жұмыс күні жүргізілетін бағам
курс по сделкам за наличные - қолма-қол ақша үшін жасалған мәміле бойынша бағам
курс по сделкам на срок - мерзімдік мәмілелер бойынша бағам
курс по сделкам с немедленной поставкой - дереу жеткізілімді мәмілелер бойынша бағам
курс по сделкам с премией - сыйлықақылы мәмілелер бойынша бағам
курс по стеллажным сделкам - стеллаждық мәмілелер бойынша бағам
курс покупателя - сатып алушы бағамы
курс покупки долгосрочных векселей - ұзақ мерзімді векселдерді сатып алу бағамы
курс понизился на один пункт - бағам бір пунктке (байнаға) төмендеді
курс после закрытия биржи - биржа жабылғаннан кейінгі бағам
курс послебиржевой - биржадан кейінгі бағам
курс предбиржевой - биржаның алдындағы бағам
курс, предлагаемый покупателем - сатып алушы ұсынатын бағам
курс, предлагаемый покупателем ценных бумаг - бағалы қағаздарды сатып алушы ұсынатын бағам
курс, предлагаемый покупателем плюс (+) куртаж - сатып алушы ұсынатын бағам қосу куртаж
курс, предлагаемый продавцом - сатушы ұсынатын бағам
курс, предлагаемый продавцом ценных бумаг - бағалы қағаздарды сатушы ұсынатын бағам
курс предложения - ұсыныс бағамы
курс, преобладающий в день приобретения - сатып алынған күні басым болатын бағам
курс при срочной распродаже - мерзімдік жаппай сату кезіндегі бағам
курс, привязанный к другой валюте - басқа валютаға байланған бағам
курс применяемый - қолданылмалы бағам
курс принудительный - мәжбүрлемелі бағам
курс принятый - қабылданған бағам
курс продавца - сатушы бағамы

курс продавца и курс покупателя - сатушының бағамы мен сатып алушының бағамы
курс продавца по сделкам на срок - сатушының мерзімдік мәміле бойынша бағамы
курс регулируемый - реттелмелі бағам
курс репорта - репорт бағамы
курс рубля - рубль бағамы, рубль нарқы
курс рыночный - нарықтық бағам, нарықтық бағам
курс свободного рынка - еркін нарық бағамы
курс “своп” - “своп” бағам (*мерзімді мәміле жасасу кезіндегі сыйлықақы немесе нақты бағамынан шегерім; форвардтық сыйлықақы немесе шегерім*)
курс “spot” - “spot” бағам (*мәміле жасасылғаннан кейін екінші жұмыс күні ол бойынша есеп айырысу жасалатын валютаның нақты бағамы*)
курс спроса - сұраныс бағамы
курс средневзвешенный - орташа өлшемделген салық
курс среднерыночный - орташа нарықтық бағам
курс средний - орташа бағам
курс срочной сделки - мерзімдік мәміле бағамы
курс срочный - мерзімдік бағам
курс текущий - ағымдағы бағам
курс телеграфных переводов - телеграфтық аудармалардың бағамы
курс тенге - теңге бағамы, теңге нарқы
курс тратты - тратта бағамы
курс третьей страны - үшінші елдің бағамы (*екінші ел ұлттық валютасының үшінші елдің валютасы арқылы анықталатын бағамы*)
курс установленный - белгіленген бағам
курс фиксированный - тіркелген бағам, тиянақталған бағам
курс форвард (форвардный) - форвард бағам, форвардтық бағам, алғы шептегі бағам
курс форсированный - қарқынды бағам
курс фунта стерлингов - стерлинг фунт бағамы
курс фунта стерлингов к доллару США - стерлинг фунттың АҚШ долларына қатысты бағамы
курс фьючерсных операций - фьючерстік операциялар бағамы
курс ценной бумаги - бағалы қағаз бағамы
курс ценной бумаги, публикуемый в ежедневном официальном бюллетене фондовой биржи - қор биржасының күн сайынғы ресми бюллетенінде жарияланатын бағалы қағаз бағамы
курс ценной бумаги, совпадающий с ее номиналом - бағалы қағаздың атаулы құнына сай келетін бағалы қағаз бағамы
курс ценных бумаг на фондовом рынке - қор нарығындағы бағалы қағаздар нарығы
курс ценных бумаг по кассовым сделкам - кассалық мәмілелер бойынша бағалы қағаздар бағамы
курс ценных бумаг при выпуске - бағалы қағаздардың шығару кезіндегі бағамы
курс ценных бумаг, совпадающий с номиналом - бағалы қағаздардың атаулы бағамен сай келетін бағамы
курс чека (курс чековый) - чек бағамы

курс черного рынка - кара базардың бағамы
курс черный - қара бағам (*валюта айырбасының бейресми бағамы; валютаның қара базардағы бағамы*)
курс экономический - экономикалық бағыт
курс эмиссионный - эмиссиялық бағам
курс-“каш” - “каш”-бағам (*қолма-қол ақшалай төлеу кезіндегі биржалық бағам*)
курс-маклер - маклер-курс
курс-нетто - таза бағам
курсовая потеря - бағам ысырабы, бағамдық шығысы
курсовая прибыль - бағамдық пайда (*акциялар бағамы айырмасының нәтижесі ретінде алынған пайда*)
курсовая разница - бағам айырмасы, бағамдағы айырма
курсовая стоимость - бағамды құн
курсовой бюллетень - бағамдық бюллетень
курсовой бюллетень валют - валюталардың бағамдық бюллетені
курсовой бюллетень иностранных валют - шетел валюталарының бағамдық бюллетені
курсовой бюллетень облигаций, котируемых на фондовой бирже - қор биржасында бағаланатын облигациялардың бағамды бюллетені
курсовой бюллетень фондовой биржи - қор биржасының бағамдық бюллетені
курсовой доход - бағамдық табыс
курсовой индекс облигаций - облигациялардың бағамдық индексі
курсовой маклер - бағамдық маклер
курсовой перекос - бағамдағы қайшылық
курсовой риск активов - активтердің бағамдық тәуекелі (қатері)
курсовой убыток - бағамдық залал
курсы акций повысились - акциялардың бағамы көтерілді
курсы акций пошли вверх - акциялардың бағамы жоғары қарай жүрді
курсы акций снижаются - акциялардың бағамы төмендеуде
курсы акций стабилизировались - акциялардың бағамы тұрақталды
курсы акций стабильны - акциялардың бағамы тұрақты
курсы акций упали - акциялардың бағамы құлдырады
курсы валют, зафиксированные Смитсоновским соглашением - валюталардың Смитсон келісімінде тиянақталған бағамы
курсы по переподготовке кадров - кадрларды қайта даярлау жөніндегі курстар, кадрларды қайта даярлау курстары
курсы покупки и продажи валюты - валютаны сатып алу және сату бағамы
курсы продавцов и покупателей - сатушылар мен сатып алушылар бағамы
курсы ценных бумаг, указанных на ленте тикера - тикер таспасында көрсетілген бағалы қағаздар бағамы
курсы центральные - орталықтан белгіленетін бағам
курсы, существовавшие вчера - кешегі бағам

куртаж - куртаж, сияпат, делдалақы (*банк не биржа агенті биржалық операциялардағы делдалдық үшін алатын комиссиялық алым, яки биржалық мәміле жасасу кезінде делдалдық жасағаны үшін делдалға төленетін сыйақы*)
куртаж за посредничество - делдалдық үшін сияпат
куртаж по биржевой сделке - биржадағы мәміле бойынша сияпат
куртаж процентный - пайыздық сияпат
куртаж участника сделки - мәмілеге қатысушының сияпаты
куртье - куртье (*маклер, агент, делдал*)
куруш - куруш (*Түркияның, Сауд Арабиясының ұсақ шақасы*)
кух - кух (*кен өндіруші фирма акционерінің құқықтарын қуаттайтын сертификат*)
“куча денег» - “бума ақша” (*жаргон сөз: ақша, әдетте алып-сатарлыққа арналған ақша*)
куш - ақша сомасы, қыруар ақша
куш, сорванный на дивидендах - дивидендтен қарпылған қыруар пайда
“кьюсип” - “кьюсип” (*әрбір бағалы қағазға оның сәйкестендірілуін оңайлату үшін тіркелетін компьютерленген нөмір*)
кьят - кьят (*Мьянманың (Бирманың) ақша бірлігі*)
кэмел - кэмел (*“Кэмел” банктерінің рейтингіні бағалау жүйесі*)
“кэп” - “кэп” (*1. облигациялық қарыздағы пайыздық мөлшерлеменің тиянақталған максимумы; 2. банк клиентке сыйлықақы төленгені үшін қарыз қаражатының тиянақталған құнына кепілдік беретін келісім*)
“кэп” вертикальный - сатылас “кэп”, сатылас “еншілестік”
“кэп” процентный - пайыздық “кэп”, пайыздық “қалпақ” (*пайыздың белгіленген шектен тыс жоғарылауы; опционға ұқсас қаржы құралы*)
кэптивная страховая компания - кэптивтік сақтандыру компаниясы, еншілес сақтандыру компаниясы
кэптивная финансовая компания - кэптивтік қаржы компаниясы, еншілес қаржы компаниясы
кэптивные компании - кэптивтік компаниялар, еншілес компаниялар
“кэптивные” фонды - “кэптивтік” қорлар, “еншілес” қорлар
“кэпцион” - “кэпцион” (*“кэп” және “опцион” келісімінің құрамдасуы*)
кэри-стрит - кэри-стрит (*банкроттық дегенді білдіретін британ сөзі*)
кэтс энд догз - кэтс энд догз (*ағыл. cats and dogs - мысық пен ит: қысқа мерзімді қатерлі акция*)
кэш - кэш (*1. қолма-қол ақша, банкнот, мәнәт түріндегі заңды төлем құралы; 2. сатып алушының кредитті, мерзімін ұзартуды пайдаланбай, бірден, толық, түгелімен қолма-қол ақшалай төлейтін төлемі*)
кэш-дата - кэш-дата (*қолма-қол операция; қолма-қол ақшамен төлеу-сатып алу жөніндегі мәміле*)

кэш-флоу - кэш флоу (*алынған немесе төленген қолма-қол ақша сомасы*)
кэш-флоу брутто - жалпы кэш флоу
“кэш-флоу” дисконтированный - дисконтталған “кэш флоу”

“кэш-флоу” нетто - таза “кэш флоу”
“кэш-флоу” отрицательный - теріс “кэш флоу”
“кэш-флоу” положительный - оң “кэш флоу”
“кэш энд кэри” - “кэш энд кэри” (*қолма-қол ақша тасқыны*)

Л

l (лат. л) - l (лат. л) (*l ақша агрегаты; АҚШ-та өтімді қаражатты көрсететін ақша массасының көрсеткіші*)

лаари - лаари (*Мальдива Республикасының ұсақ мәнеті*)

лаг - лаг, кешеуіл, кешеуілдеу, кешігу, кешіктіру (*1. акция бағасының ұзаққа созылуы; 2. айырма бойынша мәміленің бір тарабы; 3. кемеңің жүзу жылдамдығын және ол жүзіп өткен қашықтықты анықтайтын аспап; 4. құбылыстың өзімен байланысты басқа құбылыспен салыстырғанда уақыт жағынан артта қалуын не озып кетуін білдіретін көрсеткіш*)

лаж - лаж (*1. алтынның бағасына үстеме; 2. алтынның ресми бағасының нарықтық бағасынан асып түсуі; 3. ақша белгілерінің, вексельдердің, бағалы қағаздардың көрсетулі құнымен салыстырғанда нарық бағамының асып түсуі; 4. белгіленген бағамға қосымша төлем*)

лаж на золото - алтынға үстеме

лаж на инвалюту - шетелдік валютаға үстеме

лаж на серебро - күміске үстеме

лазейка - ілік, саңылау

лазейка в налоговом законодательстве - салық заңнамасындағы ілік

лазейка для обхода закона - заңды орағытып өтуге ілік

лазейка законодательная - заң шығарудағы ілік

лазейка налоговая - салық ілігі (*салық төлеушінің салық есептемесін толтыру кезінде заңнамалық өкімдерде көрсетілген сомадан заңның қалыбын бұзбай жалтартуына мүмкіндік беретін техникалық мүмкіндік*)

“лазейка о небанковских банках” - “бейбанктік банктер туралы ілік”

лайфо банковский - банк лайфосы (*салымшы банктегі ұтыс шотынан салымның бір бөлігін мерзімінен бұрын алғанда пайыз есептеу әдісі*)

лак - лак (*Бангладештегі, Үндістан мен Пәкстандағы ірілендірілген есеп бірлігі, 100 мың бірлікке тең*)

лампусм - лампусм (*1. ірі сома; 2. тұтас сома; 3. кемеңің жалдау үшін кемеге нақты тиелген жүктің мөлшеріне қарамастан төленетін нақты сома*)

ландесбанк - ландесбанк (*жер банкі*)

лари - лари (*1. Мальдивтің ұсақ шақасы; 2. Грузияның ақша өлшемі*)

Ласаль-стрит - Ласаль-стрит (*Чикагоның қаржы орталығы*)

Ласпейреса индекс цен - Ласпейрестің баға көрсеткісі (*бағаның жалпы деңгейінің өзгеруін бағалау үшін қолданылатын агрегаттық көрсеткіш*)

лат - лат (*Латвияның ақша өлшемі, 100 сантимогоға тең*)
Латиноамериканская зона свободной торговли - Латын Америкасының еркін сауда аймағы

латинский монетный союз - латын мәнет одағы

ЛБО - LBO (*ағылшынша Leveraged buy out деген сөздердің қысқарған түрі: қарыз капиталы есебінен акциялар пакетін сатып алу жолымен бір фирманың екінші фирманы қосып алуы дегенді білдіретін термин*)

лвей - лвей (*Анголаның ұсақ шақасы*)

лев - лев (*Болгарияның ақша өлшемі, 100 стотинкиге тең*)

левая сторона “лэфт-хэнд сайд” - “лэфт-хэнд сайд” сол жағы

левераж операционный - операциялық левераж

левераж финансовый - қаржы леверажы

леверажная инвестиционная компания - левераждық инвестициялық компания

леверажная компания - левераждық компания (*капитал құрылымында борышқорлық қағаздары бар компания*)

леверажный лизинг - левераждық лизинг (*жалға алушы мен жалға берушіге қосымша несиегер қатысатын лизинг*)

леверажный эффект - левераждық нәтиже (*жасалған операцияның фирманың өзінің пайдалығына әсері*)

левередж - левередж (*1. экономикалық терминде “тұтқаны пайдалану нәтижесі” деген мағынаны білдіреді; 2. АҚШ-та бұл термин меншікті және қарыз капиталы арасындағы қатынас деген ұғымды білдіреді; 3. компанияның өз қызметін қаржыландыру үшін алатын елеулі қарыздардың кепілдігі үшін меншікті шектеулі активтерді пайдалануы; 4. қарыз қаражатының үлес салмағы, қарыз алу деңгейі*)

левередж операционный - операциялық левередж (*өндіріс көлеміндегі ықтимал өзгерістерге қатысты шығындар деңгейінің өзгермейтіндігі көрсеткіші*)

леверидж - леверидж (*1. табысы тіркелген бағалы қағаздарға жұмсалған күрделі қаржы мен табысы тіркелмеген бағалы қағаздарға жұмсалған күрделі қаржының арасалмағы; 2. тауарлардың босалқы қоры мен күрделі қаржы сомасының арасалмағы*)

леверидж капитальный - күрделі қаржы левериджі

леверидж негативный - келеңсіз леверидж

леверидж операционный - операциялық леверидж

леверидж положительный - жағымды леверидж, оңды леверидж

- леверидж финансовый** - қаржы левериджі
- легализация** - заңдастыру; жариялылық сипат беру, жария ету (1. қайсыбір актіге, әрекетке заңи күш беру, ұйымның қызметіне рұқсат ету; 2. басқа мемлекетте берілген немесе шет мемлекетте әрекет жасауға арналған, консулдың куәландырыған жазбасы түріндегі құжаттың түпнұсқалылығын және заңи күшін қуаттау)
- легализация банка** - банкті жария ету, банкті заңдастыру
- легализация денежных средств** - ақшалай қаражатты жария ету, ақшалай қаражатты заңдастыру
- легализация денежных средств или иного имущества, приобретенных незаконным путем** - заңсыз жолмен алынған ақшалай қаражатты немесе өзгедей мүлікті заңдастыру (экономикалық қызмет саласындағы қылмыс)
- легализация имущества** - мүлікті жария ету, мүлікті заңдастыру
- легализация иностранной организации** - шетел ұйымына жариялылық сипат беру
- легализация консульская** - консулдық заңдастыру
- легализация криминальных доходов** - қылмыстық жолмен табылған табысқа жариялылық сипат беру, қылмыстық жолмен табылған табысты заңдастыру
- легализация незаконно полученных доходов** - заңсыз алынған кірісті заңдастыру
- легаль** - жариял (АҚШ қор биржасының мүше фирмаларға, аудиттерге қарсы бағытталған мәжбүрлеу әрекеттерін, клиенттердің шағымдарын тіркейтін компьютерлендірілген ақпараттық базасы)
- легальные резервы** - заңды сақтық қорлар (фирма капиталының пайдадан аудару жолымен құралатын бөлігі)
- легатарий** - легатарий (өсиет бойынша мұраланған тұлға)
- легенда** - аңыз (тыындағы, мәнеттегі, медальдағы жазу)
- легитимация** - легитимация, заңды құқығын мойындау (1. қайсыбір құқықтың немесе өкілеттіктің заңдылығын тану, қуаттау; қайсыбір құқықтың немесе өкілеттіктің заңдылығын қуаттайтын құжаттар)
- легитимный** - заңонный
- легкая акция** - жеңіл акция (құны кішігірім акция)
- легкая нажива** - оңай баю
- легко реализуемые** - жеңіл өткізілетін
- легко реализуемые ценные бумаги** - оңай өткізілетін бағалы қағаздар
- “легкое” золото** - “жеңіл” алтын
- легкорезулируемая ликвидность** - оңай іске асырылатын өтімділік
- легкорезулируемое долговое обязательство** - оңай іске асырылатын борыштық міндеттеме
- легкорезулируемые активы** - оңай өткізілетін активтер
- легкорезулируемые облигации** - оңай өткізілетін облигациялар
- легкорезулируемые ценные бумаги** - оңай өткізілетін бағалы қағаздар
- легкорезулируемый** - оңай өткізілетін
- легкость ликвидации залога** - кепілзатты жоюдың оңайлығы
- легкость распространения облигаций** - облигацияларды таратудың оңайлығы
- “лежащая сверху” закладная** - “үстінде жатқан” кепілхат
- лей** - лей (Румынияның ақша өлшемі, 100 банье тең)
- лек** - лек (Албанияның ақша өлшемі, 100 киндаркиге тең)
- лекаж** - лекаж (1. тауарды қайта төгу, оны сақтау, тасымалдау кезінде ағып, төгілуі себепті оның салмағының немесе көлемінің кемуінен болатын шығасы; 2. ескерілмеген, ұсақ-түйек шығын не ұрлану салдарынан табыстың ауыспалы айналымынан ақшалай қаражаттың жылыстауы)
- лемпира** - лемпира (Гондурастың ақша бірлігі)
- лендинг бизнес** - лендинг бизнес, бизнес-операция (нәтижелері қаржы есептемесінде ескерілетін және фирманың активтерімен байланысты мәміле, операция: алғытөлемдер, қарыздар, кредиттер, т.б.)
- ленд-лиз / лендлоз** - ленд-лиз / лендлоз (қарызға не жалға қару-жарақ, оқ-дәрі стратегиялық шикізат т.б. беру жүйесі)
- лента дневных операций** - күндізгі операциялар таспасы
- лента котировального аппарата** - баға белгілеу аппаратының таспасы
- лента тикера с биржевыми котировками** - биржалық баға белгілейтін тикері бар лента
- лента тикера, содержащая помимо цен и котировок финансовые и другие новости** - бағамен және баға белгіленімімен қатар қаржы құралдары мен басқа да жаңалықтардан тұратын тикер таспасы
- леоне** - леоне (Сьерр-Леоненің ақша өлшемі, 100 центке тең)
- лепта** - лепта (Грекияның ақша бірлігі)
- лептон** - лептон (Грекияның ұсақ тиыны, 1/100 драхмаға тең)
- лесные подати** - орман алымы
- “лестница”** - “баспалдақ” (ақша нарығындағы жай-ғасымды және банктің валюталық жай-ғасымын бақылауда пайдаланылады)
- лжепредпринимательство** - жалған кәсіпкерлік (экономикалық қызмет аясындағы қылмыс; кәсіпкерлік немесе банк қызметін жүзеге асыруды ниет етпейтін, несие алу, салықтан босану, басқа да мүлктік пайда алу немесе тыйым салынған қызметті бүркемелеу мақсатын көздейтін коммерциялық ұйым құру)
- либерализация операций по вывозу прибыли в иностранной валюте для нерезидентов** - бейрезиденттер үшін шетел валютасымен пайданы шетке әкету операцияларын ырықтандыру
- либерализация процентной ставки** - пайыздық мөлшерлемені ырықтандыру

- либерализация рынка** - нарықты ырықтандыру
- либерализация рынка информационных технологий** - ақпараттық технологиялар нарығын ырықтандыру
- либерализация рынка финансовых услуг** - қаржы қызметін көрсету нарығын ырықтандыру
- либерализация финансовая** - қаржылық ырықтандыру
- либерализация цен** - бағаны ырықтандыру
- либерализация экономики** - экономиканы ырықтандыру
- либеральный руководитель** - ықтиярлы басшы, ырықты басшы
- либеральный стиль руководителя** - басшының ықтиярлы стилі
- либерийский доллар** - Либерия доллары
- либид** - либид (*Лондондағы халықаралық банктердің депозиттер нарығындағы сатып алушының мөлшерлемесі*)
- ЛИБОР** - ЛИБОР (*LIBOR - London Interbank Offered Rate - Лондон банк аралық ұсыныс мөлшерлемесі: Лондон банктері беретін қысқа мерзімді несие мөлшерлемесі*)
- ливанский фунт** - Ливан фунты
- ливр** - ливр (*Францияның уақытша шығарылған күміс шақасы*)
- Лига ссудо-сберегательных ассоциаций** - Несие-жинақ ақша қауымдастықтарының лигасы
- лигатура** - лигатура (*1. асыл металдар қорытпасының құрамына қосылатын металдар; 2. екі не бірнеше әріпті бір жазбаша таңбамен байлану; 3. бір литер түрінде құйылып бір-бірімен байланысқан екі әріп*)
- лидер по ценам** - баға бойынша жетекші
- лидер ценовой** - баға жетекшісі, жетекші баға, бағадағы жетекші
- лидер рынка ценных бумаг** - бағалы қағаздар нарығының жетекшісі
- лидерство в ценах** - бағадағы жетекшілік (*баға белгілеу стратегиясы, мұнда фирмалардың бірі бағаның өзгертілгенін жариялайды, саланың қалған фирмалары да бағаны өзгертеді*)
- лидерство ценовое** - бағадағы жетекшілік
- лидирующее положение на рынке** - нарықтағы жетекшілік жағдай
- лизинг** - лизинг (*жалға беру; жабдықты сатып алуға жұмсалатын күрделі шығыннан құтылу мақсатымен оны жалға алып пайдалану*)
- лизинг банковский** - банк лизингі
- лизинг движимого имущества** - жылжымалы мүлік лизингі
- лизинг земли** - жер лизингі
- лизинг кредитный** - несиелік лизинг
- лизинг с дополнительным привлечением средств** - қосымша қаражат тарту лизингі
- лизинг с налоговым рычагом** - салықтық тұтқалы лизинг
- лизинг финансовый** - қаржы лизингі
- лизинговая компания** - лизингілік компания
- лизинговая программа** - лизингілік бағдарлама
- лизинговое обязательство** - лизингілік міндеттеме
- лизинговое финансирование** - лизингілік қаржыландыру
- лизинговый брокер** - лизингілік брокер
- лизинговый платеж** - лизингілік төлем
- ликвидант** - ликвидант (*ісін тоқтатқан саудагерге не кәсіпорынға өз талаптарын қоятын несиегер*)
- ликвидат** - ликвидат (*ісі тоқтатылған жағдайда борыш өндіріп алынатын борышқор*)
- ликвидатор** - таратушы, жойымпаз (*1. сақтандыруда: сақтандыру уақиғасы бойынша залалды, орнын толтыру бағасын анықтаумен, сақтандыру уақиғасының себептерін зерттеумен айналысатын тұлға; 2. компания таратылғанда оның ісін реттеу үшін сот не компания мүшелері не несиегерлер тағайындайтын тұлға*)
- ликвидатор имущества несостоятельного должника** - дәрменсіз борышкердің мүлкін жоюшы
- ликвидатор назначенный судом** - сот тағайындаған таратушы
- ликвидатор обанкротившегося банка** - банкротқа ұшыраған банкті таратушы
- ликвидатор официальный** - ресми таратушы
- ликвидатор промежуточный** - аралық таратушы
- ликвидационная комиссия** - тарату комиссиясы (*кәсіпорынды, компанияны тарату алдында мүлікті бағалау, дебиторлық берешекті өндіріп алу, несиегерлермен есептесу, комиссияны құрған органның алдында берілетін тарату теңгерімі мен есебін жасау мақсатымен құрылатын арнаулы комиссия*)
- ликвидационная оценка страхового полиса** - сақтандыру полисінің тарату бағасы (*сақтандыру полисінің сақтандыру оқиғасы келтірген зиянды өтеумен байланысты бағасы, мұнда арнаулы тарату шығынының есебі қоса қамтылады*)
- ликвидационная премия** - тарату сыйлықақысы
- ликвидационная собственность** - таратылма меншік
- ликвидационная стоимость** - таратылу (жою) құны (*объектінің жұмысы тоқтатылғаннан кейін қалған негізгі құрал-жабдықты, жарамды құрылыс материалдарын, бөліктерді сатудан түскен ақша*)
- ликвидационная стоимость активов** - активтердің таратылу құны
- ликвидационная стоимость основных средств** - негізгі құрал-жабдықтың жойылу құны
- ликвидационная стоимость основных фондов** - негізгі қорлардың жойылу құны
- ликвидационная стоимость привилегированной акции** - артықшылықты акциялардың таратылу құны
- ликвидационные дни** - тарату күндері (*жасасылған мәміле бойынша есептесу аяқталған күндер*)
- ликвидационные затраты в расчете на каждый платеж по рассрочке** - мәулеттік бойынша әрбір төлемге шағып есептегендегі тарату шығыны
- ликвидационные затраты в расчете на одну ссуду** - бір несиеге шағып есептегендегі тарату шығыны

- ликвидационные поступления** - тарату түсімі, жою түсімі
- ликвидационный баланс** - тарату теңгерімі
- ликвидационный дивиденд** - тарату дивиденді
- ликвидационный остаток** - тарату қалдығы (*фирманы тарату үдерісінде барлық активті өткізуден және барлық борышты төлегеннен кейінгі айырма*)
- ликвидационный период на бирже** - биржадағы тарату (жою) кезеңі
- ликвидационный период на фондовой бирже** - қор биржасындағы тарату (жою) кезеңі
- ликвидационный промежуточный баланс некоммерческой организации** - бейкоммерциялық ұйымның аралық тарату теңгерімі
- ликвидационный процесс** - тарату үдерісі, жою үдерісі
- ликвидационный срок** - тарату мерзімі, жою мерзімі (*мәміленің аяқталу мерзімі*)
- ликвидация** - тарату, жою (*1. активтерді қолма-қол ақшаға айналдыру; 2. қайсыбір мәміле бойынша ақырғы есеп айырысу; 3. фьючерстік биржада бұрын сатып алынған биржалық келісімшартты сату; 4. кәсіпорынның, ұйымның, фирманың қызметін тоқтату, оның активтерін тарату; 5. бизнесті “бөлшектеу”, кезектілік тәртібімен борыштарды төлеу және қалған активтерді борышқорлық қағаздарды ұстаушыларға қолма-қол қаражат түрінде үлестіріп беру; 6. клиенттің маржиналдық талаптарын орындаудың сәті түспегеннен кейін делдал клиентінің бағалы қағаздарын не тауарларын мәжбүрлі сату; 7. ұзақ мерзімді қаржы операциясын аяқтау*)
- ликвидация агентства** - агенттікті тарату
- ликвидация активов при прекращении деятельности предприятия** - кәсіпорын қызметі тоқтатылғанда активтерді жою
- ликвидация акционерного общества** - акционерлік қоғамды тарату
- ликвидация вынужденная** - мәжбүрлемелі тарату
- ликвидация дефицита бюджета** - бюджет тапшылығын жою
- ликвидация добровольная** - ерікті түрде тарату
- ликвидация долга** - борышты жою
- ликвидация задолженности по зарплате** - жалақы жөніндегі берешекті жою
- ликвидация запасов** - қорларды жою
- ликвидация имущества** - мүлікті жою, мүлікті тарату (*материалдық-қаржылық құндылықтарды қолма-қол ақшаға айналдыру*)
- ликвидация компании** - компанияны тарату
- ликвидация консорциума** - консорциумды тарату (жою)
- ликвидация контракта** - келісімшартты жою
- ликвидация лицензии** - лицензияны жою
- ликвидация некоммерческой организации** - бейкоммерциялық ұйымды тарату
- ликвидация неплатежеспособной фирмы по решению суда** - төлем төлеуге қабілетсіз фирманы соттың шешімімен тарату (жою)
- ликвидация обеих позиций по сделке спрэд** - спрэд мәмілесі жөніндегі екі жайғасымды тарату (*биржада*)
- ликвидация обеспечения** - қамтамасыз ету кепілдігін жою
- ликвидация общества** - қоғамның жойылуы, қоғамның таратылуы
- ликвидация обязательств с одними ценными бумагами и заключение сделок по другим** - бір бағалы қағаздармен міндеттемені жою және екіншілері бойынша мәміле жасасу
- ликвидация одной позиции по сделке спрэд** - спрэд мәмілесі бойынша бір жайғасымды жою
- ликвидация операции своп по взаимной договоренности сторон**; - тараптардың өзара шарты бойынша своп (айырбас) операциясын жою
- ликвидация организации** - ұйымды тарату
- ликвидация основных средств** - негізгі құрал-жабдықты жою
- ликвидация основных фондов** - негізгі қорларды жою
- ликвидация отдела** - бөлімді тарату
- ликвидация отдельных уровней управления** - басқарудың жекелеген деңгейлерін тарату
- ликвидация по постановлению суда** - сот қаулысы бойынша тарату
- ликвидация предприятия** - кәсіпорынды тарату
- ликвидация привилегий** - артықшылықтарды жою
- ликвидация принудительная** - мәжбүрлеп тарату
- ликвидация расчетов в середине месяца** - ай ортасында есеп-қисапты жою
- ликвидация с убытком позиций спекулянтов, играющих на повышение** - жоғарылауға ойнаған алып-сатарлардың жайғасымын залалмен жою
- ликвидация с убытком позиций спекулянтов, играющих на понижение** - төмендеуге ойнаған алып-сатарлардың жайғасымын залалмен жою
- ликвидация сделки** - мәмілені жою (*мәміленің аяқталуы, тоқтатылуы, бұрын сатып алынған биржалық келісімшартты сату*)
- ликвидация срочной биржевой позиции** - мерзімді биржалық жайғасымды жою
- ликвидация счета** - шотты жою
- ликвидация товарищества** - серіктестіктің таратылуы
- ликвидация товарищества на вере** - сенімге негізделген серіктестікті тарату
- ликвидация убытков** - залалды жою (*мүлікті сақтандыруда және жауапкершілікті сақтандыруда: сақтандыру өтемін айқындап, төлеу*)
- ликвидация убытков в страховании** - сақтандырудағы залалды жою (*сақтандыру оқиғасының себептері мен мөлшерін анықтау, сақтандыру өтемінің сомасын төлеу, мүлікті сақтандыру, жауапкершілікті сақтандыру жұмыстарының кешені*)
- ликвидация условная** - шартты түрде жою
- ликвидация фактическая** - іс жүзінде жою
- ликвидация филиала** - филиалды тарату
- ликвидация финансово-промышленной группы** - қаржы-өнеркәсіптік топты тарату

ликвидация фирмы - фирманы тарату
ликвидация фонда - қорды жою
ликвидация ценностей - құндылықты жою
ликвидация юридического лица - заңды тұлғаны тарату
ликвидация-продажа - тарату-сату (*бағалы қағаздарды немесе басқа да құндылықтарды қолма-қол ақшаға айналдыру үдерісі*)
ликвидирование - тарату, жою
ликвидирование долга - борышты жою
ликвидирование задолженности - берешекті жою
ликвидирование счета - шотты жою
ликвидирование товарищества - серіктестікті тарату
ликвидированный - таратылған (жойылған) (*жайғасым туралы*)
ликвидированный ущерб - жойылған зиян
ликвидировать - жою, тарату
ликвидировать биржевую позицию - биржалық жайғасымды жою
ликвидировать долг - борышты жою
ликвидировать консорциум - консорциумды тарату
ликвидировать контракт - келісімшартты жою (*брокердің клиенті қосымша қамтамасыз ету жарнасын төлемеген жағдайда*)
ликвидировать контракт в случае невноса маржи брокером - брокер маржа жарнасын төлемеген жағдайда келісімшартты жою
ликвидировать обеспечение - қамтамасыз етуді жою
ликвидировать позицию - жайғасымды жою (*бұрын жүргізілген операцияға оның орнын толтыру мақсатымен кері қаржылық операция жүргізу*)
ликвидировать просрочку платежей - төлем мерзімінің өтіп кетуін жою
ликвидировать своп - свопты (айырбасты) жою
ликвидировать фьючерсный контракт - фьючерстік келісімшартты жою
ликвидировать ценные бумаги - бағалы қағаздарды жою
ликвидная диверсификация - өтімділікті әртараптандыру (*төлеу мерзімі түрліше: қысқа, орта және ұзақ болып келетін облигацияларды сатып алу*)
ликвидная задолженность - өтімді берешек
ликвидная ловушка - өтімді тұзақ (*пайыз нормасының ақша жиынының өзгерістерін сезбейтіндігі*)
ликвидное имущество - өтімді мүлік (*қолма-қол қаражатқа оңай айырбасталатын қолма-қол қаражат не мүлік*)
ликвидность - өтімділік; өтемпаздық, төлемпаздық (*1. актив баптарының пассивке міндеттемелерді төлеу үшін ақшаға айналу мүмкіндігі; 2. материалдық құндылықтардың өткізілу, сатылу, қолма-қол ақшаға айналдырылу мүмкіндігі; 3. компанияның өзінің ағымдағы борыштарын төлеу қабілеті*)
ликвидность активов - активтердің өтімділігі
ликвидность акций - акциялардың өтімділігі
ликвидность баланса - теңгерімнің өтімділігі
ликвидность баланса банка - банк теңгерімінің өтімділігі

ликвидность банка (банковская) - банк өтемпаздығы (*банктің өз міндеттемелерін уақытылы орындау қабілеті*)
ликвидность банковского сектора - банк секторының өтемпаздығы
ликвидность валютная - валютаның өтімділігі
ликвидность векселей - вексельдердің өтімділігі
ликвидность денежная - ақшалай өтімділік
ликвидность избыточная - басы артық өтемпаздық (*қалыпты қажеттілігінен асып түскен қолма-қол ақшалай қаражат және тез өткізілетін активтер*)
ликвидность кредита - несенің өтімділігі
ликвидность кредитных учреждений - кредит мекемелерінің өтемпаздығы
ликвидность международная - халықаралық өтемпаздық, халықаралық төлемпаздық
ликвидность на бирже - биржадағы өтімділік
ликвидность облигаций - облигациялардың өтімділігі
ликвидность ограниченная - шектеулі өтімділік
ликвидность официальная - ресми өтімділік
ликвидность рынка - нарықтың өтемпаздығы (*қор биржасының бағалы қағаздардың бағасын орынды өзгерте отырып, олардың белгілі мөлшерін иемденуге қабілеттілігі*)
ликвидность рынка ценных бумаг - бағалы қағаздар нарығының өтемпаздығы
ликвидность текущая - ағымдағы өтімділік
ликвидность традиционных рынков капитала - дәстүрлі капитал нарықтарының өтемпаздығы
ликвидность финансового рынка - қаржы нарығының өтемпаздығы
ликвидность фондового рынка - қор нарығының өтемпаздығы
ликвидность ценных бумаг - бағалы қағаздардың өтімділігі (*бағалы қағаздардың ақшаға айналу мүмкіндігі*)
ликвидность чистой задолженности - таза берешектің өтімділігі
ликвидные активы - өтімді активтер (*1. ақшалай қаражатқа тез айналдыруға болатын активтер; 2. борышқорлық міндеттемелерді өтеу үшін пайдалануға болатын активтер*)
ликвидные активы банка - банкінің өтімді активтері
ликвидные голубые фишки - өтімді көгілдір фишккалар
ликвидные инвестиции - өтімді инвестиция
ликвидные обязательства - өтімді міндеттемелер
ликвидные сбережения - өтімді жинақ ақша
ликвидные средства - өтімді қаражат
ликвидные средства банков - банктердің өтімді қаражаты
ликвидные средства государства - мемлекеттің өтімді қаражаты
ликвидные средства для выполнения соглашения о покупке ценных бумаг с последующим выкупом по обусловленной цене - уағдаласылған баға бойынша кейіннен өтеуі төленіп алынатын бағалы

- қағаздарды сатып алу туралы келісімді орындау үшін өтімді қаражат
- ликвидные средства частных финансовых учреждений** - жеке меншік қаржы мекемелерінің өтімді қаражаты
- ликвидные ценности** - өтімді құндылық
- ликвидные ценные бумаги** - өтімді бағалы қағаздар
- ликвидные чистые активы** - өтімді таза активтер
- ликвидный** - өтімді, өтемпаз (*бағалы қағаздар туралы*)
- ликвидный залог** - өтімді кепілзат
- ликвидный капитал** - өтімді капитал
- ликвидный резерв** - өтімді сақтық қор
- ликвидный резервный фонд** - өтімді сақтық қор
- ликвидный рынок** - өтемпаз нарық (*сатып алу-сату қандайда болсын шектеусіз жүргізілетін нарық*)
- ликвидный фонд** - өтемпаз қор, өтімді қор
- ликвиды** - өтімді ақша, нақты ақша (*фирманың кассасындағы нақты ақша, сондай-ақ фирманың билігіндегі басқа да қаражат*)
- ликвиды валютные** - валюталық өтімділік
- ликвиды международные** - халықаралық өтімділік
- ликом** - ликом (*Лондондағы банк аралық валюталық опциондар нарығы*)
- ликута** - ликута (*Заирдың ақша бірлігі*)
- лилангени** - лилангени (*Свазилендтің ақша өлшемі, 10 центке тең*)
- лимин** - лимин (*Лондондағы халықаралық нарықта банк аралық несиенің шартты есептік пайыздық мөлшерлемесі*)
- лимит** - лимит, шектелім (*1. бір нәрсенің шегі, мөлшерлі өлшемі, шекті мөлшері; 2. сатып алуға, сатуға, несиеге, мәміле көлеміне, тауарлар әкелімі мен әкетіліміне, табиғат ресурстарын пайдалануға, еңбекақы деңгейіне, валюталық операцияларға белгіленетін шекті мөлшер, мөлшерлік шектеу; 3. инвестордың биржа делдалына не тауармен айналысатын делдалға көрсетілген шектегі жоғары бағамен сатып алу не көрсетілген шектегі төмен бағамен сату жөнінде берген нұсқауы; 4. уағдаласылған уақыт шеңберінде жол беруге болатын жоғары ауытқу шегі*)
- лимит акцептования** - акцептілеу лимиті (шектелімі) (*банктің клиент векселін акцептілеуі*)
- лимит банковского займа** - банк қарызының лимиті
- лимит брокерский** - делдалдық лимит
- лимит бюджетных обязательств** - бюджеттік міндеттемелер лимиті, бюджеттік міндеттемелер шектелімі
- лимит валютный** - валюталық лимит
- лимит валютных операций** - валюта операцияларының лимиті (*банктердің белгілі бір серіктестермен валюта операцияларын жасауына берілген шекті сома*)
- лимит валютных операций в течение рабочего дня** - валюталық операциялардың жұмыс күні бойындағы лимиті
- лимит вверх** - жоғарылату шегі (*бір сауда күнінде фьючерстік тауар шарты үшін бағаны жоғары көтеруге болатын шекті деңгей*)
- лимит вниз** - төмендету шегі (*бір сауда күнінде фьючерстік тауар шарты үшін бағаны төмен түсіруге болатын шекті деңгей*)
- лимит выдач** - берілім лимиті, несие беру лимиті (*жоспарлы кезеңде қарызгерге беруге болатын несиенің шекті сомасы*)
- лимит выдачи кредита** - кредит беру лимиті
- лимит дилера по денежным средствам** - дилердің ақшалай қаражат бойынша лимиті
- лимит дилеру на операционный день** - дилерге операциялық күнге арналған лимит
- лимит долга местного исполнительного органа** - жергілікті атқарушы орган борышының лимиті
- лимит задолженности** - берешек лимиті
- лимит инвестиций** - инвестициялар лимиті (*банкнің инвестициялық жобаларды қаржыландыруға қабылдаған қажеттерін өтеу үшін билік ететін ақшалай қаражаты көлемінің рұқсат етілген жоғары шегі*)
- лимит инвестиционный** - инвестициялық лимит
- лимит исполнения опциона** - опционды орындау лимиті
- лимит кассовой наличности** - кассадағы ақшаның лимиті
- лимит кассовых остатков** - кассалық қалдық лимиті
- лимит кассы** - касса лимиті (*кәсіпорын кассасында болуы мүмкін ақшалай қаражаттың ең жоғары сомасы*)
- лимит колебаний цен** - бағаның ауытқу лимиті
- лимит колебания** - ауытқу лимиті (*тауар биржасындағы бағаның күнделікті ауытқу шегі*)
- лимит контрактов** - келісімшарт лимиті
- лимит кредита** - несие лимиті (*банкнің қарызгерге белгілі бір кезең бойына беруі мүмкін несиенің жоғары шектегі сомасы*)
- лимит кредитный** - несие лимиті, несиелік лимит
- лимит кредитования** - несиелендіру лимиті
- лимит операционный** - операциялық шектелім
- лимит осуществления** - жүзеге асыру лимиті (*кез келген сыныптағы опциондық шарттар саны бойынша бес жұмыс күні бойына өткізуге болатын лимит*)
- лимит ответственности** - жауапкершілік лимиті
- лимит ответственности страховщика** - сақтандырушы жауапкершілігінің лимиті (*сақтандыру шартының талаптарынан туындайтын сақтандырушы жауапкершілігінің жоғары шегі*)
- лимит платежа** - төлем лимиті
- лимит позиции** - жайғасым лимиті (*сатып алуға немесе сатуға бір клиент немесе онымен байланысы бар екінші бір клиент жасасатын келісімшарттардың рұқсат етілген шекті мөлшері*)
- лимит позиционный** - позициялық лимит, жайғасымды лимит
- “лимит покупки”** - “сатып алу лимиті”
- лимит правительственного долга** - үкімет борышының лимиті
- лимит предоставления государственных гарантий** - мемлекеттік кепілдіктер беру лимиті

- лимит расходов** - шығыс лимиті
- лимит расходования денег** - ақшаны жұмсау лимиті
- лимит расходования денег на командировки** - іссапарға ақша жұмсау лимиті
- лимит скольжения** - сырғыма лимит
- лимит снижающей задолженности** - азаймалы берешек лимиті
- лимит собственного удержания** - меншікті ұстау лимиті *(сақтандыру компаниясы сақтандырылатын қатердің белгілі бір үлесін өз жауапкершілігімен ұстайтын шектегі соманың жоғары деңгейі)*
- лимит страхования** - сақтандыру лимиті *(құндылықты, өмірді, денсаулықты сақтандыруға болатын ақшалай соманың жоғары шегі)*
- лимит страхового возмещения** - сақтандыру өтемінің лимиті *(бір сақтандыру оқиғасы бойынша төленетін сақтандыру өтемінің жоғары мөлшері)*
- лимит страхового органа на выплату страхового возмещения** - сақтандыру органының сақтандыру өтемін төлеу жөніндегі лимиті
- лимит страховой суммы, не требующий медицинского освидетельствования** - медициналық куәландыруды қажет етпейтін сақтандыру сомасының лимиті
- лимит федерального долга** - федералдық борыш лимиті
- лимит финансирования** - қаржыландыру лимиті
- лимит финансирования капитальных вложений** - күрделі жұмсалымды қаржыландыру лимиті
- лимит цен (ценовой)** - баға лимиті
- лимит чековой книжки** - чек кітапшаларының лимиті
- лимитация** - лимитация, лимиттеу, шектеу
- лимитед (ЛТД, LTD)** - лимитед, жауапкершілігі шектеулі *(компанияның, серіктестіктің, банкінің жауапкершілігі акционерлік не үлеспұлдық капитал деңгейінде шектеулі дегенді білдіретін термин)*
- лимитирование** - лимиттеу, шектеу *(лимит белгілеу)*
- лимитирование колебаний ставок процента** - пайыз мөлшерлемесінің ауытқуын шектеу
- лимитирование кредита** - несиені лимиттеу, несиені шектеу *(қарызгерлер, банк мекемелері үшін несиенің жоспарлы сомасын белгілеу тәсілі)*
- лимитирование расходов** - шығысты лимиттеу
- лимитирование финансовых средств для инвестиций** - инвестиция үшін қаржы қаражатын лимиттеу *(компанияда қаржы ресурстары жетіспегенде тартымдылығы бірдей бірнеше инвестициялық жобалардың бірін таңдауға тура келуі)*
- лимитированная импортная цена** - лимиттелген импорттық баға
- лимитированная цена** - лимиттелген баға
- лимитированная цена на ценные бумаги** - бағалы қағаздардың лимиттелген бағасы
- лимитированная цена ценных бумаг** - бағалы қағаздардың лимиттелген бағасы
- лимитированная чековая книжка** - лимиттелген чек кітапшасы
- лимитированное** - лимиттелген
- лимитированное распоряжение брокеру** - делдалға берілетін лимиттелген өкім
- лимитированное распоряжение клиента брокеру** - тапсырыскердің делдалға лимиттелген өкімі
- лимитированное стоп-поручение** - лимиттелген тоқтатым-тапсырма
- лимитированное уменьшение размера налога** - салық мөлшерін лимиттелген азайту
- лимитированный депозитарий** - лимиттелген депозитарий
- лимитированный чек** - лимиттелген чек *(лимиттелген чек кітапшасынан берілген чек)*
- лимитирующее ценообразование** - лимиттеуші баға белгіленімі
- лимитная карта** - лимит картасы
- лимитная ордерная информационная система** - лимитті ордерлік ақпарат жүйесі *(жазылушыларға биржадағы саудаға ұсынылған бағалы қағаздар туралы хабарлайтын электрондық жүйе)*
- лимитная цена** - лимиттік баға
- лимитное извещение** - лимиттік хабарлама *(банкінің белгіленген жоспарына сәйкес қарызгерге несие беру лимитінің белгіленгені туралы банкінің төменгі мекемесіне хабарлау)*
- лимитное письмо** - лимит хаты *(банк басқармасының банктің несие жоспарында бекітілген жоспарлы несие мөлшері туралы өз бөлімшелеріне, кеңселеріне жолдаған хабарламасы)*
- лимитное разрешение** - лимиттік рұқсат
- лимитный курс** - лимиттік бағам
- лимитный ордер** - лимиттік ордер *(бағалы қағазды белгіленген бағамен не одан жоғары бағамен сатып алуға не сатуға берілген ордер)*
- лимитный приказ** - лимиттік бұйрық
- лимитный приказ биржевому агенту** - биржа агентіне лимиттік бұйрық
- лимитный стоп-приказ** - лимиттік тоқтатым-бұйрық
- лимитный чек** - лимиттік чек
- лингот** - лингот *(стандартталған алтын құйма)*
- “линдз энд легз”** - “линдз энд легз” *(халықаралық саудада: төлемді жеделдету немесе кідірту)*
- линейная система управления** - басқарудың желілік жүйесі, желілік басқару жүйесі
- линейное вознаграждение посреднику** - делдалға желілік сыйақы
- линейно-функциональная система управления** - басқарудың желілік-бернелік жүйесі, басқарудың желілік-атқарымдық жүйесі, желілік-атқарымдық басқару жүйесі
- линейно-функциональная форма управления** - басқарудың желілік-атқарымдық нысаны, желілік-атқарымдық басқару нысаны
- линейный тренд** - желілік тренд, желілік үрдіс *(валюта нарығында: бағаның белгілі бір бағыттағы тұрақты қозғалысы)*
- линия** - сызық; желі, бағыт *(1. іс-қимылдар, көзқарастар бағыты, бейнесі; 2. жазықтықтағы, қайсы бір*

үстіңгі беттегі не кеңістіктегі сызық; 3. бір нәрсенің бағытын, шегін, деңгейін айқындайтын сызық; 4. бір нәрсенің бір қатарға орналасуы; 5. бір нәрсенің топтамасы, мыс., көп мөлшердегі акциялар топтамасы; 6. орыстың 1/10 дюймге тең байырғы өлшемі; 7. андеррайтердің сақтандыру қатерін қабылдауы; 8. қарыз қаражатына қысқа мерзімді қажеттілікті өтеу үшін басқа несие келісімі күшіне енгенге дейін пайдалануға болатын қысқа мерзімді несие; 6. қолданыстағы меншікті шот)

линия брокерская - делдалдық желі

линия бюджетных ограничений - бюджеттік шектеу желісі

линия игры клиентов биржи - биржа тапсырыскерлері ойынының сызығы

линия кредита (кредитная) - кредит желісі

линия кредита, предоставляемая в евровалюте - еуровалютамен берілетін кредит желісі

линия рынка ценных бумаг - бағалы қағаздар нарығының желісі

линия ценовая - баға желісі

линкидж - линкидж (шартты бір биржада сатып алып, екінші биржада сату мүмкіндігі)

линкидж брокера - делдал линкиджі

лира - лира (Мальтаның ақша өлшемі, 100 центке, яки 1000 милъге тең)

лира итальянская - итальян лирасы (Италияның, Сан-Мариноның, Ватикан қала-мемлекетінің ақша өлшемі, 100 центезимога тең)

лира турецкая - түрік лирасы (Түркияның ақша өлшемі, 100 курушке тең)

лист в кредитном учреждении - несие мекемесіндегі парақ

лист закладной - кепілхат парағы

лист исполнительный - атқару парағы, орындау парағы

лист калькуляционный - калькуляциялық парақ

лист контрактный - келісімшарт парағы

лист контрольный - бақылау парағы

лист котировальный - баға белгілеу парағы

лист кредитной информации - кредиттік ақпарат парағы

лист купонов (купонный) - купондар парағы

лист опросный - сауалдама парақ

лист партии - топтама парағы

лист проверочный - тексеру парағы

лист расчетный - есеп айырысу парағы

лист суммирования - жиынтықтау парағы, қосындылау парағы

лист титульный - титул парақ (кітаптың алғашқы парақтарының бірі, шығарманың беташар мәтіні)

лист условно-издательский - шартты баспа табақ

лист учетно-издательский - есепті баспа табақ

листинг - листинг (1. бағалы қағаздың сәйкестігін белгілеу; 2. бағалы қағазды қор биржасындағы айналысқа жіберу рәсімі; 3. биржадағы акциялар бағасының алғашқы белгіленімі)

листинг ценных бумаг одновременно на нескольких биржах - бағалы қағаздардың бір мезгілде бірнеше биржадағы листингі

листки - парақшалар (АҚШ-тың ұлттық баға белгілеу бюросының биржадан тыс қор нарығында айналыста жүрген бағалы қағаздар бағасын жариялап тұратын арнаулы басылымдары)

листки розовые - қызғылт парақшалар (Американ қор биржасында бағалы қағаздар мен олардың бағасының тізбесі)

листок возврата - қайтару парақшасы

листок коррекции вклада - салымның түзетпе парақшасы

листок нетрудоспособности - еңбекке жарамсыздық парақшасы

листок рекламный - жарнамалық парақша

листок-расшифровка - мұқамдарға топтастыру парақшасы, мұқамын ажырату парақшасы

лит - лит (Литваның ақша өлшемі, 100 центке тең)

литература по сбыту - өткізу жөніндегі әдебиет (1. кең мағынада: тауарды не көрсетілетін қызметті сатуға көмек ретінде дайындалған жазбаша материал; 2. инвестицияда: бағалы қағаздар жөніндегі делдал фирма, өзара көмек қоры, сақтандыру компаниясы, өнім сататын басқа да мекеме шығарған, өнімнің артықшылығы түсіндірілетін жазбаша материал)

литерные ценные бумаги - литерлі бағалы қағаздар (Бағалы қағаздар комиссиясында және биржаларда тіркелген, сондықтан қоғамдық нарықта сатуға болмайтын акциялар, облигациялар)

лифо - лифо (1. тауар-материалдық құндылықтарды соңғы түскен не дайындалған топтама бойынша бухгалтерлік есептеу әдісі; 2. банктен салымның бір бөлігін мерзімінен бұрын алғанда пайыз есептеу әдісі; 3. соңынан алынды, алдымен берілді)

лифт - лифт (бағалы қағаздар бағасының өрлеуі)

лиффе - лиффе (Лондондағы халықаралық қаржы фьючерсі биржасы)

лихва - лихва (заңда белгіленген нормадан тыс пайыз алу)

лихорадка - дүрлікпе

лихорадка золотая - алтын безгек, алтын дүрлікпесі

лихорадка рыночная - нарық дүрлікпесі

лихорадка спекулятивная - алып-сатарлық дүрлікпе

лихорадочный - дүрлікпелі, ұстамалы (бағалы қағаздар нарығы туралы)

лица, не осведомленные о тонкостях биржевых операций - биржа операцияларының нәзік қырлары туралы хабардар етілмеген тұлғалар

лицевая стоимость - беттегі көрсетугі құн (бағалы қағаздың беткі жағында көрсетілген құны)

лицевая сторона монеты - мәнеттің беткі жағы

лицевая сторона чека - чектің беткі жағы

лицевая сумма - бетесеп сомасы, дербес сома (келісімшартта жазылған негізгі сома)

лицевой счет - дербес шот, тұлғалық шот (1. дебиторлармен және кредиторлармен: жеке және заңды

тұлғалармен, қаржы және несие мекемелерімен, мемлекеттік билік органдарымен есептесуге арналған бухгалтерлік шот; 2. тіркелген тұлға, шығарылымның түрі, саны, санаты (тұрпаты), мемлекеттік тіркеу нөмірі, бағалы қағаздардың атаулы құны, бағалы қағаздар сертификаттарының нөмірлері, сапасы туралы тізілімдегі деректердің жиынтығы)

лицевой счет депо - дербес депо шот (бір шығарылымның бір талдамалы шотта тұрған және ұйғарынды депозитарийлік операциялардың бірдей жиынына ие болған бағалы қағаздарын есептеуге арналған жазбалардың жиынтығы)

лицевой счет зарегистрированного владельца ценных бумаг - бағалы қағаздардың тіркелген иеленушісінің дербес шоты

лицевой счет эмитента по выкупленным ценным бумагам - эмитенттің сатып алынған бағалы қағаздар бойынша дербес шоты

лицевые счета в банках - банктердегі дербес шоттар

лицевые счета в кредитных учреждениях - несие мекемелеріндегі дербес шоттар

лицевые счета вкладчиков сберегательных банков - жинақ банктер салымшыларының дербес шоттары

лицевые счета граждан-плательщиков налогов - салық төлеуші азаматтардың дербес шоттары

лицевые счета страхователей - сақтанушылардың дербес шоттары

лицензиар - лицензиар, лицензия иесі, лицензия сатушы

лицензиар процесса - үдеріс лицензиары

лицензиат - лицензиат (лицензияны иеленуші)

лицензиат исключительной лицензии - ерекше лицензияның лицензиаты

лицензиат неисключительной лицензии - ерекше емес лицензияның лицензиаты

лицензионная система - лицензиялық жүйе (тауарлар әкелімі мен әкетіліміне мемлекеттік рұқсат (лицензиялар) беру жолымен сыртқы сауда операцияларын реттеу)

лицензионное вознаграждение - лицензиялық сыйақы

лицензионное соглашение - лицензиялық келісім

лицензионные агенты - лицензиялық агенттер

лицензионные брокеры - лицензиялық делдалдар

лицензионные ограничения - лицензиялық шектеулер

лицензионные пошлины - лицензиялық баж

лицензионный договор - лицензиялық шарт

лицензионный налог - лицензиялық салық

лицензионный паспорт - лицензиялық паспорт, лицензиялық төлқұжат

лицензионный платеж - лицензиялық төлем

лицензионный сбор - лицензиялық алым

лицензирование - лицензиялау, рұқсат беру (1. белгілі бір операцияларды жүргізу, мыс., қайсыбір тауарлардың импорты мен экспортын, қызметтің не сақтандырудың белгілі бір түрлерін жүзеге асыру құқығына рұқсат беру; 2. бір тұлғаның - лицензиардың екінші тұлғаға - лицензиатқа қатаң белгіленген

нарық шекарасында лицензиар ныспысын, өнімін, технологиясын не көрсетілетін қызметін пайдалану құқығын беру жөніндегі шарт; 3. халықаралық маркетинг бойынша қызметті бастау әдістерінің бірі)

лицензирование аудиторской деятельности - аудиторлық қызметті лицензиялау

лицензирование бирж - биржаларды лицензиялау

лицензирование деятельности банка - банк қызметін лицензиялау

лицензирование деятельности по инвестиционному управлению пенсионными активами - зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті лицензиялау

лицензирование деятельности, связанной с драгоценными металлами, драгоценными камнями и изделиями из них - асыл металдарға, асыл тастарға және олардан жасалған бұйымдарға байланысты қызметті лицензиялау

лицензирование деятельности, связанной с использованием иностранной валюты - шетел валютасын пайдалануға байланысты қызметті лицензиялау

лицензирование деятельности, связанной с концентрацией финансовых ресурсов - қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметті лицензиялау

монетный автомат - мәнәт автоматы
монетный двор - мәнәт сарайы, шақа сарайы, теңге сарайы, ақша сарайы (*мәнәт шекумен, орден, медаль, металдан жасалған басқа да мемлекеттік айырым белгілерін дайындаумен айналысатын мемлекеттік мекеме*)
монетный доход - мәнәт табысы (*ақша шығарудан түсетін табыс*)
монетный коэффициент - мәнәт коэффициенті
монетный курс - мәнәт бағамы
монетный паритет - мәнәт бара-барлығы, теңге бара-барлығы, теңге тепе-теңдігі
монетный союз - мәнәт одағы
монетный устав - мәнәт жарғысы (*елде мәнәт шеку тәртібін айқындайтын ереже*)
монеты “Британия” - “Британия” мәнәті (*Британияның құны 100, 50, 25 және 10 стерлинг фунттық төрт алтын мәнәті*)
монеты в обращении - айналыстағы мәнәт
монеты и банкноты, хранящиеся в казначействе - қазынашылықта сақтаулы мәнәт пен банкноттар
монеты и бумажные деньги - мәнәт пен қағаз ақша
монеты и денежные знаки - мәнәт пен ақша белгілері
монеты из благородных металлов - асыл металдардан шекілген мәнәт
монеты из металла установленной пробы - белгіленген сынамадағы металдан шекілген мәнәт
монеты, изъятые из обращения - айналыстан алынған мәнәт
монеты крупного достоинства - құны ірі мәнәт
монеты мелкого достоинства - құны ұсақ мәнәт
монеты, обязательные к приему в качестве средства платежа в любой сумме - кез келген сомада төлем құралы ретінде қабылдануға міндетті мәнәт
монеты одинакового достоинства - құны бірдей мәнәт
монеты разного достоинства - құны әртүрлі мәнәт
монитарная система - монитарлық жүйе
монитор - монитор (*1. межелі мәлишерде сақталуға тиіс параметрлерді бақылайтын құрал; 2. телевизиялық бейненің сапасын бақылайтын құрылғы; 3. компьютердің мәтін, бейне көрсеткіш экранды құрылғысы*)
мониторинг - мониторинг (*экономикалық объектілерді үздіксіз қадағалау, бағалау, жай-күйін болжау, басқарудың құрамдас бөлігі ретінде олардың қызметіне талдау жасау*)
мониторинг глобальный - ғаламдық мониторинг
мониторинг долга - борыш мониторингі
мониторинг исполнения бюджета - бюджеттің атқарылу мониторингі
мониторинг должников с проблемными долгами - проблемалы борыштары бар борышқорлардың мониторингі

мониторинг залогового обеспечения - кепілзатпен қамтамасыз ету мониторингі
мониторинг исполнения бюджета - бюджеттің атқарылу мониторингі
мониторинг кредитный - кредит мониторингі (*несие ұйымының несиелік қоржынын қадағалау жүйесі, шартта уағдаласылған несие талаптарының орындалуын талдауды, бағалауды және болжауды қамтиды*)
мониторинг потребительских цен - тұтыну бағасының мониторингі
мониторинг экономического и социального положения - экономикалық және әлеуметтік жағдайдың мониторингі
мониторинг экономической политики - экономикалық саясат мониторингі
мониторинг экономической ситуации - экономикалық жағдай мониторингі
мониторные торги - мониторлық сауда-саттық (*жеке байланысқа түспей, компьютерлік монитор арқылы сауда жүргізу нысаны*)
монобанк - монобанк, дара банк (*бөлімшелері, филиалдары жоқ банк*)
монобанковская система - монобанк жүйесі, дара банк жүйесі
монометаллизм - монометаллизм, жалқы металлизм (*бір металл жалтыға ортақ балама ақша айналысының негізі болатын ақша жүйесі*)
монометаллизм золотой - алтын монометаллизм
монометаллизм серебряный - күміс монометаллизм
монометаллист - монометалшы
монометаллическая денежная система - монометалдық ақша жүйесі
монометаллическая система - жалқы металдық (монометалдық) жүйе
монометаллический - жалқы металдық
монополизация рынка - нарықты монополияландыру
монополизация торговли - сауданы монополиялау
монополист - монополист (*үстемдік жасаушы*)
монополистическая деятельность - монополистік қызмет
монополистические действия - монополистік әрекет
монополистическая конкуренция - монополистік бәсеке
монополистическая прибыль - монополистік пайда
монополистический капитал - монополистік капитал
монополистический рынок - монополистік нарық
монополистическое соглашение - монополистік келісім
монополия - монополия (*1. бірнеше компанияны біріктірген, осының арқасында белгілі бір тауар не тауарлар тобы нарығында бір гана сатушы және көптеген сатып алушылар болатын жағдайға қол жеткізген ірі компания, корпорация; 2. бір нәрсені өндіруге не сатуға айрықша дара құқықтылық, яғни нарықта жалғыз жеткізушінің болуы*)
монополия банковская - банк монополиясы

монополия валютная - валюталық монополия
монополия государственная - мемлекеттік монополия
монополия групповая - топтық монополия
монополия законная - заңды монополия
монополия международная - халықаралық монополия
монополия страховая - сақтандыру монополиясы
монополия торговая - сауда монополиясы
монополия транснациональная - ұлттаралық монополия
монополия финансовая - қаржы монополиясы
монополия финансового капитала - қаржы капиталының монополиясы
монополия фискальная - қазыналық монополия
монополия чеканки монет - тиын шеку монополиясы, мәнәт шеку монополиясы
монополияльная прибыль - монополиялық пайда
монополияльная рента - монополиялық рента
монополияльная сверхприбыль - монополиялық үстемә пайда
монополияльная цена - монополиялық баға
монополияльно высокая прибыль - монополиялық жоғары пайда
монополияльно высокая цена - монополиялық жоғары баға
монополияльно низкая цена - монополиялық төмен баға
монополияльное право - монополиялық құқық
монополияльное право на чеканку монет - мәнәт шекуге монополиялық құқық
монополияльный банк - монополиялық банк
монополия - монополия (*жалғыз сатып алушы көп сатушыға қарсы тұратын бәсеке жағдайы, яғни нарықта жалғыз тұтынушының болуы*)
монополия на рынке - нарықтағы монополия
мораль - мораль, ахлақ, иман (*адамгершілік, мінез-құлық, гибрат, өнеге ережелерінің жиынтығы*)
моральное выыбитие мощностей - қуаттардың сапалық істен шығуы
морально устаревшая техника - сапалық ескірген техника
моральное обязательство - ахлақтық міндеттеме
моральное состояние - ахлақтық ахуал (*қызметкердің сенімділігі, оның өз еңбегіне мақтаншы сезіммен қарауы*)
моральное стимулирование - ахлақтық ынталандыру
моральные дивиденды - ахлақтық дивидендтер
моральные ценности - ахлақтық құндылықтар (*адам өз әрекетінде басшылыққа алатын және оның адамгершілік тұрғыдан қолайсыз шешімдер қабылдаудан, қылық көрсетуден қашуына мүмкіндік беретін әдептілік қағидаты*)
моральный вред - ахлақтық зиян (*заңға қарсы әрекеттермен келтірілген беймүліктік зиян: жапа шегу, беделіне, жақсы атағына қаяу түсу, жеке басының қадір-қасиетінің төмендеуі*)
моральный износ основных средств - негізгі құрал-жабдықтың сапалық тозуы

моральный износ основных фондов - негізгі қорлардың сапалық тозуы
моральный износ техники - техниканың сапалық тозуы
моральный убыток - ахлақтық залал
моральный ущерб - ахлақтық зиян
мораторий - мораторий, бәсеңдету, кейінге қалдыру, тоқтатып тастау, тоқтам салу (*1. ішкі немесе сыртқы міндеттемелерді орындау мерзімінің ұзартылғанын жариялау; 2. өзінің борышкерлік міндеттемесін төлеуден уақытша бас тарту*)
мораторий банковский - банкке мораторий (*үкіметтің өкімімен несие мекемелерінің біраз уақытқа жабылуы*)
мораторий на выплату задолженности - берешекті өтеуге тоқтам салу
мораторий на платежи - төлемге тоқтам салу
мораторий односторонний - бір жақты мораторий
мораторий официальный - ресми мораторий
мораторий согласованный - келісілген мораторий
мораторий фактический - нақты мораторий
морское право ареста имущества за долги - теңіз қатынасында борыш үшін мүлікке тыйым салу құқығы
морское право удержания имущества за долги - теңіз қатынасында борыш үшін мүлікті ұстап қалу құқығы
морской заем - теңіз қарызы
мортификация - мортификация, тозып істен шығу деңгейі (*акцияның жоғалуы, булінуі, т.б. себепті акция иелерінің оны жарамсыз деп жариялауы*)
московка - московка (*орыстың құны жарты копейкалық күміс шақасы, XVI-XVII ғасырларда Мәскеу кінәздігінде шығарылған*)
московская межбанковская валютная биржа - Мәскеу банк аралық валюталық биржасы
мотив накопления денег для непредвиденных целей - болжанбаған мақсаттар үшін ақшаны қорландыру уәжі
мотив финансовый - қаржы уәжі
мотиватор - уәждеуіш (*қызметкерде өз жұмысына қанағаттану сезімін туғызатын факторлар*)
мотивационные исследования - уәждемелік зерттеулер
мотивационный анализ - уәждемелік талдау (*сапалық маркетингілік талдау*)
мотивация - уәждеме (*1. жеке адамның немесе адамдар тобының ұйым мақсаттарына жетуге бағытталған харекетке ішкі ынтасы; 2. жұмыстан алатын қанағат сезімінен туатын жұмыс істеу тілегі*)
мотивация деятельная - харекеттік уәждеме
мотивация по принципу “кнута и пряника” - “қамшы және тәтті тоқаш” қағидаты жөніндегі уәждеме (*қызметкерлерді уәжге итермелеу үшін есекті қамшымен айдаған сияқты сыртқы көтермелеу мен жазаны әдейі және қарқынды түрде пайдалану*)
мотивировка - уәждеме, уәждемелеу
мотивировка неубедительная - иландырмайтын уәждеме
мотивизирующая реклама - уәждемелі жарнама

мотивы накопления денег - ақшаны қорландыру уәжі

МОФФ - MOFF (ағылшынша “multiple option financing facility” - “көп опционды қаржы кредиті” деген терминнің қысқартылған атауы: жобаны қаржыландыру үшін неғұрлым қолайлы валютаны таңдау құқығын беру)

мошенничать - айлакерлік жасау

мошенническая заявка на торгах - сауда-саттықтағы айлакерлік өтінім

мошенническая передача имущества - мүлікті айлакерлікпен табыстау

мошеннические действия - айлакерлік әрекеттер

мошеннические операции - айлакерлік операциялар

мошеннический счет - алаяқтық шот

мошенническое использование банковских карточек - банк карточкаларын айлакерлікпен пайдалану

мошенническое использование банковских карточек клиентом - тапсырыскердің банк карточкаларын айлакерлікпен пайдалануы

мошенническое получение кредита - айлакерлікпен кредит алу

мошенническое управление банком - банкті айлакерлікпен басқару

мошенничество - айлакерлік (1. біреудің мүлкін немесе оған құқығын, сондай-ақ өзге де игілігін алдау немесе сеніміне қиянат жасау жолымен иеленіп алу, алып қою; 2. жалған хабарды пайдалану немесе алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен жеке адамның немесе ұйымның құнды мүлкін иемденіп алу үшін шындықты қасақана бұрмалау; 3. алдау-арбау жолымен жеке адамды өзіне-өзі зиянды әрекет жасауға мәжбүрлеп, оны байлығының бір бөлігінен айыру)

мошенничество в банке - банктегі айлакерлік

мошенничество в бизнесе - бизнестегі алаяқтық

мошенничество в торговле - саудадағы алаяқтық

мошенничество налоговое - салықтық алаяқтық

мошенничество с применением вычислительной машины - есептеуіш машинаны қолданып жасалатын алаяқтық

мошенничество страховое - сақтандырудағы алаяқтық

мошенничество финансовое - қаржыдағы айлакерлік

мощность расчетная - есептік қуат

мощность резервная - сақтық қор қуаты

мультивалютная оговорка - мультивалюталық ескертпе, көп валюталық ескертпе (неғұрлым тұрақты валютаның төлем валютасына қатысты орташа арифметикалық бағамы өзгерген жағдайда төлем сомасын қайта есептеу көзделетін қорғаныштық валюта ескертпесі)

мультивалютная ссуда - мультивалюталық несие, көп валюталық несие

мультивалютные ценные бумаги - мультивалюталық бағалы қағаздар

мультивалютный кредит на основе евронота - еуронота негізіндегі мультивалюталық несие

мультивалютный расчетный счет - мультивалюталық есеп айырысу шоты, көп валюталық есеп айырысу

мультимедиа - мультимедиа (әртекті ақпараттың ағынын - мәтіндерді, графикалық суреттерді, музыканы, бейнесуреттерді икемді басқаруға мүмкіндік беретін компьютерлік технология термині)

мультиплайер - мультиплайер (қаржы мен инвестицияда қолданылатын тәсіл)

мультиплайер депозитарный - депозитарийлік мультиплайер

мультиплайер инвестиционный - инвестициялық мультиплайер

мультиплайер кредитный - несие мультиплайері

мультипликативное расширение - мультипликативтік ұлғайту (жалпы банк жүйесі алатын жаңа сақтық қорларды көп қайтара көбейту жолымен депозиттерді ұлғайту)

мультипликатор - мультипликатор (агрегаттық шамамен оның құрылымдық бөліктері арасындағы ара салмақты сипаттайтын коэффициент)

мультипликатор “депозиты к резервам” - “сақтық қорларға депозиттер” мультипликаторы

мультипликатор банковский - банк мультипликаторы

мультипликатор биржевой - биржалық мультипликатор

мультипликатор бюджетный - бюджеттік мультипликатор

мультипликатор валового дохода - жалпы табыстың мультипликаторы

мультипликатор внешней торговли - сыртқы сауданың мультипликаторы

мультипликатор государственного бюджета - мемлекеттік бюджет мультипликаторы

мультипликатор государственных расходов - мемлекеттік шығыс мультипликаторы

мультипликатор денежный - ақша мультипликаторы

мультипликатор депозитного расширения - депозиттік кеңейту мультипликаторы

мультипликатор депозитный - депозиттік мультипликатор

мультипликатор динамический - серпінді мультипликатор

мультипликатор дохода - табыс мультипликаторы

мультипликатор занятости - жұмыспен қамту мультипликаторы

мультипликатор затрат - шығын мультипликаторы

мультипликатор инвестиционный - инвестициялық мультипликатор

мультипликатор кредитный - кредит мультипликаторы

мультипликатор M1 - M1 мультипликаторы (ақша базасының еселеніп көбейген шамасы ретіндегі чек депозиттері мен ақша массасы сомасының ұлғайғанын көрсететін коэффициент)

мультипликатор налоговый - салық мультипликаторы

мультипликатор потребления - тұтыну мультипликаторы

мультипликатор правительственных расходов - үкімет шығысының мультипликаторы

- мультипликатор расходов** - шығыс мультипликаторы
- мультипликатор резервов** - сақтық қор мультипликаторы
- мультипликатор сбалансированного бюджета** - теңдестірілген бюджет мультипликаторы
- мультипликатор статистический** - статистикалық мультипликатор (*күрделі жұмсалым өсімінің ұлттық табыс серпініне әсер ететінін сипаттайтын көрсеткіш*)
- мультипликатор стоимости** - құн мультипликаторы
- мультипликатор чистого дохода** - таза табыс мультипликаторы
- мунгу** - мунгу (*Моңғолияның ұсақ мәнеті*)
- “мунифонды”** - “муникорлар” (*өзара қарыз қоры (mutual fund) терминіне синоним термин*)
- мунифэктс** - мунифэктс (*облигациялар нарығында күнделікті жағдай туралы ақпарат таратудың жеке меншікті жүйесі*)
- муниципалы** - муниципалдар (*АҚШ-тың жергілікті өкімет орындары шығаратын бағалы қағаздар*)
- муниципальная облигация** - муниципалдық облигация
- муниципальная облигация без указания мнения юридической фирмы относительно ее надежности** - сенімділігі жөнінде заңды фирманың пікірі көрсетілмеген муниципалдық облигация
- муниципальная облигация для финансирования больниц** - ауруханаларды қаржыландыруға арналған муниципалдық облигация
- муниципальная облигация для финансирования общественных проектов** - қоғамдық жобаларды қаржыландыруға арналған муниципалдық облигация
- муниципальная облигация, обеспеченная доходами** - кіріспен қамтамасыз етілген муниципалдық облигация
- муниципальная облигация, обеспеченная конкретными налоговыми доходами эмитента** - эмитенттің нақты салықтық кірістерімен қамтамасыз етілген муниципалдық облигация (АҚШ)
- муниципальная облигация, обеспеченная моральным обязательством властей штата** - штат өкімет орындарының ахлақтық міндеттемесімен қамтамасыз етілген муниципалдық облигация
- муниципальная облигация, обеспеченная общей гарантией** - ортақ кепілдікпен қамтамасыз етілген муниципалдық облигация
- муниципальная сберегательная касса** - муниципалдық жинақ кассасы
- муниципальная собственность** - муниципалдық меншік
- муниципальная ценная бумага** - муниципалдық бағалы қағаз
- муниципальное долговое обязательство** - муниципалдық борышкерлік міндеттеме
- муниципальное облигационное страхование** - муниципалдық облигациялық сақтандыру
- муниципальные билеты** - муниципалдық билеттер (*муниципалдық борышқорлық міндеттемелер*)
- муниципальные доходные облигации** - муниципалдық табысты облигациялар
- муниципальные краткосрочные облигации с регулируемой процентной ставкой, автоматически конвертируемые в долгосрочные с фиксированной ставкой** - пайыздық мөлшерлемесі реттелетін, мөлшерлемесі тиянақталған ұзақ мерзімді облигацияларға өзінен-өзі айналатын муниципалдық қысқа мерзімді облигациялар
- муниципальные облигации** - муниципалдық облигациялар
- муниципальные облигации без сертификатов собственности** - меншік сертификаттары жоқ муниципалдық облигациялар
- муниципальные облигации для финансирования частных лиц** - жекеше тұлғаларды қаржыландыруға арналған муниципалдық облигациялар
- муниципальные облигации, купоны и основная сумма которых покупаются и продаются раздельно** - купондары мен негізгі сомасы бөлек-бөлек сатып алынатын және сатылатын муниципалдық облигациялар
- муниципальные облигации, основная сумма и проценты по которым выплачиваются из доходов от финансируемых с их помощью проектов** - негізгі сомасы мен пайыздары муниципалдық облигациялардың көмегімен қаржыландырылатын кірістен төленетін муниципалдық облигациялар
- муниципальные облигации, погашаемые налогами на население, пользующееся результатами общественных работ** - қоғамдық жұмыстардың нәтижелерін пайдаланатын тұрғын халыққа салынатын салықтармен өтелетін муниципалдық облигациялар
- муниципальные облигационные займы** - муниципалдық облигациялық қарызхаттар
- муниципальные органы** - муниципалдық органдар
- муниципальные сберегательные банки** - муниципалдық жинақ банктері
- муниципальные финансы** - муниципалдық қаржы
- муниципальные ценные бумаги** - муниципалдық бағалы қағаздар
- муниципальный** - муниципалдық (*жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысты*)
- муниципальный банк** - муниципалдық банк
- муниципальный инвестиционный трест** - муниципалдық инвестициялық трест
- муниципальный налог** - муниципалдық салық (*жергілікті билік органдары тарапынан тұрғын үйлердің құнына салынатын салық*)
- муниципальный облигационный заем** - муниципалдық облигациялық қарыз
- муниципальный облигационный фонд** - муниципалдық облигациялық қор
- мусорные облигации** - қоқысты облигациялар, төменқол облигациялар
- мусульманское право** - мұсылман құқығы (*мұсылман елдеріндегі құқықтық нормалар жиынтығы*)
- мутуализм** - мутуализм (*П.Ж. Прудон әзірлеген дәлелдеме - бір-біріне айырбасталатын көрсетілетін*)

қызметтер, рентаны, пайыз бен пайданы алып тастағанда, өзара тең болуға тиіс)

мутуальные банки - мутуал банктер (жергілікті деңгейдегі кооперативтік кредит банктері)

“мы и они” - “біз және олар” - (жаргон сөз: қызметкерлерді менеджерлер мен жұмыскерлерге бөлудің дәстүрлі формуласы)

Мэрилендская сберегательно-долевая страховая корпорация - Мэриленд жинақ-үлестік сақтандыру корпорациясы

мэтчинг - мэтчинг (валюталық тәуекелдікті есептеу мен бағалау әдісі)

мягкая валюта - жұмсақ валюта (жаргон сөз: меншікті атаулы құнына және басқа валюталардың бағамына қатысы бойынша тұрақсыз валюта)

мягкие доллары - жұмсақ доллар, икемді доллар (жаргон сөз: делдалдың көрсеткен қызметі үшін төлем, комиссиялық алымның жалпы сомасының құрамына енгізіледі, бірақ оған пайда әкелмейді)

мягкие облигации - жұмсақ облигациялар (ағымдағы нарықтық пайыз нормаларынан гөрі жоғары, сыйлық ақы үшін сатылатын облигациялар)

мягкий заем - жұмсақ қарыз

мягкое приземление - жайлап қону, жерге баяу қону (жаргон сөз: валюта бағамының көтерілгеннен кейін тұрақты валюталық деңгейге дейін жайлап төмендеуі)

Н

на базе контракта - келісімшарт негізінде

на базе твердой цены - тұрақты баға негізінде

на балансе - теңгерімде

на взаимной основе - өзара негізде

на взаимовыгодной основе - өзара тиімді негізде

на взаимоприемлемой основе - өзара қолайлы негізде

на внебиржевом рынке - биржадан тыс нарықта

на добровольных началах - ерікті негізде

на договорной основе - шарттық негізде

на договорных началах - шарттық негізде

на долговременной основе - ұзақ уақыттық негізде

на долгосрочной основе - ұзақ мерзімдік негізде

на душу населения - халықтың жан басына шаққанда

на законном основании - заңды негізде

на инкассо - инкассоға, инкассода

на компенсационной основе - өтемақылық негізде

на конец года - жыл аяғында (есептемеде шаруашылық операциялары тіркелген күн)

на конкурентной основе - бәсекелік негізде

на конкурсной основе - конкурстық негізде

на конкурсном аукционе - конкурстық аукционда

на конфиденциальной основе - құпиялық негізінде

на кредитной основе - кредиттік негізде

на льготных условиях - жеңілдік шарттарымен

на месте - сол жерде (қаржы, төлем тапсырмасын көрсеткен бойда оны дереу төлеу керек дегенді білдіретін шарт)

на момент закрытия биржи - биржаның жабылу сәтінде

на начало года - жыл басында (есептемеде шаруашылық операциялары тіркелген күн)

на общий счет - ортақ шотқа

на объединенный счет - біріктірілген шотқа

на определенную дату - белгілі бір күнге

на основании кредита - кредит негізінде

на основе взаимной выгоды - өзара тиімділік негізінде

на основе взаимной договоренности - өзара уағдаластық негізінде

на основе взаимности - өзара сенім негізінде

на основе данных налогообложения - салық салу деректері негізінде

на основе доходности - табыстылық негізінде

на основе котировок - баға белгіленімі негізінде

на основе оговоренной цены - ескертілген баға негізінде

на основе разделения расходов - шығысты бөлісу негізінде

на основе самокупаемости - өзін-өзі өтеу негізінде

на основе самофинансирования - өзін-өзі қаржыландыру негізінде

на основе сотрудничества - ынтымақтастық негізінде

на основе фиксированной цены - тіркелген баға негізінде

на паях - үлеспұлмен, үлеспұл негізінде

на подходе - жақындап келеді (кез келген сәтте нарыққа шығарылуы мүмкін тіркелген бағалы қағаздар туралы)

на почтительном расстоянии - бірталай қашықтықта (өз мүдделері үшін әрекет ететін, бір-бірімен міндеттемелермен байланыспаған тәуелсіз тараптардың мәміле жасасуы немесе операциялар жүргізуі)

на правительственном уровне - үкіметтік деңгейде

на предьявителя - ұсынушыға арналған

на пропорциональной основе - үйлесімді негізде

на пути - жолда, жолда келе жатыр (қоғамдық дистрибуция үшін ұсынылатын бағалы қағаздарды сақтандыру, кепілдендіру үдерісіне қатысты қолданылатын термин)

на равных началах - тең негізде

на равных условиях - тең жағдайда

на рассмотрении - қарауда, қаралуда

на руководящем уровне - басқарушылық деңгейде

на рынке наблюдается тенденция к повышению курсов - нарықта бағамның жоғарылау үрдісі байқалады

на рынке производится мало сделок, но цены почти не изменились - нарықта аз мәміле жасалуда, бірақ баға өзгермеген дерлік

на самых выгодных условиях - ең тиімді жағдайларда
на своем счете - өзінің шотында

на свою ответственность - өз жауапкершілігіне
на срок - мерзімге (*биржадағы мәміле шарттары туралы*)

на условиях товарного кредита - тауар кредиті шарттарымен

на хранении в банке - банкте сақтаулы

набавление - үстемелеу, үстеу, қосу

набавление цены - бағаны үстемелеу

набавление цены на аукционе - аукционда бағаны үстемелеу

набавлять цену - бағаны үстемелеу

“набег” - “шапқыншылық” (*көп адамдардың бір мезгілдегі әрекеті, мыс., көптеген клиенттердің шоттардан қаражатты жаппай алуын “банкке шапқыншылық” дейді*)

набег на банк - “банкке шапқыншылық” (*клиенттердің банктен өз салымдарын жаппай алуы, соған қоса банкке борышқорлық талаптардың тоғытылуы*)

“набег премиальный” - “сыйлықақылы шапқыншылық”

наблюдается стеснение кредита - несиеңі қыспаққа алу байқалуда

наблюдатель - қадағалаушы, байқаушы

наблюдатель за акулами - жыртқыштарды қадағалаушы, озбырларды қадағалаушы (*компанияның акцияларды сатып алушыларды анықтауына және акциялардың “қордаланып” қалуының, жұтып қоюға дайындалуға бағытталған басқа да әрекеттердің уақтылы алдын алуына көмектесуге маманданған кеңесші*)

наблюдатель иностранный - шетелдік қадағалаушы

наблюдательный комитет - қадағалаушы комитет

наблюдательный совет - қадағалаушы кеңес

наблюдательный совет банка - банктің қадағалаушы кеңесі

Наблюдательный совет Тростовой корпорации по разрешению ситуации - Сенімгерлік корпорацияның жағдайды шешу жөніндегі байқау кеңесі

наблюдение - қадағалау, байқау (*маркетингілік зерттеуде тұтынушылардың таңдап алынған тобының мінез-құлқын, олардың белгілі бір жағдайдағы іс-қимылдарын зерделеу жолымен бастапқы ақпарат жинау әдісі*)

наблюдение в маркетинге - маркетингідегі қадағалау

наблюдение независимое - тәуелсіз қадағалау

наблюдение непосредственное - тікелей қадағалау

наблюдение статистическое - статистикалық қадағалау

наблюдение текущее - ағымдағы қадағалау

наблюдение частичное - ішінара қадағалау

набор - 1. жинақталым, жиынтық, жиын, жинау (*банктің ақшалай қаражатын пайдалану нұсқаларының тізбесі*); 2. терім

набор валют - валюталар жиынтығы

набор валют в специальных правах заимствования - арнаулы өзара қарыз құқығындағы валюталар жиынтығы

набор валют Международного валютного фонда - Халықаралық валюта қоры валюталарының жиынтығы

набор вариантов финансового урегулирования -

қаржылық реттеу нұсқаларының жиынтығы

набор векселей - вексельдер жиынтығы

набор данных - деректер жинақталымы, деректер жиыны

“набор прав” - “құқықтар жиыны”

набор процентных ставок - пайыздық мөлшерлемелер жиынтығы

набор рыночных показателей - нарықтық көрсеткіштер жиынтығы

набор экономических и рыночных показателей тенденции - үрдістердің экономикалық және нарықтық көрсеткіштерінің жиынтығы

набор экономических показателей, характеризующих состояние рынка - нарық жағдайын сипаттайтын экономикалық көрсеткіштер жиынтығы

набросок - нобай

набросок первоначальный - бастапқы нобай

набросок плана - жоспар нобайы

наведение справок - анықтамалар сұрату

“навес” - “қалқа” (*едәуір сомадағы валютаның шығарылған елінен тыс жерде ресми, мәжбүрлі айналысы*)

награда - награда, мадақтама, марапат

награда денежная - ақшалай марапат

награда заслуженная - еңбегіне лайық марапат

награда правительственная - үкімет марапаты

наградные - марапаттар

нагрузка - жүктеме; күш-салмақ (*жалпы мөлшерлеменің - сақтандыру шарты тарифтік мөлшерлемесінің құрамдас бөлігі*)

нагрузка проектная - жобалық жүктеме

нагрузка расчетная - есептік жүктеме

нагрузка чрезмерная - шектен тыс жүктеме

нагрузка экономическая - экономикалық жүктеме

нагрузочные затраты - жүктеме шығын

“над чертой” - “сызық үстінде” (*бухгалтерлік теңгерімде ағымдағы операциялардың атауы*)

надбавка - үстеме, үстемеақы (*1. сақтандыру полисіне, банк шотына немесе үлеспұлдық трастыдан үлеспұл сатып алу кезінде туындаған шығынды, әкімшілік шығынды, пайданы өтеу үшін қосылатын үстеме; 2. қарыз бойынша пайыз өндіріп алу*)

надбавка в связи с повышением цен - бағаның өсуіне байланысты үстеме

надбавка денежная - ақшалай үстеме

надбавка для компенсации управленческих расходов - басқару шығысының орнын толтыруға арналған үстеме

надбавка дополнительная - қосымша үстеме

надбавка ежегодная - жыл сайынғы үстеме

надбавка ежемесячная - ай сайынғы үстемеақы

надбавка за вредность - зияндылығы үшін төленетін үстеме

надбавка за выслугу лет - еңбек сіңірген жылдары үшін төленетін үстеме

надбавка за пакет акций - акциялар пакеті үшін үстеме (*акциялар пакетін сатып алушы алатын акциялар бағамына қосылатын үстеме*)

надбавка за рассрочку - бөліктеп төлеу үшін үстеме, мәулеттік төлеу үшін үстеме

надбавка за риск - тәуекелдік үшін төленетін үстеме

надбавка за сверхурочную работу - мерзімнен тыс жұмыс үшін төленетін үстеме

надбавка за сменную работу - ауысымдық жұмыс үшін төленетін үстеме

надбавка за счет пересмотра валютных паритетов - валюталық тепе-теңдікті қайта қарау есебінен үстеме

надбавка к валютному курсу - валюталық бағамға үстеме

надбавка к государственному налогу - мемлекеттік салыққа үстеме (*салықтардың жергілікті бюджетке түсетін қосымша сомасы*)

надбавка к зарплате (заработной плате) - жалақыға үстеме

надбавка к зарплате в связи с ростом индекса розничных цен - бөлшек сауда бағасы индексінің өсуіне байланысты жалақыға қосылатын үстеме

надбавка к зарплате за выслугу лет - еңбек сіңірген жылдары үшін жалақыға қосылатын үстеме

надбавка к курсу акций - акциялар бағамына үстеме

надбавка к курсу партии акций - акциялар топтамасының бағамына үстеме

надбавка к налогу - салыққа үстеме

надбавка к номиналу акции - акцияның атаулы құнына үстеме

надбавка к номинальной цене акций при их выпуске на рынок - акциялардың нарыққа шығарар алдында олардың атаулы бағасына қосылатын үстеме

надбавка к номинальному курсу облигации - облигацияның атаулы бағамына үстеме

надбавка к пенсии - зейнетақыға үстеме

надбавка к процентам - пайызға үстеме

надбавка к процентам на сбережения - жинақ ақшаға есептелетін пайызға үстеме

надбавка к рыночной цене предложения ценной бумаги - бағалы қағаз ұсынысының нарықтық бағасына үстеме

надбавка к рыночной цене ценной бумаги - құнды қағаздың нарықтық бағасына қосылатын үстеме (*әкімшілік шығыстарды жабу үшін*)

надбавка к рыночной цене ценной бумаги для покрытия административных расходов - әкімшілік шығысты жабу үшін құнды қағаздың нарықтық бағасына қосылатын үстеме

надбавка к текущей цене по срочной сделке - мерзімді мәміле бойынша ағымдағы бағаға үстеме

надбавка к установленному курсу или цене - белгіленген бағамға немесе бағаға қосылатын үстеме

надбавка к цене за отсрочку платежа - төлем мерзімінің кейінге шегерілгені үшін бағаға қосылатын үстеме (*биржада*)

надбавка к эмиссионному курсу акций - акциялардың эмиссиялық бағамына үстеме

надбавка к эмиссионному курсу облигаций - облигациялардың эмиссиялық бағамына үстеме

надбавка монопольная - монополиялық үстеме

надбавка на безнадежные долги - неғайбыл борыштарға үстеме

надбавка на курс при сделках на срок (репорт) - белгілі мерзімге арналған мәміле (репорт) кезінде бағамға қосылатын үстеме (*биржада*)

надбавка на обслуживание ликвидности - өтімділікке қызмет көрсетуге үстеме

надбавка премиальная - сыйлықақылық үстеме

надбавка процентная - пайыздық үстеме

надбавка рисковая - тәуекелдік үстеме

надбавка, связанная с приобретением банка - банкті сатып алуға байланысты үстеме

“надгробный памятник” - “қабір үстіндегі ескерткіш” (*бағалы қағаздардың, синдикатталған ірі қарыздың жұтылғаны, қосылғаны не өзгедей мәміленің жасалғаны туралы газетте не журналда жарияланған қысқа хабарлама*)

“надгробье” - “құлпытас” (*бағалы қағаздар шығарылымының немесе ұйымдастырылатын несие синдикатының жарнамасы, баспасөзде оның жүзеге асырылуын заң жүзінде ресімдеу үшін жарияланады және онда шығарылымының бағасы туралы мәлімет берілмейді*)

надежная бумага - сенімді қағаз (*иесіне жоғары табыс әкелетін бағалы қағаз*)

надежная гарантия - сенімді кепілдік

надежная и доходная компания - сенімді және табысты компания

надежное вложение капитала - сенімді капитал салымы

надежное инвестирование - сенімді инвестициялау

надежное помещение денег - ақшаны сенімді орналастыру

надежное поручительство - сенімді кепілгерлік

надежное убежище - сенімді баспауға (*заң немесе салық зардаптарынан құтылуға жасалған қаржылық не бухгалтерлік қадам; 2. таза да адал келісім жасасуға тырысушылық көрсетілген жағдайда заңнамада қаржы міндеттемелерін кешіретін ережелер*)

надежность акций - акциялардың сенімділігі

надежность банка - банктің сенімділігі

надежность банковских ссуд - банк несиесінің сенімділігі (*қарызгердің төлем төлеуге қабілеттілігі тұрғысынан*)

надежность данных - деректердің сенімділігі

надежность инвестиционная - инвестициялық сенімділік

надежность расчетная - есеп айырысудың сенімділігі

надежность статистических данных - статистикалық деректердің сенімділігі

надежность экономических прогнозов - экономикалық болжамдардың сенімділігі

надежные акции - сенімді акциялар

- надежные деньги** - сенімді ақша
- надежные ценные бумаги** - сенімді бағалы қағаздар
(акциялар бойынша дивиденді, облигациялар бойынша пайызды өтеу үшін жыл бойына елеулі пайда түсіре алатын акциялар не облигациялар)
- надежный** - сенімді (бағалы қағаздар туралы)
- надежный долг** - сенімді борыш
- надежный кредитор** - сенімді несиегер
- надежный поручитель-гарант** - сенімді кепілгер-тапсырыскер
- наделение полномочиями** - өкілеттік беру (қол астындағыларға өз құзыреті шегінде мәселелерді дербес шешу мүмкіндіктерін беру)
- надзирающий отдел биржи** - биржаның қадағалаушы бөлімі
- надзор** - қадағалау (бақылау мақсатымен қадағалау)
- надзор банковский** - банк қадағалауы
- надзор государственный** - мемлекеттік қадағалау
- надзор за деятельностью банков** - банк қызметін қадағалау
- надзор за деятельностью органов налоговой службы в исполнении законов** - салық қызметі органдарының заңдарды орындаудағы қызметін қадағалау
- надзор за достаточностью капитала и платежеспособностью** - капиталдың жеткіліктілігі мен төлем қабілеттілігін қадағалау
- надзор за кредитными учреждениями с совещательным правом** - кеңесшілік құқығы бар несие мекемелерін қадағалау
- надзор за финансовым институтом на основе про верок на месте** - жергілікті жерде тексеру негізінде қаржы институтын қадағалау
- надзор прокурорский** - прокурорлық қадағалау
- надзорная проверка банка на основе внезапной ревизии** - кенет тексеріс негізінде банкті қадағалап тексеру
- надлежащая ссуда под недвижимость** - жылжымайтын мүлік кепілімен берілетін тиісті несие
- надлежащий держатель** - лайықты ұстаушы
- надлежащий обладатель вексельного права требования** - талап етудің вексель құқығын тиісті иеленуші
- надлежащим образом оформленная копия** - тиісінше ресімделген көшірме
- надпечатки** - үстеме белгілер (айналыстағы бағалы қағаздар купюраларына соғылған, олардың құнын, күші жойылғанын, т.б. көрсететін ресми белгілер)
- надписатель** - жазба жазушы, жазбагер (опцион сатушы тарап)
- надписатель опциона** - опцион жазбагері
- “надписатель” чека** - чекке “үстеме жазба жазушы” (чектің беткі жағына соманы кіріктіріп жазатын, соманы түзетуді немесе жалған жазуды қиындату үшін пайдаланылатын құрылғы)
- надписывать** - үстеме жазу
- надпись** - жазба
- надпись бланковая** - бланкідегі жазу
- надпись гуртовая на монете** - тиынның жиекқырындағы жазу
- надпись держателя векселя** - вексель ұстаушының жазбасы
- надпись на обороте документа** - құжаттың сыртқы бетіндегі жазба
- надпись о засвидетельствовании оформления документа** - құжаттың ресімделуін куәландыру туралы жазу
- надпись об акцепте** - акцепт туралы жазба
- надпись передаточная** - табыстау жазбасы, табыстама жазба
- “надувала” биржевой** - биржа “алдампазы”
- надувательство** - алдамшылық (ақшианы қайтарма ниетінде қарызға алу дегенді білдіретін жаргон сөз)
- наемная плата** - жалдама ақы
- наемщик** - жалдаушы
- нажим** - қысым
- нажим финансовый** - қаржылық қысым
- нажим экономический** - экономикалық қысым
- “назвал-ответил”** - “атады-жауап қайтарды” (өткізбелерді және осы өткізбелер соның негізінде жүргізілген құжаттарды немесе чектер мен басқа да құжаттарды салыстырып тексеру үдерісі)
- название** - атауы
- название банка** - банктің атауы
- “назвать и сделать рынок”** - “нарықты атау және жасау” (трейдердің өз фирмасының сатып алуға дайын бағасын және сатуға дайын бағасын жариялауы)
- название счета** - шоттың атауы
- назначать слишком высокую цену** - тым жоғары баға тағайындау
- назначать слишком низкую цену** - тым төмен баға тағайындау
- назначать торги** - сауда-саттық тағайындау
- назначать цену** - баға тағайындау
- назначение** - 1) тағайындау (қайсыбір қызметке, жұмысқа жіберу туралы өкім, сондай-ақ осындай өкім жазылған құжат; 2) атқарым, мақсат, міндет (бірдеңенің негізгі атқарымы, бірдеңеге арнауы)
- назначение агента** - агентті тағайындау
- назначение арбитра** - төрешіні тағайындау
- назначение бухгалтера** - бухгалтерді тағайындау
- назначение завышенной цены** - көтеріңкі баға белгілеу
- назначение инвестиционное** - инвестициялық мақсат
- назначение комиссии** - комиссия тағайындау
- назначение комитета** - комитет тағайындау
- назначение конкурса** - конкурс белгілеу
- назначение кредита** - несие тағайындау
- назначение на государственный пост** - мемлекеттік қызметке тағайындау
- назначение на должность** - қызметке тағайындау
- назначение пенсии** - зейнетақы тағайындау
- назначение платы** - төлемақы тағайындау
- назначение пособия** - жәрдемақы тағайындау
- назначение слишком низкой цены** - тым төмен баға белгілеу

назначение цен - баға кесу, баға белгілеу
назначение цен на аукционе - аукционда баға белгілеу
назначение цен нетто - таза бағасын белгілеу
назначение цен с надбавкой - үстемелі баға белгілеу
назначение штрафа - айыппұл белгілеу
назначение экспертизы - сараптама тағайындау
назначенная дата - тағайындалған күн
назначенная цена - тағайындалған баға (*бағалы қағаздың соңғы сатылатын не сатып алынатын бағасы*)
назойливый кредитор - беймаза несиегер
называть цену - бағасын атау
наиболее активный список - неғұрлым белсенді тізім (*бүгінге дейін көбі сатылған активтердің тізімі*)
наиболее влиятельный банк города - қаланың неғұрлым ықпалды банкі
наиболее выгодная текущая цена - неғұрлым тиімді ағымдағы баға
наиболее выгодное предложение - неғұрлым тиімді ұсыныс
наиболее выгодный - неғұрлым тиімді
наиболее высокая цена ценной бумаги за прошедшие 12 месяцев - бағалы қағаздың өткен 12 айдағы ең жоғары бағасы
наиболее высокие цены в течение рабочего дня - жұмыс күні бойына неғұрлым жоғары баға
наиболее высокий в течение года - жыл бойына неғұрлым жоғары баға
наиболее высокий уровень за год - жыл ішіндегі неғұрлым жоғары деңгей
наиболее крупные в стране юридические лица дебиторы - елдегі ең ірі борышқор заңды тұлғалар
наиболее низкая цена ценной бумаги за прошедшие 12 месяцев - бағалы қағаздың өткен 12 айдағы ең төмен бағасы
наиболее низкие цены в течение рабочего дня - жұмыс күні бойына неғұрлым төмен баға
наиболее низкий в течение года - жыл бойына неғұрлым төмен баға
наивысшая прибыль - ең көп пайда
наивысший или наименьший курс - ең жоғары немесе ең төмен бағам
наивысший курс - ең жоғары бағам
наивысший курс ценных бумаг - бағалы қағаздардың ең жоғары бағамы
наилучшее предложение - ең тәуір ұсыныс
наилучший курс - ең тәуір бағам
“наилучшим образом” - “таңдаулы жолмен” (*неғұрлым қолайлы бағаға дереу сату не сатып алу туралы тапсырма*)
наименование акционерного общества - акционерлік қоғамның атауы
наименование (имя) и адрес отправителя - жөнелтушінің аты (есімі) мен мекенжайы
наименование банка-получателя - алушы банктің атауы
наименование бенефициара - бенефициардың атауы
наименование бюджетной программы - бюджеттік бағдарламаның атауы

наименование и адрес банка бенефициария - бенефициарий банктің атауы мен мекенжайы
наименование и адрес банка, отдающего распоряжение - өкім берген банктің атауы мен мекенжайы
наименование и адрес инициатора - бастамашының аты мен мекенжайы
наименование кодовое - кодтық атау
наименование фондовых бирж - қор биржаларының атауы
наименование юридического лица - заңды тұлғаның атауы
наименьшая ставка - ең төмен мөлшерлеме
наименьший курс - ең төмен бағам
найм руководителя - басшыны жалдау
найра - найра (*Нигерияның ақша өлшемі, 100 кобога тең*)
наказ - аманат
накануне банкротства - банкроттық қарсаңында
накапливаемый - жинақталатын, қорланатын
накапливание - қорлану, жинақталу
накапливание процентов - пайыздарды қорландыру (*жиақтау*)
накапливание резервов - сақтық қорды жинақтау
накапливать задолженность - берешекті жинақтау
накапливать проценты - пайызды жинақтау
накапливать сбережения - жинақ ақшаны жинақтау
накапливаться - жинақталу
накапливающиеся проценты - жинақталып жатқан пайыздар
“накачивание насосом” - “сораппен айдау” (*тапшылықты қаржыландыру саясатының көмегімен ынталандыру*)
накачивание - далиту, тоғыту (*несие пайызының мөлшерлемесін төмендету мақсатымен банк жүйесіне орталық банктің ақшаны тоғытуы*)
“накачивание бюджетное” - “бюджеттік далитпа”
накидка - үстемле, үстеме баға (*бөлшек сауда бағасына үстеме*)
накидка на непредвиденные обстоятельства - болжап білуге болмайтын мән-жайларға арналған үстемле
накидки на цены - бағаға үстемле
накладка печати - мөр басу
накладка пломбы - пломба басу
накладка штрафа - айыппұл салу
накладная - жүкқұжат, жөнелтпе құжат
накладные расходы - үстеме шығыс (*тікелей өндірістік шығынға жатпайтын шығындар: өндірісті баспау және оған қызмет көрсету шығындары*)
накладывание вето - тыйым салу
накладывание ограничения - шектеу қою
накладывание печати - мөр басу
накладывание пломбы - пломба салу
накладывание резолюцию - бұрыштама қою
наклон валютного коридора - валюталық дәліз еңісі
накопившаяся задолженность по выплате налогов - салықты төлеу бойынша жиналған берешек
накопившиеся обязательства - қордаланған міндеттемелер

накопившийся долг - қордаланған борыш

накопительная ведомость - жинақтаушы тізімдеме
(бастапқы құжаттарда көрсетілген деректерді хронологиялық тәртіппен жазуға арналған бухгалтерлік есеп тізілімі)

накопительная пенсионная система - жинақтаушы зейнетақы жүйесі

накопительные документы - жинақтаушы құжаттар

накопительные сертификаты на казначейские ценные бумаги - қазынашылық бағалы қағаздарға арналған жинақтаушы сертификаттар

накопительный вклад - қорландырма салым, жинақтаушы салым

накопительный пенсионный фонд - жинақтаушы зейнетақы қоры

накопительный счет - жинақтаушы шот, қорландырма шот, жинақтама шот

накопительный траст - жинақталған сенімгерлік

накопительство - жинақтаушылық

накопить сумму денег - ақша сомасын жинау

накопление - қорлану, қор жинау, қорланым (пайданың бір бөлігін капиталға айналдыру, материалдар, мүлік, ақшалай қаражат қорларының көбеюі, мемлекеттің, кәсіпорынның, кәсіпкердің, үй қожалығының капиталды, негізгі құрал-жабдықты молайтуы; қолдағы табыс пен тұтыну шығысының арасындағы айырма)

накопление валютных резервов - валюталық сақтық қордың қорлануы

накопление данных - деректерді жинақтау

накопление денег - ақшаның қорлануы, ақша жинау

накопление денег для непредвиденных целей - болжанбаған мақсаттар үшін ақша жинау

накопление денежное - ақшалай қорланым

накопление денежных средств - ақшалай қаражаттың қорлануы, ақшалай қаражат жинау

накопление задолженности - берешектің қорлануы

накопление запасов - қор жинау

накопление излишек - артылғанын жинау

накопление капитала - капиталдың қорлануы

накопление непроданных акций - сатылмаған акциялардың қорлануы

накопление неуплаченных процентов - төленбеген пайыздардың қорлануы

накопление основного капитала - негізгі капиталдың қорлануы

накопление отпуска - демалыстың қорлануы

накопление паевого - үлеспұлдық қорлану, үлеспұлдың қорлануы

накопление первоначальное - бастапқы қорланым

накопление процентов - пайыздардың қорлануы

накопление сбережений - жинақ ақшаның қорлануы

накопление сбережений из заработной платы - жалақыдан аударылатын жинақ ақшаның қорлануы

накопление товарно-материальных запасов - тауар-материал қорларының жиналуы

накопление чрезвычайное - шектен тыс қорлану

накопленная дебиторская задолженность - жинақталған дебиторлық берешек, жинақталған алашақ

накопленная задолженность - жинақталған берешек

накопленная кредиторская задолженность - жинақталған кредиторлық берешек, жинақталған алашақ

накопленная прибыль - қорланған пайда

накопленное золото - қорланған алтын

накопленные амортизационные отчисления - қорланған өтемпұлдық аударым, қорланған тозымпұлдық аударым

накопленные дивиденды - қорланған дивиденд (төлем мерзімі басталмаған)

накопленные доходы - қорланған кіріс

накопленные доходы и расходы будущего периода - болашақ кезеңнің қорланған кірісі мен шығысы

накопленные затраты - жинақталған шығын

накопленные обязательства - жинақталған міндеттемелер

накопленные поступления - жинақталған түсімдер

накопленные проценты - қорланған пайыздар

накопленные сбережения - қорланған жинақ ақша

накопленные средства - қорланған қаражат

накопленный дивиденд - жинақталған дивиденд

накопленный доход - қорланған табыс

накопленный износ - жинақталған тозу

накопленный износ основных средств - негізгі құрал-жабдықтың жинақталған тозуы

накопленный процент по облигации - облигация бойынша жинақталған пайыз

накручивание цены - бағаны шарықтату

нал - қолма-қол ақша (жаргон сөз: “наличные” - наличные деньги деген орысша сөздердің қысқартылған түрі)

нал черный - қысыл-таяң қолма-қол ақша (кәсіпкерлер арасында қайта құру кезеңінен кейін тараған ұғым: кәсіпкерлік фирманың ресми құжаттарда, бухгалтерлік шоттарда, есеп беру теңгерімдерінде есепке алынбаған, бірақ кәсіпкерлік операцияларға пайдаланатын қолма-қол ақшасы, ақша кассасы)

налагать вето - вето қою, тыйым салу

налагать платеж - төлем салу

“налет медведей” - “аюлардың тарпа бас салуы” (жаргон сөз: бағалы қағаздардың немесе тауарлардың бағасын төмендету және кейіннен оларды тиімдірек шарттармен сатып алу мақсатымен оларды белсенді түрде сату)

налет на банк - банкке тарпа бас салу

“налет на рассвете” - “тансәріде тарпа бас салу” (биржада: белгілі бір фирманың акциялар пакетін осы пакеттің мөлшерін ескере отырып белгіленген баға бойынша қысқа уақыт ішінде көтере сатып алу)

налетчик - тарпа бас салушы, шапқыншы, шабуылшы (жаргон сөз: акционерлік компанияны оның акционерлерінің, қызметкерлерінің, әкімшілігінің келісімінсіз сатып алушы, осы мақсатпен ашық сауда-саттықта акциялардың бақылау пакетін басқыншылықпен сатып алушы жеке және заңды тұлға)

налетчик на компанию - компанияға тарпа бас салушы, компанияға шапқыншы (*нысанаға алынған компанияны қосып алу не оның менеджерлеріне қысым жасау мақсатымен оның акцияларының едәуір пакетін сатып алатын жеке тұлға не компания*)

наличие - бар, қолда бар, бар болу

наличие в обращении избыточных денежных (кредитных) ресурсов - айналыста артық ақша (несие) ресурстарының бар болуы

наличие денег - ақшаның болуы

наличие денежных свойств - ақша қасиетінің болуы

наличие документации - құжаттаманың болуы

наличие долларов - доллардың болуы

наличие завещания - өсиеттің барлығы (*қайтыс болған адамның артына заңи күші бар өсиет қалдырған болып шығуы*)

наличие запасов - қорлардың болуы

наличие источников капитала - капитал көздерінің болуы

наличие капитала - капиталдың болуы, қолда бар капитал

наличие ликвидных средств - өтімді құрал-жабдықтың болуы, өтімді қаражаттың болуы

наличие основных фондов - қолда бар негізгі қорлар

наличие полномочий - өкілеттіктердің болуы

наличие при аудите - аудит кезіндегі қолма-қол ақша

наличие средств - құрал-жабдықтың болуы, қаражаттың болуы

наличие традиционных (прочных) отношений между дилером и клиентом по инвестиционным операциям - инвестициялық операциялар бойынша дилер мен тапсырыскер арасында дәстүрлі (берік) қатынастардың болуы

наличие фиксированных средств - тиянақты қаражаттың болуы

наличная выручка - қолма-қол ақша түсімі

наличная карточка - қолдағы ақша карточкасы, қолма-қол ақша карточкасы

наличная корова - қолдағы сиыр (*жаргон сөз: 1. сенімді және табысты компания; 2. үздіксіз қолма-қол ақша ағынын беруші бизнес*)

наличная основа - қолма-қол ақша негізі

наличная позиция - қолма-қол ақша жайғасымы

наличная поставка - қолма-қол ақша жеткізілімі

наличная прибыль от продажи партии акций и покупки другой партии по более низкой цене - акциялар топтамасын сатудан және басқа топтамасын неғұрлым төмен бағамен сатып алудан алынған қолма-қол пайда

наличная сделка - қолма-қол есеп айырысу мәмілесі

наличная сделка кэш - қолма-қол ақшалай кэш мәміле

наличная ссуда - қолма-қол ақшалай несие

наличная сумма - қолда бар сома

наличная сумма, возвращаемая при аннулировании - күшін жою кезінде қайтарылатын қолма-қол ақша сомасы

наличная форма выпуска ценных бумаг - бағалы қағаздар шығарылымының қолма-қол ақшалай нысаны

налично-денежное обращение - қолма-қол ақша айналысы

налично-денежный оборот - қолда бар ақша айналымы

наличное покрытие - қолма-қол өтеу

наличное покрытие валютного риска - валюталық тәуекелдің (қатердің) қолма-қол өтемі

наличность - қолда бар ақша, қолма-қол ақша (*кассандағы ақша; дүкендегі, қоймадағы тауарлардың мөлшері*)

наличность банковская - банктің қолма-қол ақшасы

наличность в валюте - валюта түріндегі қолма-қол ақша

наличность в кассе - кассадағы қолма-қол ақша

наличность в кассе банка - банк кассасындағы қолма-қол ақша

наличность в кассе у кассира - кассадағы кассирдің қолма-қол ақшасы

наличность в распоряжении - иелігіндегі қолма-қол ақша

наличность в расходной кассе - шығыс кассасындағы қолма-қол ақша

наличность в сейфах - сейфтегі қолма-қол ақша (*банкте клиенттерге күнделікті төлемдер төлеуге пайдаланылатын нақты бар ақша*)

наличность в хранилище - сақтау орнындағы қолма-қол ақша

“наличность денежная” - “қолма-қол ақша”

наличность кассовая (кассы) - кассаның қолма-қол ақшасы (*кассадағы төлем төлеуге арналған қолма-қол ақшалай қаражат*)

наличность резервная - сақтық қордағы қолма-қол ақша

наличность свободная - бос қолма-қол ақша

наличность у финансового агента - қаржы агентіндегі қолма-қол ақша

наличность, хранимая в сейфе - сейфте сақталатын қолма-қол ақша

наличные - қолма-қол ақша, қолма-қол шот (*теңгерімдегі мүлік шоты*)

наличные банковские средства - банктің қолма-қол ақшалай қаражаты, банктің нақты қаражаты (*банк операцияларын жүзеге асыру және клиенттеріне ағымдағы банк қызметін көрсету үшін қажетті, сондай-ақ сақтық қор жасау үшін қажетті қолма-қол ақша түріндегі ақша ресурстары*)

наличные валютные операции - қолма-қол валюталық операциялар

наличные валютные операции “spot” - “spot” қолма-қол валюта операциялары

наличные денежные обязательства - қолма-қол ақшалай міндеттемелер

наличные денежные средства - қолма-қол ақшалай қаражат

наличные деньги - қолма-қол ақша

наличные деньги в обороте - айналыстағы қолма-қол ақша

- наличные деньги в хранилище** - сақтау орнындағы қолма-қол ақша
- наличные деньги и депозиты** - қолма-қол ақша мен депозит
- наличные доходы** - қолма-қол ақшалай табыс
- наличные заработки** - қолма-қол ақшалай табыс, қолма-қол жалақы (*қолма-қол шығынды шегеріп тас-тағандағы қолма-қол табыс*)
- “наличные на наличные”** - “қолма-қол табысты қолма-қол ақшаға шағу”
- наличные, не приносящие дохода** - табыс келтірмейтін қолма-қол ақша
- наличные против документов** - құжаттар орнына қолма-қол ақша (*экспорттық тауарлардың ақысын төлеу талабы, мұнда тауарлардың жөнелтпе құжаттары тауар жөнелтілген елдегі банкке, агентке жіберіледі, ал сатып алушы шот-фактурада көрсетілген соманы банкке, агентке қолма-қол төлеп сол құжаттарды алады*)
- наличные средства** - қолма-қол қаражат
- наличные товары** - қолма-қол тауар
- наличные эквиваленты** - қолма-қол баламалар (*қолма-қол ақша сияқты өтімді әрі қауіпсіз құжаттар не инвестициялар*)
- наличные, не приносящие дохода** - табыс келтірмейтін қолма-қол ақша
- наличный** - қолма-қол
- наличный базис** - нақты базис (*бухгалтерлік істе: табыс нақты алынғанда танылатын, шығыс нақты төленгенде танылатын әдіс*)
- наличный бюджет** - нақты бюджет
- наличный вексель** - нақты вексель
- наличный денежный оборот** - қолма-қол ақша айналымы
- оговорка об освобождении от обременения** - ауыртпалықтан босату туралы ескертпе
- оговорка об освобождении от обязательства** - міндеттемеден босату туралы ескертпе
- оговорка об освобождении от ответственности** - жауапкершіліктен босату туралы ескертпе
- оговорка об отказе оплаты мелких сумм** - ұсақ соманы төлеуден бас тарту туралы ескертпе
- оговорка об отказе от залога активов** - активтер кепілінен бас тарту туралы ескертпе
- оговорка об отказе от ипотечного кредита** - ипотекалық кредиттен бас тарту туралы ескертпе
- оговорка об “открытости”** - “ашықтық” туралы ескертпе
- оговорка об отмене** - күшін жою туралы ескертпе

- оговорка об отсутствии гарантии** - кепілдіктің жоқ екені туралы ескертпе
- оговорка об отчуждении** - иеліктен айыру туралы ескертпе
- оговорка об увеличении выплат** - төлемді көбейту туралы ескертпе
- оговорка об увеличении выплат в договоре страхования** - сақтандыру шартындағы төлемді көбейту туралы ескертпе
- оговорка об ускорении** - жеделдету туралы ескертпе
- оговорка об условиях повышения цен** - бағаны өсіру шарттары туралы ескертпе, бағаны көтеру шарттары туралы ескертпе
- оговорка об условиях снижения цен** - бағаны төмендету шарттары туралы ескертпе, бағаны түсіру шарттары туралы ескертпе
- оговорка об ущербе** - зиян туралы ескертпе
- оговорка общая** - жалпы ескертпе
- оговорка обычная** - әдеттегі ескертпе
- оговорка относительно досрочного погашения ссуды** - несиені мерзімінен бұрын өтеуге қатысты ескертпе
- оговорка патентная** - патент ескертпесі
- оговорка перекрестного невыполнения обязательств** - міндеттемелерді тоғыспалы орындамау ескертпесі
- оговорка письменная** - жазбаша ескертпе
- оговорка по закладной** - кепілхат бойынша ескертпе
- оговорка “после подписи”** - “қол қойылғаннан кейін” деген ескертпе (*осындай ескертпесі бар вексель тек акцептелген кезде, ал акцептмент вексельде акцеп күнін қойғанда ғана жарамды болады*)
- оговорка “после приобретения”** - “сатып алғаннан кейін” деген ескертпе (*ипотека туралы шарттағы кепілсалым (ипотека) ресімделгеннен кейін қарызгер ипотекалық кредитке сатып алатын әрбір жаңа жылжымайтын мүлік те ипотекалық қарыз кепілдігіне айналуға тиіс екенін бейлгілейтін ереже*)
- оговорка при оформлении займа о том, что заемщик обязуется не быть у банка должником более 30 дней в течение 12 месяцев** - қарызды ресімдеу кезінде қарызгердің банкте 12 ай ішінде 30 күннен астам уақыт борышкер болмауға міндеттенетіні туралы ескертпе
- оговорка разрешающая** - рұқсат беретін ескертпе
- оговорка “с купоном”** - “купонды” ескертпе (*облигацияны сатып алушыға ол бойынша кезекті пайыз төлемін алуға құқық беретін ескертпе*)
- оговорка стабилизационная** - тұрақтандыру ескертпесі
- оговорка стабильности** - тұрақтылық ескертпесі
- оговорка страховая** - сақтандыру ескертпесі
- оговорка судебная** - сот ескертпесі
- оговорка тендерная** - тендер ескертпесі
- оговорка “форвард”** - “форвард” ескертпесі (*қамтамасыз ету кепілдігі ретінде түсетін қолма-қол ақшаның артылған бір бөлігі айналысқа шығарылған облигацияның негізгі сомасын сатып алуға пайдаланылады дегенді білдіретін облигациядағы ескертпе*)
- оговорка штрафная** - айыппұл ескертпесі
- оговорка эскалаторная** - эскалатор ескертпесі, эскалаторлық ескертпе (*өзара есептесу үдерісінде уақыттағы шығынның өсуін ескеруге мүмкіндік беретін келісімшарт талабы*)
- огосударствление** - мемлекет меншігіне алу
- огосударствление банков** - банктерді мемлекет меншігіне алу
- огосударствление экономики** - экономиканы мемлекет меншігіне алу
- ограбление банка** - банкті тонау
- ограждать от потерь** - шығасыдан қорғау (қорғану)
- ограждать себя от убытков** - өзін залалдан қорғау, залалдан қорғану
- ограждение от потерь** - шығасыдан қорғану
- ограничение антитрастовское** - трастыға қарсы шектеу
- ограничение ассигнований** - қаражаттандыруды шектеу
- ограничение бюджетное** - бюджеттік шектеу
- ограничение бюджетных расходов** - бюджет шығысын шектеу
- ограничение в осуществлении сделок на рынке ценных бумаг** - бағалы қағаздар нарығында мәмілені жүзеге асыруды шектеу
- ограничение в правах** - құқықтардағы шектеу
- ограничение гарантии** - кепілдікті шектеу
- ограничение глобальное** - ғаламдық шектеу
- ограничение дарения** - сыйға тартуды шектеу
- ограничение займа** - қарызды шектеу
- ограничение инфляции** - инфляцияны шектеу
- ограничение капиталовложений** - күрделі қаржы жұмсалымын шектеу
- ограничение квоты** - үлестемені шектеу
- ограничение кредита** - кредитті шектеу
- ограничение кредита путем повышения процентных ставок** - кредитті пайыздық мөлшерлемені көтеру жолымен шектеу
- ограничение кредитно-денежное** - кредит-ақша шектеуі
- ограничение кредитования** - несиелендіруді шектеу
- ограничение на выплату дивидендов** - дивидендтерді төлеуге қойылатын шектеу
- ограничение на выплату дивидендов акционерного общества** - акционерлік қоғамның дивидендтерін төлеуге қойылатын шектеу
- ограничение на выпуск облигаций** - облигациялар шығарылымына шек қою
- ограничение на выпуск ценных бумаг в акционерном обществе** - акционерлік қоғамда бағалы қағаздарды шығаруға қойылатын шектеу
- ограничение на кредитные операции** - кредит операцияларына шек қою
- ограничение на ссуду** - несиеге шек қою
- ограничение на участие в собственности** - меншікке қатысуға шек қою
- ограничение ответственности** - жауапкершілікті шектеу

- ограничение ответственности по контракту** - келісімшарт бойынша жауапкершілікті шектеу
- ограничение полномочий** - өкілеттіктерді шектеу
- ограничение права** - құқықты шектеу
- ограничение права перепродажи** - қайта сату құқығын шектеу
- ограничение права предъявлять иск** - талап қою (қуыну) құқығын шектеу
- ограничение правительственное** - үкіметтік шектеу
- ограничение прибыли** - пайданы шектеу
- ограничение привилегий** - артықшылықтарды шектеу
- ограничение размера дивидендов** - дивидендтердің мөлшерін шектеу
- ограничение расходов** - шығысты шектеу
- ограничение роста инвестиций** - инвестициялардың өсуін шектеу
- ограничение роста кредитования** - несиелендірудің өсуін шектеу
- ограничение спросовые** - сұранысты шектеу
- ограничение срока** - мерзімді шектеу
- ограничение ссуды** - несиені шектеу
- ограничение суммы дивиденда** - дивиденд сомасын шектеу
- ограничение финансовое** - қаржылық шектеу
- ограничение цен** - бағаны шектеу
- ограничение членства** - мүшелікті шектеу
- ограничения** - шектеу, шектеулер *(1. заңдардан және басқа нормативтік актілерден, мемлекеттік органдардың шешімдерінен туындайтын шектеулер, субъектілер бұл шектерден шықпауға тиіс; 2. экономикалық-математикалық үлгілеуде мақсатты атқарымының орнына желілік бағдарламалау үлгісін құрайтын шектеулер)*
- ограничения бюджетные** - бюджеттік шектеулер
- ограничения в документе** - құжаттағы шектеулер
- ограничения валютные** - валюталық шектеу, валютаны шектеу
- ограничения исковой давности** - қуыным мерзімінің шектеулері *(қуыным мерзімін шектеу туралы заңдар)*
- ограничения кредитные** - несиелік шектеулер, несиені шектеу
- ограничения на максимизацию прибыли** - пайданы барынша көбейтуге шек қою
- ограничения на обмен валюты** - валютаны айырбастауға шек қою
- ограничения на отчуждение имущества** - мүлікті иеліктен шығаруға шектеулер
- ограничения цен и заработной платы** - баға мен жалақыны шектеу
- ограничения центрального банка** - орталық банкінің шектеулері
- ограниченная гарантия** - шектеулі кепілдік
- ограниченная конвертируемость** - шектеулі айырбасталымдылық
- ограниченная налоговая повинность** - шектеулі салық міндеткерлігі
- ограниченная обращаемость акций** - акциялардың шектеулі айналымдылығы
- ограниченная ответственность** - шектеулі жауапкершілік
- ограниченная ответственность акционера** - акционердің шектеулі жауапкершілігі
- ограниченная ответственность в страховании** - сақтандырудағы шектеулі жауапкершілік
- ограниченная цена** - шектеулі баға
- ограниченно конвертируемые валюты** - шектеулі айырбасталатын валюталар
- ограниченное акционирование** - шектеулі акционерлеу
- ограниченное законное платежное средство** - шектеулі заңды төлем құралдары
- ограниченное открытое акционирование** - шектеулі ашық акциялау
- ограниченное партнерство** - шектеулі әріптестік (серіктестік)
- ограниченное поручение** - шектеулі тапсырма
- ограниченное поручение брокеру** - делдалға шектеулі тапсырма
- ограниченное право распределения** - шектеулі бөлу құқығы
- ограниченное размещение ценных бумаг** - бағалы қағаздарды шектеулі орналастыру
- ограниченность рынка** - нарықтың шектеулілігі
- ограниченные активы** - шектеулі активтер
- ограниченные акции** - шектеулі акциялар
- ограниченные средства** - шектеулі қаражат
- ограниченные торги** - шектеулі сауда-саттық
- ограниченный** - шектеулі *(индоссамент туралы)*
- ограниченный выборочный контроль** - шектеулі іріктеме бақылау
- ограниченный индоссамент** - шектеулі индоссамент
- ограниченный кредит** - шектеулі кредит
- ограниченный кредит с высоким уровнем процентных ставок** - пайыздық мөлшерлемесінің деңгейі жоғары шектеулі кредит
- ограниченный кредит с высокой процентной ставкой** - пайыздық мөлшерлемесі жоғары шектеулі кредит
- ограниченный открытый ипотечный облигационный заем** - шектеулі ашық ипотекалық облигациялық қарыз
- ограниченный пределами региона** - өңір шегімен шектелген
- ограниченный пределом или потолком** - шекпен немесе жоғарғы шекпен шектелген *(баға туралы)*
- ограниченный приказ брокеру с определенной свободой действий при исполнении** - орындау кезінде брокерге іс-қимылдың белгілі бір еркіндігін беретін шектелген бұйрық
- ограниченный риск** - шектелген тәуекел (қатер)
- ограниченный рынок** - шектелген нарық
- ограниченный сроком интерес** - мерзімі шектеулі мүдде
- ограниченный счет** - шектеулі шот
- ограниченный условиями** - шарттармен шектелген
- ограниченный циркулярный аккредитив** - шектеулі өкімхаттық аккредитив

- ограниченный чек** - шектеулі чек
- ограничивать** - шектеу
- ограничивать гарантию** - кепілдікті шектеу
- ограничивать игроков на понижение** - ойыншыларды төмендеуге шектеу
- ограничивать инфляцию** - инфляцияны шектеу
- ограничивать ответственность** - жауапкершілікті шектеу
- ограничивать риск** - тәуекелді (қатерді) шектеу
- ограничивать рынок** - нарықты шектеу
- ограничивать цену** - бағаны шектеу
- ограничивающее условие кредитного соглашения** - кредиттік келісімді шектеуші шарт
- ограничительная передаточная надпись** - шектеуші табыстама жазба, шектемелі табыстау жазбасы
- ограничительная система чеканки монет** - мәнәт шекудің шектелмелі жүйесі
- ограничительные инструменты денежно-кредитной политики** - ақша-несие саясатының шектеуші құралдары
- ограничительные меры в акционировании** - акциялаудағы шектеу шаралары
- ограничительные меры в андеррайтинге** - андеррайтингтегі шектеу шаралары
- ограничительный индоссамент** - шектемелі индоссамент (*вексельдегі индоссаменттің вексельден айыру құқығын шектейтін индоссамент*)
- одалживание** - қарыз беру
- одалживать** - қарыз беру
- одд-лот** - одд-лот, ұсақ лот, майда лот, толымсыз топтама (*бағалы қағаздармен қалыпты сауда өлшемінен төмен мөлшерде жасалатын сауда*)
- одд-лот дилер** - одд-лот дилері, ұсақ лот дилері, майда лот дилер, толымсыз топтама дилері
- один из банков, входящих в группу организаторов займа** - қарызды ұйымдастырушылар тобына кіретін банктердің бірі
- один из банков-организаторов займа** - қарызды ұйымдастырушы-банктердің бірі
- один из двух получателей денег** - ақша алушы екі адамның бірі
- один из пяти крупнейших инвестиционных банков США** - АҚШ-тың аса ірі бес инвестициялық банкінің бірі
- один кассир** - бір кассир
- один фунт стерлингов** - бір стерлинг фунт
- один человек** - один голос - бір адам - бір дауыс
- одиночный опцион** - жалғыз опцион
- одна десятитысячная валютного курса** - валюта бағамынан он мыңнан бірі
- одна из сторон опционного спреда** - опциондық спред тараптарының бірі
- одна тысяча девяноста девять процентов (1099%)** - бір мың тоқсан тоғыз пайыз (1099%) (*Салық басқармасының ішкі кіріс қызметінің жекеше тұлғаларға пайыз, дивиденд және өзге де кіріс төленгені туралы есептемелік нысаны*)
- однoбанковская холдинг-компания** - бір банктік холдинг-компания
- однoбанковская холдинговая компания** - бір банкті холдинглік компания
- однoбанковский холдинг** - бір банктік холдинг
- одновременная покупка опционов “пут” и “колл” с одинаковыми сроками и ценами исполнения для получения прибыли от изменения соотношения между двумя ценами** - орындалу мерзімі мен бағасы бірдей “пут” және “колл” опциондарды екі баға арасындағы ара қатынастың өзгеруінен болатын пайда алу үшін бір жолғы сатып алу
- одновременная покупка опционов “пут” и “колл” с разными ценами и одинаковыми сроками исполнения** - бағасы әртүрлі және орындалу мерзімі бірдей “пут” және “колл” опциондарды бір жолғы сатып алу
- одновременная покупка опционов “пут” и “колл” с одинаковыми ценами и сроками исполнения** - орындалу мерзімі мен бағасы бірдей “пут” және “колл” опциондарды бір жолғы сатып алу
- одновременная продажа и покупка одного и того же пакета акций** - белгілі бір акциялар пакетін бір жолғы сату және сатып алу
- одновременная продажа опционов “пут” и “колл” с одинаковыми ценами и сроками исполнения в расчете на прибыль от премий при уменьшении неустойчивости конъюнктуры** - жағдаяттың тұрақсыздығын азайту кезінде сыйлықақыдан түсетін пайдаға шаққанда бағасы мен орындалу мерзімі бірдей “пут” және “колл” опциондарды бір жолғы сату
- одновременная продажа опционов “пут” и “колл” с разными ценами и одинаковыми сроками исполнения** - бағасы әртүрлі және орындалу мерзімі бірдей “пут” және “колл” опциондарды бір жолғы сату
- одновременное изъятие вкладов** - салымдарды біржолғы алу
- одновременное изъятие вкладчиками фондов** - қор салымшыларының бір жолғы алуы
- одновременные выписка счета и совершение бухгалтерских проводок** - шоттың бір жолғы көшірмі және бухгалтерлік өткізбе (жазба) жүргізу
- одновременный учет резервов** - сақтық қорлардың бір жолғы есебі
- однoгородные расчеты** - бір қаладағы есеп айырысу
- однoдневная ссуда** - бір күндік несие
- однoдневное распоряжение брокеру** - делдалға берілетін бір күндік өкім
- однoдневное соглашение о выкупе** - өтеуін төлеп алу туралы бір күндік келісім
- однoдневные займы в евродолларах** - еуродоллар түріндегі бір күндік қарыздар
- однoдневные сертификаты** - бір күндік сертификаттар
- однoдневный** - бір күндік (*банктік мөлшерлеме туралы*)
- однoдневный кредит** - бір күндік кредит
- однoдневный опцион** - бір күндік опцион
- однoдневный трейдер** - бір күндік трейдер (*күндік сауда*)

однозначная позиция - бір мәнді айқындама
однократность - бір дүркіндік, бір еселік
однократность налогообложения - салық салудың бір дүркіндігі
одномесячный кредит - бір айлық кредит
“одноофисное банковское дело” - “бір кеңселік банк ісі”
однородная по составу группа - құрамы бойынша бір текті топ
однородность - бір тектілік
однородность рынка - нарықтың бір тектілігі
однородный - бір текті
одностороннее соглашение - бір жақты келісім, бір тарапты келісім
односторонние валютные оговорки - бір жақты валюталық ескертпе
односторонние количественные ограничения - бір-жақты мөлшерлік шектеулер
односторонний - бір жақты (*бір сатушылардың немесе бір сатып алушылардың белсенділігі бар нарық туралы; ұстаушы емес, эмитент мерзімінен бұрын өтеуге болатын облигациялар туралы*)
односторонний договор - бір жақты шарт (*тек бір тараптың ғана міндеттемелері және екінші тараптың құқықтары, талаптары айтылатын шарт*)
односторонний рынок - бір жақты нарық
односторонняя льгота - бір жақты жеңілдік
односторонняя сделка - бір жақты мәміле
одноступенчатая лотерея - бір баспалдақты лотерея
одноступенчатый выборочный контроль - бір сатылы іріктеме бақылау
одноцелевая корпорация - бір мақсатты корпорация (*АҚШ*)
одноцелевой режим обработки данных в компьютерной системе - компьютерлік жүйеде деректерді өңдеудің бір мақсатты тәртіптемесі
одноцентровая монета - бір центтік мәнет (*АҚШ*)
одобрение - мақұлдау
одобрение безусловное - сөзсіз мақұлдау
одобрение бюджета - бюджетті мақұлдау
одобрение взаимное - өзара мақұлдау
одобрение всеобщее - жалпыға бірдей мақұлдау
одобрение органа банковского надзора - банктік қадағалау органының мақұлдауы
одобрение отчета - есептемені мақұлдау
одобрение парламента - парламенттің мақұлдауы
одобрение плана - жоспарды мақұлдау
одобрение полное - толық мақұлдау
одобрение предварительное - алдын ала мақұлдау
одобрение предложения - ұсынысты мақұлдау
одобрение проекта - жобаны мақұлдау
одобрение резолюции - қарарды мақұлдау
одобренное место поставки финансового инструмента по фьючерсному контракту - қаржы құралын фьючерстік келісімшарт бойынша жеткізілетін жерді мақұлдау
одобренный счет - мақұлданған шот

одоление - қарызға беру; жақсылық жасау
ожесточенная конкуренция - қатайтылған бәсеке
оживление - жандану, жандандыру (*экономикалық цикл кезеңдерінің бірі, экономикада дағдарыстан, тоқыраудан, күйзелістен кейін өрлеудің басталуын сипаттайды*)
оживление инвестиционной деятельности - инвестициялық қызметті жандандыру
оживление конъюнктуры - жағдаятты жандандыру
оживление на валютном рынке - валюта нарығындағы жандану
оживление на рынке - нарықтағы жандану
оживление на рынке под воздействием внутренних факторов - нарықта ішкі мәнбірлердің ықпалымен жандану
оживление спроса - сұраныстың жандануы
оживление торговли - сауданың жандануы
оживление экономики - экономиканы жандандыру, экономиканың жандануы
оживленный - жанданған
оживленный рынок - жанданған нарық
ожидаемая жизнь ценной бумаги - бағалы қағаздың болжалды ғұмыры
ожидаемая инфляция - болжалды инфляция
ожидаемая норма чистой прибыли - таза пайданың болжалды мөлшері
ожидаемая прибыль - болжалды пайда
ожидаемая продолжительность обращения ценной бумаги - бағалы қағаз айналысының болжалды ұзақтығы
ожидаемая сумма выручки - түсім ақшаның болжалды сомасы
ожидаемая цена - болжалды баға
ожидаемая ценность денег - ақшаның болжалды құндылығы
ожидаемые значения экономических величин - экономикалық шаманың болжалды мәндері
ожидаемые платежи - болжалды төлемдер
ожидаемые поступления - болжалды түсімдер
ожидаемые убытки - болжалды залал
ожидаемый доход - болжалды табыс, болжалды кіріс
ожидаемый остаток - күтілген (болжалды) қалдық
ожидаемый процент - күтілген (болжалды) пайыз
ожидаемый процентный своп - болжалды пайыздық своп
ожидаемый срок владения финансовым активом - қаржы активін иеленудің болжалды мерзімі
ожидаемый уровень инфляции - болжалды инфляция деңгейі
ожидаемый уровень цен - бағаның болжалды деңгейі
ожидаемый чистый доход - болжалды таза табыс
ожидание изменения цен - бағаның өзгеруін күту
ожидание решения - шешімін күту
ожидания инфляционные - инфляциялық болжал
ожидания потребительские - тұтынушылық болжал
ожидания потребителя - тұтынушының болжалы
ожидания рациональные - оңтайлы болжал

- ожидания резкого падения цен** - бағаның күрт төмендеуін күту
- ожидания роста инфляции** - инфляцияның өсуін күту
- ожидания рыночные** - нарықтық күту
- ожидания ценовые** - бағаны күту
- оздоровление валюты** - валютаны сауықтыру
- оздоровление денежного обращения** - ақша айналысын сауықтыру
- оздоровление денежной массы** - ақша жиынын сауықтыру
- оздоровление рынка** - нарықты сауықтыру
- оздоровление финансов** - қаржыны сауықтыру
- оздоровление финансового состояния** - қаржы жағдайын сауықтыру
- оздоровление экономики** - экономиканы сауықтыру
- оздоровление экономических отношений** - экономикалық қатынастарды сауықтыру
- оздоровление экономической обстановки** - экономикалық ахуалды сауықтыру
- ознакомление с документацией** - құжаттамамен танысу
- ознакомление с документом** - құжатпен танысу
- ознакомление со списком** - тізіммен танысу
- оказание** - көрсету, қызмет көрсету
- оказание аудиторских услуг** - аудиторлық қызмет көрсету
- оказание воздействия** - ықпал ету, әсер ету
- оказание давления на рынок** - нарыққа қысым жасау
- оказание поддержки** - қолдау көрсету
- оказание покровительства** - қамқорлық көрсету
- оказание помощи** - көмек көрсету
- оказание помощи в форме кредита** - кредит нысанында көмек көрсету
- оказание финансовой помощи** - қаржылай көмек көрсету
- оказание экономической помощи иностранным государствам** - шет мемлекеттерге экономикалық көмек көрсету
- оказывать влияние на биржевые курсы** - биржалық бағамға ықпал ету
- оказывать влияние на курс иностранной валюты** - шетел валютасының бағамына ықпал ету
- оказывать влияние на рынок** - нарыққа ықпал ету
- оказывать давление на курс с целью его понижения** - бағамды төмендету мақсатымен оған қысым жасау
- оказывать финансовую поддержку** - қаржы қолдауын көрсету
- оказывать финансовую помощь** - қаржы көмегін көрсету
- оказываться не соответствующим условиям контракта** - келісімшарт талаптарына сай болмай шығу
- оказываться неплатежеспособным** - төлем төлеуге қабілетсіз болып шығу
- о'кей (правильно)** - о'кей (дұрыс)
- оккупационные деньги** - басқыншылық ақша
- оклад** - қызметақы, айлық, айлықақы (1. қызметшілер жалақысының мөлшері; 2. жер мен құрылысқа тікелей салықтың мөлшері)
- оклад годовой** - жылдық айлықақы
- оклад должностной** - лауазымдық қызметақы
- оклад месячный** - айлық қызметақы
- оклад наивысший** - ең жоғары айлықақы
- оклад налога** - салық төлемі, салықпұл
- оклад персональный** - дербес айлықақы
- оклад по должности** - лауазым бойынша қызметақы
- оклад твердый** - тұрақты айлықақы
- оклад тринадцатый** - он үшінші айлықақы
- окладная система** - қызметақы жүйесі, айлық жүйесі
- окладной лист** - салық төлемінің хабарламасы, салықпұл хабарламасы
- окладные налоги** - қызметақылық салықтар
- окладные сборы** - қызметақылық алымдар
- окно** - терезе, саңылау, тыныстама (1. несие алудың, капиталды инвестициялаудың уақытша мүмкіндігі; 2. күннің банк аралық трансферт жасалатын және клиринглік есеп айырысу жүргізілетін кезеңі)
- окно исламское** - ислам терезесі
- окно льготных кредитов** - жеңілдікті несие тыныстама, жеңілдікті несие демалысы (халықаралық банктер мен қорлар дамушы елдерге арнаулы бағдарламалар бойынша не көмек тәртібімен беретін жеңілдікті несиелер)
- окно операциониста** - операционист терезесі, операцияшы терезесі (төлем қабылдаушы қызметшінің терезесі)
- окно учетное** - есеп терезесі
- около** - жуық, жуықтама (шарт бойынша белгілі бір шекте ауытқудың мүмкін екенін білдіретін термин)
- окончание** - аяқталу, аяқтау, бітіру, тәмамдау
- окончание срока гарантии** - кепілдік мерзімінің аяқталуы
- окончание срока действия соглашения об образовании консорциума** - консорциум құру туралы келісімге әсер ету мерзімінің аяқталуы
- окончательная котировка** - түпкілікті баға белгіленімі
- окончательная покупка** - түпкілікті сатып алу
- окончательная цена** - түпкілікті баға
- окончательно** - біржола, түбегейлі, түпкілікті
- окончательно оформить соглашение** - келісімді түпкілікті ресімдеу
- окончательно рассчитаться по сделке** - мәміле бойынша түпкілікті есеп айырысу
- окончательное обязательство** - ақырғы міндеттеме
- окончательное оформление** - ақырғы ресімдеме
- окончательное погашение долга** - борышты біржола өтеу
- окончательное распределение прибыли и выплата дивидендов** - пайданы түпкілікті бөлу және дивиденд төлеу
- окончательный** - біржола, түпкілікті
- окончательный бенефициарий** - ақырғы бенефициарий
- окончательный заемщик** - түпкілікті қарызгер
- окончательный проспект выпуска ценных бумаг** - бағалы қағаздар шығарылымының түпкілікті аңдатпасы

- окончателный протокол приемки проекта** - жобаны қабылдау жөніндегі ақырғы хаттама
- окончателный расчет** - ақырғы есеп айырысу
- окончателный сертификат акции** - акцияның түпкілікті сертификаты
- окончателный срок платежа** - төлемнің ақырғы мерзімі
- окончателный чистый убыток в страховании** - сақтандырудағы түпкілікті таза залал
- округ налоговый** - салық округі
- округ Федерального резервного банка** - Федералдың сақтық қор банкі округі (АҚШ)
- округление** - дөңгелектеу
- округление суммы** - соманы дөңгелектеу
- округление цен** - бағаны дөңгелектеу
- округленная сумма** - дөңгелектелген сома
- округленная цена** - дөңгелектелген баға
- округлять** - дөңгелектеу, жинақтау
- округлять в большую сторону** - көп жаққа дөңгелектеу
- округлять в меньшую сторону** - аз жаққа дөңгелектеу
- окружной банк** - округтік банк
- окружные банки Федеральной резервной системы** - Федералдық сақтық қор жүйесінің округтік банктері
- октябрь и апрель** - қазан мен сәуір (пайыздың немесе дивидендтің жарты жылдық төлемдері төленетін айлар)
- октябрь, январь, апрель, июль** - қазан, қаңтар, сәуір, шілде (пайыздың немесе дивидендтің тоқсан сайынғы төлемдері төленетін айлар)
- окупаемость** - өтелімділік, өтелімпаздық (өтелуге қабілеттілік, өтелу мүмкіндігі)
- окупаемость валюты** - валюта өтелімділігі
- окупаемость вложений в ценные бумаги** - бағалы қағаздарға салынған жұмсалымның өтелімділігі
- окупаемость затрат** - шығынның өтелімділігі
- окупаемость капитальных вложений** - күрделі қаржы жұмсалымының өтелімділігі
- олигархия** - олигархия (шағын топтың саяси және экономикалық үстемдігі, басқаруы)
- олигархия банковская** - банк олигархиясы
- олигархия монополистическая** - монополистік олигархия
- олигархия финансовая** - қаржы олигархиясы
- олигополия** - олигополия, өктемдік (ат төбеліндегі аса ірі фирмалар, компаниялар тобының өндірістегі, нарықтағы үстемдігі)
- олигопсония** - олигопсония (нарықта тек бірнеше сатып алушы ғана болатын жағдай)
- олимпийские монеты** - олимпиадалық мәнәттер
- олконто** - олконто (әмбебап шот)
- оманский риал** - Оман риалы
- омбудсман** - омбудсман (банктер мен клиенттер арасындағы дауларды реттейтін бейресми орган)
- омбудсман банка (банковский)** - банк омбудсманы
- омбудсмен** - омбудсмен (жеке адамдардың мемлекеттік мекемелердің үстінен жасаған шағымын қарау үшін мемлекет тағайындаған адам)
- омертвленный капитал** - жансызданған капитал
- онколь** - онкол (банк беретін несие нысандарының бірі, мұнда қарызгер банкте өзіне белгілі бір мерзімге ашылған несиеіні бірте-бірте пайдалану құқығын алады)
- онкольная сделка** - онколдық мәміле, талап етілмелі мәміле
- онкольная ссуда** - онколдық несие, талап етілмелі несие
- онкольная ставка** - онколдық мөлшерлеме
- онкольные и краткосрочные ссуды** - онколдық және қысқа мерзімді несие (банк теңгерімінің бабы)
- онкольные средства** - онколдық қаражат, талап етілмелі қаражат
- онкольный кредит** - онколдық кредит, талап етілмелі кредит (алғаш талап еткен бойда өтелеетін қысқа мерзімді несие)
- онкольный счет** - онколдық шот, талап етілмелі шот (банктегі бағалы қағаздар кепілімен ашылатын ағымдағы шот)
- “он-лайн”** - “он-лайн” (кредиттік картчканың эмитент-компанияның компьютерімен тікелей байланысы)
- онлайн-банкинг** - онлайн-банкинг (банк шоттарын телефон, дербес компьютер және Интернет немесе ықшам құрылғылар арқылы алыстан басқару)
- онсы** - онсы (биржа мәмілесіндегі сыйлықақы)
- “он-хост”** - “он-хост” (терминалдар арқылы банктегі оң файлға - картчканың эмитентіне қол жеткізуге болатын операциялық режим)
- ОПА** - ОПА (бір фирманың акцияларын екінші фирманың акционерлері биржалық бағамнан асып түсетін бағамен сатып алуы туралы жария ұсыныс)
- ОПЕ** - ОПЕ (бір фирманың акцияларын екінші фирманың акцияларына биржалық бағам бойынша не уағдаластық бойынша айырбастау туралы жария ұсыныс)
- опека** - қамқорлық (азаматтардың жеке басылық және мүліктік құқықтарын қорғау нысандарының бірі)
- опека “обходная”** - “орағытпа” қамқорлық (мұраға салынатын салықты азайту үшін ата-ананың активті балаларға беруіне мүмкіндік беретін келісім)
- опекун** - қамқор, қамқоршы (1. 14 жасқа дейінгі жас балаларды, ақыл-есі кем, жан ауруына шалдыққан балаларды тәрбиелеуші адам; 2. активтерді басқа тұлғаның пайдасына ұстаушы тұлға, компания не қауымдастық)
- опекун взаимного фонда** - өзара қарыз қорының қамқоршысы
- опекун назначенный** - тағайындалған қамқоршы
- опекун, назначенный в связи с недееспособностью** - әрекет етуге қабілетсіздікке байланысты тағайындалған қамқоршы
- опекун по завещанию** - өсиет бойынша қамқоршы
- опекун по характеру деятельности** - қызметінің сипаты бойынша қамқоршы
- опекун-представитель в судебном деле** - сот ісіндегі қамқоршы-өкіл

- опекунские капиталовложения** - қамқоршылық күрделі жұмсалым (*банкке не акцияларға салынған қамқоршылық капиталдары*)
- опекунский документ** - қамқоршы құжаты
- опекунский счет** - қамқоршылық шот (*ата-ана кәметке толмаған балалар үшін банкіде не делдалдық фирмада ашатын шот*)
- опекунство** - қамқоршылық (*қамқорлыққа алынғандар атынан қамқоршылардың заңи іс-қимыл жасауы*)
- опенинг** - опенинг (*1. бағалы қағаздың не тауардың сауда күнінің басындағы бағасы; 2. нарық мүмкіндігінің қысқа мерзімді шеңбері*)
- оперативная биржевая информация** - жедел биржалық ақпарат
- оперативная временная отчетность** - оперативтік уақытша есеп-қисап
- оперативная ликвидность** - жедел өтімділік
- оперативная обработка данных** - деректерді жедел өңдеу
- оперативная оговорка** - оперативтік ескертпе
- оперативная отчетность** - оперативтік есеп-қисап, жедел есеп-қисап, алыс-беріс есеп-қисабы (*компанияның қызметі туралы жедел деректер, ағымдағы есеп-қисап*)
- оперативная память** - оперативтік зерде
- оперативная работа** - жедел жұмыс
- оперативная ревизия** - оперативтік тексеріс, жедел тексеріс
- оперативная ревизия в менеджменте** - менеджменттегі шұғыл тексеріс
- оперативно-бухгалтерский метод учета товарно-материальных ценностей** - тауар-материалдық құндылықтар есебінің оперативтік-бухгалтерлік әдісі
- оперативное планирование** - оперативтік жоспарлау, жедел жоспарлау
- оперативное покрытие** - оперативтік өтем, оралымды өтем, жедел өтеу
- оперативное сальдо** - операциялық сальдо
- оперативное совещание** - жедел кеңес, оралымды кеңес (*ауызекі коммуникация түрі, мұнда менеджер өз командасының мүшелеріне жұмыстарды жүргізуге, шығарылатын өнімнің сапасына қойылатын талаптар туралы хабарлайды немесе компанияның қол жеткізген нәтижелерін хабардар етеді*)
- оперативное управление** - жедел басқару, оралымды басқару
- оперативность** - оралымдылық, ілкімділік (*1. жедел әрекет; 2. қызметкердің іске жедеқабыл кірісу, жұмысты бір тапсырманы орындаудан екіншісіне оңай көшу, басталған істі созбай аяғына дейін жеткізу, жағдайдың өзгеруіне қарай шешім қабылдап, іскерлікпен әрекет жасау қабілетін сипаттайтын қабілеті; 3. серпінді ақпараттық жүйе көрсеткіші*)
- оперативный банковский учет** - оралымды банк есебі
- оперативный государственный финансовый контроль** - оралымды мемлекеттік қаржы бақылауы
- оперативный доход** - оперативтік табыс
- оперативный индекс потребительских цен** - тұтыну бағасының оперативтік индексі
- оперативный комитет** - жедел комитет
- оперативный контроль за исполнением республиканского бюджета** - республикалық бюджеттің атқарылуын оралымды бақылау
- оперативный резерв банков** - банктердің оралымды сақтық қоры
- оперативный учет** - оралымды есеп
- оперативный учет в банках** - банктердегі оралымды есеп
- оперативный финансовый план** - оралымды қаржы жоспары
- оперативный цикл** - оперативтік цикл
- оператор** - оператор (*1. қайсыбір операцияны жүргізуші тұлға; 2. басқару жүйесінің қайсыбір буынында алынған ақпараттың нормативтік-анықтамалық деректерге тәуелділігінің қорытынды көрінісі; 3. маклерлер, валюта айырбастайтын агенттер, кәсіпқойлық негізде биржалық, коммерциялық және қаржылық операциялармен айналысушы брокерлер, дилерлер*)
- оператор, играющие на повышение котировок** - баға белгіленімін көтеруге ойнаушы оператор (*биржада*)
- оператор квалифицированный** - білікті оператор
- оператор на бирже** - биржадағы оператор
- оператор раздела счета депо** - депо шот бөлімінің операторы
- оператор расчетов по бездокументарным векселям** - құжаттамасыз вексельдер бойынша есеп айырысу операторы
- оператор счета депо** - депо шот операторы
- операции** - операциялар, мәміле, амал, алыс-беріс (*нысаналы іс-қимылдардың жиынтығы; коммерцияда - қолма-қол ақшаға, несиеге жасасылған түрлі мәмілелер*)
- операции агентские** - агент операциялары
- операции административные** - әкімшілік операциялары
- операции активные** - активтік операциялар (*қаражатты орналастыру*)
- операции акцептно-гарантийные** - акцептілік-кепілдік операциялары
- операции арбитражные** - арбитраждық операциялар
- операции банка (банковские)** - банк операциялары
- операции банков с широкой клиентурой** - банктердің қалың клиенттермен жасасатын операциялары
- операции бартерные** - баспа-бас айырбас операциялары
- операции безрисковые** - тәуекелсіз (қатерсіз) операциялар
- операции бесплатные** - тегін операциялар
- операции биржевые** - биржалық операциялар
- операции бондовые** - бонд операциялары
- операции брокеров с брокерами** - брокерлердің брокерлермен жасайтын операциялары
- операции брокерские** - брокерлік операциялар, делдалдық операциялар

- операции брокерской фирмы, не являющейся членом фондовой биржи** - қор биржасының мүшесі емес брокерлік фирманың операциялары
- операции бухгалтерские** - бухгалтерлік операциялар
- операции в иностранной валюте** - шетел валютасымен жүргізілетін операциялар
- операции валютные** - валюталық операциялар (*валюта айырбастау, сатып алу және сату*)
- операции валютные, связанные с движением капитала** - капитал қозғалысымен байланысты валюталық операциялар
- операции венчурные** - венчурлік операциялар, тәуекелшіл операциялар
- операции внебюджетные** - бюджеттен тыс операциялар
- операции выдачи ссуды и предоставления гарантий** - несие беру және кепілдіктер ұсыну операциялары
- операции высокодоходные** - табысы мол операциялар
- операции высоколиквидные** - өтімділігі жоғары операциялар
- операции денежные** - ақша операциялары
- операции депозитарные** - депозитарлық операциялар
- операции депозитные** - депозиттік операциялар
- операции дилерские** - дилерлік операциялар
- операции дилинговые** - дилингілік операциялар
- операции для выравнивания конъюнктуры рынка** - нарық жағдаятын теңестіру үшін жасалатын операциялар
- операции для улучшения характеристик инвестиционного портфеля перед передачей информации клиентам или акционерам** - клиенттерге немесе акционерлерге ақпарат берудің алдында инвестициялық қоржынның сипаттамасын жақсарту үшін жасалатын операциялар
- операции доверительные** - сенімгерлік операциялар
- операции забалансовые** - теңгерімнен тысқары операциялар
- операции залоговые** - кепілді операциялар
- операции и сделки национального банка с владельцем счетов** - ұлттық банкінің шоттардың иелерімен жасайтын операциялары және мәмілелері
- операции инвентарные** - түгендемелік операциялар, түгендеу операциялары
- операции инжиниринговые** - инжинирингілік операциялар
- операции инкассовые** - инкассолық операциялар
- операции информационные** - ақпараттық операциялар
- операции ипотечные** - ипотекалық операциялар
- операции кастодиальные** - кастодилік операциялар
- операции клиринговые** - клирингілік операциялар
- операции комиссионно-посреднические** - комиссиялық-делдалдық операциялар (*комиссиялық алымға клиенттердің тапсырмасы бойынша операцияларды орындау*)
- операции комиссионные** - комиссиялық операциялар
- операции компенсирующие** - орнын толтырушы операциялар
- операции конверсионные** - конверсиялық операциялар, айырбасталымдық операциялар
- операции консигнационные** - консигнациялық операциялар
- операции кредитно-арендные** - кредиттік-жалгерлік операциялар
- операции кредитно-расчетные** - кредиттік-есеп айырысу операциялары
- операции крупных банков между собой** - ірі банктердің өзара операциялары
- операции купли-продажи, не оказывающие существенного влияния на конъюнктуру рынка** - нарықтың жағдаятына елеулі ықпал етпейтін сатып алу-сату операциялары
- операции маркетинговые** - маркетинг операциялары
- операции международные** - халықаралық операциялар
- операции на бирже** - биржадағы операциялар
- операции на денежном рынке** - ақша нарығындағы операциялар
- “операции на день”** - “бір күндік операциялар”
- операции на оптовых финансовых рынках** - көтерме сауда қаржы нарықтарындағы операциялар
- операции на открытом рынке** - ашық нарықтағы операциялар (*орталық банкінің өзі жүргізетін ақшанесие саясаты шеңберінде қазынашылық билеттер мен вексельдерді сатып алу-сатуы*)
- операции на черном рынке** - қара базардағы операциялар
- операции наличные** - қолма-қол ақша операциялары
- операции, направленные внутрь страны** - ел ішіне бағытталған операциялар
- операции Национального Банка Казахстана** - Қазақстан Ұлттық Банкінің операциялары
- операции офсетные** - офсеттік операциялар
- операции пассивные** - пассивтік операциялар (*қаражат тарту*)
- операции переводные** - аударым операциялары, аудару операциялары
- операции перестраховочные** - қайта сақтандыру операциялары
- операции переучетные** - қайта есептеу операциялары
- операции по депорту** - депорт бойынша операциялар
- операции по дисконтированию** - дисконттау жөніндегі операциялар
- операции по дисконту** - дисконт бойынша операциялар
- операции по долгосрочному кредитованию** - ұзақ мерзімді несие беру жөніндегі операциялар
- операции по заимствованию** - өзара қарыз жөніндегі операциялар
- операции по инкассации** - инкассация операциялары, инкассалау операциялары
- операции по ипотечному кредиту** - ипотекалық кредит жөніндегі операциялар
- операции по консолидированию долга** - борышты шоғырландыру жөніндегі операциялар
- операции по кредитованию** - несиелендіру жөніндегі операциялар
- операции по переводу денег** - ақша аудару жөніндегі операциялар

- операции по перепродаже** - алып-сату операциялары
- операции по репорту** - репорт операциялары (*биржада*)
- операции по страхованию и перестрахованию** - сақтандыру және қайта сақтандыру операциялары
- операции по финансированию** - қаржыландыру жөніндегі операциялар
- операции портфельные** - қоржындық операциялар
- операции посреднические** - делдалдық операциялар
- операции предварительные** - алдын ала жасалатын операциялар
- операции регистратора ценных бумаг** - бағалы қағаздарды тіркеушінің операциялары
- операции рискованные** - тәуекелді операциялар
- операции ростовщические** - өсімқорлық операциялар
- операции рефинансирования** - қайта қаржыландыру операциялары
- операции с активами** - активтермен жасалатын операциялар (*нәтижелері салымшылар шоттарының жай-күйі туралы банк есеп-қисабында ескерілетін және активтермен - аванспен, қарызбен, несиелем байланысты мәміле*)
- операции с акциями** - акциялармен жасалатын операциялар
- операции с валютными ценностями** - валюталық құндылықтармен жасалатын операциялар
- операции с валютой** - валютамен жасалатын операциялар
- операции с валютой и драгоценными металлами национального банка** - ұлттық банктің валютамен және асыл металдармен жасайтын операциялары
- операции с векселями** - вексельдермен жасалатын операциялар
- операции с государственными обязательствами** - мемлекеттік міндеттемелермен жасалатын операциялар
- операции с дериватами** - дериваттармен (туынды бағалы қағаздармен) жасалатын операциялар
- операции с долговыми обязательствами** - борышкерлік міндеттемелермен жасалатын операциялар
- операции с драгоценными металлами и драгоценными камнями** - асыл металдармен және асыл тастармен жасалатын операциялар
- операции с иностранной валютой** - шетел валютасымен жасалатын операциялар
- операции с ипотечным кредитом** - ипотекалық кредитпен жасалатын операциялар
- операции с кредитными карточками** - кредиттік карталармен жасалатын операциялар
- операции с любыми ценными бумагами** - кез келген бағалы қағаздармен жасалатын операциялар
- операции с маржей** - маржамен жасалатын операциялар
- операции с небольшими партиями ценных бумаг** - бағалы қағаздардың шағын топтамасымен жасалатын операциялар
- операции с недвижимостью** - жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар
- операции с немедленной оплатой** - дереу ақысы төленетін операциялар
- операции с опционами** - опциондармен жасалатын операциялар
- операции с облигациями** - облигациялармен жасалатын операциялар
- операции с пассивами** - пассивтермен жасалатын операциялар (*нәтижелері банкінің, фирманың қаржы теңгерімінде пассив - қарыз, борышқорлық міндеттеме бабында есептелетін мәміле*)
- операции с производными инструментами на рынке ценных бумаг** - бағалы қағаздар нарығындағы туынды құралдармен жасалатын операциялар
- операции с федеральными фондами** - федералдық қорлармен жасалатын операциялар
- операции с финансовыми требованиями** - қаржы талаптарымен жасалатын операциялар
- операции с фондовыми ценностями** - қор құндылықтарымен жасалатын операциялар
- операции с ценными бумагами местных органов власти** - жергілікті билік органдарының бағалы қағаздарымен жасалатын операциялар
- операции с ценными бумагами на основе конфиденциальной информации** - құпия ақпарат негізінде бағалы қағаздармен жасалатын операциялар
- операции с ценными бумагами по лицевым счетам** - бағалы қағаздармен дербес шоттар бойынша жасалатын операциялар
- операции с ценными бумагами с расчетом в тот же день** - сол күні есептесетін бағалы қағаздармен жасалатын операциялар
- операции с чеками** - чектермен жасалатын операциялар
- операции сберегательных банков** - жинақ банктерінің операциялары
- операции сбытовые** - өткізім операциялары
- операции “своп”** - “своп” операциялары (*қайсыбір активті дереу жеткізу шартымен сатып алу немесе сату жөніндегі мәміле*)
- операции “своп” на рынке ценных бумаг** - бағалы қағаздар нарығындағы “своп” операциялары
- операции, связанные с банками** - банктермен байланысты операциялар
- операции, связанные с банковской деятельностью** - банк қызметімен байланысты операциялар
- операции слияния и поглощения компаний** - компаниялардың қосылу және жұтылу операциялары
- операции, смежные с банковскими операциями** - банк операцияларымен шектес операциялар
- операции со сбалансированным по срокам финансированием** - мерзім бойынша теңдестірілген қаржыландырумен байланысты жасалатын операциялар
- операции спекулятивные** - алып-сатарлық операциялар
- операции срочные** - мерзімдік операциялар
- операции ссудные** - несие операциялары
- операции, ставящие под риск значительную часть капитала банка** - банк капиталының едәуір бөлігін қатерге қоятын операциялар

- операции страховые** - сақтандыру операциялары
- операции таможенные** - кеден операциялары
- операции текущего платежного баланса** - ағымдағы төлем теңгерімі операциялары
- операции текущие** - ағымдағы операциялар
- операции типа “инжиниринг”** - “инжиниринг” тұрпатындағы операциялар
- операции трансфертные** - трансферт операциялары
- операции трастовые** - сенімгерлік операциялар
- операции учетные** - есеп операциялары
- операции факторные** - факторлық операциялар
- операции Федеральной резервной системы на открытом рынке** - Федералдық сақтық қор жүйесінің ашық нарықтағы операциялары
- операции фидуциарные** - фидуциарлық операциялар (*банк не басқа заңи тұлға бағалы қағаздарды сақтауға және басқаруға қабылдайтын операциялар*)
- операции финансовые** - қаржы операциялары
- операции фондовые** - қор операциялары
- операции форвардные** - форвардтық операциялар (*валюталарды күні бұрын келісілген бағам бойынша сатып алу келісімі, ол бүгін жасалады, бірақ валюталандыру (яғни келісімшартты орындау) келешектегі белгілі бір мерзімге шегеріледі*)
- операции форфейтные** - форфейттік операциялар (*қаржы-кредит операциясының арнаулы тұрпаты, қайсыбір ірі объектіні сату жағдайында пайдаланылады бір жағынан сатып алушы (импортишы) тауарды тиісті ақшалай ресурстары болмаса да сатып алады, ал сатушы (экспортшы) тауарды кредитке сата алмайды*)
- операции фьючерсные** - фьючерстік операциялар (*шикізат тауарларын, алтынды, валютаны, бағалы қағаздарды мәміле жасасылған сәттегі бағамен сатып алу-сату, ал сатып алынған тауарды келешекте жеткізу және оның ақысын төлеу жөніндегі мерзімді биржалық мәміле*)
- операции центрального банка на открытом рынке** - орталық банкінің ашық нарықтағы операциялары
- операции через агента** - агент арқылы жүзеге асырылатын операциялар
- операции через брокера** - делдал арқылы жүзеге асырылатын операциялар
- операции эмиссионные** - эмиссиялық операциялар
- операционист** - операционист, операция жүргізуші (*тапсырыскерге қызмет көрсетуші, салым қабылдаушы және төлем төлеуші банк қызметшісі*)
- операционист в банке** - банктегі операционист
- операционная деятельность** - операциялық іс-қимыл, операциялық әрекет
- операционная деятельность банка** - банктің операциялық қызметі
- операционная задача** - операциялық есеп, операциялық міндет (*алдағы операцияны есептеу және операцияны басқару жөніндегі міндет*)
- операционная зона банка** - банктің операциялық аймағы
- операционная карточка** - операциялық карточка
- операционная касса** - операциялық касса
- операционная касса банка** - банктің операциялық кассасы
- операционная обработка платежных документов** - төлем құжаттарын операциялық өңдеу
- операционная прибыль** - операциялық пайда
- операционная система ЭВМ** - электронды-есептеу машинасының операциялық жүйесі
- операционная совместимость** - операциялық сыйысымдылық, операцияларды қоса атқарушылық
- операционная совместимость кредитных карточек** - несие карточкаларының операциялық сыйысымдылығы
- операционная техника** - операциялық техника (*есеп айырысу-ақша операцияларын ресімдеу, жасау, оларды есепке алу, бақылау жөніндегі ережелер мен техникалық тәсілдердің жиынтығы*)
- операционная техника в банках** - банктердегі операциялық техника
- операционная эффективность банковского дела** - банк ісінің операциялық тиімділігі
- операционное место** - операциялық орын
- операционное руководство** - операциялық басшылық
- операционное руководство для торговой фирмы** - сауда фирмасы үшін операциялық басшылық (нұсқаулық)
- операционное столпотворение** - операциялық абырсабыр (қарбаластық) (*көбінесе өңделмеген ақпараттың жиналып қалуы салдарынан күнделікті операцияларды ресімдеудің баяулауы*)
- операционные активы** - операциялық активтер
- операционные доходы банка** - банктің операциялық табысы
- операционные доходы и расходы банков** - банктердің операциялық кірісі мен шығысы
- операционные доходы компании** - компанияның операциялық кірісі
- операционные издержки** - операциялық шығын
- операционные исполнительные сотрудники брокерской фирмы** - делдалдық фирманың операциялық атқарушы қызметкерлері
- операционные показатели** - операциялық көрсеткіштер
- операционные расходы** - операциялық шығыс
- операционные расходы банков** - банктердің операциялық шығысы
- операционные расходы компании** - компанияның операциялық шығысы
- операционные расходы, не связанные с выплатой процентов** - пайыз төлеумен байланысты емес операциялық шығыс
- операционные сборы в пользу биржи** - биржаның пайдасына операциялық алым
- операционные убытки** - операциялық залал
- операционный анализ** - операциялық талдау
- операционный бюджет** - операциялық бюджет

- операционный валютный риск** - операциялық валюталық тәуекел (қатер)
- операционный денежный поток** - операциялық ақша ағыны
- операционный день** - операциялық күн
- операционный день банка** - банктің операциялық күні
- операционный день на бирже** - биржадағы операциялық күн
- операционный департамент** - операциялық департамент
- операционный дневник** - операциялық күнделік
- операционный доход** - операциялық табыс
- операционный журнал** - операциялық журнал
- операционный журнал депозитария** - депозитарийдің операциялық журналы
- операционный зал** - операциялық құжыра
- операционный зал биржи** - биржаның операциялық құжырасы
- операционный капитал** - операциялық капитал
- операционный кодекс Лондонской фондовой биржи** - Лондон қор биржасының операциялық кодексі
- операционный коэффициент** - операциялық коэффициент
- операционный крах** - операциялық күйреу (1. банк қызметшісінің қатесі немесе клиент жағдайының нашарлауына байланысты банк операциясын жүзеге асырудың кідіртiлуi не кейiнге қалдырылуы; 2. қор биржасына қатысушының көбейе түскен операцияларды тиімді өңдеуге дәрменсіздігі)
- операционный кризис** - операциялық дағдарыс
- операционный левераж / левередж / леверидж** - операциялық левераж / левередж / леверидж (өнiмдi өндiруге жұмсалған толық шығындағы операциялық шығынның үлесі)
- операционный лизинг** - операциялық лизинг
- операционный лимит банка** - банктің операциялық шектелімі
- операционный маклер** - операциялық маклер
- операционный менеджер** - операциялық менеджер
- операционный остаток средств на чековом счете** - чек шотындағы қаражаттың операциялық қалдығы
- операционный отдел** - операциялық бөлім (делдалдық фирманың клирингімен, сауда мәмілесін жасасумен, реттеумен байланысты бүкіл құжат жұмысы жүргізілетін кеңсесі)
- операционный отдел банка** - банктің операциялық бөлімі
- операционный отдел брокерской фирмы** - брокерлік фирманың операциялық бөлімі
- операционный отдел брокерской фирмы, принимающий приказы клиентов по линиям связи** - брокерлік фирманың клиенттердің байланыс желісі бойынша бұйрықтарын қабылдаушы операциялық бөлімі
- операционный подход в управлении** - басқарудағы операциялық тәсілдеме
- операционный работник** - операциялық қызметкер
- операционный резерв банков** - банкінің операциялық сақтық қоры
- операционный риск** - операциялық тәуекел (қатер)
- операционный руководитель** - операциялық басшы (жетекші)
- операционный рычаг** - операциялық тұтқа (таза пайда шамасының сатылым деңгейіне үдемелі тәуелділігі)
- операционный сдвиг** - операциялық ілгерілеу
- операционный спрос на деньги** - ақшаға операциялық сұраныс
- операционный убыток** - операциялық залал
- операционный файл** - операциялық файл
- операция** - операция (1. бірыңғай экономикалық міндеттерді немесе мәселелерді шешу жөніндегі өзара байланысты іс-қимылдардың жиынтығы; кәсіпкерлік мәміле; 2. деректерді құрау және өңдеу барысында жүргізілетін есептік, ақпараттық рәсім; көшірмелер толтыру; 3. тіркеуші әрекетінің жиынтығы)
- операция андеррайтинг по принципу наибольших усилий гаранта** - кепілгердің барынша көп күш-жігер жұмсауы бойынша андеррайтинг операциясы (орналастырылмаған бағалы қағаздар қабылдау міндеттемесінсіз)
- погашение в рассрочку** - мәулеттік өтеу
- погашение в срок** - мерзімінде өтеу
- погашение в торговле фьючерсами** - саудада фьючерспен өтеу
- погашение векселя** - вексельді өтеу
- погашение взносами** - жарналармен өтеу
- погашение взыскания** - өндіріп алуды өтеу
- погашение внебюджетными фондами** - бюджеттен тыс қорлардың өтеуі
- погашение внеочередное** - кезектен тыс өтеу
- погашение внешнего долга** - сыртқы борышты өтеу
- погашение внешнего кредитования** - сыртқы несиелендіруді өтеу
- погашение внутреннего долга** - ішкі борышты өтеу
- погашение внутреннего кредитования** - ішкі несиелендіруді өтеу
- погашение внутреннего финансирования** - ішкі қаржыландыруды өтеу
- погашение выпуска новых облигаций за счет новых эмиссий** - жаңа облигациялар шығарылымын жаңа эмиссиялар есебінен өтеу
- погашение государственного долга** - мемлекеттік борышты өтеу
- погашение государственных займов** - мемлекеттік қарызды өтеу
- погашение денежного обязательства** - ақшалай міндеттемені өтеу (*компаниялардың, банктердің бір шаруашылық жүргізуші субъектіге еріксіз бірігуі*)
- погашение долга** - борышты өтеу (*борышты төлеу*)
- погашение долга банку** - банкке борышты өтеу
- погашение долга в рассрочку** - борышты мерзімін ұзартып өтеу, борышты бөліп-бөліп өтеу, борышты мәулеттік өтеу
- погашение долга коммерческим банкам и фирмам** - коммерциялық банктер мен фирмаларға борышты өтеу
- погашение долга международным организациям развития** - халықаралық даму ұйымдарына борышты өтеу
- погашение долга международным финансовым организациям** - халықаралық қаржы ұйымдарына борышты өтеу

- погашение долга Нацбанку** - Ұлттық банкке борышты өтеу
- погашение долга перед банками второго уровня** - екінші деңгейдегі банктерге борышты өтеу
- погашение долга по долгосрочным государственным ценным бумагам** - ұзақ мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша борышты өтеу
- погашение долга по краткосрочным государственным ценным бумагам** - қысқа мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша борышты өтеу
- погашение долга по среднесрочным государственным ценным бумагам** - орта мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша борышты өтеу
- погашение долга поставками продукции** - борышты өнім жеткізілімімен өтеу
- погашение долга правительствам иностранных государств** - шет мемлекеттердің үкіметтеріне борышты өтеу
- погашение долгов перед бюджетом** - бюджетке борышты өтеу
- погашение долгового обязательства** - борыш міндеттемесін өтеу
- погашение долговой ценной бумаги** - борыштық бағалы қағазды өтеу
- погашение долгосрочных государственных ценных бумаг** - ұзақ мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздарды өтеу
- погашение долгосрочных займов** - ұзақ мерзімді қарыздарды өтеу
- погашение досрочное** - мерзімінен бұрын өтеу
- погашение задолженности** - берешекті өтеу
- погашение задолженности по внешним займам** - сыртқы қарыздар бойынша берешегін өтеу
- погашение задолженности по выплате пенсий** - зейнетақы төлеу бойынша берешекті өтеу
- погашение займа** - қарызды өтеу (*несиегерге борыш-қор-мемлекеттің мемлекеттік борыш сомасын мерзімі өткеннен кейін қайтаруы*)
- погашение займов коммерческих банков** - коммерциялық банктердің қарызын өтеу
- погашение закладной** - кепілхатты өтеу
- погашение золотом** - алтынмен өтеу
- погашение комиссионных сборов банков** - банктердің комиссиялық алымдарын өтеу
- погашение краткосрочных государственных ценных бумаг** - қысқа мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздарды өтеу
- погашение кредита** - несиені өтеу
- погашение купонов** - купондарды өтеу
- погашение накопившегося сальдо** - жинақталған сальдоны өтеу
- погашение налоговой задолженности умершего физического долга** - қайтыс болған жеке тұлғаның салық берешегін өтеу
- погашение недоимок** - бересіні өтеу
- погашение облигаций** - облигацияларды өтеу
- погашение обязательное** - міндетті түрде өтеу
- погашение обязательств по кредиту** - кредит бойынша міндеттемелерді өтеу
- погашение овердрафта** - овердрафтты өтеу
- погашение основной суммы** - негізгі соманы өтеу
- погашение платежей** - төлемдерді өтеу
- погашение по займам, гарантированным правительством** - үкімет кепілдік берген қарыз бойынша өтеу
- погашение по номинальной стоимости** - атаулы құн бойынша өтеу
- погашение при неликвидности** - өтімсіздік кезінде өтеу
- погашение просроченных процентов** - мерзімі өткен пайызды өтеу
- погашение процентов** - пайызды өтеу
- погашение сертификатов (бланков) ценных бумаг** - бағалы қағаздар сертификаттарын (бланкілерін) өтеу
- погашение сертификатов ценных бумаг при проведении глобальных операций** - бағалы қағаздар сертификаттарын ғаламдық операциялар жүргізу кезінде өтеу
- погашение среднесрочных государственных ценных бумаг** - орта мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша борышты өтеу
- погашение ссуды** - несиені өтеу
- погашение ссуды периодическими платежами** - несиені дүркіндік төлеммен өтеу
- погашение ссуды путем новых заимствований** - несиені жаңадан қарыз алу жолымен өтеу
- погашение страховых обязательств** - сақтандыру міндеттемелерін өтеу
- погашение счета** - шотты өтеу
- погашение финансовыми учреждениями** - қаржы мекемелерінің өтеуі
- погашение финансовых обязательств** - қаржы міндеттемелерін өтеу
- поглощение** - жұтылу, жұту, қосып алу (*бір кәсіпорынның екінші кәсіпорынды оның акционерлік капиталының 50 пайыздан астамын сатып алу жолымен бақылауға алуы*)
- поглощение агрессивное** - басқыншылықпен жұтылу
- поглощение враждебное** - дұшпандықпен жұтылу, дұшпандықпен қосып алу (*нарықта компанияның акцияларын сатып алу жолымен оны бақылауға тырысу әрекеті*)
- поглощение компании** - компанияның жұтылуы
- поглощение компании путем распродажи ее активов, не приносящих прибыли** - пайда келтірмейтін активтерін сатып жіберу арқылы компанияның жұтылуы
- поглощение компании с целью распродажи ее акций по частям для получения прибыли** - компанияны пайда алу үшін оның акцияларын көтере сату мақсатымен қосып алу
- поглощение компаний, чьи акции на рынке котируются ниже стоимости активов** - нарықта акциялары

активтердің құнынан төмен бағамен бағаланатын компанияны қосып алу

поглощение обратное - кері жұтылу

поглощение путем приобретения ценных бумаг или основного капитала - бағалы қағаздарды немесе негізгі капиталды сатып алу жолымен қосып алу

поглощение с помощью заемных средств - қарыз қаражаты арқылы қосып алу (*компанияның акцияларын қарыз қаражаты есебінен сатып алу*)

поглощение средств - қаражаттың жұтылуы

погоня за акциями на бирже - биржада акцияларды күйттеу

погоня за прибылью - пайданы күйттеу

погоня за рентой - рентаны күйттеу

“погружение” - “батыру”, “құрдымға бату” (*жаргон сөз: биржада бағаның аз уақытқа кідіруі немесе төмендеу жағғына қарай аздап өзгеруі*)

“погружение” на рынке ценных бумаг - нарықта бағалы қағаздың “батырылуы” (*бағалы қағаз бағасының аздап төмендеуі*)

погруженный капитал - құрдымға батқан капитал (*құндылығы жоқ активтерді сатып алуға жұмсалған ақша*)

погрязнуть в долгах - борышқа белшесінен бату

погрязший в долгах - борышқа белшесінен батқан

под гарантию - кепілдік кепілімен

под залог - кепілзат кепілімен

под запретом - тыйым салынған

под защитой закона - заңның қорғауымен

под личную ответственность - жеке жауапкершілігімен

под нагрузкой - жүктемелі

под надзором - қадағалауда

под обеспечение - қамтамасыз ету кепілдігімен

подавать запрос о котировке ценных бумаг - бағалы қағаздардың бағасын белгілеу туралы сұрау салу

подавать заявку на приобретение акций - акцияларды сатып алуға өтінім беру

подавать заявку о подписке на акции - акцияларға жазылыс туралы өтінім беру

подавать заявление - арыз беру

подавать заявление о подписке на ценные бумаги - бағалы қағаздарға жазылыс туралы өтінім беру

подавать кассацию - шағым беру

подавленные процентные ставки - қысымға түскен пайыздық мөлшерлеме, қысыммен төмендетілген пайыздық мөлшерлеме

подавленные финансовые системы - қысымға түскен қаржы жүйесі

подавленные цены - қысымға түскен баға

подавляемая инфляция - тұқыртылатын инфляция

податель - тапсырушы, ұсынушы

податель апелляции - апелляция беруші

подача апелляции на решение суда - соттың шешімі жөнінде шағым беру

подача в отставку - қызметтен кетуге өтінім беру

подача в суд - сотқа беру

подача дело в арбитраж - істі төрелікке беру

подача документов на получение лицензии - лицензия алуға құжаттар беру

подача жалобы - шағым беру

подача заказов - тапсырыстар беру

подача заявки - өтінім беру

подача заявления - өтінім беру

подача заявления о несостоятельности - дәрменсіздік туралы өтінім беру

подача заявления о приеме в члены - мүшелікке қабылдау туралы өтінім беру

подача заявок на определенные суммы членами европного аукциона без приглашения - еуронота аукцион мүшелерінің шақырылмай белгілі бір сомаға өтінім беруі

подача искового заявления - талап арыз беру

подача кассации - кассация беру

подача конкурентных предложений на распространение выпуска ценных бумаг - бағалы қағаздар шығарылымын таратуға бәсекелі ұсыныстар беру

подача письменного предложения - жазбаша ұсыныс беру

подача ходатайства - өтінім беру, қузаухат беру

подбор - іріктелім, іріктеу

подбор и набор персонала - қызметкерлерді іріктеу және жинау

подбор и расстановка кадров - кадрларды іріктеу және орналастыру

подбор кадров - кадрларды іріктеу

подбор кадров управления - басқару кадрларын іріктеу

подбор купюр необходимого номинала - қажетті атаулы купюраларды іріктеу

подбор партнеров - серіктестерді іріктеу

подбор персонала - қызметкерлер құрамын іріктеу

“подвал” - “төле” (*банктегі қолма-қол ақша сақталатын және депозиттер сақтайтын сейфтер орналасқан үлкен үй-жай немесе бірнеше үй-жай*)

подвал для хранения ценностей - құндылықтарды сақтауға арналған төле

подведение - нәтижелену, шығару, келтіру, қорытындылау

подведение баланса - теңгерімге келтіру

подведение итогов - қорытынды шығару

подведение итогов за отчетный период - есепті кезең қорытындысын шығару

подведение итогов операций - операциялардың қорытындысын шығару

подведомственность - идаралық бағыныстылық

подведомственный орган - идаралық бағыныстағы орган, идараға қарасты орган

подвергать взысканию - өндіріп алу

подвергать рейтингу - рейтингіге тарту

подвергать экспертизе - сараптау, сараптауға салу

подвергаться испытанию - сыналу

подвергнуть проверке - тексеруге алу, тексеру

подверждение осмотра - тексермелеуден өткізу

- подвержение штрафа** - айыппұл салыну
- подверженность банков коллапсу** - банктердің тұралағыштығы
- подверженность риску разрыва в сроках погашения** - өтеу мерзіміндегі алшақтық қатеріне ұшыраушылық
- подвести счет** - шоттың қорытындысын шығару
- подвижная цена** - жылжымалы баға
- подводить** - келтіру, қорытындысын шығару
- подводить итоги работы** - жұмыстың қорытындысын шығару
- подвох в инвестициях** - инвестициядағы қулық-сұмдық
- подготовка бюджета с нуля** - бюджетті нөлден дайындау (*басталатын жыл бюджетінің есебін нөлден бастау*)
- подготовка диспаша** - диспаша дайындау
- подготовка документа** - құжат дайындау
- подготовка документации** - құжаттама дайындау
- подготовка заблаговременная** - күнібұрын дайындау
- подготовка законопроекта** - заң жобасын дайындау
- подготовка заявки** - өтінімді дайындау
- подготовка инвестиционных проектов** - инвестициялық жобаларды дайындау
- подготовка к принятию законных мер** - заңды шаралар қабылдауға дайындық
- подготовка к проверке** - тексеруге дайындық
- подготовка кадров** - кадрларды даярлау
- подготовка контракта** - келісімшартты дайындау
- подготовка котировки** - баға белгіленімін дайындау
- подготовка отчета** - есеп дайындау, есептеме дайындау
- подготовка плана** - жоспарды дайындау
- подготовка предложения** - ұсыныс дайындау
- подготовка пресс-релиза** - баспасөз хабарламасын дайындау
- подготовка программы** - бағдарламаны дайындау
- подготовка профессиональная** - кәсіби даярлау
- подготовка руководителей** - басшыларды даярлау
- подготовка руководящих кадров** - басшы кадрларды даярлау
- подготовка специалистов** - мамандарды даярлау
- подготовка среднего руководящего персонала** - орта буын басқарушы қызметкерлерді даярлау
- подготовка эмиссии** - эмиссияны дайындау
- подготовка юридических документов** - заңи құжаттарды дайындау
- подающиеся оценке финансовые последствия** - бағалауға көнетін қаржы салдарлары
- подделка банкнот** - банкнотты қолдан жасау
- подделка бухгалтерских данных** - бухгалтерлік деректерді қолдан жасау
- подделка бухгалтерских записей** - бухгалтерлік жазбаларды жалған жазу
- подделка векселя** - вексельді қолдан жасау
- подделка денежных документов** - жалған ақша құжаттарын жасау
- подделка денежных знаков** - жалған ақша белгілерін жасау
- подделка документов** - құжаттарды қолдан жасау
- подделка монет** - мәнәтті қолдан жасау
- подделка подписи** - жалған қол қою
- подделка результатов** - жалған нәтижелер жасау
- подделка результатов голосования** - дауыс беру нәтижелерін қолдан жасау
- подделка суммы чека** - чек сомасын қолдан жасау
- подделка счета** - шотты қолдан жасау
- подделка чека** - чекті қолдан жасау
- подделывание** - қолдан жасау
- подделывание подписи** - жалған қол қою
- подделыватель** - жалған (қолдан) жасаушы
- подделыватель чеков** - чектерді жалған (қолдан) жасаушы
- подделывать** - жалған (қолдан) жасау
- подделывать вексель** - вексельді жалған (қолдан) жасау
- подделывать подпись** - жалған қол қою
- подделывать счет** - шотты жалған (қолдан) жасау
- подделывать чек** - чекті жалған (қолдан) жасау
- поддельная акция** - жалған (қолдан) жасалған акция
- поддельная банкнота** - жалған (қолдан) жасалған банкнот
- поддельная валюта** - жалған (қолдан) жасалған валюта
- поддельная денежная купюра с увеличенной суммой** - сомасы көбейтілген жалған ақша купюрасы
- поддельная карта** - жасанды карта
- поддельная кредитная карточка** - жалған кредит карточкасы
- поддельная монета** - жалған мәнәт
- поддельная подпись** - жалған қол қою
- поддельные деньги** - жалған ақша
- поддельный** - жалған (*қолдан жасалған*)
- поддельный денежный документ** - жалған (қолдан жасалған) ақша құжаты
- поддельный дивиденд** - жалған дивиденд
- поддельный индоссамент** - жасанды индоссамент, жалған индоссамент
- поддельный чек** - жасанды чек, жалған чек
- поддельный чек, в котором увеличена сумма** - сомасы көбейтілген жалған чек
- поддержание** - қолдау, ұстау, сақтау
- поддержание доходности** - табыстылықты қолдау
- поддержание курса** - бағамды қолдау (*биржада*)
- поддержание курсов с помощью операций на рынке** - бағамды нарықтағы операциялардың көмегімен қолдау
- поддержание курсов ценных бумаг** - бағалы қағаздар бағамын қолдау
- поддержание минимального остатка** - ең төмен қалдықты қолдау, ең төмен қалдықта ұстау
- поддержание минимального остатка на банковском счете** - банк шотындағы ең аз қалдықты қолдау
- поддержание порядка** - тәртіп сақтау

- поддержание реальной стоимости валютных курсов** - валюта бағамының нақты құнын қолдау
- поддержание розничных цен** - бөлшек сауда бағасын қолдау
- поддержание розничных цен на определенном уровне** - бөлшек сауда бағаларын белгілі бір деңгейде ұстау
- поддержание рынка ценных бумаг** - бағалы қағаздар нарығын қолдау
- поддержание стабильности банковской системы** - банк жүйесінің тұрақтылығын қолдау
- поддержание стабильности курса ценной бумаги с помощью рыночных операций** - бағалы қағаздар бағамының тұрақтылығын нарықтық операциялардың көмегімен қолдау
- поддержание текущей доходности** - ағымдағы табыстылықты қолдау
- поддержание тенденции** - үрдісті қолдау
- поддержание уровня доходов** - табыс деңгейін қолдау
- поддержание уровня цен** - баға деңгейін қолдау
- поддержание цен** - бағаны қолдау
- поддерживаемая акция** - қолдаулы акция
- поддерживаемая маржа** - қолдаулы маржа
- поддерживание** - қолдау
- поддерживание порядка** - тәртіпті қолдау
- поддерживание продажи** - сатуды қолдау
- поддерживание проекта** - жобаны қолдау
- поддерживание равновесия** - тепе-теңдікті қолдау
- поддерживание резолюции** - қарарды қолдау
- поддерживание связей** - байланыстарды қолдау
- поддерживать валютный курс** - валюта бағамын қолдау
- поддерживать золотой стандарт** - алтын стандартын қолдау
- поддерживать курс валюты выше золотой точки** - алтын межелінен жоғары валюта бағамын қолдау
- поддерживать курс путем скупки акций** - акцияларды сатып алу жолымен бағамды қолдау
- поддерживать на паритете с золотом** - алтынмен тепе-теңдікте (бара-барлықта) қолдау
- поддерживать цены** - бағаны қолдау
- поддерживать цены на рынке** - нарықта бағаны қолдау
- поддерживающая маржа** - қолдаушы маржа
- поддерживающие заработки** - қолдаушы табыс
(дивидендтер төленгеннен кейін бизнеске салу үшін ұсталатын таза пайда)
- поддерживающие облигации** - қолдаушы облигациялар
- поддерживающий спрос** - қолдаушы сұраныс
- поддержка** - қолдау
- поддержка взаимная** - өзара қолдау
- поддержка государственная** - мемлекеттік қолдау
- поддержка действенная** - пәрменді қолдау
- поддержка деловых отношений** - іскерлік қарым-қатынасты қолдау
- поддержка денежная** - ақшалай қолдау
- поддержка запродаж** - күні бұрын сатуды қолдау
- поддержка заявки на получение визы** - рұқсатнама алуға өтінімді қолдау
- поддержка и наполнение рынка ценных бумаг** - бағалы қағаздар нарығын қолдау және толықтыру
- поддержка инициативы** - бастаманы қолдау
- поддержка информационная** - ақпараттық қолдау
- поддержка кандидатуры** - кандидатураны қолдау
- поддержка капиталом** - капиталмен қолдау
- поддержка контактов** - байланысты қолдау
- поддержка кредитом** - кредитпен қолдау
- поддержка курса акций** - акциялардың бағамын қолдау
- поддержка курса акций путем операций на открытом рынке** - ашық нарықта жасалатын операциялар арқылы акциялардың бағамын қолдау
- поддержка курса акций путем скупки их группой заинтересованных лиц** - мүдделі адамдар тобының акцияларды сатып алуы жолымен олардың бағамын қолдау
- поддержка курса искусственно** - бағамды жасанды түрде қолдау
- поддержка курса ценных бумаг** - бағалы қағаздар бағамын қолдау
- поддержка ликвидности** - өтімділікті қолдау
- поддержка одной из сторон в суде** - сотта тараптардың бірінің қолдауы
- поддержка правовая** - құқықтық қолдау
- поддержка программы** - бағдарламаны қолдау
- поддержка профессиональная** - кәсіби қолдау
- поддержка резолюции** - қарарды қолдау
- поддержка со стороны банков** - банктер тарапынан қолдау
- поддержка требования** - талапты қолдау
- поддержка устойчивого уровня цен** - бағаның орнықты деңгейін ұстап тұру
- поддержка финансовая** - қаржылық қолдау
- поддержка цен** - бағаны қолдау
- поддержка цен на определенном уровне** - бағаны белгілі бір деңгейде ұстау
- поддержка цен на рынке** - нарықта бағаны ұстап тұру
- поддержка ценовая** - бағамен қолдау
- поддержка чести** - абыройын қолдау
- поддержка экономическая** - экономикалық қолдау
- поддержка юридическая** - заңи қолдау
- поденная заработная плата** - күндік жалақы
- поденная оплата труда** - күндік еңбекақы
- поденная работа** - күндік жұмыс
- поденно** - күнбе-күнгі сыйақы, күндік сыйақы
- поденщик** - күндікші
- поденщина** - күндікшілік
- подзаемщик** - кіші қарызгер, қосалқы қарызгер
- подзаконные акты** - заңға тәуелді актілер, заңнан туындаған актілер
- подзаконные нормативные акты** - заңға тәуелді нормативтік актілер

подиум - подиум (*биржа залында әкімшіліктің ресми хабарландыруына арналған орын*)

“подкидывание ежей” - “астына кірпі тастау”
(*компанияның жұтылудан құтылу мақсатында қолданатын шаралары*)

подклассы по экономической классификации расходов - шығыстардың экономикалық сыныптамасы бойынша ішкі сыныптар

подконтрольная другой отрасли финансовая компания - басқа саланың бақылауындағы қаржы компаниясы

подконтрольная страховая компания - бақылаудағы сақтандыру компаниясы

подконтрольность обеспечения - қамтамасыз етудің бақылауға алынатындығы

подконтрольный - бақылауындағы, бақылауға алынған

подконтрольный счет - бақылаудағы шот

подкрепление оборотной кассы банка - банктің айналым кассасын қосымша нығайту

подкрепления кассовые - кассаны қосымша нығайту

подкрепленный документами - құжаттармен беркітілген (*мыс., вексель*)

подкуп - параға жығу, параға сатып алу

подкуп должностных лиц - лауазымды адамдарды параға жығу

подлежать взысканию - өндіріп алынуға тиіс

подлежать возврату по первому требованию - алғашқы талап ету бойынша қайтарылуға тиіс

подлежать выплате - төленуге тиіс

подлежать обложению сбором - алым салынуға тиіс

подлежать оплате - ақы төленуге тиіс

подлежать оплате до востребования - талап етілмелі түрде төленуге тиіс

подлежать погашению - өтелуге тиіс

подлежать скидке - шегерілуге тиіс

подлежать уплате казначейству - қазынашылыққа төленуге тиіс

подлежать юрисдикции - заңи хукімге қарасты болу

подлежащее погашению - өтелуге тиіс

подлежащие оплате варранты - төленуге тиіс варранттар

подлежащие оплате доходные облигации - төленуге тиіс табысты облигациялар

подлежащие оплате срочные варранты - төленуге тиіс мерзімді варранттар

подлежащие оплате срочные облигации - төленуге тиіс мерзімді облигациялар

подлежащие получению из банков депозиты до востребования - банктерден алынуға тиіс талап етілмелі депозиттер

подлежащие уплате по договору - шарт бойынша төленуге тиіс

подлежащие уплате проценты - пайыз төленуге тиісті

подлежащий - тиісті

подлежащий взысканию - өндіріп алынуға тиісті, төлеттіруге тиісті

подлежащий взысканию до наступления срока

платежа - төлем мерзімі басталғанға дейін өндіріп алынуға тиісті

подлежащий возмещению - орны толтырылуға тиісті

подлежащий выкупу - өтеуі төленіп алынуға тиісті

подлежащий выкупу в обмен на привилегированные акции - артықшылықты акцияларға айырбастау үшін өтеуі төленіп алынуға тиісті

подлежащий выплате - төленуге тиісті

подлежащий вычету - шегерілуге тиісті

подлежащий доставке - жеткізілуге тиісті

подлежащий изъятию - алынуға тиіс (*салым туралы*)

подлежащий изъятию посредством чека - чек

арқылы алынуға тиісті (*шот туралы*)

подлежащий инкассации - инкассолануға тиісті

подлежащий налогообложению - салық салынуға тиісті

подлежащий обложению налогом - салық салынуға тиісті

подлежащий обложению пошлиной - баж салынуға тиісті

подлежащий обложению сбором - алым салынуға тиісті

подлежащий обложению штрафом - айыппұл салынуға тиісті

подлежащий обмену на золотые слитки - алтын құймаға айырбасталуға тиісті (*банкнот туралы*)

подлежащий оплате - төленуге тиісті

подлежащий оплате в связи с наступлением срока - мерзімі басталуына байланысты төленуге тиісті

подлежащий оплате переводный вексель - аударма вексель төленуге тиісті

подлежащий оплате по курсу, указанному на обороте векселя - вексельдің сыртқы бетінде

көрсетілген бағам бойынша төленуге тиісті

подлежащий оплате предъявителю - көрсетушіге төленуге тиісті

подлежащий оплате с включением расходов по инкассо - инкассо бойынша шығысты қоса отырып

төленуге тиісті

подлежащий оплате через кассу - касса арқылы төленуге тиісті

подлежащий отмене - күші жойылуға тиісті

подлежащий переучету - қайта есептелуге тиісті

подлежащий погашению - өтелуге тиісті

подлежащий погашению в рассрочку - мәулеттік өтелуге тиісті

подлежащий погашению по первому требованию - алғашқы талап ету бойынша өтелуге тиісті (*бағалы қағаздар туралы*)

подлежащий получению - алынуға тиісті

подлежащий предварительной оплате - алдын ала төленуге тиісті

подлежащий распределению чистый доход - бөлінуге тиіс таза табыс

подлежащий уплате по нарицательной стоимости - көрсетулі құн бойынша төленуге тиісті

- подлежащий уплате по приказу** - бұйрық бойынша төленуге тиісті
- подлежащий утверждению** - бекітілуге тиісті
- подлежит оплате по месту жительства** - тұрғылықты жері бойынша төленуге тиіс
- подлинная банковская ликвидность** - банктің шынайы өтемпаздығы
- подлинная ликвидность банка** - банктің шынайы өтемпаздығы
- подлинная монета** - шынайы мәнет
- подлинная подпись** - шын қойылған қол, шын қолтаңба
- подлинная ставка процента** - шынайы пайыз мөлшерлемесі
- подлинная цена** - шынайы баға
- подлинная ценность акции или облигации** - акцияның немесе облигацияның шынайы құндылығы
- подлинник документа** - құжаттың түпнұсқасы
- подлинник письма** - хаттың түпнұсқасы
- подлинник счета** - шоттың түпнұсқасы
- подлинность** - түпнұсқалық
- подлинность аккредитива** - аккредитивтің шынайылығы
- подлинность документов** - құжаттардың түпнұсқалығы
- подлинность подписи** - қойылған қолдың шынайылығы
- подлинные акции** - шынайы акциялар
- подлинные деньги** - шынайы ақша
- подлинный** - шынайы
- подлинный владелец ценной бумаги, зарегистрированной на другое имя** - басқа есімге тіркелген бағалы қағаздың шынайы иеленушісі
- подлинный и действительный** - шынайы және қолданыстағы
- подлог** - қолдан жасалған, жалған, жалғандық (*түпнұсқаны қолдан жасау немесе жалған құжаттар жасау*)
- подлог документов** - жалған жасалған құжаттар
- подлог должностной** - лауазымдық жалғандық
- подлог служебный** - қызмет бабында жалған құжат жасау
- подлог, совершаемый частным лицом** - жеке адам жасаған жалған құжат
- подложный** - жалған
- поднимать** - көтеру (*мыс., несие мөлшерлемесі*)
- поднимать цену** - бағаны көтеру
- подниматься в цене** - бағасы көтерілу
- поднимающееся дно** - көтеріліп келе жатқан түп (*тауардың не бағалы қағаздың төмен бағасының көтерілу беталысын көрсететін кестенің техникалық үлгісі*)
- поднятие престижа** - беделін көтеру
- поднятие уровня цен** - баға деңгейін көтеру
- поднятие цен** - бағаны көтеру
- подолларово-помесечный” расчет** - “долларлық-айлық” есеп айырысу (*ай сайын долларлай есеп айырысу*)
- подорванный кредит** - беделі түскен кредит
- подорожание** - қымбаттау
- подотчетная сумма** - есеп берілетін сома
- подотчетное лицо** - есеп беретін адам, жауапты адам (*алдағы шығын үшін есеп беру кепілдігімен ақша алған адам*)
- подотчетность** - есеп берушілік
- подотчетный ссудный капитал** - есеп берілетін несие капиталы
- подоходный** - табыс, табыстық
- подоходный налог** - табыс салығы (*табысқа салынатын тікелей салық*)
- “подоходный налог к оплате”** - “төленуге тиіс табыс салығы”
- подоходный налог на капиталовложения** - күрделі жұмсалымға салынатын табыс салығы
- подоходный налог на прибыль** - пайдаға салынатын табыс салығы
- подоходный налог на прирост капитала** - капитал өсіміне салынатын табыс салығы
- подоходный налог с корпораций** - корпорациялардан алынатын табыс салығы
- подоходный налог с физических лиц** - жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы
- подоходный налог с физических лиц, удерживаемый у источника выплаты** - жеке тұлғалардан төлем көздерінен ұсталатын табыс салығы
- подоходный налог с юридических лиц** - заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы
- подоходный налог с юридических лиц, удерживаемый у источника выплаты** - заңды тұлғалардан төлем көздерінен ұсталатын табыс салығы
- подоходный налог с юридических лиц-резидентов** - резидент-заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы
- подоходный налог, взимаемый путем регулярных вычетов из зарплаты** - жалақыдан үнемі шегеру жолымен алынатын табыс салығы
- подошва** - ұлтан (*нақты ұлттық өнім көлемі ең төмен мәнге жететін экономикалық цикл кезеңі*)
- подпадать под действие контракта** - келісімшарт әрекетінің аясына түсу
- подпадение под закон** - заң аясына түсу
- подпадение под юрисдикцию** - заңи хұкімнің аясына түсу
- подписание** - қол қою
- подписание акта** - актіге қол қою
- подписание акцепта** - акцептіге қол қою
- подписание договора** - шартқа қол қою
- подписание документов** - құжаттарға қол қою
- подписание конвенции** - конвенцияға қол қою
- подписание контракта** - келісімшартқа қол қою
- подписание протокола** - хаттамаға қол қою
- подписание соглашения** - келісімге қол қою
- подписанный** - қол қойылған
- подписанный акцепт** - қол қойылған акцепті
- подписи на банковских документах** - банк құжаттарындағы қойылған қолдар (*құжаттың міндетті деректемелерінің бірі*)

подписка - жазылыс, жазылым (*жаңа шығарылған бағалы қағаздарды сатып алу ниеті көрсетілетін келісім; жазылушы берген міндеттеме*); 2. тілхат, қолхат

подписка за наличные - қолма-қол ақшаға жазылыс

подписка закрыта - жазылыс жабылды (*қарызхатқа жазылушылардың жеткілікті саны жиналғанда жабылды деп жариялау*)

подписка закрытая - жабық жазылыс

подписка на акции - акцияларға жазылыс

подписка на заем - қарызхатқа жазылыс

подписка на краткосрочные ценные бумаги - қысқа мерзімді бағалы қағаздарға жазылыс

подписка на облигации - облигацияларға жазылыс

подписка на облигации компании - компанияның облигацияларына жазылыс

подписка на ценные бумаги корпорации - корпорацияның бағалы қағаздарына жазылыс

подписка на ценные бумаги сверх намеченной суммы - бағалы қағаздарға ұйғарылған сомадан артық жазылу

подписка на ценные бумаги сверх предлагаемой суммы - бағалы қағаздарға ұсынылатын сомадан тыс жазылыс

подписка открытая - ашық жазылыс

подписка первоначальная - бастапқы жазылым

подписка предварительная - алдын ала жазылым

подписка путем обмена ценных бумаг - бағалы қағаздарды айырбастау жолымен жазылыс

подписка разовая - бір жолғы жазылым

подписка тратты по доверенности - траттаға сенімхат бойынша жазылу

подписка чека - чекке қол қою

подписки на ценные бумаги - бағалы қағаздарға жазылыс

подписная цена - жазылыс бағасы, жазылыстық баға

подписная цена на акции - акциялардың жазылыстық бағасы

подписная эмиссия ценных бумаг - бағалы қағаздарды жазылыспен шығару

подписное право - жазылыс құқығы, жазылыстық құқық

подписной акционерный капитал - акционерлік жазылыс капиталы

подписной бонус - қол қойылатын бонус, жазылыс бонусы

подписной варрант - жазылыс варранты

подписной капитал - жазылыс капиталы

подписной капитал Международной валютно-финансовой организации - Халықаралық валюта-қаржы ұйымының жазылыс капиталы

подписной коэффициент - жазылыс коэффициенті

подписной лист - жазылыс парағы, қол қойылатын парак (*жазылушының міндеттемеде көрсетілген шарттар негізінде акциялардың белгілі бір санын сатып алу жөніндегі міндеттемесі*)

подписной лист на акции - акцияға жазылу парағы

подписной сертификат - жазылыс сертификаты

подписной сертификат, удостоверяющий право на подписку - жазылысқа құқықты куәландыратын жазылыс сертификаты

подписные акции - жазылыстық акциялар

подписные права - жазылыс құқықтары

подписчик - жазылушы, жаздырушы, жазылыскер

подписчик биржевого опциона - биржалық опционға жазылушы

подписчик на акции - акцияларға жазылушы

подписчик на заем - қарызхатқа жазылушы

подписчик на ценные бумаги - бағалы қағаздарға жазылушы

подписчик по облигационному займу - облигациялық қарызхат бойынша жазылушы

подписываемый рефери документ о разделе - бөлу туралы қол қойылатын рефери құжат

подписывание - қол қою

подписывание акта - актіге қол қою

подписывание документа - құжатқа қол қою

подписывание по доверенности - сенімхат бойынша қол қою

подписывание протокола - хаттамаға қол қою

подписывать акцепт - акцептіні жаздырып алу

подписывать вексель - вексельді жаздырып алу

подписывать долговое обязательство - борышкерлік міндеттемені жаздырып алу

подписывать чек - чекке жазылу

подписываться - жазылу

подписываться на акции - акцияларға жазылу

подписываться на заем - қарызхатқа жазылу

подписываться на определенную сумму - белгілі бір сомаға жазылу

подписываться на ценные бумаги - бағалы қағаздарға жазылу

подписываться сверх лимита - лимиттен тыс жазылу

подпись - қол қою, қойылған қол, қолтаңба

подпись агента, не имеющего полномочий - өкілеттігі жоқ агенттің қол қоюы

подпись бланковая - бланкіге қойылған қол

подпись в виде крестика - крестик түріндегі қойылған қол

подпись векселедателя - вексель берушінің қойған қолы

подпись вторая - екінші қол

подпись заверенная - расталған қол қою

подпись значком - белгішелі қол қою

подпись на банковских документах - банк құжаттарындағы қолтаңба / қойылған қол

подпись на векселе - вексельдегі қойылған қол

подпись на расчетно-денежных документах - есеп айырысу-ақша құжаттарындағы қолтаңба / қойылған қол

подпись на расчетно-кредитных документах - есеп айырысу-кредит құжаттарындағы қолтаңба / қойылған қол

подпись первая - бірінші қол

подпись по доверенности - сенімхат бойынша қол қою
подпись поддельная - жалған қол қою
подпись подлинная - шынайы қол қою
подпись собственноручная - өз қолымен қойған қол
подпись совместная - бірлескен қол қою
подпись удостоверенная - куәландырылған қол қою
подпись, удостоверяющая другую подпись - басқа қойылған қолды куәландыратын қол қою
подпись уполномоченного агента - уәкілетті агенттің қол қоюы
подпись уполномоченного лица - уәкілетті тұлғаның қойған қолы
подпись факсимильная - факсимилелік қойылған қол
подпись чекодателя - чек берушінің қол қоюы
подпись электронно-цифровая - электрондық-цифрлық қолтаңба
“подпитка по каплям” - “тамшылатып қоректендіру”
(1. компанияның жобаны әуел бастан бірден қомақты ақшалай сома беріп қаржыландырудың орнына кезең-кезеңмен бірте-бірте қаржыландыруы;
2. уақытты созып, шағын көлемді сыбағамен инвестициялау идеологиясы)
подпольная экономика - астыртын экономика
подпольные сделки - астыртын мәмілелер
подпольный маклер - астыртын маклер
подпрограмма - шағын бағдарлама
подпункт - тармақша
подразделение - бөлімше *(кәсіпорынның, мекеменің бір бөлігі және соларға қатысты қызметкерлер)*
подразделение в менеджменте - менеджменттегі бөлімше
подразделение в трстовой компании - сенімгерлік компаниядағы бөлімше
подразделение компании, самостоятельно получающее прибыль - компанияның пайданы дербес алушы бөлімшесі
подразделение на самостоятельном балансе - дербес теңгерімдегі бөлімше
подразделение подконтрольное - бақылаудағы бөлімше
подразделение специалистов - мамандар бөлімшесі *(биржа принципал ретінде жұмыс істеуге уәкілеттік берген маман)*
подразделение структурное - құрылымдық бөлімше
подразделение учетно-калькуляционное - есептік-калькуляциялық бөлімше
подразделение, находящееся на самостоятельном балансе - дербес теңгерімде тұрған бөлімше
подразумеваемая гарантия - ойдағы кепілдік
подразумеваемая неустойчивость цены - бағаның ойдағы орнықтылығы
подразумеваемая процентная ставка - ойдағы пайыздық мөлшерлеме
подразумеваемое условие - ұйғарынды шарт, ұйғарынды жағдай, топшылама шарт
подразумеваемый - топшылаулы, тұспалдаулы, ойдағы
подразумеваемый акцент - ойдағы акцент (ризальк)

подразумевать - топшылау, тұспалдау
подробности платежа - төлемнің егжей-тегжейі
подробность - егжей-тегжейлі
подробные данные о банковском счете - банк шоты туралы егжей-тегжейлі деректер
подробные данные о выпуске серийных облигаций - сериялық облигациялар шығару туралы егжей-тегжейлі деректер
подробный - егжей-тегжейлі
подробный отчет - егжей-тегжейлі есептеме (есеп беру)
подробный счет - егжей-тегжейлі шот
подрыв - бұзу, бүлдіру
подрыв авторитета - беделін түсіру
подрыв доверия - сенімге қаяу түсіру
подрыв престижа - беделіне нұқсан келтіру
подрыв репутации - жақсы атына кір келтіру
подрыв торговли - сауданың шырқын бұзу
подрыв усилий - күш-жігерді әлсірету
подрыв экономики - экономиканы бүлдіру, экономиканың шырқын бұзу
подрыв экономический - экономикалық бүлдіру
подсобка - қосалқы бөлімше *(жаргон сөз: банктің, брокерлік фирманың қызмет көрсетуші бөлімшесі)*
подставное лицо - жалған тұлға, жасанды тұлға
подставные - жалған тұлғалар *(басқа фирмалар акцияларының меншіктенушісі рөлін атқарушы акционерлік қоғамдардың бір түрі)*
подстрахование - қосалқы сақтандыру *(сақтандыру сомасының мөлшері залалды толық өтей алмайтын сақтандыру операциясының түрі)*
подсудность - соттылық, қылмыстылық, сотта қаралуға тиістілік
подсчет затрат - шығынды есептеу
подсчет процентный - пайыздық есептеу
подсчет процентов - пайыздарды есептеу
подсчитывание - есептеу
подсчитывание выручки - түсімді есептеу
подсчитывание потребности - қажеттілікті есептеу
подсчитывать - есептеу, санау
подсчитывать кассовую наличность - кассалық қолма-қол ақшаны есептеу
подтасовка - араластыру, сапырылыстыру, қасақана бұрмалау, шатастыру
подтасовка бухгалтерских данных - бухгалтерлік деректерді шатастыру (бұрмалау)
подтасовка бюллетеней - бюллетеньдерді араластыру
подтасовка фактов - фактілерді қасақана бұрмалау, фактілерді шатастыру
подтверждать - қуаттау
подтверждать гарантию - кепілдікті қолдау
подтверждать непокрытый чек - өтелмеген чекті қуаттау
подтверждать получение - алуды қуаттау
подтверждать сделку - мәмілені қуаттау
подтверждать цену - бағаны қуаттау
подтверждать чек - чекті қуаттау

подтверждающие документы - растайтын құжаттар
подтверждающий банк - қуаттаушы банк
подтверждение - қуаттау
подтверждение аккредитива - аккредитивті қуаттау
подтверждение банковское - банктің растауы
подтверждение в получении - алғандығын қуаттау
подтверждение визы - рұқсатнаманы растау
подтверждение возможности - мүмкіндікті растау
подтверждение гарантии - кепілдікті қуаттау
подтверждение довода - дәлелді құптау
подтверждение документами - құжаттармен растау
подтверждение долга - борышты қуаттау
подтверждение долгов при банкротстве - банкрот болғанда борышты растау
подтверждение задолженности - берешекті қуаттау
подтверждение заказа - тапсырысты растау, тапсырыс қуаттамасы
подтверждение законности ценной бумаги - бағалы қағаздың заңдылығын қуаттау
подтверждение запроса - сауалды қуаттау
подтверждение заявки - өтінімді растау
подтверждение качества - сапаны растау
подтверждение клиентом правильности ведения банковского счета - клиенттің банктегі шоттың дұрыс жүргізілуін растауы
подтверждение контракта - келісімшартты растау
подтверждение кредита - кредитті қуаттау
подтверждение кредитной гарантии - кредиттік кепілдікті қуаттау
подтверждение наличия - қолда барын растау
подтверждение наличия вклада в банке - банкіде салымның болуын қуаттау
подтверждение о поступлении - түсім туралы растау
подтверждение обязательств - міндеттемелерді растау
подтверждение остатков лицевых счетов клиентов - тапсырыскерлердің дербес шоттарының қалдығын растау
подтверждение осуществимости - іске асырылатындығын растау
подтверждение оферты - офертаны растау
подтверждение официальное - ресми растау
подтверждение письменное - жазбаша растау
подтверждение платежа - төлемді қуаттау
подтверждение по телефону - телефон арқылы растау
подтверждение под присягой в суде несостоятельности должника - борышкердің дәрменсіздігін сотта серт бере отырып қуаттау
подтверждение подлинности - түпнұсқалылықты қуаттау
подтверждение показания под присягой - түсінікті ант ішіп растау, айғақты ант ішіп растау, көрсетімді ант ішіп растау
подтверждение получения - алғанын растау
подтверждение получения заказа - тапсырысты алғанын растау
подтверждение получения письма - хат алғандығын растау

подтверждение получения платежа - төлемді алғанын растау
подтверждение правильности ведения банковского счета - банктегі шоттың дұрыс жүргізілуін растау
подтверждение предложения - ұсынысты қуаттау
подтверждение претензии - кінәрат-талапты растау
подтверждение при аудите - аудит кезінде қуаттау
подтверждение приемки - қабылдап алуды растау
подтверждение решения - шешімді растау
подтверждение сальдо - сальдоны растау
подтверждение согласия с банковской операцией - банк операциясымен келуді қуаттау
подтверждение телексом - телекс арқылы растау
подтверждение устное - ауызша растау
подтверждение факсом - факс арқылы растау
подтверждение цены - бағаны растау
подтверждение электронной почтой - электрондық пошта арқылы растау
подтвержденная гарантия - қуатталған кепілдік
подтвержденный - расталған, қуатталған
подтвержденный аккредитив - қуатталған аккредитив
подтвержденный безотзывный аккредитив - қуатталған қайтарып алынбайтын аккредитив
подтвержденный безотказный аккредитив - қуатталған мүлтіксіз аккредитив
подтвержденный кредит - қуатталған кредит
подтвержденный чек - қуатталған чек
подтоварная ссуда - тауар кепілдікті несие (*тауар кепілдігімен берілетін несие; тауардың бір бөлігін және несиені болашақ жеткізілім кепілдігімен төлеу*)
подтоварные операции банков - банктің кепілдікті тауар операциялары
подтоварный вексель - тауар кепілдікті вексель
подфилиал - қосалқы филиал
подфункция - қосалқы атқарым, қосалқы берне
подхалим - жағымпаз (*жаргон сөз: жолданушы, алушы көрсетілген, құжатқа тіркелетін шағын парақ, онда әдетте аты-жөнінің, лауазымының алдына "құрметпен" немесе "құрметті" деген тұрпаттағы сөздер жазылады*)
подхват инициативы - бастаманы іліп әкету
подход - көзқарас, тәсіл, тәсілдеме; жарау, үйлесу; жақын келу
подход бюрократический - бюрократиялық көзқарас
подход в управлении - басқарудағы тәсілдеме
подход индуктивный и дедуктивный в аудите - аудиттегі индуктивтік және дедуктивтік көзқарас
подход к делу - іске көзқарас
подход к инвестированию - инвестициялауға көзқарас (*бағалы қағаздар кейіннен экономикалық үрдістердің ықпалын бағалай отырып бағалы қағаздарды таңдауды көздейтін*)
подход к оценке стоимости с использованием рыночной информации - құнды бағалауға нарықтық ақпарат пайдаланылатын тәсіл

подход качественный - сапалық тәсілдеме
подход количественный - сандық тәсілдеме
подход комплексный - кешенді тәсілдеме
подход конструктивный - құрылымдық тәсілдеме, сындарлы көзқарас
подход функциональный - атқарымдық тәсілдеме
подходящий - лайықты, ыңғайлы, қолайлы
подходящий для должности - қызметке лайық
подходящий для залога - кепілзат үшін лайықты
подчинение - бағыну
подчинение законодательству - заңнамаға бағыну
подчинение закону - заңға бағыну
подчинение приказу - бұйрыққа бағыну
подчинение решению - шешімге бағыну
подчиненность - бағыныстылық, бағыныштылық
подъем - өрлеу, өсу
подъем биржевой конъюнктуры до уровня, не имеющего объективной основы - биржалық жағдаяттың объективті негізі жоқ деңгейге дейін өрлеуі
подъем деловой активности - іскерлік белсенділіктің өсуі
подъем жизненного уровня - тұрмыс деңгейінің өсуі
подъем конъюнктуры - жағдаяттың өсуі
подъем на финансовом рынке - қаржы нарығындағы өрлеу
подъем национальной экономики - ұлттық экономиканың өрлеуі
подъем рыночной конъюнктуры - нарықтық жағдаяттың өрлеуі
подъем фондовой конъюнктуры - қор жағдаятының өрлеуі
подъем циклический - кезеңдік өрлеу
подъем экономический - экономикалық өрлеу (*ел экономикасының өрлеуі*)
подъемные - көтерме ақы, көшерақы, көшерпұл (*жаңа жұмыс орнына көшкенде берілетін жәрдемақы*)
“подъемный” чек - “көтермелі” чек
поездка деловая - іскерлік сапар
поездка за границу - шетелге бару
поездка инспекционная - инспекциялық сапар
поездка официальная - ресми сапар
поездка поощрительная - көтермелеу сапары
поездка рекламная - жарнамалық сапар
поехать в командировку - іссапарға шығу
пожертвование - қайырмалдық, жылу, құрмалдық, қайыр көрсету (*азаматтық құқықта: затты немесе құқықты жалпының пайдасына сыйлау*)
пожертвование благотворительным организациям - қайырымдылық ұйымдарына қайыр көрсету
пожертвование денежное - ақшалай қайыр көрсету
пожертвовател - қайырмалдық беруші
пожизненная пенсия - ғұмырлық зейнетақы, өмірлік зейнетақы
пожизненное владение имуществом - мүлікті өмірлік иелену, мүлікті өмір бойы иелену
пожизненное право - өмірлік құқық

пожизненный аннуитет - ғұмырлық аннуитет (*өмірлік табыс алу үшін сатып алынатын аннуитет*)
пожизненный бенефициарий - өмірлік бенефициарий
позаказный метод калькулирования издержек производства - өндіріс шығынын әр тапсырыс бойынша калькуляциялау әдісі
позаказный метод калькуляции - тапсырыстық калькуляция әдісі
позаказный метод учета затрат и калькулирования себестоимости продукции - өнімнің шығынын есептеудің және өзіндік құнын калькуляциялаудың тапсырыстық әдісі
позднее залоговое право - кейініректегі кепілзаттық құқық
позитивная реальная процентная ставка - нақты оң пайыздық мөлшерлеме
позитивная сверка - оң салыстырып тексеру
позитивно понижающаяся кривая доходности - табыстылықтың оң бағытта төмендейтін ауытқымасы
позитивный “гэп” - оң “гэп” (*банкте мөлшерлеменің өзгерістеріне сезімтал пассивтерден гөрі активтердің көп болуы*)
позитивный файл - оң файл
позиции биржевых дилеров по форвардным сделкам - форвардтық мәміле бойынша биржа дилерлерінің ұстанымы
позиционная торговля на рынке срочных сделок - мерзімді мәмілелер нарығындағы жайғасымдық сауда
позиция - айқындама; жайғасым, қалып, ұстаным (*1. банк ісінде: банктің шетел валютасы түріндегі таза теңгерімі; банк шотының қалдығы; 2. қаржыда: фирманың қаржылай үлесі; 3. инвестицияда: бағалы қағаздардағы не нарықтағы қаржы үлесі; акциялар қоржынындағы бірдей акциялардың саны; 4. ақша шоттарының жай-күйі, қассаның, несиенің, міндеттемелердің белгілі бір сәттегі нақты ақшасы; 5. өткізу үдерісіндегі бұйрық; 6. кемеңің жүк тиеуге тұратын уақыты; 7. бір нәрсеге көзқарас, ұстанымдық қатынас*)
позиция активная - белсенді жайғасым
позиция “аутрайт” - “аутрайт” жайғасым
позиция биржевая - биржалық жайғасым
позиция бюджетная - бюджеттік жайғасым
позиция “быка” - “бұқа” жайғасымы (*бағаның көтерілуіне үміт артқан алып-сатарлар жайғасымы*)
позиция в балансе - теңгерімдегі жайғасым
позиция в конце рабочего дня - жұмыс күнінің аяғындағы жайғасым
позиция в операциях с ценными бумагами - бағалы қағаздармен жасалатын операциялардағы жайғасым
позиция валютная - валюталық жайғасым, валюталық айқындама
позиция выжидания - аңысын аңдау айқындамасы
позиция гибкая - икемді жайғасым
позиция “голая” - “жалаңаш” жайғасым
позиция гражданская - азаматтық айқындама

позиция дебиторская - дебиторлық айқындама

позиция депо инвестора на рынке государственных краткосрочных бескупонных облигаций - мемлекеттік қысқа мерзімді купонсыз облигациялар нарығында инвестордың депо айқындамасы

позиция джоббера, состояние его портфеля и операции - джоббердің ұстанымы, оның қоржыны мен операциясының жай-күйі

позиция дилера по денежным средствам в торговой системе на рынке государственных краткосрочных бескупонных облигаций - мемлекеттік қысқа мерзімді купонсыз облигациялар нарығында дилердің сауда жүйесіндегі ақшалай қаражат жөніндегі айқындамасы

позиция дилера по облигациям в торговой системе на рынке государственных краткосрочных бескупонных облигаций - мемлекеттік қысқа мерзімді купонсыз облигациялар нарығында дилердің сауда жүйесіндегі облигациялар жөніндегі айқындамасы

позиция длинная - ұзақ жайғасым (1. инвесторға бағалы қағазды сату не сыйға тарту жолымен бағалы қағазды иелену құқығының табысталуы; 2. бағалы қағаз бойынша төленетін кез келген табысты алу құқығы; 3. бағалы қағаз құны өзгерген жағдайда кез келген пайда алу не залал шегу құқығы; 4. инвестордың делдалдық фирма ұстайтын бағалы қағаздарды иеленуі)

позиция долговая - борыш жайғасымы

позиция должника - борышкердің жайғасымы

позиция доминирующая - басым айқындама

позиция дополнительная - қосымша жайғасым

позиция закрытая - жабық жайғасым

позиция золотого транша в Международном валютном фонде - алтын транштың Халықаралық валюта қорындағы жайғасымы

позиция исходная - бастапқы жайғасым

позиция кассовая - кассалық жайғасым

позиция ключевая - түйінді жайғасым

позиция компенсирующая - өтедік жайғасым, өтелуші жайғасым

позиция конкурентоспособная - бәсекеге қабілетті жайғасым

позиция короткая - қысқа жайғасым (дилердің бағалы қағаз, биржа тауарлары, валюта, т.б. бойынша ұстанатын жайғасымы, мұнда дилер сататын тауардың көлемі оның қолында бар нақты тауар көлемінен асып түседі)

позиция кредитора - несиегердің жайғасымы

позиция кредиторская - кредиторлық айқындама

позиция лидирующая - озық жайғасым

позиция лимитированная - лимиттелген жайғасым

позиция “медведь” - “аю” жайғасымы (бағаның төмендеуіне үміт артқан алып-сатарлар жайғасымы)

позиция мирового лидера на рынке - дүниежүзілік көшбасшының нарықтағы жайғасымы

позиция монополия - монополиялық жайғасым

позиция на бирже - биржадағы жайғасым (фьючерстік шарт бойынша тауарды жеткізу көзделген ай)

позиция на конец месяца - айдың аяғындағы жайғасым

позиция наличная - қолма-қол ақша жайғасымы

позиция незастрахованная - сақтандырылмаған жайғасым

позиция необязательная - міндетті емес жайғасым

позиция непокрытая - өтелмеген жайғасым

позиция неприемлемая - қабылданбайтын жайғасым

позиция непримиримая - ымырасыз жайғасым

позиция открытая - ашық жайғасым

позиция официальная - ресми жайғасым

позиция по срочным сделкам - мерзімді мәмілелер бойынша жайғасым

позиция по срочным сделкам при игре на повышение - жоғарылауға ойнау кезіндегі мерзімді мәміле бойынша жайғасым

позиция по срочным сделкам при игре на понижение - төмендеуге ойнау кезіндегі мерзімді мәміле бойынша жайғасым

позиция по срочным ценным бумагам - мерзімді бағалы қағаздар бойынша жайғасым

позиция по счетам клиентов банков - банк тапсырыскерлерінің шоттары жөніндегі айқындама

позиция по ценным бумагам - бағалы қағаздар жөніндегі айқындама

позиция под риском - тәуекел түріндегі жайғасым (мерзімді мәмілелер бойынша)

позиция покрытая - өтелген жайғасым

позиция продавца опциона, застрахованная в соответствии с коэффициентом дельта - опцион сатушының дельта коэффициентіне сәйкес сақтандырылған жайғасымы

позиция промежуточная - аралық жайғасым

позиция реалистическая - шынайы жайғасым

позиция рыночная - нарықтық жайғасым

позиция спекулянтов, играющих на повышение - жоғарылауға ойнаушы алып-сатарлардың жайғасымы

позиция спекулянтов, играющих на понижение - төмендеуге ойнаушы алып-сатарлардың жайғасымы

позиция срочная - мерзімдік жайғасым

позиция финансовая - қаржы жайғасымы, қаржы айқындамасы

позиция фьючерсная - фьючерстік жайғасым

позиция чистая - таза жайғасым

позиция эквивалентная - баламалы жайғасым

позиция, образовавшаяся в результате продажи фьючерсных или опционных контрактов - фьючерстік немесе опциондық келісімшарттарды сату нәтижесінде қалыптасқан жайғасым

позишн-трэйдер - позишн-трэйдер (тауар биржасындағы алып-сатарлық мақсатпен біршама ұзақ мерзімге ақша салушы алып-сатарлар тобы)

позолота - жалатылған алтын, апталған алтын, алтын жалатылған, алтынмен апталған

“позолоченные наручники” - “алтын жалатылған бұғау” (делдалдық фирма мен делдал арасындағы келісім, бұл келісім бойынша делдал түрлі сыйақы алады, бірақ басқа фирмаға ауысқан кезде елеулі соманы қайтаруға тиіс)

поименный список акционеров - акционерлердің есімдік тізімі

поимущественный налог - мүлік салығы (салық төлеуші мүлкінің құнынан өндіріп алынатын салық)

поинт - поинт (АҚШ-та облигацияның атаулы құнының поинт түрінде көрсетілген пайыздық өзгерісі)

поиск на экране ЭВМ ценных бумаг с нужными характеристиками - ЭЕМ-ның телеайнасында керекті сипаттамалары бар бағалы қағаздарды іздестіру

- тракация** - тракация (*мүдделі тұлғалардың көзқарасын анықтау мақсатымен тауарларды сату не сатып алу туралы алдын ала жасалған ұсыныс*)
- тракция** - тракция, талқылама (*сатушылардың не сатып алушылардың мүмкіндігін анықтау мақсатымен тауарды сату не сатып алу туралы алдын ала ұсыныс жасау*)
- транжа** - транжа (*іскерлік қатынастың қосымшасы, әліпбиі*)
- транзакционные контракты** - транзакциялық келісім-шарттар
- транзакционные контракты, связанные с имуществом** - мүлікпен байланысты транзакциялық келісімшарттар
- транзакционные смешанные контракты** - транзакциялық аралас келісімшарттар
- транзакция** - транзакция (*1. банктің шоттағы жағдайда өзгеріс тугызатын, банктің ақпарат жүйесінде тіркеуді талап ететін бірен-саран жұмысы; 2. шаруашылық операция, мәміле*)
- транзакция с ценными бумагами** - бағалы қағаздармен жасалатын транзакция
- транзит** - транзит, өткін, өткіншілік, өткелек, өткінші жолаушы, өткінші жүк (*1. тауарларды немесе жолаушыларды аралық стансалар арқылы өткізу; 2. жүктерді (жолаушыларды) апарылатын (баратын) жеріне жол-жөнекей аралық бекеттерде түсіріп, қайта тиемей (түсіріп, қайта отырғызбай) тасымауда; 3. тауарлар екі кеден органы арасында кеден бажы мен салықтары алынбай өткізілетін кеден режимі*)
- транзит таможенный** - кедендік транзит
- транзит товаров** - тауарлар транзиті
- “транзитная машина”** - “транзиттік машина” (*транзиттік хаттарды толтыруға арналған машина*)
- транзитная таможенная пошлина** - транзиттік кеден бажы
- транзитное письмо** - транзиттік хат
- транзитные операции** - транзит операциялары
- транзитные платежные документы** - транзиттік төлем құжаттары
- транзитные пошлины** - транзиттік баж
- транзитный аккредитив** - транзиттік аккредитив
- транзитный департамент** - транзиттік департамент
- транзитный департамент банка** - банктің транзиттік департаменті
- транзитный документ** - транзиттік құжат
- транзитный код Ассоциации американских банков** - Американ банкирлері қауымдастығының транзиттік коды
- транзитный номер** - транзиттік нөмір
- транзитный счет** - транзиттік шот
- транзитный товар** - транзиттік тауар
- транзитный товароборот** - транзиттік тауар айналымы
- транзитный чек** - транзиттік чек
- транзакционная функция** - транзакциялық атқарым (*мәміле жасасу үшін ұсталатын шығынды сипаттайды*)
- транзакционные депозиты** - транзакциялық депозиттер
- транзакционный компонент денежной массы** - ақша жиынының транзакциялық компоненті
- транзакционный мотив накопления денег** - ақша қорлануының транзакциялық уәжі (*Кейнстік талдау санаты*)
- транзакция** - транзакция (*1. банк операциясы; 2. ақша аудару, соның ішінде қайсыбір мақсаттар үшін шетелге де ақша аудару 3. өзара жеңілдікті келісім, мәміле; 4. қарыз қаражатының үлесін табыстау немесе қабылдау*)
- транзакция банковская** - банктік транзакция
- транзакция биржевая** - биржалық транзакция
- транзакция валютная** - валюталық транзакция
- транзакция карточная** - карточкалық транзакция
- транзакция между “родственными” сторонами** - “туыстас” тараптардың арасындағы транзакция
- транзакция между “связанными” сторонами** - өзара “байланысқан” тараптардың арасындағы транзакция
- транзакция через интернет** - интернет арқылы алына-тын транзакция
- трансграничное кредитование** - трансшекаралық несиелендіру (*бір ел несиегерлерінің басқа елдің қарызгерлеріне несие беруі*)
- трансграничные операции с ценными бумагами** - бағалы қағаздармен жасалатын трансшекаралық операциялар (*халықаралық капиталдар нарығындағы операциялар*)
- трансдорт** - трансдорт (*банктің бұйрықта көрсетілген адамға белгілі бір соманы беру туралы өз корреспондентіне берген жазбаша бұйрығы*)
- трансконтинентальные капиталовложения** - континент аралық күрделі жұмсалым
- транскрипция** - транскрипция (*сауда кітаптарында дебиттік және кредиттік баптарды бір шоттан екінші шотқа көшіру*)
- трансляционный валютный риск** - трансляциялық валюталық тәуекел, ұлт аралық валюталық тәуекел
- трансляционный риск** - трансляциялық тәуекел (*соманы бір валютадан екінші валютаға қайта есептегенде, мыс., валюталық борыш сомасын жыл сайынғы қайта есептеу кезінде болатын валюталық шығасы қатері*)
- трансляция** - трансляция (*ақшалай соманы, есепқисапты бір валютадан екінші валютаға аударып қайта есептеу*)
- трансляция иностранной валюты** - шетел валютасының трансляциясы
- “трансматик”** - “трансматик” (*несие-жинақ қауымдастықтары төлем жүйесінің франшиздерге негізделген және күні бұрын автотрандбырылған төлемдерді қамтамасыз ететін сауда таңбасы*)

“**трансматик мани сервис**” - “трансматик мани сервис” (*қаражатты электрондық аудару жүйесінде көрсетілетін қызмет*)

транснациональная корпорация - трансұлттық корпорация, ұлт аралық корпорация

транснациональные банки - трансұлттық банктер, ұлт аралық банктер

транснациональные капиталовложения - ұлт аралық күрделі жұмсалым

транснациональные монополии - ұлт аралық монополиялар

транснациональные финансово-промышленные группы - трансұлттық қаржы-өнеркәсіп топтары, ұлт аралық қаржы-өнеркәсіптік топтар

транснациональный - ұлт аралық (*бір мемлекеттің шегінен шығатын, өз ықпалын мемлекет аралық қатынастар саласына жаятын; өз қызметінің аясы мен қамтуы халықаралық сипаттағы*)

транспарентность - транспаренттілік, мөлдірлік, ашықтық, ұғынықтылық, адалдық

транспарентность внутреннего валютного рынка - ішкі валюталық нарықтың ашықтығы

транспорт - 1) транспорт, көлік (*1. жүктер мен жолаушыларды тасымалдау құралы; 2. халық шаруашылығының тасымалмен айналысатын саласы; 3. бір мезгілде жеткізілген жүктердің топтамасы; 2) тасымал (бухгалтерияда: соманы тасымалдау)*)

транспортировка - тасымалдау

транспортировка валюты - валютаны тасымалдау

транспортная компания - көлік компаниясы

транспортная складная - көліктік жүкқұжат, көлік жүкқұжаты (*экспортқа арналған тауарды тасымалдау туралы келісімшарт*)

транспортное страхование - көлікті сақтандыру (*түрлі қатынас жолдарында: теңіз, әуе, құрлықтағы, өзен, аралас жолдарында туындайтын қауіп-қатерден сақтандыру түрлерінің жиынтығы*)

транспортное условие контракта - келісімшарттың көліктік шарттары

транспортно-экспедиторское обслуживание - көліктік-экспедиторлық қызмет көрсету

транспортно-экспедиционное агентство - көліктік-экспедициялық агенттік

транспортные документы - көлік құжаттары

транспортные издержки - көлік шығыны

транспортный сертификат / транссертификат - транссертификат / көлік сертификаты (*1. көлік ұйымдарының паркін жаңарту кезінде жаңа көлікті сатып алу ақысын төлеу үшін шығарылатын бағалы қағаз; 2. жүктің тасымалдауға қабылданғаны туралы жүк тасымалдаушы беретін сертификат*)

транспортный коридор для транзита - транзитке арналған көліктік дәліз

транссертификат - транссертификат, көлік сертификаты (*көлік ұйымдарының паркін жаңарту кезінде жаңа көлікті сатып алу ақысын төлеу үшін шығарылатын бағалы қағаз*)

трансфер / трансферт - трансфер / трансферт (*1. ақшаны банктен банкке аудару (көбінесе түрлі елдердегі); 2. ақшаны банктің бір шотынан екінші шотына аудару; 3. ақшаның белгілі бір сомасын бір банктің шотынан екінші банктің шотына аудару; 4. шетел валютасын немесе алтынды бір елден екінші елге аудару; 5. атаулы бағалы қағаздарды иелену құқығын бір адамның екінші адамға табыстауы; 6. мәмілені бір шоттан екінші шотқа көшіру; 7. туристерді әуежайдан мейманханаға көлікпен жеткізу қызметін көрсету*)

трансферные цены - трансферлік баға

трансферный риск - трансферлік тәуекел (қатер) (*капиталды бір елден екінші елге аудару кезінде шектеулердің болуы қатері*)

трансферт акций - акциялар трансферті

трансферт балансовый - теңгерімдік трансферт

трансферт банковский - банк трансферті

трансферт бланковый - бланкілік трансферт

трансферт в бюджетной сфере - бюджет саласындағы трансферт

трансферт в денежной форме - ақшалай нысандағы трансферт

трансферт в натуральной форме - заттай нысандағы трансферт

трансферт в связи с предположением о смерти - өлім туралы болжалға байланысты трансферт

трансферт валютный - валюталық трансферт

трансферт верхнему уровню - жоғары деңгейге берілетін трансферт

трансферт индоссаментный - индоссаменттік трансферт (*чектің, вексельдің, коносаменттің, т.б. сыртық бетіне табыстама жазбасын түсіру жолымен бағалы қағазды ұсыну*)

трансферт капиталов - капиталдар трансферті

трансферт капитальный - күрделі жұмсалым трансферті

трансферт кредитный - кредиттік трансферт

трансферт нижнему уровню - төменгі деңгейге берілетін трансферт

трансферт облигаций - облигациялар трансферті

трансферт общего характера - жалпы сипаттағы трансферт

трансферт общего характера между различными уровнями государственного управления - мемлекеттік басқарудың түрлі деңгейлері арасындағы жалпы сипаттағы трансферт

трансферт от акцизов - акциздерден аударылған трансферт

трансферт от НДС - қосылған құн салығынан аударылған трансферт

трансферт от подоходного налога с физических лиц - жеке тұлғалардан алынған табыс салығынан аударылған трансферт

трансферт от подоходного налога с юридических лиц - заңды тұлғалардан алынған табыс салығынан аударылған трансферт

трансферт по акциям - акциялар бойынша трансферт

трансферт прибыли - пайда трансферті

трансферт социальный - әлеуметтік трансферт

трансферт стоимости - құн трансферті

трансферт текущий - ағымдағы трансферт

трансферт через федеральные фонды - федералдық қорлар арқылы берілетін трансферт

трансферт-агент - трансферт-агент (*1. бағалы қағаздарды эмитенттің атынан және соның тапсыруымен шығаратын, тіркейтін және өтейтін компания; 2. тіркеушімен шарт бойынша тіркелген тұлғалардан немесе олардың тіркеушісінен алынған ақпаратты және тіркелімде операцияларды орындау үшін қажетті құжаттарды қабылдау атқарымын, сондай-ақ тіркеушіден алынған ақпарат пен құжаттарды қабылдап, тіркелген тұлғаларға немесе олардың уәкілетті өкілдеріне табыстау атқарымын орындаушы заңи тұлға*)

трансфертная договорная цена - трансферттік шарттық баға

трансфертная расписка - трансферттік қолхат

трансфертная форма - трансферттік нысан

трансфертная цена - трансферттік баға

трансфертное ценообразование - трансферттік баға белгілеу, трансферттік бағаның құралуы (*бағаны айқындайтын сыртқы нарық жоқ болғанда бағаны белгілеу*)

трансфертные платежи - трансферттік төлемдер

трансфертные соглашения - трансферттік келісімдер

трансфертные услуги - трансферттік қызметтер көрсету

трансфертный агент - трансферттік агент

трансфертный документ - трансферттік құжат

трансфертный платеж - трансферттік төлем

трансфертный риск - трансферттік тәуекел (*капиталды бір елден екінші елге аударғанда шектеулердің, проблемалардың пайда болу қатері*)

трансформационная бухгалтерская проводка - түрлендірмелі бухгалтерлік өткізбе

трансформация баланса - теңгерімді түрлендіру

трансформация банками краткосрочных депозитов в более долгосрочные кредиты - банктердің қысқа мерзімді депозиттерді неғұрлым ұзақ мерзімді несиеге өзгертуі

трансформированный финансовый отчет - түрлендірілген қаржы есептемесі

транзацион - транзацион (*чектердің банкте жауапкершілікпен сақтауға қабылданғанын білдіретін термин*)

транчизи - транчизи (*ұсақ инвесторларға 10000 доллар өлшемінде сатылатын үлкен еуродолларлық сертификаттардың ұсақ өлшемдері*)

транш / транша - транш / транша, үлесті несие (*1. несие келісімінің қолданылу мерзімі бойына белгілі бір уақыт аралығында түрлі шарттармен беріліп тұратын несие үлесі; 2. сериялап шығарылатын халықаралық облигациялық қарызхаттар сериясы не бір*

бөлігі; 3. Халықаралық валюта қорындағы үлестемесінің 25 пайыздық үлесі)

транш займа - қарыз траншы

транш конвертируемых облигаций - айырбасталымды облигациялар траншы

транш кредитный - кредиттік транш

транш очередной - кезекті транш

транш первый - бірінші транш

транш расширенного кредита - ұлғайтылған кредит траншы

транш резервный - сақтық қор траншы

транш, часть облигационного выпуска - транш, облигациялық шығарылымның бір бөлігі

траншетт - траншетт (*үкімет облигацияларының аздаған қосымша шығарылымы*)

трассант - трассант, сенім білдіруші, сенімгер (*траттаны ұсынушы және чекке қол қоюшы тұлға, аударма вексельді ұстаушы*)

трассант обанкротившийся - банкрот болған трассант

трассат - трассат, сенімгер (*тратта ұсынылған тұлға, яғни чекті төлеуге тиіс тұлға, көбінесе банк*)

трассат-сертификат - трассат-сертификат

трассирование - тратталау, вексель аудару (*аударма вексельді төлеу құралы ретінде ұсыну; шетел валютасы түріндегі берешекті өтеу тәсілі*)

траст - траст, сенім қоры, сенімгерлік (*мүлікті, бағалы қағаздарды, кәсіпорындарды, фирмаларды, т.б. сенімгерлік басқару өкілдігінің нысаны*)

траст безотзывный - қайтарып алынбайтын сенімгерлік

траст благотворительный - қайырымдылық сенім қоры

траст, вступающий в силу при жизни его основателя - негізін қалаушының көзі тірісінде күшінде болатын сенім қоры

траст, вступающий в силу при жизни его учредителя - сенім қоры құрылтайшысының көзі тірісінде күшіне енген сенім қоры

траст голосующий - дауыс беруші сенім қоры

траст деловой - іскерлік сенім қоры

траст дискреционный - дискрециялық сенім қоры

траст для выплаты средств к существованию - күнкөріске қаражат төлеуге арналған сенім қоры

траст добровольный - ерікті сенім қоры

траст “жалкий” - “бишара” сенім қоры

траст инвестиций в недвижимость - жылжымайтын мүлікке салынған инвестицияның сенімгерлік қоры

траст инвестиционный - инвестициялық сенім қоры

траст “истощимый” - “жүдеу” сенім қоры

траст Клиффорда - Клиффорд сенім қоры

траст между живыми - тірілер арасындағы сенім қоры

траст на передачу наследуемого имущества от умершего наследникам - өлген адамнан мұраға қалатын мүлікті мұрагерлерге табыстау сенімгерлігі

траст на условиях получения согласия - келісім алу шарттарына негізделген сенім қоры

- траст облигации под оборудование** - жабдыкка арналған облигация сенім қоры
- траст облигационный** - облигациялық сенімгерлік
- траст обычного права** - ғұрыптық құқық сенім қоры
- траст паевой** - үлеспұлдық сенімгерлік
- траст пенсионный** - зейнетақылық сенім қоры
- траст по декларации** - мағлұмдама бойынша сенім қоры
- траст по документу о передаче** - табыстау туралы құжат бойынша сенім қоры
- траст по завещанию** - өсиет бойынша сенім қоры
- траст по распоряжению** - өкім бойынша сенім қоры
- траст по решению суда** - сот шешімі бойынша сенім қоры
- траст по соглашению** - келісім бойынша сенім қоры
- траст публичный** - көпшілік сенім қоры
- траст с ограничением инвестиций в определенные ценные бумаги** - инвестицияларды белгілі бір бағалы қағаздармен шектейтін сенімгер қоры
- траст с сохранением владения доверителем траста** - сенім қоры сенімгерінің иеленуі сақталатын сенім қоры
- траст, созданный согласно декларации или договору об учреждении траста** - сенім қорын құру туралы мағлұмдамаға немесе шартқа сәйкес құрылған сенім қоры
- траст страхования жизни** - өмірді сақтандыру сенім қоры
- траст страхования пенсий** - зейнетақыны сақтандыру сенім қоры
- траст Тоттена** - Тоттен сенім қоры (*активтерін бақылаушы сенім қорының құрушысы, ал басқа тұлға бенефициары болып табылатын сенім қоры*)
- траст, установленный завещанием** - өсиетпен белгіленген сенімгерлік
- траст, учитываемый на особом счете** - ерекше шотта ескерілетін сенім қоры
- траст, учрежденный акционерной компанией** - акционерлік компания құрған сенім қоры
- траст, учрежденный в пользу определенного лица или лиц** - белгілі бір тұлғаның немесе тұлғалардың пайдасына құрылған сенім қоры
- траст финансовый** - қаржылық сенімгерлік
- траст фондовый** - қор сенімгерлігі
- траст-агент** - сенімгерлік-агент
- траст-активы** - сенімгерлік активтер
- траст-компания** - сенімгерлік компания
- траст-компания - депозитарий** - сенімгерлік-компания - депозитарий (*бағалы қағаздардың орталық депозитарийі, ол арқылы компания мүшелері компьютерлендірілген бухгалтерлік жазбалардың көмегімен бағалы қағаздарды бір-біріне жеткізіп береді*)
- траст-вклад** - сенімгерлік-салым
- трастовая компания** - сенімгерлік компания
- трастовая корпорация по разрешению ситуации** - жағдайға рұқсат беру жөніндегі сенімгерлік корпорация
- трастовая расписка** - сенімгерлік қолхат
- трастовое дело** - сенімгерлік іс
- трастовое имущество** - сенімгерлік мүлік
- трастовое обслуживание** - сенімгерлік қызмет көрсету
- трастовое письмо** - сенімгерлік хат
- трастовое соглашение** - сенімгерлік келісімі (*банк пен клиент арасындағы келісім, мұнда банк клиенттің ақшалай қаражатын басқаруға қамқорлық жасауды өз мойнына алады*)
- трастовое учреждение** - сенімгерлік мекеме (*заң бойынша сенімгерлік міндетті орындаушы банк немесе арнаулы компания*)
- трастовые инвестиции** - сенімгерлік инвестициялар
- трастовые операции** - сенімгерлік операциялар
- трастовые операции банков** - банктердің сенімгерлік операциялары
- трастовые отношения** - сенімгерлік қатынастар
- трастовые полномочия** - сенімгерлік өкілеттіктер
- трастовые услуги банков** - банктер көрсететін сенімгерлік қызметтер
- трастовые фонды** - сенімгерлік қорлар
- трастовый банк** - сенімгерлік банк
- трастовый бизнес** - сенімгерлік бизнес
- трастовый департамент** - сенімгерлік департамент
- трастовый департамент банка** - банктің сенімгерлік департаменті
- трастовый и агентский фонд** - сенімгерлік және агенттік қоры
- трастовый индоссамент банка** - банктің сенімгерлік индоссаменті
- трастовый институт** - сенімгерлік институт
- трастовый инструмент** - сенімгерлік құрал
- трастовый комитет** - сенімгерлік комитет
- трастовый комитет местного банка** - жергілікті банктің сенімгерлік комитеті
- трастовый отдел** - сенімгерлік бөлім
- трастовый отдел банка** - банктің сенімгерлік бөлімі
- трастовый отдел местного банка** - жергілікті банктің сенімгерлік бөлімі
- трастовый счет** - сенімгерлік шот
- трастовый фонд** - сенімгерлік қор
- Трастовый фонд Международного валютного фонда** - Халықаралық валюта қорының Сенім қоры (*алтынды сатудан түскен пайданы есептеуге арналған шот*)
- траст-операции** - сенімгерлік-операциялар
- траст-отдел** - сенімгерлік-бөлім
- траст-сертификат** - сенімгерлік сертификат
- траст-счет** - сенімгерлік-шот
- траст-фонд** - траст-фонд, сенімгерлік-қор
- траст-фонд для выплат служащим компании** - компанияның қызметшілеріне төлеуге арналған сенімгерлік-қор
- траст-фонд с жесткими ограничениями инвестиций** - инвестициялар қатаң шектелген сенімгерлік-қор
- траст-фонд с фиксированным капиталом** - капиталы тіркелген сенімгерлік-қор

трат-фонд, управляемый небанковским учреждением - бейбанкiлiк мекеме басқаратын сенiмгерлiк-кор

траты “Джинни Мэй” - “Джинни Мэй” сенiмгерлiк корлары

трата - рәсуа, шығындау

трата денег (денежная) - ақшаны шығындау

трата производительная - өнiмсiз шығындау

трата пустая - бос шығындау

трата сбережений - жинақ қаражатты шығындау

тратить деньги - ақша шығындау

тратить деньги, не считая - есептеместен ақша шығындау

тратиться - шығындалу

тратта - тратта, аударма вексель (*бiр тұлғаның вексель ұсынылған екiншi тұлғаға осы құжат көрсетiлгенде немесе белгiленген мерзiмде вексельдi көрсетушiге немесе траттада көрсетiлген тұлғаға төлеу туралы сөзсiз бұйрық*)

тратта авизованная - авизоланған тратта

тратта акцептованная - акцептелген тратта (*акцептанттың вексельдi төлеуге келiскенi туралы жазбасы бар аударма вексель*)

тратта, акцептованная банком - банк акцептеген тратта

тратта, акцептованная без покрытия - өтеусiз акцептелген тратта

тратта банковская - банк траттасы

тратта бланковая - бланкiлiк тратта

тратта в иностранной валюте - шетел валютасындағы тратта

тратта, выписанная на основании аккредитива - аккредитив негiзiнде жазылған аударма вексель

тратта выставленная - қойылған тратта, ұсынылған тратта

тратта, выставленная банком - банк ұсынған аударма вексель

тратта, выставленная банком на другой банк - банк басқа бiр банкiге ұсынған аударма вексель

тратта, выставленная в одном экземпляре - бiр данада ұсынылған тратта

тратта, выставленная на банк - банкке ұсынылған аударма вексель

тратта, выставленная на банк и подлежащая оплате по предъявлении - банкке ұсынылған және көрсетiлген бойда төленуге тиiс аударма вексель

тратта, выставленная трассантом - трассант ұсынған тратта

тратта датированная - күнi көрсетiлген тратта

тратта действительная - қолданыстағы тратта

тратта для акцептования - акцептеуге арналған тратта (*бiр тұлғаның вексель ұсынылған екiншi тұлғаға осы құжат көрсетiлгенде немесе белгiленген мерзiмде вексельдi көрсетушiге немесе траттада көрсетiлген тұлғаға төлеу туралы сөзсiз бұйрық*)

тратта до востребования - талап етiлмелi тратта

тратта документарная - құжаттамалық тратта

тратта документированная - құжатталған тратта

тратта долгосрочная - ұзақ мерзiмдi тратта

тратта домицилированная - домицийлi тратта, мекенжайлы тратта (*акцептант төлем төленетiн жерiн көрсеткен тратта*)

тратта дружеская - достық тратта

тратта иностранная - шетелдiк тратта

тратта к оплате с отсрочкой - төлеу мерзiмi кейiнге қалдырылған тратта

тратта коммерческая - коммерциялық тратта

тратта континентальная - континенттiк тратта (*аударма вексельдiң Еуропа елдерi арасында төленуге тиiс түрi*)

тратта краткосрочная - қысқа мерзiмдi тратта

тратта на предъявителя - ұсынушыға арналған тратта

тратта на предъявителя, обеспеченная коносаментом - ұсынушыға арналған, коносаментпен қамтамасыз етiлген тратта

тратта неакцептованная - акцептелмеген тратта

тратта недокументированная - құжатталмаған тратта

тратта неоплаченная - төленбеген тратта

тратта оплаченная - төленген тратта

тратта, оплаченная досрочно с вычетом процентов - пайыз шегерiлiп, мерзiмiнен бұрын төленген аударма вексель

тратта, оплачиваемая по прибытии товара - тауар келген бойда төленетiн аударма вексель

тратта первоклассная - бiрiншi сыныпты тратта

тратта, подлежащая оплате немедленно по предъявлении - көрсетiлген бойда дереу төленуге тиiс тратта, подлежащая оплате по предъявлении - көрсетiлген бойда төлеуге тиiс аударма вексель

тратта первоклассная - бiрiншi сыныпты тратта

тратта предъявительская - ұсынбалы тратта

тратта пролонгационная - мерзiмi ұзартылмалы тратта

тратта процентная - пайыздық тратта

тратта рамбурсная - рамбурстық тратта

тратта с дополнительными условиями - қосымша шарттары бар тратта

тратта с оплатой по предъявлении - ұсыну бойынша төленетiн тратта

тратта с платежом в долларах - доллармен төленетiн аударма вексель

тратта с платежом в фунтах стерлингов - стерлинг фунтпен төленетiн аударма вексель

тратта с приложенными документами - құжаттары қосымша тiркелген аударма вексель

тратта срочная - мерзiмдi тратта

тратта торговая - сауда траттасы

тратта финансовая - қаржы траттасы

тратта чистая - таза тратта

тратты “документы против акцепта” - “акцептiнiң орнына жүретiн құжаттар” тратталары

трафаретный документ - трафареттiк құжат

требование - талап, талапнама, талап ету (*1. үзiлдi-кесiлдi өтiнiш, сондай өтiнiш жазылған құжат;*

- үзілді-кесілді өкім; қоймадағы материалдарды есептен шығару үшін негіз болатын құжат; 4. өтінім; 5. банктің клиенттермен, әріптестермен қатынастарында өзара қойылатын шарттардың бірі)*
- требование банка к заемщику о досрочном погашении кредита в связи с нарушением его условий** - кредит шарттарының бұзылуына байланысты банктің қарызгерге несиені мерзімінен бұрын өтеу туралы талабы
- требование брокера клиенту о пополнении его счета** - брокердің клиентке өзінің шотын толықтыру туралы талабы
- требование валютное** - валюталық талап
- требование включения в списки** - тізімге енгізу талабы
- требование возврата суммы** - соманың қайтарылуын талап ету
- требование возврата таможенной пошлины** - кеден бажын қайтару талабы
- требование возвращения денег** - ақшаны қайтару талабы
- требование возмещений убытков** - залалдардың орнын толтыруды талап ету
- требование встречное** - қарама-қарсы талап
- требование выплаты страхового возмещения** - сақтандыру есесінің төлемін талап ету
- требование гаранта к принципалу** - кепілгердің принципалға қойған талабы
- требование гарантийного взноса** - кепілдік жарна талабы
- требование денег** - ақша талап ету
- требование денежное** - ақшалай талап
- требование долговое** - борышқорлық талап
- требование дополнительного обеспечения** - қосымша қамсыздандыру талабы
- требование досрочного погашения долга в связи с невыполнением его условий** - борыш шарттарының орындалмауына байланысты оны мерзімінен бұрын талап ету
- требование заказа** - тапсырыс талабы
- требование заказчика** - тапсырыс берушінің талабы
- требование законное** - заңды талап
- требование замены обеспечения** - қамсыздандырманы ауыстыру талабы
- требование инкассовое** - инкассолық талап
- требование исковое** - қуыным талабы
- требование к банку** - банкке қойылатын талап
- требование к марже** - маржаға қойылатын талап
- требование к национальным банкам о предоставлении отчетности контролеру по денежному обращению** - ақша айналысы жөніндегі бақылаушыға есептілікті (есеп-қисапты) беру туралы ұлттық банктерге қойылатын талап
- требование к национальным банкам о представлении отчетности контролеру денежного обращения** - ақша айналысын бақылаушыға есеп-қисап беру туралы ұлттық банктерге қойылатын талаптар
- требование к обслуживанию долга** - борышқа қызмет көрсетуге қойылатын талап
- требование к финансовой ревизии** - қаржылық тексеруге қойылатын талап
- требование компенсации** - өтемақы талап ету
- требование контролера по денежному обращению о предоставлении банковского отчета** - ақша айналысы жөніндегі бақылаушының банк есебін беру туралы талабы
- требование кредитора** - несиегер талабы
- требование куртажа** - куртаж талабы
- требование минимального остатка на счете** - шоттағы ең аз қалдықты талап ету
- требование на закупку** - көтере сатып алуға қойылатын талап
- требование на отпуск товарно-материальных ценностей со склада** - қоймадан тауар-материал құндылықтарын босату жөніндегі талап
- требование на поставку** - жеткізілім жөніндегі талап
- требование наличных денег** - қолма-қол ақшаны талап ету
- требование о взыскании долга по простому договору** - қарапайым шарт бойынша борышты өндіріп алу туралы талап
- требование о внесении дополнительного обеспечения** - қосымша қамсыздандырма енгізу туралы талап (*кепілге салынған бағалы қағаздар бағамының құлдырауына байланысты*)
- требование о внесении дополнительной маржи** - қосымша маржа салу туралы (*несиені қамтамасыз етуге қызмет ететін бағалы қағаздардың құнсыздануы салдарынан*)
- требование о внесении залоговой суммы (депозита) на маржевой счет** - кепілдік сомасын (депозитті) маржалық шотқа енгізу туралы талап
- требование о возврате** - қайтару туралы талап
- требование о возврате уплаченной суммы** - төленген соманы қайтару туралы талап
- требование о возмещении убытков** - залалдың орнын толтыру туралы талап
- требование о выплате процентов** - пайыз төлеу туралы талап
- требование о дополнительном гарантийном депозите** - қосымша кепілдікті депозит туралы талап
- требование о дополнительном обеспечении** - қосымша қамсыздандыру туралы талап (*маржа ақысын төлеу талабы*)
- требование о досрочном погашении кредита** - кредитті мерзімінен бұрын өтеу туралы талап
- требование о переводе прибыли, превышающей норму** - нормадан асып түсетін пайданы аудару туралы талап
- требование о том, чтобы деятельностью банка управляли не менее двух человек** - банктің қызметін кемінде екі адамның басқаруы туралы талап
- требование об уплате** - төлеу туралы талап

- требование об уплате взноса за акции** - акция үшін жарна төлеу туралы талап
- требование обеспечения** - қамсыздандыруды талап ету
- требование обратное** - кері талап
- требование обслуживаемое** - қызмет көрсетілетін талап
- требование общественности** - жұртшылық талабы
- требование оплаты** - төлеуді талап ету
- требование оплаты задолженности** - берешекті төлеуді талап ету
- требование оплаты ценных бумаг наличными при поставке** - жеткізу кезінде бағалы қағаздарды қолма-қол ақшамен төлеуді талап ету
- требование особое** - ерекше талап
- требование очередного взноса** - кезекті жарнаны талап ету
- требование первого взноса** - бірінші жарнаны талап ету
- требование платежа** - төлемді талап ету
- требование платежа по счету** - шот бойынша төлемді талап ету
- требование платежеспособности клиентов** - клиенттердің төлем төлеуге қабілеттілігін талап ету
- требование платежное** - төлем талабы
- требование по ипотеке** - ипотека бойынша талап ету
- требование по перечислению дивиденда, ошибочно выплаченного другому лицу** - басқа адамға қате төленген дивидендті аудару жөніндегі талап
- требование по сокращению сальдо счетов** - шоттардың қалдығын қысқарту жөніндегі талап
- требование по суду** - сот бойынша талап ету
- требование по чистому капиталу** - таза капитал бойынша қойылатын талап
- требование повышения заработной платы** - жалақыны көтеру талабы
- требование погашения закладной** - кепілхатты өтеуді талап ету
- требование погашения кредита** - кредитті өтеуді талап ету
- требование погашения ссуды** - несиені өтеуді талап ету
- требование покупателя** - сатып алушының талап етуі
- требование-поручение** - тапсырма-талап
- требование представления банковского счета** - банк шотын беру талабы
- требование предъявить ценные бумаги для выкупа** - сатып алу үшін бағалы қағаздарды көрсетуді талап ету
- требование регистрации ценных бумаг** - бағалы қағаздарды тіркеуді талап ету
- требование регрессное** - кері талап
- требование резервов депозитов** - депозиттердің сақтық қорларын талап ету
- требование рекламационное** - кінәрат-шағым талабы
- требование скидки** - шегерім талап ету
- требование солидарное** - ынтымақты талап
- требование спорное** - даулы талап
- требование справедливое** - әділ талап
- требование увеличения заработной платы** - жалақыны арттыруды талап ету
- требование ультимативное** - үзілді-кесілді талап ету
- требование уплаты** - төлеуді талап ету
- требование уплаты долга** - борышты төлеуді талап ету
- требование уплаты маржи** - маржаны төлеуді талап ету
- требование уплаты налога** - салықты төлеуді талап ету
- требование уровня ликвидности** - өтімділік деңгейін талап ету (*Бағалы қағаздар мен биржалар жөніндегі комиссияның брокерлік фирмаларға қоятын*)
- требование частичного платежа в счет причитающейся суммы** - тиесілі соманың есебіне ішінара төлем төлеуді талап ету
- требование чека** - чекті талап ету
- требование “четырёх глаз”** - “төрт көзді” талап ету (*банктің қызметін ең аз дегенде екі менеджмент басқарсын деген талап*)
- требование-поручение** - тапсырма-талап
- требования брокерской фирмы к размеру остатка средств на счете клиента** - брокерлік фирманың клиент шотындағы қаражат қалдығының мөлшеріне қоятын талабы
- требования бухгалтерского учета** - бухгалтерлік есептің талаптары
- требования в отношении качества** - сапа жөніндегі талаптар
- требования в отношении количества** - сан жөніндегі талаптар
- требования достаточности капитала** - капиталдың жеткілікті болуын талап ету
- требования достаточности собственного капитала** - меншікті капиталдың жеткіліктілігін талап ету
- требования истца** - қуынушы талаптары
- требования к аудиту и отчетности** - аудит пен есеп-қисапқа қойылатын талаптар
- требования к иностранным инвестициям** - шетелдік инвестицияларға қойылатын талаптар
- требования к капиталу, взвешенному по риску** - тәуекелдік бойынша сараланған капиталға қойылатын талаптар
- требования к качеству** - сапаға қойылатын талаптар
- требования к обслуживанию** - қызмет көрсетуге қойылатын талаптары
- требования к отчетности** - есеп-қисапқа қойылатын талаптар
- требования к постановке на учет по налогу на добавленную стоимость** - қосылған құн салығы бойынша есепке алуға қойылатын талаптар
- требования к размеру капитала** - капитал мөлшеріне қойылатын талаптар
- требования к технологии** - технологияға қойылатын талаптар
- требования квалификационные** - біліктілік талаптары

- требования ликвидности** - өтімділік талаптары
- требования на банк** - банкке қойылатын талап
- требования на ссуды государственного сектора** - мемлекеттік сектор несиесіне арналған талаптар
- требования по выполнению обязательств** - міндеттемелерді орындау жөніндегі талаптар
- требования по обеспечению залогом** - кепілзатпен қамтамасыз ету жөніндегі талаптар
- требования по отчислениям в фонд обслуживания долга** - борышқа қызмет көрсету қорына аударым жасау жөніндегі талаптар
- требования по охране окружающей среды** - қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптар
- требования по применению контрольно-кассовых машин с фискальной памятью** - фискалды жады бар бақылау-кассалық машиналарын қолдану жөніндегі талаптар
- требования потребительские** - тұтынушылар талаптары
- требования правовые** - құқықтық талаптар
- требования, предписанные законом** - заңда ұйғарылған талаптар
- требования противоречивые** - қайшылықты талаптар
- требования раскрытия информации** - ақпаратты ашу талаптары
- требования резервные** - сақтық қор талаптары
- требования рынка** - нарық талаптары
- требования санитарно-гигиенические** - санитариялық-гигиеналық талаптар
- требования солидарные** - ынтымақты талаптар
- требования социальные** - әлеуметтік талаптар
- требования технические** - техникалық талаптар
- требования технологические** - технологиялық талаптар
- требования экологические** - экологиялық талаптар
- требовательность** - талапшылдық, талап қоюшылық
- требовать** - талап ету
- требовать возврата займов** - қарыздардың қайтарылуын талап ету
- требовать возврата кредита** - несиенің қайтарылуын талап ету
- требовать гарантии** - кепілдікті талап ету
- требовать оплату** - төлемақыны талап ету
- требовать платеж** - төлемді талап ету
- требовать плату** - ақыны талап ету
- требовать погашения долга** - борыштың өтелуін талап ету
- требовать погашения закладной** - кепілхаттың өтелуін талап ету
- требовать погашения ссуды** - несиенің өтелуін талап ету
- требовать полного погашения долга в связи с невыполнением должником определенных обязательств** - борышкердің белгілі бір міндеттемені орындамауына байланысты борыштың толық өтелуін талап ету
- требовать уплаты** - төлеуді талап ету
- требовать уплаты долга** - борышты төлеуді талап ету
- требуемая норма возврата** - қайтарудың талап етілетін нормасы
- требуемая норма резервного покрытия** - сақтық қор өтемінің талап етілетін нормасы
- требуемая сумма субсидии** - жәрдемқаржының талап етілетін сомасы
- требуемое число акций для получения права на льготную подписку** - жеңілдікті жазылысқа құқық алу үшін акциялардың талап етілетін саны (*жаңа шығарылымның бір акциясына*)
- требуемые резервы** - талап етілетін сақтық қорлар
- требуемый капитал** - талап етілетін капитал
- требуемый кассовый резерв** - талап етілетін кассалық сақтық қор
- требуемый срок оплаты** - төлемақының талап етілетін мерзімі
- требуемый уровень риска** - талап етілетін тәуекел (қатер) деңгейі
- “требуется дальнейшее рассмотрение”** - “кейіннен қарауды қажет етеді”, “одан әрі қарауды қажет етеді”
- требуется предложение о покупке** - сағып алу туралы ұсыныс талап етіледі (*бағалы қағаздар иесінің құлақтандыруы*)
- требуется предложение о продаже** - сату туралы ұсыныс талап етіледі (*бағалы қағазды әлеуетті сатып алушының сатушыны іздестіру туралы құлақтандыруы*)
- тревелерс-чек** - тревелерс-чек (*жол чегі*)
- Треднидл-стрит** - Треднидл-стрит (*Лондонның қаржы ауданы*)
- трежери-сток** - трожери сток (*компания шығаратын, кейіннен соның өзі сатып алатын акциялар*)
- трейвел-чек / трэйвел-чек** - трэйвель-чек / трэйвель-чек (*халықаралық есеп айырысуда негізінен туристерді валютамен қамтамасыз ету құралы ретінде пайдаланылатын төлем құжаты*)
- трейдер** - трейдер (*1. биржа саудасына қатысушы; 2. делдалдық фирманың биржа саудасына тікелей қатысушы қызметкері; 3. биржада мәміле жасасуға құқығы бар кез келген заңды не жеке тұлға; 4. саудагер*)
- трейдер старший** - аға трейдер
- трейдер торгового зала (атторней)** - сауда құжырасының трейдері (атторней)
- трейдинг** - трейдинг (*акцияларды сату және оларды бағамдық құнның өзгеруі есебінен пайда алу мақсатымен қайта сату*)
- трейдинговая единица банка “Барклейз бэнк интернешнл”** - “Барклейз бэнк интернешнл” банктің трейдингтік бірлігі
- трейдинговое, операционное подразделение** - трейдингтік операциялық бөлімше
- тренажер компьютерный** - компьютерлік жаттықтырғыш
- тренажер электронный** - электрондық жаттықтырғыш

тренд / трэнд - тренд / трэнд (*экономикалық көрсеткіштердің ұзақ өзгеруі бағыты*)

тренд вековой - ғасырлық тренд

тренд долговременный - ұзақ уақыттық тренд

тренд долгосрочный - ұзақ мерзімдік тренд

тренинг экономический - экономикалық тренинг (*басқару әрекетінің тиімділігін бағалау есебін жүргізу мүмкіндігін беретін компьютерлендірілген іскерлік ойын*)

тренинг-менеджер - менеджер-тренинг

трест - трест (*кәсіпорындар бірлестігінің нысаны, мұнда олар өзінің шаруашылық және заңи дербестігінен айрылып, бірыңғай жоспар бойынша әрекет етеді*)

трест банковский - банк тресі

трест инвестиционный - инвестициялық трест

трест-компания - трест-компаниялар

трест холдинговый - холдинглік трест

третейский суд - аралық сот (*азаматтық істер бойынша дауларды шешетін төрелік сот*)

третейский судья - аралық қазы

третий рынок - үшінші нарық (*биржаға мүше емес делдалдар, дилерлер, бағалы қағаздардың биржадан тыс нарықтарында сауда жасайтын, биржа тізіміне енгізілген институционалдық инвесторлар*)

третий экземпляр переводного векселя - аударма вексельдің үшінші данасы

третичная тенденция движения цен - баға қозғалысының үшіншілік үрдісі

третичная цена - үшіншілік баға, үшінші қайталама баға

третичный сектор экономики - экономиканың үшіншілік секторы (*экономиканың қызмет көрсету аясында әрекет ететін бизнес бөлігі*)

“третье окно” - “үшінші терезе” (*Әлемдік банктің дамушы елдерді несиелендіруінің баламалы төмен пайыздық көзі*)

третье поколение финансовых инструментов - қаржы құралдарының үшінші буыны

третьесортная валюта - үшін сұрыпты валюта

третьи лица - үшінші тұлғалар (*азаматтық құқықта: міндеттемеде тарап болып табылмайтын, бірақ заңға немесе шартқа орай ол бойынша азаматтық құқық пен міндеттілік ала алатын тұлғалар; азаматтық іс жүргізу құқығында: азаматтық іс жүргізуге қуынушы мен жауапкер арасындағы даудың нәтижесіне заңи мүдделі қатысушы*)

третьи пятницы марта, июня, сентября и октября, когда истекают сроки большинства фьючерсных и опционных контрактов - көптеген фьючерстік және опциондық келісімшарттардың мерзімі өткенде наурыздың, маусымның, қыркүйек пен қазанның үшінші жұмасы

третья закладная - үшінші кепілхат

“треугольник” - “үшбұрыш” (*қаржы жағдаятына техникалық талдау жасауда қолданылатын термин*)

трехзначная сумма - үш таңбалы сома

трехмесячный вексель - үш айлық вексель

трехпенсовая монета - үш пенстік мәнет

трехстороннее соглашение - үш жақты келісім

трехстороннее соглашение о валютном сотрудничестве - валюталық ынтымақтастық туралы үш жақты келісім (*АҚШ, Франция және Ұлыбритания арасындағы келісім, 1936 ж.*)

трехсторонний договор - үш жақты шарт

трехсторонняя сделка - үш жақты мәміле

три пенса - үш пенс

“три си” сбыта - өткізімдегі “үш си” (*ағыл.: “coverage” - “қамту”, “control” - “бақылау”, “cost” - “шығын” деген сөздердің басқы әріптері, өткізім стратегиясының негізгі үш тірегі*)

три условия успеха продукта на рынке - нарықта өнімнің табысты болуының үш шарты (*1-шіден, өнім тұтынушының талабына барынша сай келуі тиіс, неғұрлым төмен бағамен ұсынылуы және сапасы жоғары болуы тиіс; 2-шіден, сатушы фирма маркетингі біліктілікпен жүзеге асыруға тиіс; 3-шіден, сатушы фирма кәсіпқой мамандарға сүйенуге міндетті, барлық шығын бақылануға тиіс*)

триада макроэкономическая - макроэкономикалық үш мақсат

триггерные цены - триггерлік баға (*қайсыбір салдар немесе құқық өзінен-өзі басталатын баға*)

“тридцать дней спустя” - “отыз күннен кейін” (*мерзімдік тратта бойынша осы траттаның көшірмінен кейін 30 күн өткен соң төленуге тиіс сома*)

тринадцатая заработная плата - он үшінші жалақы

трипартизм - трипартизм, үш партизм (*кәсіподақтардың, кәсіпкерлердің және үкімет өкілдерінің ымыралы келісін әзірлеу мақсатындағы үш жақты кеңесу қағидаты мен практикасын сипаттайтын термин*)

трипликат - трипликат (*1. үш дана етіп толтырылған құжат; 2. халықаралық саудада: тауар-иелік құжатының мөр басылған үшінші данасы*)

тройная компенсация - үш есе өтемақы

тройное освобождение муниципальных облигаций от налогов для резидентов соответствующих районов - муниципалдық облигацияларды тиісті аудандардың резиденттері үшін салықтан үш қайтара босату (*АҚШ*)

тройной опцион - үш еселік опцион

тройной таможенный тариф - үш еселік кеден тарифі

тройская система - троя жүйесі (*асыл металдардың салмағы*)

тройская унция - троя унциясы (*ағылшын алтын мәнет фунтының 1/12 үлесі, массасы 31,1035 г алтын салмағының өлшемі ретінде қолданылады*)

тройственное валютное соглашение - үш жақты валюта келісімі

труд - еңбек (*өндірістің негізгі төрт факторының бірі: адамның жалпы жұрт таныған саналы қызметі, ол қажыр-қайрат жұмсауды, жұмыс істеуді талап етеді*)

труд всеобщий - жалпыға бірдей еңбек

- труд высококвалифицированный** - жоғары білікті еңбек
- труд для себя** - өзіндік еңбек, өзі үшін ететін еңбек
- труд добровольный** - ерікті еңбек
- труд добросовестный** - адал еңбек
- труд интеллектуальный** - зияткерлік еңбек
- труд квалифицированный** - білікті еңбек
- труд квалифицированных рабочих** - білікті жұмысшылар еңбегі
- труд коллективный** - ұжымдық еңбек
- труд конкретный** - нақты еңбек
- труд наемный** - жалданбалы еңбек
- труд наемных работников** - жалдамалы жұмыскерлер еңбегі
- труд неквалифицированный** - біліксіз еңбек
- труд ненормированный** - нормаланбаған еңбек
- труд неоплаченный** - төленбеген еңбек
- труд непроеизводительный** - өнімсіз еңбек
- труд общественно полезный** - қоғамдық пайдалы еңбек
- труд общественный** - қоғамдық еңбек
- труд овеществленный** - заттандырылған еңбек
- труд оплаченный** - ақысы төленген еңбек
- труд оплачиваемый** - ақы төленетін еңбек
- труд прибавочный** - қосымша еңбек
- труд принудительный** - мәжбүрлемелі еңбек
- труд продуктивный** - өнімді еңбек
- труд производительный** - өндіргіш еңбек
- труд производственный** - өндірістік еңбек
- труд ручной** - қол еңбегі
- труд сезонный** - маусымдық еңбек
- труд совместный** - бірлескен еңбек
- труд созидательный** - жасампаз еңбек
- труд творческий** - шығармашылық еңбек
- труд тяжелый** - ауыр еңбек
- труд умственный** - ой еңбегі
- труд физический** - дене еңбегі
- труд человеческий** - адам еңбегі
- труднореализуемый** - өткізілуі қиын (*бағалы қағаздар туралы*)
- трудности бюджетные** - бюджеттік қиыншылықтар
- трудности на рынке труда** - еңбек нарығындағы қиындықтар
- трудности сбыта** - өткізу қиыншылықтары
- трудности финансовые** - қаржылық қиыншылықтар
- трудности экономические** - экономикалық қиыншылықтар
- трудность в нахождении источников финансирования** - қаржыландыру көздерін табудағы қиыншылық
- трудовая дисциплина** - еңбек тәртібі (*бірлескен еңбек үдерісіне қатысушының мінез-құлқының белгіленген тәртібі*)
- трудовая книжка** - еңбек кітапшасы (*қызметкердің еңбек қызметі туралы негізгі құжат*)
- трудовая пенсия** - еңбек зейнетақысы (*азаматтарға еңбекке және басқа қоғамдық пайдалы қызметке байланысты тағайындалатын мемлекеттік зейнетақы*)
- трудовая повинность** - еңбек міндеткерлігі
- трудовое соглашение** - еңбек келісімі
- трудовой арбитраж** - еңбек төрелігі, еңбек төрелік соты (*ұжымдық еңбек дауларын қарайтын міндетті инспекция*)
- трудовой договор** - еңбек шарты (*қызметкер мен жұмыс беруші арасындағы келісім, ол бойынша қызметкер ішкі еңбек тәртібіне бағына отырып, белгілі бір мамандық, кәсіп немесе лауазым бойынша жұмысты орындауға міндеттенеді, ал жұмыс беруші еңбек етушіге жалақы төлеуге, еңбек туралы заңнамада, ұжымдық шартта және тараптардың келісінде көзделген еңбек жағдайын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Шарт белгісіз мерзімге, белгілі мерзімге, белгілі бір жұмысты орындау мезгіліне жасалады*)
- трудовой коллектив** - еңбек ұжымы (*еңбек шарты негізінде кәсіпорынның қызметіне өзінің еңбегімен қатысушылар*)
- трудовой контракт** - еңбек келісімшарты
- трудовой конфликт** - еңбек жанжалы (*басшылық пен жұмысшылардың мүдделерін білдіретін кәсіподақ арасындағы елеулі сипаттағы алауыздық*)
- трудовой потенциал** - еңбек әлеуеті (*қазір қолда бар және келешекте болжаулы еңбек мүмкіндіктері, еңбекке жарамды халықтың санымен, оның кәсіптік-білімділік деңгейімен, басқа да сапалық сипаттарымен сипатталады*)
- трудовой спор** - еңбек дауы (*кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның қызметкерлері мен әкімшілігі арасында еңбек туралы заңнама мен басқа нормативтік актілердің қолданылуы мәселелері, сондай-ақ ұжымдық шарттың талаптары бойынша туындайтын реттелмеген алауыздық, келіспеушілік*)
- трудовой стаж** - еңбек өтілі (*еңбек қызметінің белгіленген тәртіппен есептелетін ұзақтығы*)
- трудовой стаж для исчисления пенсии** - зейнетақы есептеу үшін қажетті еңбек өтілі
- трудовой стаж при начислении пенсии** - зейнетақы есептеу кезіндегі еңбек өтілі
- трудовые затраты** - еңбек шығыны
- трудовые резервы** - еңбек сақтық қорлары
- трудовые ресурсы** - еңбек ресурстары (*экономикалық белсенді, еңбекке жарамды халық, халықтың еңбек қызметіне қатысуға дене күшімен де, рухани қабілетімен де жарамды бөлігі*)
- трудоголик** - еңбекқор, еңбекшіл
- трудодень** - еңбеккүн
- трудоёмкий** - еңбек сыйымдылығы, еңбекті көп қажет ететін (*жұмыс күшіне жұмсалатын шығын өндірістің жалпы шығынының едәуір бөлігін құрайтын өндірістік үдеріс сипаты*)
- трудоёмкость** - еңбекті көп қажетсіну, еңбек сыйымдылығы (*өнімнің бір өлшемін өндіруге жұмсалатын еңбек, жұмыс уақыты шығыны*)
- трудолюбие** - еңбекқорлық
- трудоберегающий** - еңбекті үнемдейтін

трудосберегающий технический прогресс - еңбектi үнемдейтiн техникалык прогресс

трудоспособность - еңбекке кабилеттiлiк, еңбекке жарамдылык

трудоспособный возраст - еңбек етуге кабилеттi жас, жұмыска жарамды жас

трудоустройство - жұмыска орналастыру, жұмыска орналасу

трудочас - еңбек сағаты

трудящийся - еңбекшi

труженик - еңбеккер

“трупное окочение” - “мәйттiң сереюi” (акциялардың бағамдық құнының өсуiнен түсетiн табысқа өсiрмелi салық салу)

труст - труст (нақты операцияны жүргiзу үшiн бiрiккен фирмалар тобы, көбiнесе инвестициялык қорлар, синдикаттар)

трэдинг - трэдинг (акциялардың бағамы өзгеруi есебiнен пайда алуы көздеп оларды сату және кейiннен сатып алу)

“трэкс” - “трэкс” (қайталама еурооблигация нарығында мәмiле жасасудың және оны қуаттаудың электрондық жүйесi)

трэнд - трэнд (баға өзгеретiн бағыт)

трюк - тәсiл, айлакерлiк (сатып алуға өтiнiм берген тұлғаның муниципалдық облигация бойынша аукционды ұтып алуға деген үмiтпен эмитенттiң пайыздық таза шығынын төмендету үшiн муниципалдық облигациялык қарыздың мерзiмдiк табысы жоғары арнаулы купонын пайдалану тәсiлi)

Т-счет - Т-шот (әдетте банк операциясынан кейiн болған өзгерiстердi көрсету үшiн қолданылатын оңайлатылған теңгерiмдiк есептеме)

тугрик - тұғрык (Моңғолияның ақша өлшемi, 100 мунгуге тең)

туман / томан - туман / томан (парсының алтын шақасы және есеп-ақша өлшемi)

тунисский динар - Тунис динары

туннель арбитражный - арбитраждык туннель, арбитраждык үнгiмежел (арбитраждык операциялар

жүргiзуге мүмкiндiк беретiн қаржы құралдары бағасының арасындағы айырма)

тупик - тұйык, тұйықталым, тұйыққа тiрелу (бизнес жаргоны: кәсiпорын, сала шығынының барлық түрлерiн өтеу үшiн нақты бюджеттiк түсiмдердiң жетiспеушiлiгi)

турецкая лира - түрiк лирасы

туристический молодежный накопительный вклад - жастардың туристiк қорланбалы салым ақшасы

туристический чек - туристiк чек, туристер чегi (халықаралық есеп айырысуда туристердi валютамен қамтамасыз ету құралы ретiнде пайдаланылатын төлем құжаты; жол чегi)

туристский аккредитив - туристiк аккредитив

туристский ваучер - туристiк ваучер, туристiк кепiлхат (туристiң тур құрамына кiретiн көрсетiлетiн қызметтерге құқығын белгiлейтiн, олардың көрсетiлгенiн қуаттайтын құжат)

туристский чек - туристiк чек

Т-формуляр и книжка тiр - Т-формуляр және тiр кiтапшасы (Еуропа экономикалык қоғамдастық елдерiнде автомобильдердiң шекарадан толық тексермеленбей өтуiне мүмкiндiк беретiн және шалғай қашықтық тасымалдау кезiнде кiдiрiстi қысқартатын нысандар)

тхебе - тхебе (Ботсвананың ұсақ мәнетi)

тыйын - тыйын (Қырғызстанның ұсақ мәнетi)

тэтчеризм - тэтчеризм (М.Тэтчер 1979-1990 жж. Ұлыбританияның премьер-министрi қызметiн атқарған кезеңде әзiрленiп, iске асырылған саяси және экономикалык бағытқа, сондай-ақ тәсiлдер жүйесiне қатысты қолданылатын термин)

тюрко-азиатский регион - Түрki-Азия аймағы

тяжелая акция - ауыр акция (нарықтық құны қазiргi сәтте тым жоғары болып тұрған акция)

тяжелые деньги - ауыр ақша (ақша нарығында несиеге ұсыныс жеткiлiксiз болғанда туындап, несие пайызын өсiретiн жағдай)

тяжелый рынок - ауыр нарық (сатуға берiлген бұйрықтың саны сатып алуға берiлген тапсырманың санынан асып түсетiн жағдай)

У

убежавший из под контроля - бақылаудан қашып кеткен

убежище налоговое - салық баспанасы (салық деңгейi бiршама төмен және басқа жерлерде жоқ салық жеңiлдiктерi қолданылатын аумақ)

убывающая доходность - азаймалы табыстылык

убыль - кему, азаю (бiр нәрсенiң мөлшерi, шамасы, деңгейi жағынан азаюы; кемiген мөлшер)

убыль капитала - капиталдың кемуi

убытки / убыток - залал, зиян (1. шаруашылық тәжiрибеде ақшалай есептелген шығасы, шығыстың кiрiстен асып түсуi салдарынан материалдық және ақша ресурстарының азаюы; 2. бухгалтерлiк

есепте “Пайда мен залал” деген шот жүргiзiлiп, онда өнiмдi өткiзуден түскен кiрiс пен келтiрiлген шығасының, төленген айыппұлдардың, өсiмпұлдардың, тұрақсыздық айыптарының, т.б. көрсетiлуi; 3. азаматтық құқықта бiр тұлғаға басқа тұлғаның құқыққа қарсы әрекетi салдарынан келтiрiлген ақшалай түрдегi зиян)

убытки банковской системы - банк жүйесiнiң залалы

убытки бумажные - қағаз жүзiндегi залал

убытки в иностранной валюте - шетел валютасы түрiндегi залал

убытки в результате падения цен - бағаның құлдырауы салдарынан келтiрiлген залал (тауар бағасы-

- ның маусымдық ауытқуына байланысты болатын залал)*
- убытки в результате потери рынка** - нарықтың шығасы салдарынан келтірілген залал (*нарықтағы жағдаяттың құбылуынан болатын залал*)
- убытки в страховании** - сақтандырудағы залал
- ценная бумага, зарегистрированная на имя владельца до даты, дающей право на получение дивиденда** - дивиденд алуға құқық беретін күнге дейін иеленушінің атына тіркелген бағалы қағаз
- ценная бумага, имеющая хождение** - қолданыста жүрген бағалы қағаз
- ценная бумага, имеющая хождение на европейских рынках** - Еуропа нарықтарында өтімді бағалы қағаз
- ценная бумага, имеющая хождение на международном рынке** - халықаралық нарықта өтімді бағалы қағаз
- ценная бумага, используемая для инвестиций по доверенности** - сенімхат бойынша инвестициялар үшін пайдаланылатын бағалы қағаз
- ценная бумага корпорации** - корпорацияның бағалы қағазы
- ценная бумага, которая может быть конвертирована в акцию** - акцияға айырбасталуы мүмкін бағалы қағаз
- ценная бумага, которая может быть погашена эмитентом досрочно, но инвестор не имеет права предъявить ее к оплате до срока** - эмитент мерзімінен бұрын өтей алатын, бірақ инвестордың оны мерзіміне дейін төлеуге ұсынуға құқығы жоқ бағалы қағаз
- ценная бумага, купленная в кредит** - несиеге сатып алынған бағалы қағаз
- ценная бумага, купленная с маржей (частично в кредит)** - маржасымен сатып алынған бағалы қағаз (*ішінара несиеге*)
- ценная бумага на предъявителя** - ұсынушыға арналған бағалы қағаз
- ценная бумага, не внесенная в официальный список Лондонской фондовой биржи** - Лондон қор биржасының ресми тізіміне енгізілмеген бағалы қағаз
- ценная бумага, не дающая права на варранты** - варранттарға құқық бермейтін бағалы қағаз
- ценная бумага, не имеющая даты погашения** - өтеу күні көрсетілмеген бағалы қағаз
- ценная бумага, не продаваемая на фондовой бирже** - қор биржасында сатылмайтын бағалы қағаз
- ценная бумага, обращающаяся на бирже** - биржада айналыста жүретін бағалы қағаз
- ценная бумага, отражающая состояние конъюнктуры рынка** - нарық жағдаятының жай-күйін көрсететін бағалы қағаз
- ценная бумага под обеспечение ипотек на передвижные дома** - көшпелі үйлерге ипотеканы қамтамасыз ету кепілімен берілетін бағалы қағаз (*АҚШ-тың Мемлекеттік ұлттық қоғамдастығы шығарады*)
- ценная бумага, подлежащая погашению** - өтеуге жататын бағалы қағаз
- ценная бумага, пользующаяся большим спросом** - үлкен сұранысқа ие бағалы қағаз
- ценная бумага, пользующаяся большим спросом на рынке** - нарықты үлкен сұранысқа ие бағалы қағаз
- ценная бумага, пользующаяся высоким спросом** - жоғары сұранысқа ие бағалы қағаз
- ценная бумага представляющая собой долговое свидетельство** - борышкерлік куәлік болып табылатын бағалы қағаз

ценная бумага с более высоким приоритетом - неғұрлым жоғары басымдығы бар бағалы қағаз

ценная бумага с большим потенциалом роста, временно не привлекающая внимания на рынке - өсу әлеуеті үлкен, нарықта уақытша назар аударылмайтын бағалы қағаз

ценная бумага с возможностью превращения в акцию и обратно - акцияға айналуға және керісінше бағалы қағазға айналуға мүмкіндігі бар бағалы қағаз

ценная бумага с залогом оборудования - жабдық кепілді бағалы қағаз

ценная бумага с крайне неустойчивым курсом - бағамы тым тұрақсыз бағалы қағаз

ценная бумага с меньшими правами на активы и доходы компании - компанияның активтері мен кірістеріне құқығы аз бағалы қағаз

ценная бумага с низкой процентной ставкой - пайыздық мөлшерлемесі төмен бағалы қағаз

ценная бумага с нулевым купоном - нөл купонды бағалы қағаз

ценная бумага с обоснованным курсом - бағамы негізделген бағалы қағаз

ценная бумага с обязательной регистрацией - міндетті түрде тіркелетін бағалы қағаз

ценная бумага с переменным доходом - кірісі айнымалы бағалы қағаз

ценная бумага с плавающей ставкой - мөлшерлемесі құбылмалы бағалы қағаз

ценная бумага с преимущественными правами на активы эмитента - эмитенттің активтеріне басым құқықтары бар бағалы қағаз

ценная бумага с устойчиво растущим курсом - бағамы тұрақты түрде өсетін бағалы қағаз

ценная бумага с фиксированной процентной ставкой - пайыздық мөлшерлемесі тиянақталған бағалы қағаз

ценная бумага с фиксированным процентным доходом - пайыздық табысы тиянақталған бағалы қағаз

ценная бумага с фиксированным процентом - пайызы тіркелген бағалы қағаз

ценная бумага с фиксированным сроком погашения - өтеу мерзімі тіркелген бағалы қағаз

ценная бумага, свободная от риска - тәуекелден (кәтерден) азат бағалы қағаз

ценная бумага со сроком действия два года - қолданылу мерзімі екі жылдық бағалы қағаз

ценная бумага, участвующая в спекуляции - алыпсатарлыққа қатысатын бағалы қағаз

ценная бумага Федеральной корпорации жилищного ипотечного кредита - Федералдық тұрғын үй ипотекалық кредит корпорациясының бағалы қағазы

ценная бумага Федеральной национальной ипотечной ассоциации - Федералдық ұлттық ипотекалық қауымдастықтың бағалы қағазы

ценник - бағалық, баға анықтамалығы (*шикізаттың, материалдардың, дайын өнімнің есептік бағасының*

жүйеге түсірілген анықтамалығы, ағымдағы экономикалық жұмыста әзірленіп, пайдаланылады)

ценное письмо - бағалы хат, құнды хат (*бастамашылар ойлап тапқан алаяқтыққа жаңа құрбандарды көптеп тартуды көздейтін айлакерлік түрі; мыс., компанияның басшысына аса тиімді шартпен өз есебіне қомақты ақша қабылдау туралы шетелден пошта арқылы жолданған ұсыныс; әдетте мұндай негізсіз ұсынысты қабылдау қармаққа түскен компания үшін үлкен зиян шектіруі мүмкін*)

ценности - құндылықтар (*1. бағасы көрсетілген заттар; 2. құны көп материалдық заттар; 3. маңызды, қажет заттар мен құбылыстар*)

ценности, внесенные в качестве обеспечения кредита - несиені қамсыздандыру ретінде енгізілген құндылықтар

ценности духовные - рухани құндылықтар

ценности заложенные - кепілге салынған құндылықтар

ценности имущественные - мүліктік құндылықтар

ценности интеллектуальные - зияткерлік құндылықтар

ценности конвертируемые - айырбасталымды құндылықтар

ценности наличные - қолда бар құндылықтар

ценности “неосязаемые” - “сезілмейтін” құндылықтар

ценности общечеловеческие - жалпы адамзаттық құндылықтар

ценности товарно-материальные - тауар-материал құндылықтары

ценности фондовые - қор құндылықтары

ценность - құндылық

ценность валютная - валюталық құндылық

“ценность за деньги” - “ақшаға шағылған құндылық”

ценность инвестиционная - инвестициялық құндылық

ценность материальная - материалдық құндылық

ценность, перешедшая по праву наследования государству - мұрагерлік құқығы бойынша мемлекеттің қарамағына көшкен құндылық

ценность фамильная - тектік құндылық, әулеттік құндылық

ценные активы - құнды активтер

ценные бланки - бағалы бланкілер

ценные бумаги - бағалы қағаздар, құнды қағаздар (*1. қаржы нарықтарында бағасы белгіленетін қысқа мерзімді сипаттағы титулдар: бағалы қағаздар, қазынашылық бондар, банк міндеттемелері, салымдар бойынша сертификаттар, т.б.; 2. корпорациядағы иелену жайғасымын, корпорациямен не үкіметпен несиегерлік қатынасты немесе опцион, жазылыстық құқық, 3. жазылыстық кепілдік түріндегі иелену құқығын көрсететін құжаттар; борышқорлар борышты өтеу жөніндегі өз міндеттемелерін орындамағанда несиегерде айналым құқығы, яғни кері талап ету құқығы болатын активтер;*

4. акциялардан, мемлекеттік бағалы қағаздардан, облигациялардан, борышқорлық міндеттемелерден, жарнапұлдық траст сертификаттарынан, несиеге берілген не депозиттелген ақшалай қаражатты меншіктену құқығының куәліктерінен тұратын қаржы активтері)
- ценные бумаги, активно обращающиеся на рынке** - нарықта белсенді айналысқа түсетін бағалы қағаздар
- ценные бумаги “альфа”** - “альфа” бағалы қағаздары (баға туралы ақпараттың электронды жүйесі арқылы белсенді түрде сатылатын не сатып алынатын бағалы қағаздар)
- ценные бумаги банка** - банктің бағалы қағаздары
- ценные бумаги без вариантов** - нұсқалары жоқ бағалы қағаздар
- ценные бумаги без даты** - күні көрсетілмеген бағалы қағаздар
- ценные бумаги без обозначенной номинальной стоимостью** - атаулы құны таңбаланбаған бағалы қағаздар
- ценные бумаги без права продажи** - сату құқығынсыз бағалы қағаздар
- ценные бумаги без фиксированной даты погашения** - өтелу күні тіркелмеген бағалы қағаздар
- ценные бумаги в “безналичной форме”** - “қолда жоқ нысандағы” бағалы қағаздар
- ценные бумаги в валюте** - валюта түріндегі бағалы қағаздар
- Ценные бумаги в валюте Российской Федерации** - Ресей Федерациясының валюта түріндегі бағалы қағаздары
- ценные бумаги в виде записей в реестре** - тіркелімдегі жазба түріндегі бағалы қағаздар
- ценные бумаги “в игре”** - “ойнап тұрған” бағалы қағаздар
- ценные бумаги в иностранной валюте** - шетел валютасымен тұлғаланған бағалы қағаздар
- ценные бумаги, в которые банковским траст-отделам разрешено вкладывать средства** - банктен сенімгер-бөлімшелерінің қаражат салуына рұқсат етілген бағалы қағаздар
- ценные бумаги, в которые сберегательным банкам разрешено вкладывать средства** - жинақ банктен қаражат салуына рұқсат етілген бағалы қағаздар
- ценные бумаги в процессе расчетов** - есеп айырысу үдерісіндегі бағалы қағаздар (*Ұлыбритания*)
- ценные бумаги в различных валютах** - түрлі валюталардағы бағалы қағаздар
- ценные бумаги в свободном обращении** - еркін айналыстағы бағалы қағаздар
- ценные бумаги в учреждениях сберегательного банка** - жинақ банкі мекемелеріндегі бағалы қағаздар
- ценные бумаги в форме бухгалтерской записи** - бухгалтерлік жазба нысанындағы бағалы қағаздар
- ценные бумаги, включенные в списки** - тізімге енгізілген бағалы қағаздар (*бағалы қағаздар биржасының біріне сауда-саттыққа қабылданған акциялар немесе облигациялар*)
- ценные бумаги внебиржевого рынка** - биржадан тыс нарықтың бағалы қағаздары
- ценные бумаги, впервые котирующиеся на Нью-Йоркской фондовой бирже** - алғаш рет Нью-Йорк қор биржасында бағасы белгіленетін бағалы қағаздар
- “ценные бумаги впереди”** - “бағалы қағаздар алда” (*инвесторға бұйрықтың орындалуының кідіртілуі себептерін түсіндіру үшін пайдаланылатын сөз тіркесі, өйткені басымдылығы неғұрлым жоғары бұйрықтар әлі орындалған жоқ; бір тұрпатты бұйрықтар әдетте түсу кезектілігіне қарай орындалады немесе көлемі көбінен басталады*)
- ценные бумаги вразнос** - таратылмалы бағалы қағаздар, аралатпа бағалы қағаздар
- ценные бумаги, входящие в листинг** - листингіге кіретін бағалы қағаздар
- ценные бумаги, выделенные подписчику, если число заявок превышает предложение** - өтінімдердің саны ұсыныстан асып түссе, жазылушыға бөлінген бағалы қағаздар
- ценные бумаги, выпускаемые для финансирования жилищного строительства** - тұрғын үй құрылысын қаржыландыру үшін шығарылатын бағалы қағаздар (*АҚШ*)
- ценные бумаги, выпускаемые местными властями** - жергілікті өкімет орындары шығаратын бағалы қағаздар
- ценные бумаги, выпускаемые по мере предъявления спроса** - сұраныстың ұсынылуына қарай шығарылатын бағалы қағаздар
- ценные бумаги, выпускаемые по мере предъявления спроса по фиксированной цене** - сұраныстың тиянақталған баға бойынша ұсынылуына қарай шығарылатын бағалы қағаздар
- ценные бумаги, выпускаемые по номинальной цене** - атаулы баға бойынша шығарылатын бағалы қағаздар
- ценные бумаги, выпущенные в обращение** - айналысқа шығарылған бағалы қағаздар
- ценные бумаги, выпущенные местным органом власти** - жергілікті билік органдары шығарған бағалы қағаздар
- ценные бумаги, выпущенные муниципальными властями** - муниципалдық билік органдары шығарған бағалы қағаздар
- ценные бумаги, выпущенные на основе пула ипотек или других кредитов** - ипотекалық немесе басқа кредиттер негізінде шығарылған бағалы қағаздар (*АҚШ*)
- ценные бумаги, выпущенные правительством штата (США)** - штат үкіметі шығарған бағалы қағаздар (*АҚШ*)
- ценные бумаги, выпущенные публично-правовыми организациями** - көпшілік-құқықтық ұйымдар шығарған бағалы қағаздар

- ценные бумаги, выпущенные с новыми характеристиками на основе других бумаг** - басқа қағаздардың негізінде жаңа сипаттамалармен шығарылған бағалы қағаздар
- ценные бумаги, выпущенные частными корпорациями** - жекеше корпорациялар шығарған бағалы қағаздар
- ценные бумаги, выраженные в иностранной валюте** - шетел валютасымен тұлғаланған бағалы қағаздар
- ценные бумаги высокого качества** - жоғары сапалы бағалы қағаздар
- ценные бумаги высокого качества, рекомендуемые для долгосрочных инвестиций** - ұзақ мерзімді инвестициялар үшін ұсынылатын жоғары сапалы бағалы қағаздар
- ценные бумаги, вышедшие в тираж** - таралымға шыққан бағалы қағаздар
- ценные бумаги, гарантированные правительством** - үкімет кепілдік берген бағалы қағаздар (*Ұлыбритания*)
- ценные бумаги денежного рынка** - ақша нарығының бағалы қағаздары
- ценные бумаги для перепродажи** - қайта сатуға арналған бағалы қағаздар
- ценные бумаги, допущенные к обращению на фондовой бирже** - қор биржасындағы айналысқа жіберілген бағалы қағаздар
- ценные бумаги, допущенные к торгам** - сауда-саттыққа жіберілген бағалы қағаздар
- ценные бумаги, доходы по которым освобождены от налогообложения** - табысы салық салудан босатылған бағалы қағаздар
- ценные бумаги, заложенные в качестве обеспечения** - қамтамасыз ету ретінде кепілге салынған бағалы қағаздар
- ценные бумаги, занесенные в список утерянных или похищенных** - жоғалған немесе ұрланған бағалы қағаздар тізіміне енгізілген бағалы қағаздар
- ценные бумаги, зарегистрированные на бирже** - биржада тіркелген бағалы қағаздар
- ценные бумаги, имеющиеся на рынке для купли-продажи** - сатып алу-сату үшін нарықта бар бағалы қағаздар
- ценные бумаги, имеющие хождение на рынке срочных сделок** - мерзімді мәмілелер нарығында қолданылатын бағалы қағаздар
- ценные бумаги инвестиционного качества** - инвестициялық сападағы бағалы қағаздар
- ценные бумаги инвестиционного уровня** - инвестициялық деңгейдегі бағалы қағаздар
- ценные бумаги инвестиционной компании** - инвестициялық компанияның бағалы қағаздары
- ценные бумаги, информация о которых заложена в память ЭВМ** - ақпараты ЭЕМ-ның зердесіне енгізілген бағалы қағаздар
- ценные бумаги как объект капиталовложений** - күрделі жұмсалым объектісі ретіндегі бағалы қағаздар
- ценные бумаги категории “альфа”** - “альфа” санатындағы бағалы қағаздар (*баға туралы ақпараттың электронды жүйесі арқылы белсенді түрде сатылатын не сатып алынатын бағалы қағаздар*)
- ценные бумаги, котируемые на бирже** - биржада бағасы белгіленетін бағалы қағаздар (*биржадағы айналымға жіберілген бағалы қағаздар*)
- ценные бумаги, котирующиеся на бирже** - биржада бағаланатын бағалы қағаздар
- ценные бумаги, котирующиеся на фондовой бирже** - қор биржасында бағаланатын бағалы қағаздар
- ценные бумаги, которые могут быть конвертированы в акции** - акцияларға айырбастауға болатын бағалы қағаздар
- ценные бумаги, которые могут переходить из рук в руки с помощью передаточной надписи последнего владельца** - соңғы иелешінің табыстама жазбасының көмегімен қолдан қолға өте алатын бағалы қағаздар
- ценные бумаги, которые нельзя продать до определенной даты** - белгілі бір күнге дейін сатуға болмайтын бағалы қағаздар
- ценные бумаги, которые по закону могут быть приобретены доверительными учреждениями** - заң бойынша сенімгер мекемелер сатып алуы мүмкін бағалы қағаздар
- ценные бумаги, которые сопровождаются инвестиционным письмом** - инвестициялық хатпен қоса жөнелтілетін бағалы қағаздар
- ценные бумаги, которые трудно быстро продать** - тез сатылуы қиын бағалы қағаздар
- ценные бумаги, купленные в кредит** - кредитке сатып алынған бағалы қағаздар
- ценные бумаги, купленные для быстрой перепродажи и зарегистрированные на имя брокера** - тез қайта сату үшін сатып алынған және брокердің атына тіркелген бағалы қағаздар
- ценные бумаги, купленные конечным инвестором с целью получения регулярного дохода** - ақырғы инвестор тұрақты табыс алу мақсатымен сатып алған бағалы қағаздар
- ценные бумаги, купленные по соглашениям об обратной продаже** - кері сатып алу туралы келісім бойынша сатып алынған бағалы қағаздар
- ценные бумаги, купленные с целью получения регулярного дохода** - тұрақты табыс алу мақсатымен сатып алынған бағалы қағаздар
- ценные бумаги легко реализуемые** - оңай өткізілетін бағалы қағаздар
- ценные бумаги международных финансовых организаций** - халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары
- ценные бумаги на основе пула кредитов** - кредит пулы негізіндегі бағалы қағаздар
- ценные бумаги на предъявителя** - ұсынушыға арналған бағалы қағаздар

- ценные бумаги, не входящие в листинг** - листингіге кірмейтін бағалы қағаздар
- ценные бумаги не допущенные к обращению на бирже** - биржада айналысқа жіберілмеген бағалы қағаздар
- ценные бумаги не зарегистрированные на бирже** - биржада тіркелмеген бағалы қағаздар
- ценные бумаги, не котирующиеся на бирже** - биржада бағаланбайтын бағалы қағаздар
- ценные бумаги, не котирующиеся на главной бирже города** - қаланың бас биржасында бағаланбайтын бағалы қағаздар
- ценные бумаги, не получившие признания на рынке** - нарықта танылмаған бағалы қағаздар
- ценные бумаги, не привлекающие внимания инвесторов** - инвесторлардың назарын аудармайтын бағалы қағаздар
- ценные бумаги, не пригодные к перечету** - қайта есептеуге жарамсыз бағалы қағаздар
- ценные бумаги неустановленных лиц** - анықталмаған тұлғалардың бағалы қағаздары
- ценные бумаги нефтяных компаний** - мұнай компанияларының бағалы қағаздары
- ценные бумаги, обеспеченные активами** - активтермен қамтамасыз етілмеген бағалы қағаздар
- ценные бумаги, обеспеченные складной** - кепілхатпен қамтамасыз етілген бағалы қағаздар
- ценные бумаги, обеспеченные складными, под гарантию Правительственной национальной ипотечной ассоциации** - Үкіметтік ұлттық ипотекалық қауымдастықтың кепілдігі бар кепілхатпен қамтамасыз етілген бағалы қағаздар
- ценные бумаги, обеспеченные землей** - жермен қамтамасыз етілген бағалы қағаздар
- ценные бумаги, обеспеченные ипотекой** - ипотекамен қамтамасыз етілген бағалы қағаздар
- ценные бумаги, обращающиеся вне официальной фондовой биржи** - ресми қор биржасынан тыс айналысқа түскен бағалы қағаздар
- ценные бумаги, обращающиеся внутри страны** - ел ішінде айналысқа түсетін бағалы қағаздар
- ценные бумаги, обращающиеся во внебиржевом обороте** - биржадан тысқары айналымға түсетін бағалы қағаздар
- ценные бумаги, обращающиеся на бирже** - биржада айналысқа түскен бағалы қағаздар
- ценные бумаги, обращающиеся на внебиржевом рынке** - биржадан тыс нарықта айналыста жүрген бағалы қағаздар
- ценные бумаги, обращающиеся на международных рынках** - халықаралық нарықтарда айналысқа түсетін бағалы қағаздар
- ценные бумаги, обращающиеся на публичном рынке** - көпшілік нарықта айналыста жүрген бағалы қағаздар
- ценные бумаги, определяющие движение биржевой конъюнктуры** - биржалық жағдаяттың қозғалысын айқындайтын бағалы қағаздар
- ценные бумаги, освобожденные от налога** - салықтан босатылған бағалы қағаздар
- ценные бумаги, освобожденные от регистрации в регулирующем органе** - реттейтін органда тіркеуден босатылған бағалы қағаздар
- ценные бумаги, оставшиеся у члена эмитсионного синдиката** - эмиссиялық синдикаттың мүшесінде қалған бағалы қағаздар
- ценные бумаги первоклассных заемщиков** - бірінші сыныпты қарызгерлердің бағалы қағаздары
- ценные бумаги под обеспечение ипотек на передвижные дома** - көшпелі үйлерге ипотеканы қамтамасыз ету кепілімен берілетін бағалы қағаздар
- ценные бумаги, подлежащие государственной регистрации** - мемлекеттік тіркеуге жататын бағалы қағаздар
- ценные бумаги, подлежащие погашению в определенный срок** - белгілі бір мерзімде өтелуге тиісті бағалы қағаздар
- ценные бумаги, пользующиеся большим спросом** - үлкен сұранысқа ие бағалы қағаздар
- ценные бумаги, пользующиеся популярностью и активно обращающиеся на вторичном рынке** - көпке танымал және қайталама нарықта белсенді айналысқа түсетін бағалы қағаздар
- ценные бумаги пользующиеся хорошим спросом на рынке** - нарықта жақсы сұранысқа ие бағалы қағаздар
- ценные бумаги, потерявшие стоимость** - құнын жоғалтқан бағалы қағаздар
- ценные бумаги правительственных ведомств и агентств** - үкімет идаралары мен агенттіктерінің бағалы қағаздары
- ценные бумаги, предлагаемые к продаже** - сатуға ұсынылатын бағалы қағаздар
- ценные бумаги предприятий и организаций** - кәсіпорындар мен ұйымдардың бағалы қағаздары
- ценные бумаги, привлекающие внимание спекулянтов как потенциальный источник спекулятивной прибыли** - алып-сатарлық пайданың әлеуетті көзі ретінде алып-сатарлардың назарын аударатын бағалы қағаздар
- ценные бумаги, пригодные для вложения в сберегательный банк** - жинақ банкіге салу үшін жарамды бағалы қағаздар
- ценные бумаги, пригодные для инвестиций клиентов** - клиенттердің инвестициялары үшін жарамды бағалы қағаздар
- ценные бумаги, приносящие дивиденд** - дивиденд әкелетін бағалы қағаздар
- ценные бумаги, приносящие твердый доход** - тұрақты табыс келтіретін бағалы қағаздар
- ценные бумаги, проданные на основе соглашения об обратной покупке** - кері сатып алу туралы келісім негізінде сатылған бағалы қағаздар
- ценные бумаги, проданные по соглашениям об обратной покупке** - кері сатып алу туралы келісім бойынша сатылған бағалы қағаздар

- ценные бумаги, продающиеся по спекулятивной цене** - алып-сатарлық баға бойынша сатылатын бағалы қағаздар
- ценные бумаги промышленных компаний** - өнер-кәсіп компанияларының бағалы қағаздары
- ценные бумаги региональных предприятий** - аймақтық кәсіпорындардың бағалы қағаздары
- ценные бумаги роста и дохода** - өсу мен табыстың бағалы қағаздары
- ценные бумаги с более высоким курсом по сравнению с общим уровнем** - жалпы деңгеймен салыстырғанда бағамы неғұрлым жоғары бағалы қағаздар
- ценные бумаги с более высоким приоритетом** - басымдылығы неғұрлым жоғары бағалы қағаздар
- ценные бумаги с варьируемой процентной ставкой, не превышающей установленный максимум** - пайыздық мөлшерлемесі түрленбелі, белгіленген ең жоғары шектен аспайтын бағалы қағаздар
- ценные бумаги с высоким доходом** - табысы жоғары бағалы қағаздар
- ценные бумаги “с золотым обрезом”** - “алтын кесінділі” бағалы қағаздар (*ауыс мағынада аса сенімді бағалы қағаздар*)
- ценные бумаги с колеблющимся доходом** - табысы құбылмалы бағалы қағаздар
- ценные бумаги с колеблющимся курсом** - бағамы құбылмалы бағалы қағаздар
- ценные бумаги с коротким сроком погашения** - қысқа мерзімде өтелетін бағалы қағаздар
- ценные бумаги с накапливаемыми процентными платежами** - пайыздық төлемдері біртіндеп қорланатын бағалы қағаздар (*өтеу мерзіміне дейін төленбейтін*)
- ценные бумаги с нетто-купонами** - таза купонды бағалы қағаздар
- ценные бумаги с низкой процентной ставкой** - пайыздық мөлшерлемесі төмен бағалы қағаздар
- ценные бумаги с ограничением обращения** - айналысы шектелетін бағалы қағаздар
- ценные бумаги с оплатой через пул “закладных”** - “кепісалым” пулы арқылы төленетін бағалы қағаздар
- ценные бумаги с плавающей процентной ставкой** - пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы бағалы қағаздар
- ценные бумаги с погашением в будущем** - болашақта өтелетін бағалы қағаздар
- ценные бумаги с правом на остаточный доход** - қалдық табысқа құқық беретін бағалы қағаздар
- ценные бумаги с правом пролонгирования срока** - мерзімін ұзартуға құқылы бағалы қағаздар
- ценные бумаги с правом участия в прибыли** - пайдаға қатысу құқығы бар бағалы қағаздар
- ценные бумаги с правом участия в прибылях компании** - компанияның пайдаларына қатысуға құқылы бағалы қағаздар
- ценные бумаги с преимущественным правом на активы компании в случае ее ликвидации** - компания таратылған жағдайда оның активтеріне артықшылықты құқығы бар бағалы қағаздар
- ценные бумаги с премией** - сыйлықақылы бағалы қағаздар
- ценные бумаги с прилагаемыми купонами на дивиденды** - дивидендке арналған купондар тіркелетін бағалы қағаздар
- ценные бумаги “с продолжением”** - “жалғастырылмалы” бағалы қағаздар
- ценные бумаги с процентными платежами в долларах** - доллар түріндегі пайыздық төлемдері бар бағалы қағаздар
- ценные бумаги с процентными платежами в иностранной валюте** - шетел валютасы түріндегі пайыздық төлемдері бар бағалы қағаздар
- ценные бумаги с фиксированной выкупной стоимостью** - өтеуін төлеп алу құны тіркелген бағалы қағаздар
- ценные бумаги с фиксированной доходностью** - табыстылығы тіркелген бағалы қағаздар
- ценные бумаги с фиксированной процентной ставкой** - пайыздық мөлшерлемесі тіркелген бағалы қағаздар
- ценные бумаги с фиксированным доходом** - табысы тіркелген бағалы қағаздар, тіркеулі табысы бар бағалы қағаздар
- ценные бумаги с фиксированным сроком** - мерзімі тіркелген бағалы қағаздар
- ценные бумаги с фиксированным сроком погашения** - өтеу мерзімі тіркелген бағалы қағаздар
- ценные бумаги с хорошей репутацией** - жақсы атаққа ие бағалы қағаздар
- ценные бумаги “самурай”** - “самурай” бағалы қағаздары (*Жапонияның ішкі нарығында бейрезиденттердің йена вексельдерін шығару жөніндегі орта мерзімді бағдарламасы*)
- ценные бумаги, свободно обращающиеся на бирже** - биржада еркін айналыста болатын бағалы қағаздар
- ценные бумаги, свободные от налога** - салықтан босатылған бағалы қағаздар
- ценные бумаги, свободные от риска** - қауіп-қатерден азат бағалы қағаздар, тәуекелдіктен босатылған бағалы қағаздар
- ценные бумаги “скорой помощи”** - “жедел жәрдем” бағалы қағаздары (*брокер клиент үшін кеңес берген табыстылығы жоғары бағалы қағаздар, олардың қоржыны бұрын жасақталған, күткендегідей үміт ақталмаған, межелі уақытта күтілген пайда бермеген*)
- ценные бумаги, служащие обеспечением** - қамсыздандыру ретінде қызмет ететін бағалы қағаздар
- ценные бумаги со скидкой** - шегерімді бағалы қағаздар
- ценные бумаги со средним сроком погашения** - өтеу мерзімі орташа бағалы қағаздар
- ценные бумаги со штампом** - мөртабан басылған бағалы қағаздар (*бірінші сыныпты шығарылым шарттарының өзгеруіне байланысты*)

- ценные бумаги, совпадающие с ее номиналом** - өзінің атаулы құнымен сәйкесетін бағалы қағаздар
- ценные бумаги солидной компании, активно обращающиеся на вторичном рынке** - саликалы компанияның қайталама нарықта белсенді айналысқа түсетін бағалы қағаздары
- ценные бумаги, существующие только в бухгалтерской записи** - тек бухгалтерлік жазба түрінде ғана қолданылатын бағалы қағаздар
- ценные бумаги, существующие только в виде записи в регистре** - тіркелімдегі жазба ретінде ғана қолданылатын бағалы қағаздар
- ценные бумаги “тигр” с нулевыми купонами на основе казначейских бумаг** - қазынашылық қағаздар негізіндегі нөл купонды “жолбарыс” бағалы қағаздары
- ценные бумаги, торгующиеся на внебиржевом рынке** - биржадан тыс нарықта саудаға түскен бағалы қағаздар
- ценные бумаги участия** - пайдаға қатысатын бағалы қағаздар
- ценные бумаги федерального правительства** - федералдық үкіметтің бағалы қағаздары
- ценные бумаги федеральных агентств** - федералдық агенттіктердің бағалы қағаздары
- ценные бумаги фондовой биржи** - қор биржасының бағалы қағаздары
- ценные бумаги “Фотра” - “Фотра” бағалы қағаздары (Ұлыбритания)**
- ценные бумаги, частично или полностью потерявшие стоимость** - құнын ішінара немесе толық жоғалтқан бағалы қағаздар
- ценные бумаги штатов и местных органов власти** - штаттар мен жергілікті билік органдарының бағалы қағаздары
- ценный** - құнды
- ценовая гибкость** - баға икемділігі (*баға сұраныс пен ұсынысқа қарай, басқа да баға белгілеуші факторларға: өндіріс шығынына, айналысқа, салықтарға, баға шектеулеріне қарай өзгеріп тұратын жағдай*)
- ценовая дискриминация** - бағамен кемсітушілік (*бір тауар үшін түрлі сатып алушыға түрлі баға белгілеу*)
- ценовая конкуренция** - баға бәсекесі (*тұтынушыларды тарту үшін баға факторын пайдаланушы компаниялар арасындағы бәсекелестік*)
- ценовая надбавка** - баға үстемесі
- ценовая оговорка в контракте** - келісімшарттағы баға ескертпесі
- ценовая поддержка** - бағаны қолдау (*экономиканың кейбір аса маңызды салалары, ең алдымен ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасын қолдау жөніндегі мемлекеттік экономикалық саясат*)
- ценовая преэминентность** - баға сабақтастығы
- ценовая разница** - баға айырмасы, бағадағы айырма
- ценовая система** - баға жүйесі (*сұраныс ұсыныстан асып түскенде баға көтерілетін, ал керісінше ұсыныс сұраныстан асып түскенде баға төмендейтін тетік, мұның өзі өндірушілер үшін тұтынушылар сұранысының өзгергенін білдіретін белгі болып табылады*)
- ценовая скидка** - баға шегерімі (*нарық жағдайын, келісімшарт талаптарын ескере отырып бағадан шегеру*)
- ценовая стратегия маркетинга** - маркетингінің баға стратегиясы
- ценовая субсидия** - бағаға жәрдемқаржы, бағаны қаражаттандыру
- ценовая эластичность** - баға икемділігі (бейімделгіштігі)
- ценовая эластичность предложения** - ұсыныстың баға жөнінен икемділігі
- ценовая эластичность спроса** - сұраныстың баға жөнінен икемділігі
- ценовое лидерство** - бағадағы жетекшілік
- ценовое правило** - баға ережесі
- ценовое соглашение** - баға келісімі (*тауардың, бағалы қағаздардың белгілі бір мерзімде бағасы белгіленетін келісімшарт*)
- ценово-измеряемый индекс** - бағамен өлшенетін индекс
- ценовой индекс, учитывающий налогообложение** - салық салу ескерілетін баға индексі
- “ценовой круг”** - “баға тобы” (*кәсіпкерлердің немесе саудагерлердің бағаны көтеру үшін құрылған бірлестігі*)
- ценовой лидер** - бағадағы жетекші, баға жөнінен жетекші (*нарықта соншалықты орнықты жағдайға ие болған және осы тұрпаттағы өнім бағасының жалпы деңгейіне әсер ете алатын марка*)
- ценовой маркетинг** - баға маркетингі
- ценовой механизм** - баға тетігі
- ценовой ориентир** - баға бағдары
- ценовой последователь** - бағадағы ізбасар, баға жөнінен ізбасар (*өнім бағасының өзгеруіне қатысты әрекетінде бағадағы жетекшінің ізімен жүретін компания*)
- ценовой риск** - баға тәуекелі (*пайыз мөлшерлемесінің ағымдағы деңгейінің өсуі мен құлдырауы салдарынан борышқорлық міндеттеме бағасының өзгеруі қатері*)
- ценово-прибыльный коэффициент** - баға-пайда коэффициенті, бағамен есептелген пайда коэффициенті (*бір акцияға шаққандағы пайдаға бөлінген акциялар бағасы*)
- ценовые изменения** - бағадағы өзгерістер
- ценовые условия** - баға шарттары
- ценовый диапазон** - баға диапазоны (*акциялар белгілі бір кезең бойына сатылатын не сатып алынатын жоғары не төмен диапазон*)
- ценовый пробел** - баға жолағы (*акция бағасы соңғы сауда диапазонына қарағанда күрт көтерілген не күрт құлдыраған кезде қолданылатын термин*)

ценообразование - бағаның құралуы, баға құралымы, бағаның түзілуі, баға қою, баға белгілеу, баға белгіленімі (*тауарлар мен көрсетілетін қызметтер бағасының қалыптасу үдерісі, барлық тауарларға қатысты жалпы баға белгілеу әдістерімен сипатталады*)

ценообразование государственное - мемлекеттік баға белгілеу

ценообразование двойное - екі түрлі баға белгілеу

ценообразование дискриминационное - кемсітушілік баға белгіленімі

ценообразование затратное - шығындық баға белгіленімі

ценообразование зональное - аймақтық баға белгіленімі

ценообразование конкурентное - бәсекелі баға белгілеу

ценообразование лимитирующее - лимиттеуші баға белгіленімі

ценообразование лимитное - лимитті баға белгілеу

ценообразование монополистическое - монополистік баға белгілеу

ценообразование мошенническое - айлакерлікпен баға белгілеу

ценообразование на кредит - кредитке баға белгілеу

ценообразование на основе базисного пункта - базистік байна негізінде баға белгілеу

ценообразование на основе валовой прибыли - жалпы пайда негізінде баға белгілеу

ценообразование на основе единой цены доставки - жеткізудің бірыңғай бағасы негізінде баға белгілеу

ценообразование на основе издержек - шығын негізінде баға белгілеу

ценообразование на основе маржинальных издержек - маржиналдық шығын негізінде баға белгілеу, шекті шығын негізінде баға белгілеу

ценообразование на основе полных затрат - толық шығын негізінде баға белгілеу

ценообразование на основе предельных затрат - шекті шығын негізінде баға белгілеу

ценообразование на основе предельных издержек - шекті шығын негізінде баға белгілеу

ценообразование на основе средних затрат - орташа шығын негізінде баға белгілеу

ценообразование на основе цены ФОБ - ФОБ бағасы негізінде баға белгілеу

ценообразование на рынке ценных бумаг - бағалы қағаздар нарығындағы баға белгілеу

ценообразование ориентированное на спрос - сұранымға бағдарланған баға белгілеу

ценообразование пиковое - шарықтатылған баға белгіленімі

ценообразование по принципу “затраты плюс прибыль” - “шығын плюс пайда” қағидаты бойынша баға белгілеу

ценообразование по принципу “издержки плюс наценка” - “жұмсалған шығын плюс үстеме баға”

қағидаты бойынша баға белгілеу, “жұмсалған шығын қосу үстеме баға” қағидаты бойынша баға белгілеу

ценообразование по принципу “издержки плюс” - “шығын қосу” қағидаты бойынша баға белгілеу

ценообразование по принципу “средние издержки қосу прибыль” - “орташа шығын плюс пайда”

қағидаты бойынша баға белгілеу

ценообразование по психологическому принципу - психологиялық қағидат бойынша баға белгілеу

ценообразование предельное - шекті баға белгілеу

ценообразование престижное - артықшылықты баға белгіленімі, беделді баға белгіленімі

ценообразование рыночное - нарықтық баға белгіленімі

ценообразование с максимализацией прибыли - пайданы барынша көбейтетін баға белгілеу

ценообразование с оплатой доставки - жеткізу ақысы төленетін баға белгілеу

ценообразование с учетом психологии - психологияны ескере отырып, баға белгілеу

ценообразование сдерживающее - тежеушілік баға белгілеу

ценообразование ссудное - несиелік баға белгілеу

ценообразование стимулирующее - ынталандырушы баға белгіленімі

ценообразование трансфертное - трансферттік баға белгілеу

ценообразование управляемое - басқарылатын баға белгіленімі

ценообразование целевое - мақсатты баға белгілеу

ценообразование централизованное - орталықтандырылған баға белгілеу

цент - цент (*АҚШ, Канада, Либерия, Эфиопия, Малайзияның ұсақ шақасы, $\frac{1}{100}$ долларға тең*)

центаво - центаво (*Бразилияның және басқа бірқатар елдердің ұсақ мәнеті*)

центнер - центнер (*АҚШ пен Ливерпульде қолданылатын термин, 100 фунт “эдердьюпоис” дегенді білдіреді*)

центр - орталық (*1. бірдеңе шоғырланған жер; 2. жоғары басшылық орган; 3. басты жетекші мекеме; 4. әкімшілік, өнеркәсіптік, т.б мекемелер орналасқан қала; 5. бірдеңенің ортадағы, басты бөлігі*)

центр административный - әкімшілік орталық

центр валютного контроля - валюталық бақылау орталығы

центр вычислительный - есептеу орталығы

центр государственный - мемлекеттік орталық

центр делового сотрудничества - іскерлік ынтымақтастық орталығы

центр деловой - іскерлік орталық

центр депозитарный - депозитарлық орталық

центр дилинговый - дилингілік орталық

центр жирорасчетов - жирототтар орталығы

центр складного кредитования - кепілхаттық несиелендіру орталығы

- центр занятости** - жұмыспен қамту орталығы
- центр затрат** - шығын орталығы
- центр издержек** - шығын орталығы (*компанияның нақты шығынды жатқызуға болатын бөлімі не бөлімшесі*)
- центр инвестиций** - инвестициялар орталығы
- центр инжиниринговый** - инжинирингілік орталық
- центр инновационный** - инновациялық орталық
- центр информационно-вычислительный** - ақпарат-тық-есептеу орталығы
- центр информационный** - ақпарат орталығы
- центр капиталовложений** - күрделі жұмсалым орталығы
- центр кастодиальный** - кастодиандық орталық
- центр клиринговый** - клирингілік орталық
- центр коммерческий** - коммерциялық орталық
- центр коммерческой деятельности** - коммерциялық қызмет орталығы
- центр компьютерный** - компьютерлік орталық
- центр консультационный** - кеңес беру орталығы
- центр координационный** - үйлестіру орталығы
- центр кредитных карточек** - кредит карточкаларының орталығы
- центр международной торговли** - халықаралық сауда орталығы
- центр международный** - халықаралық орталық
- центр мировой торговли** - әлемдік сауда орталығы
- центр недвижимости** - жылжымайтын мүлік орталығы
- центр некоммерческий** - бейкоммерциялық орталық
- центр обработки данных** - деректерді өңдеу орталығы
- центр обслуживания** - қызмет көрсету орталығы
- центр оффшор (оффшорный)** - оффшор орталық (*қаржы-салық бақылауы қолайлы елдердегі қаржы орталықтары*)
- Центр по арбитражным разбирательствам и урегулированию споров между исламскими финансовыми учреждениями (ARCIFI)** - Ислам қаржы мекемелері арасындағы дауларды төрелік талқылау және реттеу жөніндегі орталық (ARCIFI)
- Центр подготовки специалистов по исламским финансам** - Ислам қаржысы бойынша мамандар даярлау орталығы
- центр поставки ценных бумаг** - бағалы қағаздарды жеткізу орталығы
- центр прибыли** - пайда орталығы (*компания шеңберінде бизнесті дербес жүргізу құқығын алған және өзінің пайда мен залал шоты бар бөлім немесе бөлімше*)
- центр проверки балансовой отчетности** - теңгерімдік есеп-қисапты тексеру орталығы
- центр распределения** - бөлу орталығы
- центр расходов** - шығыс орталығы
- центр расчетно-депозитарный** - есептік-депозитарлық орталық
- центр расчетно-кассовый** - есептік-кассалық орталық
- центр расчетно-клиринговый** - есептік-клирингілік орталық
- центр расчетный** - есеп айырысу орталығы
- центр расчетов по сделкам с золотыми слитками** - алтын құймалармен жасалатын мәмілелер бойынша есеп айырысу орталығы
- центр реализации** - өткізу орталығы
- центр рейтинговый** - рейтингілік орталық
- центр рекламный** - жарнама орталығы
- центр сбытовой** - өткізім орталығы
- центр связи** - байланыс орталығы
- центр системы BASE** - BASE жүйесі орталығы
- Центр товарных бирж** - Тауар биржасы орталығы (*АҚШ*)
- центр торговый** - сауда орталығы
- центр финансовый** - қаржы орталығы
- Центр финансовых исследований** - Қаржылық зерттеулер орталығы
- центр франчайзинговый** - франчайзингілік орталық
- центр хозяйственный** - шаруашылық орталық
- центр экономического интереса** - экономикалық мүдделер орталығы
- центр экономической информации** - экономикалық ақпарат орталығы
- центр электронной системы передачи информации** **Федеральной резервной системы США** - АҚШ Федералдық сақтық қор жүйесінің ақпаратын тарату электронды жүйесінің орталығы (*Калпеперде орналасқан, Виргиния штаты*)
- централизация** - орталықтандыру (*1. бірдеңені бір жерге, бір қолға, бір орталыққа шоғырландыру; 2. маңызды шешімдер қабылдау құқығы басқарудың жоғары деңгейінде қалатын жағдай*)
- централизация бухгалтерского учета** - бухгалтерлік есепті орталықтандыру
- централизация информации** - ақпаратты орталықтандыру
- централизация капитала** - капиталдың орталықтануы, капиталды орталықтандыру
- централизация планирования** - жоспарлауды орталықтандыру
- централизация статистической отчетности** - статистикалық есеп-қисапты орталықтандыру
- централизация управления** - басқаруды орталықтандыру
- централизация учета** - есепті орталықтандыру
- централизм** - централизм, орталықшылдық (*орталықтандырылған басқару жүйесі*)
- централизованная вычислительная сеть** - орталықтандырылған есептеуіш желі
- централизованная задолженность** - орталықтандырылған берешек
- централизованная монобанковская система** - орталықтандырылған дара банк жүйесі
- централизованная плановая экономика** - орталықтандырылған жоспарлы экономика (*ресурстарды бөлу үдерісін нарықтық күштер емес, мемлекеттік*)

- жоспарлау жүйесі айқындайтын экономика тұрпаты)*
- централизованная проверка** - орталықтандырылған тексеру
- централизованная система единого банка** - орталықтандырылған бірыңғай банк жүйесі
- централизованная система управления** - орталықтандырылған басқару жүйесі
- централизованная электронная система расчетов** - орталықтандырылған электрондық есеп айырысу жүйесі
- централизованно планируемая экономика** - бір орталықтан жоспарланатын экономика
- централизованное бюро кредитной информации** - несие ақпаратының орталықтандырылған бюросы
- централизованное государственное ценообразование** - орталықтандырылған мемлекеттік баға белгілеу
- централизованное кредитное бюро** - орталықтандырылған несие бюросы
- централизованное распределение кредита** - кредитті орталықтандырылған бөлу, несиені орталықтан бөлу
- централизованно-плановая экономика** - орталықтандырылған жоспарлы экономика
- централизованные расчеты** - орталықтандырылған есеп айырысу, бір орталықтан есеп айырысу
- централизованные расчеты по отчислениям от прибыли в бюджет** - пайдадан бюджетке аударым жарнасы бойынша орталықтандырылған есеп айырысу
- централизованные счета** - орталықтандырылған шоттар
- централизованные счета по пенсиям** - зейнетақы бойынша орталықтандырылған шоттар
- централизованные фонды и резервы по фондам экономического стимулирования** - экономикалық ынталандыру қорлары бойынша орталықтандырылған қорлар мен сақтық қорлар
- централизованный денежный фонд** - орталықтандырылған ақша қоры (*мемлекеттің өз міндеттерін жүзеге асыруға арналған, салықтардың және тиісті заңнамада белгіленген басқа да кіріс көздері мен түсімдердің есебінен құрылатын ақша қоры*)
- централизованный учет** - орталықтандырылған есеп
- централизованный фонд** - орталықтандырылған қор
- централизованный чистый доход государства** - мемлекеттің орталықтандырылған таза табысы
- центральная картотека в банке** - банктегі орталық картотека
- Центральная компания финансово-промышленной группы** - Қаржы-өнеркәсіп тобының орталық компаниясы
- центральная касса экономического сотрудничества** - орталық экономикалық ынтымақтастық кассасы
- центральная компания финансово-промышленной группы** - қаржы-өнеркәсіп тобының орталық компаниясы
- центральная расчетная палата** - орталық есеп айырысу палатасы
- Центрально-азиатский банк** - Орталық Азия банкі
- Центрально-азиатский банк сотрудничества и развития Казахстана, Кыргызстана и Узбекистана** - Қазақстанның, Қырғызстанның және Өзбекстанның Орталық Азия ынтымақтастық және даму банкі
- Центральноамериканская клиринговая палата** - Орталық американдық клирингілік палатасы
- Центральноамериканский банк экономической интеграции** - Орталық американдық экономикалық ықпалдасу банкі
- Центрально-американский общий рынок** - Орталық американдық ортақ нарығы
- центральное денежно-кредитное управление** - орталық ақша-кредит басқармасы
- центральное статистическое бюро** - орталық статистикалық бюро
- Центральноевропейский международный банк** - Орталық-Еуропа халықаралық банкі
- центральные валютные курсы** - орталық валюта бағамы
- центральные органы** - орталық органдар
- центральные органы государственного управления** - мемлекеттік басқарудың орталық органдары
- центральные органы государственной власти** - мемлекеттік өкіметтің орталық органдары
- центральный аппарат многобанковской холдинговой компании** - көп банкілі холдингілік компанияның орталық аппараты
- центральный архив банка** - банкінің орталық мұрағаты
- центральный банк** - орталық банк (*мемлекеттің ақша-несие жүйесінің негізгі буыны, үкімет айналыстығы ақшаны және ұлттық валютаның айырбастау бағамын реттеу үшін құратын, банкнот шығару және коммерциялық банкілердің қызметін реттеу құқығы берілген банк*)
- Центральный банк России** - Ресей Орталық банкі
- Центральный Банк РФ (Банк России)** - РФ Орталық Банкі (Ресей Банкі)
- центральный валютный курс** - орталық валюталық бағам (*төңірегінде нарықтық валюта бағамы келісілген шекте ауытқып тұратын валюталар арасындағы ресми тіркелген арасалмақ*)
- центральный депозитарий** - орталық депозитарий (*бағалы қағаздар бойынша құқықтардың және олармен жасалатын операциялардың бүкіл ел ауқымында орталықтандырылған есебін жүргізетін, сондай-ақ бағалы қағаздардың сертификаттарын сақтайтын ұйым*)
- центральный депозитарий ценных бумаг** - бағалы қағаздардың орталық депозитарийі (*АҚШ*)
- центральный земельный банк сберегательных касс** - жинақ кассаларының орталық жер банкі
- центральный информационный файл** - орталық ақпараттық файл
- центральный исполнительный орган** - орталық атқарушы орган

центральный исполнительный орган по пенсионному обеспечению - зейнетақымен қамсыздандыру жөніндегі орталық атқарушы орган

центральный курс - орталық бағам

центральный офис банка - банкінің орталық кеңсесі

центральный офис брокерской фирмы - делдалдық фирманың орталық кеңсесі

центральный паритет - орталық тепе-теңдік (*Еуропа қоғамдастығына кіретін елдер валюталарының арасында тепе-теңдікті қолдау*)

центральный рынок - орталық нарық

центральный уполномоченный орган по бюджетному планированию - бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган

центральный уполномоченный орган по исполнению бюджета - бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган

центральный уполномоченный орган по экономическому планированию - экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган

центрирование данных - деректерді орталыққа дәлдеу (*сырғымалы орташа көрсеткіштер әдісімен болжау, мұнда орташа көрсеткіштің өзгеруі сипатын айқындау үшін нақты уақыт кезеңі тікелей ескеріледі*)

центры дискреционные - дискрециялық орталықтар (*қызметін стандартты экономикалық әдістермен бағалау мүмкін болмайтын компаниялар немесе олардың ішіндегі бөлімшелер*)

цены на золото на свободном рынке - еркін нарықтағы алтын бағасы

цены на рынке понижаются - базардағы баға төмендеп келеді

цены продавца и покупателя, по которым биржевик готов заключить сделку - биржашы мәміле жасасуға дайын сатушы мен сатып алушының бағасы

цены сделок на Лондонской фондовой бирже, внесенные в официальный бюллетень - Лондон қор биржасындағы ресми бюллетеньге енгізілген мәмілелердің бағасы

цены финансового инструмента в течение определенного периода - белгілі бір кезең бойындағы қаржы құралының бағасы

цены фьючерсных контрактов - фьючерстік келісім-шарттар бағасы

цены черного рынка - қара базар бағасы

“цепная” банковская деятельность - “тізбекті” банк қызметі

цепная зависимость банков - банктердің тізбекті тәуелділігі (*АҚШ*)

цепная реакция в перестройке портфеля финансовых активов - қаржы активтері қоржынын қайта құрудағы тізбекті әсер

цепной индекс цен - тізбекті баға индексі

цепной темп роста - тізбекті өрлеу қарқыны

цепные индексы - тізбекті индекстер

цепные операции - тізбекті операциялар

цепочка - тізбекше

цепочка взаимозачетов - өзара есепке алу тізбекшесі

“цепочка титулов” - “титулдар тізбекшесі”

цепь - тізбек (*1. бір-біріне кигізілген металл бунақтар қатары, шынжыр; 2. бірдеңенің жиынтығы, тұтас қатар; 3. элементтердің тізбектелген қосылысы, мұнда соңғы элементі алғашқысына қосылады*)

цепь банковская - банк тізбегі

цепь команд - командалар тізбегі

цепь команд в менеджменте - менеджменттегі командалар тізбегі

цепь команд в управлении - басқарудағы командалар тізбегі

цепь управления - басқару тізбегі (*бұйрықтар басқарудың сатылы деңгейі арқылы жоғарыдан төмен берілетін билік тізбегі*)

церемония - рәсім

цессионарий - цессионарий, құқық қабылдаушы, құқық мирасқоры (*1. цессионерден борышты өндіріп алу құқығын не меншік құқығын жүзеге асырушы тұлға; 2. несиегерге айналған тұлға; 3. тәуекелді қайта сақтандыруға қабылдаушы, қайта сақтандырушы*)

цессия - цессия (*1. азаматтық құқықта: өзінің бірдеңеге құқығын басқа біреуге цессионарийге табыстау; борышты өндіріп алу құқығын табыстау; 2. халықаралық құқықта: бір мемлекеттің аумағын екінші мемлекетке олардың арасындағы келісім бойынша беру; 3. талапқа кеңшілік беру, талаптан қайту*)

цессия в страховании - сақтандырудағы цессия

цессия всего имущества - бүкіл мүлікті цессиялау

цессия законная - заңды цессия

цессия справедливая - әділ цессия

цзяо - цзяо (*Қытай Халық Республикасының ұсақ ақшасы, 10 фыньга тең*)

цивилизация - цивилизация, өркениет (*қоғамдық дамудың, материалдық және рухани мәдениеттің белгілі бір қоғамдық-экономикалық формацияда қол жеткізілген жоғары деңгейі*)

цивиль-лист - цивиль-парақ (*монарх пен оның әулетіне берілетін ақшалай қаражат*)

цивильный лист - цивиль парағы

цикл - цикл, айналсоқ, айналсоқпа, кезең, кезеңдік (*1. карточка иелерінің шоттарын олармен жұмыстағы жүктеменің біркелкілігін қамтамасыз ету және сәйкестендіруді оңайлату мақсатымен топтарға бөлу; 2. белгілі бір уақыт аралығы бойына дамудың аяқталған шеңберін құрайтын өзара байланысты құбылыстардың, үдерістердің, жұмыстардың жиынтығы; 3. дүркін-дүркін қайталанатын тұратын құбылыстар жүйесіндегі үдерістер жиынтығы, мұнда өзгеріске ұшырайтын объект қайсыбір уақыт кезеңі өткеннен кейін бастапқы күйіне келеді*)

цикл бухгалтерской отчетности - бухгалтерлік есеп беру кезеңдігі

- цикл бюджетный** - бюджеттік кезеңдік
- цикл в динамике цен** - баға серпініндегі кезеңдік
- цикл действия опциона** - опционның қолданылу кезеңі
- цикл деловой активности** - іскерлік белсенділік кезеңі (*сұраным мен өнім шығару деңгейінің экономикаға тән тұрақты шарықтауы және құлдырауы кезеңі*)
- цикл денежных потоков** - ақша ағынының кезеңі
- цикл жизни ценных бумаг** - бағалы қағаздардың дүниеге келуі кезеңі
- цикл занятости** - жұмыспен қамтылу кезеңдігі
- цикл инвестиционный** - инвестициялық кезеңдік
- цикл инновационный** - инновациялық кезеңдік
- цикл истечения сроков опционных контрактов** - опциондық келісімшарттар мерзімінің аяқталуы циклі
- цикл китчла** - китчл кезеңі (*қысқа мерзімді кезең*)
- цикл конверсии наличности** - қолма-қол ақшаның айырбасталу кезеңі (*кәсіпорынның шикізат, тауар сатып алу үшін қолма-қол ақша берген күні мен дайын өнімді өткізуден алынған ақшаның қайтарылған күнінің аралығы*)
- цикл Кондратьева** - Кондратьев кезеңі (*экономикалық өрлеу мен құлдыраудың 5 жылдық іскерлік белсенділік кезеңімен қатар 50 жылдық кезеңі де болады дейтін теория*)
- цикл конъюнктурный** - жағдаяттық кезеңдік
